



Ресурстарды дамыта отырып –
мүмкіндіктерге жол ашамыз

Жылдық
есеп

2025

Тұрақты даму
ЭНЕРГИЯСЫ

Мазмұны



Жылдық есеп

2025

«Өскемен ГЭС» ЖШС
Бас директорының үндеуі

6

01

Компания
туралы

11

02

Стратегия және
сыртқы орта

24

03

Операциялық
қызмет

32

04

Қаржылық нәтижелер
және бизнес
тұрақтылығы

48

05

Корпоративтік
басқару, этика және
тәуекелдерді басқару

58

06

ESG-аспектілерін
басқару

92

07

Экологиялық
жауапкершілік

104

08

Әлеуметтік
жауапкершілік және
қауіпсіздік

122

09

Қосымшалар

163

РЕСУРСТАРДЫ
ДАМЫТА ОТЫРЫП –
МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ
АШАМЫЗ

«Өскемен ГЭС» ЖШС Байқаушы кеңесі Төрағасының үндеуі

GRI 2-22



**ИВЧЕНКО
ЕЛЕНА ДМИТРИЕВНА**

«Өскемен ГЭС» ЖШС
Байқаушы кеңесінің төрағасы

Құрметті әріптестер, серіктестер және мүдделі тараптар!

2025 жыл «Өскемен ГЭС» ЖШС-нің Qazaq Green Power PLC тобы мен «Самұрық-Энерго» АҚ құрамында одан әрі дамуының маңызды кезеңі болды. Есепті кезеңде Серіктестік өндірістік қызметін жалғастыра отырып, корпоративтік басқару жүйесін дамытып, тұрақты даму саласындағы тәсілдерді жетілдірді.

Байқау кеңесі үшін Серіктестіктің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету негізгі басымдық болып қала береді. Бұл өндірістік процестердің сенімділігін, персоналдың қауіпсіздігін, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, тәуекелдерді тиімді басқаруды, іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауды және қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтиды.

2025 жылы серіктестік өндірістік және қаржылық міндеттерді орындап, жөндеу бағдарламасын және жабдықтарды жаңғырту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастырды. Станцияның тиімділігін арттыруға, орнатылған қуаттылықты ұлғайтуға және негізгі өндірістік активтердің қызмет ету мерзімін ұзартуға бағытталған No 4 гидроагрегатын жаңғырту жобасы ерекше маңызға ие.

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы нәтижелерді ерекше атап өткім келеді. Қызметкерлер арасында өндірістік жарақаттану жағдайларының болмауы және Серіктестіктің «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары арасында өндірістік қауіпсіздік бойынша үздік компания ретінде танылуы еңбекті қорғауға, еңбек тәртібіне, тәуекелдердің алдын алуға және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі тәсілдің тиімділігін айғақтайды.

Есепті жылы корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы жұмыс та күшейтілді. Корпоративтік басқару мен тұрақты дамуды енгізу жөніндегі жол картасын әзірлеу және іске асыру жұмыстың негізгі бағыттарын жүйелеуге, процестердің ашықтығын арттыруға және ESG күн тәртібін басшылар мен бейінді құрылымдық бөлімшелердің басқарушылық жауапкершілігімен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Байқау кеңесі комплаенс, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, кадрлық тұрақтылық және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударды. Гидроэнергетика саласындағы стратегиялық маңызды объектіде қызметін жүзеге асыратын Серіктестік үшін бұл бағыттардың тек формалды емес, нақты тәжірибелік маңызы бар. Олар станцияның сенімділігімен, қатысушының, жұмыскерлердің, мемлекеттік органдардың, серіктестердің және жергілікті қоғамдастықтардың сенімімен тікелей байланысты.

Экологиялық жауапкершілік Өскемен ГЭС қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді. Станцияның қызметі Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдаланумен байланысты болғандықтан, су ресурстарын ұтымды пайдалану, энергия тиімділігі, биоалуантүрлілікті сақтау және табиғатты қорғау жөніндегі міндеттемелерді орындау мәселелері басқару органдары мен атқарушы басшылықтың тұрақты назарында болады.

Байқау кеңесі Серіктестіктің сенімді, қауіпсіз және жауапты энергетикалық актив ретінде одан әрі дамуын қолдайды. 2026 жылы жабдықты жаңғыртуды жалғастыруға, өндірістік бақылаудың цифрлық құралдарын дамытуға, қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға, корпоративтік басқаруды жетілдіруге және тұрақты даму қағидаттарын операциялық қызметке одан әрі ықпалдастыруға ерекше назар аударылатын болады.

«Өскемен ГЭС» ЖШС басшылығы мен ұжымына кәсібилігі, өз жұмысына жауапкершілікпен қарағаны және станцияның тұрақты қызметін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін алғысымды білдіремін. Сондай-ақ сындарлы өзара іс-қимылы мен сенімі үшін Жалғыз қатысушыға, серіктестерге, мемлекеттік органдарға және барлық мүдделі тараптарға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Құрметпен,,
Ивченко Елена Дмитриевна,
«Өскемен ГЭС» ЖШС
Байқаушы кеңесінің төрағасы

«Өскемен ГЭС» ЖШС Бас директорының үндеуі

GRI 2-22



МЕРЕЙ ӘДІЛБЕКҰЛЫ

«Өскемен ГЭС» ЖШС
Бас директоры

Құрметті әріптестер, серіктестер және өңір тұрғындары!

Сіздердің назарларыңызға «Өскемен ГЭС» ЖШС-нің 2025 жылғы жылдық есебін ұсынамын. Станция үшін бұл жыл №4 гидроагрегатты жаңғырту жұмыстарының басталуымен, қауіпсіздік мәселелерімен, өндірістік процестерді жетілдірумен, сондай-ақ Qazaq Green Power PLC және «Самұрық-Энерго» АҚ тобы құрамында корпоративтік басқаруды, ESG-тәсілдерін және қоғаммен ашық өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді міндеттерді іске асырумен ерекшеленді.

Өскемен ГЭС Қазақстанның энергетикалық жүйесінде ерекше орын алады. Станция Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдалана отырып жұмыс істейді, қуатты реттеуге қатысады және энергетикалық жүйенің теңгерімін сақтауға ықпал етеді.

2025 жылы Серіктестік үшін корпоративтік басқаруды енгізу және тұрақты даму бойынша жол картасы әзірленді. Оған 70-тен астам іс-шара кірді. Жаңа тәсілдер станцияда 10 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан интеграцияланған менеджмент жүйесіне енгізілді. Бұл қолданыстағы үдерістерді өзара одан әрі нақты байланыстыруға және оларды бірыңғай басқарушылық тәсіл аясында жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мәселен, №4 гидроагрегатты жаңғырту – бір қарағанда техникалық жоба болып көрінеді. Алайда оның маңызы әлдеқайда кең: станцияның сенімділігін арттыру, су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзарту және энергетикалық жүйенің тұрақты жұмысына үлес қосу. Өңір үшін бұл стратегиялық нысанның тұрақты жұмысы, жұмыс орындары және ГЭС-тің ұзақ мерзімді перспективада қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істейтініне сенімділік.

Есепті жылы біз өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудардық. Қойылатын талаптарды сақтау ғана емес, сонымен қатар әрбір қызметкердің өзі, әріптестері және мердігерлер үшін жеке жауапкершілігін терең түсінетін қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру да маңызды.

Тұрақты даму біз үшін станцияның күнделікті жұмысы: адамдар, қауіпсіздік, су, сенімділік және аймақ алдындағы жауапкершілік.

2025 жылы өндірістік аралап тексерулерді жүргізу, мердігер ұйымдардың қызметін бақылау, нұсқамалардың сапасын арттыру және ықтимал тәуекелдердің алдын алу бағытындағы жұмыстар жалғастырылды. Жыл қорытындысы бойынша Өскемен ГЭС «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары арасында өндірістік қауіпсіздік бойынша үздік кәсіпорын атанды. Біз бұл жетістікті мақтан тұтамыз! Біз үшін бұл қауіпсіздік мәдениетіне үнемі назар аудару, күнделікті тәртіп және ТҚ мәселелеріне 24/7 назар аудару нәтиже беретінін растайды.

ГЭС үшін де экологиялық жауапкершілік маңызды тәжірибелік мәнге ие. Біздің қызметіміз Ертіс өзенімен тікелей байланысты болғандықтан, су режимін сақтау, экологиялық мониторинг жүргізу, ресурстарды үнемдеу және биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері өндірістік міндеттермен қатар қарастырылады. 2025 жылы Серіктестік табиғатты қорғау іс-шараларын жалғастырды: қызметкерлер экологиялық науқандарға белсенді қатысты. Біз Өскемен қаласында 360 шырша көшетін отырғыздық, сондай-ақ Ертіс алабының балық қорын молайту мақсатында Ертіс өзеніне 78 мыңнан астам бір-жаздық сазанның биылғы төлін жібердік.

Әлеуметтік және экологиялық жобаларда қызметкерлер маңызды рөл атқарады. Олар экологиялық сенбіліктерге, қайырымдылық бастамаларына, оқушылармен және студенттермен жұмыс істеуге қатысып, ардагерлерге қолдау көрсетеді. Дәл осы жайт станциядағы әлеуметтік жауапкершіліктің корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі екенін айғақтайды.

Жеке бағыт – жастармен кәсіптік бағдар беру жұмысы. 2025 жылы Өскемен ГЭС-і мектеп оқушыларына арналған «Хакатон» байқауының ұйымдастырушысы және серіктесі болды. Бұл үшінші жоба және жыл сайын қатысушылар саны артып келеді. Балалардың қызығушылығы бар, ал бізде энергетиканың бүгінгі таңда заманауи, технологиялық және сұранысқа ие сала екенін көрсету мүмкіндігі бар. Мәселелерді шешу арқылы балалардың энергетикаға деген қызығушылығын қалыптастыра отырып, біз тек станция үшін ғана емес, жалпы өңірдің энергетикасы үшін кадрлар дайындаймыз.

2025 жылы корпоративтік басқару бойынша жұмыс күшейтілді: тәуекелдерді басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, коммуникациялар және мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша ішкі құжаттар әзірленді. Бұл құралдар процестерді неғұрлым түсінікті, ашық әрі басқарылатын етуге жәрдемдеседі. ESG – кәсіпорын, адамдар және қоршаған орта үшін қабылданатын шешімдердің, туындайтын тәуекелдердің және ұзақ мерзімді салдардың арасындағы өзара байланысты айқынырақ көрудің бір тәсілі.

Мүдделі тараптармен ашық диалог біз үшін маңызды коммуникация арнасы болып қала береді. Тұрғындарды қауіпсіздік, су режимі, су тасқыны жағдайы және экологиялық күн тәртібі алаңдатады. Білім беру ұйымдары кадрлар даярлауға мүдделі. Мемлекеттік органдар кәсіпорынның тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне мүдделі. Біз сауалдарға уақтылы жауап беруге, БАҚ өкілдеріне түсініктеме ұсынуға, баспасөз турларын өткізуге және станция жұмысын қарапайым да түсінікті тілмен түсіндіруге тырысамыз.

2026 жылға үлкен жоспарларымыз бар: №4 гидроагрегатты жаңғыртуды, өндірістік бақылаудың цифрлық құралдарын дамытуды, қауіпсіздік мәдениетін нығайтуды, экологиялық жобаларды, жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысын және ішкі үдерістерді одан әрі жетілдіруді жалғастырамыз.

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметкерлеріне, серіктестерге, Жалғыз қатысушыға, Байқаушы кеңесінің мүшелеріне, мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті қоғамдастықтардың өкілдеріне сындарлы өзара іс-қимыл үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздердің қолдауларыңыз бен ашық диалогқа дайындықтыңыз станцияның сенімді әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуге және жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Біз ұжым, өңір және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді сезіне отырып, жұмысымызды жалғастырып жатырмыз.

*Құрметпен,
Мерей Әділбекұлы,
«Өскемен ГЭС» ЖШС
Бас директоры*





01

Компания туралы

01

Компания туралы

02

Стратегия және сыртқы орта

03

Операциялық қызмет

04

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

05

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

06

ESG-аспектілерін басқару

07

Экологиялық жауапкершілік

08

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

09

Қосымшалар

Компания туралы

GRI 2-1, 2-6

Серіктестік келбеті

«Өскемен ГЭС» ЖШС – электр энергиясын өндіретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету және электр қуатын реттеу бойынша қызметтер көрсететін генерациялаушы кәсіпорын.

Серіктестік «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес ұйымы – «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының құрылымына кіреді.

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтайшының талаптарына, сондай-ақ сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі, энергия менеджменті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Меншік құрылымы



«Самұрық-Энерго» АҚ



Qazaq Green Power PLC



«Өскемен ГЭС» ЖШС

Еріктестік тұрақты даму қағидаттарын ұстанады және өндірістік, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқаруда кешенді тәсілді қолданады.

Басқарудың негізгі бағыттары



Сапа



Экология



Еңбекті қорғау



Энергетикалық менеджмент



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл



Тұрақты даму

Басқарудың біріктірілген тәсілі



Өндірістік аспектілер



Экологиялық аспектілер



Әлеуметтік аспектілер

Миссиясы, пайымы және құндылықтары

Миссиясы

электр энергиясын қауіпсіз әрі экологиялық талаптарға сай өндіру, өндірілген өнімнің сапасына қойылатын жоғары стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету, контрагенттер алдындағы міндеттемелердің үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қуатты реттеу бойынша қызметтер көрсету.

Пайымы

контрагенттер алдындағы міндеттемелерді орындау мақсатында электр энергиясын өндіру және өткізу, сондай-ақ қуатты реттеу бойынша қызметтер көрсететін сенімді әрі тұрақты кәсіпорын ретінде қызметін жүзеге асыру.

Құндылықтары



Тұрақты даму – жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) дамытуға, атмосфераға шығарындыларды азайтуға және экожүйені жақсартуға ықпал ете отырып, ұлттық экономиканың дамуына үлес қосу.



Жауапты инвестициялар – өндірістік қызметтің тұрақты даму қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарды өзара үйлестіру.



Активтерді тиімді басқару – электр өндірісін дамыту және жаңғырту, сондай-ақ қуатты реттеу, өндіруші қондырғыларды техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау бойынша қызметтер көрсету.

Қағидаттары

Қауіпсіздік – біз әр жұмыс күнін қауіпсіз етуге талпынамыз.

Экология – біз табиғи ресурстарды сақтауға және қалпына келтіруге ықпал етеміз.

Кәсібилік – біз кәсіби мамандар командасында жұмыс істейміз.

Өзара түсіністік – әрбір мәселенің маңыздылығын түсініп, жұмысты тиімді ұйымдастыруға қабілеттіміз.

Әлеуметтік жауапкершілік – біз персоналдың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеміз, қайырымдылық науқандары мен бастамаларына қатысамыз.



2025 жылдағы жетістіктері

«Өскемен ГЭС» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары арасында өндірістік қауіпсіздік бойынша үздік компания деп танылды.

Кешенді бағалау қорытындысы бойынша Серіктестік бірінші орынға ие болып, «Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы» ауыспалы кубогымен және «Сенім» сертификатымен марапатталды. «Өскемен ГЭС» ЖШС корпоративтік басқару және тұрақты даму жүйесін енгізді.



2025 жылдың басты оқиғалары

Күні	Оқиға
30 қаңтар	Үлесті иеліктен шығару туралы келісімшартқа қол қойылып, қайта тіркеу туралы шешім қабылданды. «Самұрық-Энерго» АҚ «Өскемен ГЭС» ЖШС қатысушыларының құрамынан шықты. Жалғыз қатысушы «Qazaq Green Power PLC» қоғамдық компаниясы (100% акциялары «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тиесілі) болды.
30 қаңтар	№ 4 гидроагрегаттың жаңғырту жобасы аясында қуаттылығын 12 МВт-қа арттыра отырып өндіруші зауыттарда жаңа генераторлық және турбиналық жабдықтарды өндіру басталды.
15 наурыз	Серіктестік ISO 37001 «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификаттау аудитінен өтті. Есепті жыл ішінде сондай-ақ біріктірілген менеджмент жүйесіне қадағалау аудиті жүргізіліп, оның ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001 және ISO 37001 стандарттарының талаптарына сәйкестігі расталды.
15 сәуір	Жабдықтың сенімділігін және диагностикалау сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының гидроэлектр станциялары мен жабдық өндіруші зауыттың қатысуымен вибромониторинг бойынша ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.
17 сәуір	Қауіпсіздік мәдениетін дамытуға және жарақаттануды азайтуға бағытталған еңбекті қорғау айлығы аяқталды.
4 мамыр	Ертіс өзенінде табиғатты қорғау мақсатында су жіберу жұмыстары аяқталды.
3 маусым	Еңбекті қорғау саласына цифрлық шешімдер, оның ішінде «ақылды» каскаларды пайдалану енгізілді.
4 маусым	Персонал ISO стандарттарына сәйкес интеграцияланған менеджмент жүйесі бойынша оқытудан өтті.
5 маусым	Серіктестік электр қуатын жоспарлы аттестаттаудан өткізді.
27 тамыз	Серіктестік «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қосылды: су қоймасының аумағы тазартылды.
17 қыркүйек	2025–2026 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындық паспорты алынды.
20 қазан	Заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын қадағалау аудитінен өтті.
25 қазан	Шүлбі су қоймасында (Қызылсу шығанағы) балық өсіру жұмыстары жүргізілді: осы жылғы 78 710 биылғы төлі жіберілді.
20 қараша	Серіктестік «ШҚО-ның үздік салық төлеушісі» деп танылды.
15 желтоқсан	Өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыру үшін жасанды интеллект элементтері бар бейнеталдау жүйесі енгізілді.
25 желтоқсан	Серіктестік 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары арасында өндірістік қауіпсіздік бойынша бірінші орынды иеленді.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

2023–2025 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштер серіктестіктің жұмыс нәтижелерін, соның ішінде өндірістік тиімділікті, қаржылық тұрақтылықты, қызметкерлерді дамытуды және экологиялық жауапкершілікті көрсетеді.

СЕРІКТЕСТІКТІҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ



1827,4

млн кВт*сағ

электр энергиясын өндіру



367,8

МВт

орнатылған қуат



12,8

млрд теңге

түсім



155

қызметкер



5 868

күн

қызметкерлер арасында жарақатсыз



78 710

Ертіс бассейніне қарасты Шүлбі су қоймасына биылғы төлі жіберілді

1

Өндірістік көрсеткіштер



	2023	2024	2025	Тренд 2023–2025
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	1 465,5	1 891,2	1 827,4	
Орнатылған қуат, МВт	367,8	367,8	367,8	
Жұмыс қуаты, МВт	167,3	215,3	208,6	
Орнатылған қуатты пайдалану коэффициенті (ОҚПК), %	45,5	58,5	56,7	
Электр энергиясының шығыны, млн кВт*сағ	5,16	6,06	6,13	
Жабдық ПӘК-і, %	90,9	88,9	90,3	

2

Қаржылық көрсеткіштер



	2023	2024	2025	Тренд 2023–2025
Түсім, млн теңге	8 188,1	10 915,3	12 793,7	
EBITDA, млн теңге	3 926,7	7 091,6	8 164,8	
Жылдық таза пайда, млн теңге	5 767,2	5 028,8	5 655,2	
Жылдық жиынтық табыс, млн теңге	5 755,5	4 995,7	5 658,7	
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар, млн теңге	1 444,9	1 227,3	1 431,1	
Капиталдық қаржы жұмсалымы, CAPEX, млн теңге	1 070	3 698	2 548	
Табыстылық EBITDA, %	47,9%	64,9%	63,8%	
Таза табыстылық, %	70,4%	46,1%	44,2%	

3

Әлеуметтік көрсеткіштер



	2023	2024	2025	Тренд 2023–2025
Қызметкерлердің жалпы саны, адам	140	144	155	
Әйелдер үлесі, %	30%	28%	28%	
Кадр тұрақсыздығы, %	9%	9,9%	8%	
Орташа жалақы, теңге	431 834	503 385	552 173	
Оқытудың жалпы көлемі, сағат	3 654	4 208	7 488	
1 қызметкерге шаққандағы орташа оқыту көлемі, сағат	26	29	48	

4

Экологиялық көрсеткіштер



Су ресурстары

	2023	2024	2025
Су алу, мың м³	15 118 762,0	20 048 372,9	19 066 087,7
Су қашырту, мың м³	15 118 756,8	20 048 367,8	19 066 082,5
Су тұтыну (айырмашылығы), мың м³	5,2	5,1	5,2



Қалдықтар

	2023	2024	2025
Қалдықтардың түзілуі, тонна	218,7	236,0	213,5
Қауіпті қалдықтар, тонна	12,5	13,7	11,8
Қауіпті қалдықтар үлесі, %	5,7%	5,8%	5,5%
Қайта өңдеу (рециклинг), тонна	23,8	49,5	20,5



Парниктік газдар шығарындылары

	2023	2024	2025
Жалпы шығарындылар, т CO₂-бал.	474	2 182	2 199
Scope 1	92,9	128,2	121,9
Scope 2	0	0	0
Scope 3	381,2	2 054,2	2 077,1



Экологиялық төлемдер

	2023	2024	2025
Экологиялық төлемдер, млн теңге	67,7	96,6	93,7
Эмиссия үшін төлем, млн теңге	0,09	0,08	0,06
Су төлемі, млн теңге	67,6	96,5	93,6



Қаржылық нәтижелердің тұрақты өсуі



Персоналға Инвестициялар және құзыреттерді дамыту



Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау



Тұрақтылық пен тиімділік-тұрақты дамудың негізі


Бизнес-моделі

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің бизнес-моделі Ертіс өзенінің жаңартылатын су ресурсын пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруге негізделген. Сонымен қатар Серіктестік қуат нарығына қатысады және Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде қуатты реттеу бойынша қызметтер көрсетеді.

Серіктестіктің қызметі өндірістік циклдің барлық кезеңдерін қамтиды: белгіленген су режимін сақтау, электр энергиясын өндіру, оны


энергия жүйесіне беру және қолданыстағы нарықтық тетіктер арқылы өткізу.

Бизнес-модельдің құндылығы тек электр энергиясын өндіру есебінен ғана емес, сонымен қатар Серіктестіктің қызметін қауіпсіз жүзеге асыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жабдықтарды жұмысқа жарамды күйде ұстау, қызметкерлердің дамуын қамтамасыз ету, экологиялық міндеттемелерді орындау және мүдделі тараптармен ашық өзара іс-қимыл жасау арқылы қалыптасады.



БИЗНЕС-МОДЕЛІ

«ӨСКЕМЕН ГЭС» ЖШС



«Өскемен ГЭС» ЖШС

31.12.2025 жылғы жағдай бойынша



ПЕРСОНАЛДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ

161

ОНЫҢ ІШІНДЕ:

ЭБК

36 бірл.

ΕΚ

125 бірл.

Ақпараттық технология
және коммуникация қызметі

Қызмет географиясы

Өндірістік инфрақұрылым мен әкімшілік корпус Өскемен су электр станциясының алаңында орналасқан: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Шлюзная көшесі, 35-ші ғимарат.

Қызмет ауқымы электр энергиясын өндіру көлемімен және Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесіне қатысуымен анықталады.

Серіктестіктің негізгі активтері

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің негізгі активі – Қазақстан Республикасының гидроэнергетика саласындағы стратегиялық объект болып табылатын Өскемен гидроэлектр станциясы. Ол электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді және Бірыңғай электр энергетикалық жүйенің жұмыс режимдерін реттеуге қатысады.

Өскемен ГЭС» ЖШС-нің өндірістік кешеніне генерацияның үздіксіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін гидроагрегаттар, электр техникалық жабдықтар, гидротехникалық құрылыстар, технологиялық процестерді басқару жүйелері және жөндеу базасы кіреді.

Гидротехникалық ғимараттар

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің гидротехникалық құрылыстары Өскемен су қоймасынан гидроагрегаттарға судың берілуін және су ағынының станция арқылы қауіпсіз өтуін қамтамасыз етеді. Су гидроагрегаттарға Ертіс өзеніндегі бөгет денесінде орналасқан төрт қысымды су құбырының сегіз су қабылдау тесігі арқылы түседі, ал электр энергиясы өндірілгеннен кейін төменгі бьефке жіберіледі.

Гидротехникалық құрылыстардың жай-күйін бақылау үшін станцияда гидротехникалық құрылыстарды диагностикалау және бақылаудың автоматтандырылған жүйесі қолданылады. Ол объектілердің техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізуге және станцияны пайдалану сенімділігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін ауытқуларды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Электротехникалық инфрақұрылым

Электр техникалық активтер: генераторларды, трансформаторларды, тарату құрылғыларын, релелік қорғаныс және автоматика жүйелерін қамтиды. Бұл элементтер өндірілетін электр энергиясын энергия жүйесіне түрлендіруді және беруді, сондай-ақ электрмен жабдықтаудың тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Басқару жүйелері және цифрлық инфрақұрылым

Серіктестік технологиялық процестерді басқарудың заманауи автоматтандырылған жүйелерін (ТПБАЗ) пайдаланады, олар жабдықтың жұмысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Цифрлық инфрақұрылым диспетчерлеуді, диагностикалауды және деректерді талдауды қамтиды, бұл пайдалану тиімділігін арттыруға және ауытқуларды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Жөндеу-техникалық база

Жөндеу және сервистік инфрақұрылым жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді, диагностикалауды және оларды қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Жеке жөндеу базасы жабдықтардың жоғары деңгейде әзірлігін қамтамасыз етіп, бос тұрып қалу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Өткізу нарығы

Электр энергиясы «Өскемен ГЭС» ЖШС тарапынан Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында қолданыстағы орталықтандырылған сауда моделі шеңберінде, сондай-ақ теңгерімдеуші нарықта өткізіледі.

Электр энергиясын өткізу жоспарлы көлемдерді орталықтандырылған тәртіппен сатып алып, қайта өткізетін мемлекеттік ұйым – Бірыңғай сатып алушы арқылы жүзеге асырылады.

Электр энергиясының негізгі тұтынушылары – электрмен жабдықтаушы ұйымдарды және Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің басқа да қатысушыларын қоса алғанда, көтерме сауда нарығының субъектілері.

Серіктестік тарихы

Жыл	Оқиға
1939	Құрылыстың басталуы
1952	Өскемен ГЭС-нің бірінші гидроагрегатын пайдалануға берілді
1953	Екінші және үшінші гидроагрегаттарды пайдалануға берілді
1959	соңғы төртінші гидроагрегат пайдалануға берілді
1997	Өскемен ГЭС-і AES компаниясына концессияға берілді
2011	гидрогенератор статорын ауыстыру бойынша № 4.жобаны аяқтау
2013	№1 жаңартылған гидрогенераторды пайдалануға беру
2015	қуаты 95 МВт-қа дейін ұлғайтылған № 3 жаңартылған гидрогенераторды іске қосу
2017	қуаты 95 МВт-қа дейін ұлғайтылған № 2 жаңартылған гидрогенераторды іске қосу
2017	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің “Өскемен ГЭС” ЖШС-не қатысудың мемлекеттік үлестерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне беруі
2018	№ 2 және № 3 гидроагрегаттарды қайта таңбалау бойынша іс-шаралар кешенін аяқтап, олардың белгіленген қуаты бұрынғы 331,2 МВт-тан 355,6 МВт-қа дейін арттырылды
2020	№1 гидроагрегатты жұмыс деңгелегін ауыстыра отырып жаңғыртылды және оның қуаты 12 МВт-қа арттырылды
2020	1952 жылы бірінші гидроагрегат іске қосылғаннан бері мерейтойлық 100 млрд кВт*сағ электр энергиясы өндірілді
2021	№1 гидроагрегатты қайта таңбалау бойынша іс-шаралар кешенін аяқтап, оның бірлік қуаты 95 МВт-қа, ал белгіленген қуатын бұрынғы 355,6 МВт-тан 367,8 МВт-қа дейін арттырылды
2023	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының «Өскемен ГЭС» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алуы
2024	«Самұрық-Энерго» АҚ-ға «Өскемен ГЭС» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін беруі
2025	«Qazaq Green Power PLC» жария компаниясына «Өскемен ГЭС» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін беруі



Стратегия және сыртқы орта

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

Стратегия және сыртқы орта

GRI 2-22, 2-12, 3-3, 201-1

Серіктестіктің даму стратегиясы

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің стратегиясы электр энергиясын сенімді әрі тиімді өндіруге, жабдықтардың қызмет ету мерзімін ұзартуға және экологиялық әрі реттеуші талаптарды ескере отырып, тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған. Серіктестіктің басымдықтары өндірістік және инвестициялық жоспарларға, сондай-ақ энергия жүйесінің қажеттіліктеріне қарай айқындалады.

Стратегия көкжиектері

Кезең	Мақсаттар	Негізгі бағыттар	Негізі (құжаттар)
Қысқамерзімді (1 жыл)	Электр энергиясын сенімді және үздіксіз өндіруді қамтамасыз ету	Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу, жұмыс режимдерін сақтау, техникалық дайындықты қолдау	Негізгі және қосалқы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу кестелері (бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары 11.12.2024 жылы бекіткен), 2025 жылға арналған тарату құрылғылары мен негізгі жабдықтарды жөндеу кестелері («KEGOC» АҚ бекіткен).
Ортамерзімді (3 жыл)	Жабдықтың тиімділігін арттыру және қызмет ету мерзімін ұзарту	Гидроагрегаттарды жаңғырту, цифрлық шешімдерді енгізу, шығындарды азайту	2022–2031 жылдарға арналған жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу жоспары (17.06.2022 жылы бекітілген).
Ұзақмерзімді (5–10 жыл)	Тұрақты даму және экологиялық қауіпсіздікті арттыру	Терең жаңғырту, цифрлық жүйелерді дамыту, энергетикалық жүйені заманауи талаптарға сәйкестендіру	2022–2031 жылдарға арналған жабдықтарды жөндеу жоспары (17.06.2022 жылы бекітілген), Цифрландыру жоспары, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жасанды интеллектіні қолдана отырып жобаларды енгізудің жол картасы, оның ішінде «Корпоративтік және өндірістік деректерді зерделі басқару» жобасы, «Корпоративтік және өндірістік деректерді зерделі басқару» жобасы

ПЭК және стратегияны орындау

Стратегияның орындалуын бағалау негізгі өндірістік және операциялық көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады.

Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Жоспар 2025	Дерек 2025	2025 тен 2024-ке, %	Жоспар 2026
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	1 722,3	1 827,4	97 %	1 712,7
ОҚПК, %	53,45 %	56,72 %	97 %	53,16 %
Тех. дайындық коэффициенті, %	88,76 %	95,24 %	111 %	71 %
Жөндеу бағдарламасын орындау, %	100 %	100 %	100 %	100 %
Өндіріске жұмсалатын меншікті су шығыны 1 кВт*сағ, м³/кВт*сағ	10,6	10,43	98 %	10,5
Апаттылық (EFOR), %	0,2 %	0 %	0 %	0,2 %

2025 жылдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіштерден айтарлықтай ауытқулар тіркелген жоқ.

Нәтижелерге әсер етуші факторлар

Серіктестіктің өндірістік және қаржылық көрсеткіштеріне ішкі және сыртқы дыңлар әсер етеді.

Негізгі фактор – гидрологиялық жағдай. Сулылық деңгейі өндіру көлемін анықтайды. Су ресурстарын пайдалану режимін уәкілетті орган – қарамағында Ертіс ГЭС каскады бар «Су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы» РММ (бұдан әрі – Ертіс бассейндік инспекциясы) белгілейді.

Тарифтік реттеу генерацияның өзгермейтін көлемінде түсімге әсер етеді және мемлекеттік органдармен анықталады.

Жөндеу бағдарламасын іске асыру жабдықтың қолжетімділігін уақытша шектейді бірақ сенімділікті арттырады және ұзақ мерзімді перспективада істен шығу қаупін төмендетеді.

Нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістер станцияның пайдалану шарттарына жұмыс режимдеріне экологиялық және өндірістік қызметке қойылатын талаптарға әсер етеді.

Даму мүмкіндіктері

Серіктестік жабдықтарды жаңғырту және өндірістік процестерді оңтайландыру арқылы тиімділік пен тұрақтылықты арттыру мүмкіндіктерін қарастыруда.

2024–2027 жылдар аралығында станцияның белгіленген қуатын ұлғайта отырып, No 4 гидроагрегатын жаңғырту жобасын іске асыру жоспарланған. Бұл электр энергиясын өндіруді арттырып, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қосымша әлеует станцияның жұмыс режимдерін оңтайландыруға, цифрлық басқару және мониторинг жүйелерін дамытуға, сондай-ақ су ресурстарын тұрақты басқару және қоршаған ортаға әсерді азайту тәжірибелерін енгізуге байланысты.

Елдегі макроэкономикалық жағдайлар


GRI 3–3

Елдегі макроэкономикалық жағдай электр энергиясына сұраныстың серпінін, инвестициялық белсенділікті және шығындар деңгейін анықтай отырып, электр энергетикасының жү-

мыс істеуіне жағдай жасайды. 2025 жылы Қазақстан экономикасы әртүрлі бағытта дамыды, бұл бір мезгілде энергия тұтынудың өсуін қолдады және тежеді.




ЖІӨ динамикасы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ



Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және қалыпқа келтірілген ауамен жабдықтау саласындағы ЖІӨ, млрд теңге



■ ЖІӨ, трлн теңге

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанның ЖІӨ көлемі¹ 2025 жылы номиналды мәнде алдыңғы жылмен салыстырғанда 14,5%-ға (19,9 трлн теңгеге) өсіп, 156,5 трлн теңгені құрады.

Нақты көлем индексі (НКІ²) – ЖІӨ-нің нақты мәндегі өсу қарқынын сипаттайтын көрсеткіш 106,4%-ды құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 1,6 п.т. өсті.

Ең жоғары өсім көлік қызметтерінде (20,3%), құрылыста (14,7%), тау-кен өнеркәсібінде (9,7%), саудада (8,8%), ауыл шаруашылығында (6,1%) және өңдеу өнеркәсібінде (5,9%) байқалды.

ЖІӨ өсімі мен оң динамика нақты мәнде экономикалық белсенділіктің кеңеюін көрсетеді, бұл электр энергиясына сұранысты тікелей қолдайды.


2025 жылы электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және қалыпқа келтірілген ауамен жабдықтау секторындағы ЖІӨ 2024 жылмен салыстырғанда 2 398 млрд теңгеге дейін өсті, бұл саланың өсуінің жеделдеуін көрсетеді.

Мұндай серпін өндірістің кеңеюін және электр энергетикасының экономикадағы рөлінің артуын көрсетеді.

1 ЖІӨ – жалпы ішкі өнім.

2 НКІ (нақты индекс көлемі) – салыстырылатын кезеңдердегі өндіріс, инвестиция немесе басқа да көрсеткіштер көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Ол ағымдағы кезеңдегі белгілі бір көрсеткіштің базистік кезең бағасымен есептелген құнын оның базистік кезеңдегі құнына бөлу арқылы есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


Өнеркәсіп Қазақстанның өндірілетін ЖІӨ-нің негізгі үлесін құрайды (2025 жылы – 35,4%).

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 61 560 млрд теңге сомасына өнеркәсіп өнімі өндірілді, оның ішінде тау-кен өндіру саласында 26 844,4 млрд теңге (жалпы көлемнің 43,6%), өңдеу өнеркәсібінде 30 631,7 млрд теңге (49,7%) өндірілді.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі (нақты мәндегі динамика көрсеткіші) 4,7 п.т. өсіп, алдыңғы жылға қатысты 107,5%-ды құрады. Бұл, ең алдымен, тау-кен өндіру секторындағы көрсеткіштердің өсуіне (9,4%-ға өсу) байланысты болды.

Электр энергетикасы үшін бұл қуаттардың тұрақты жүктемесін және тұтынудың, әсіресе тау-кен өндіру және өңдеу кәсіпорындары тарапынан, өсуін білдіреді.

Ел өңірлері бөлінісіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі (2024 жылға қарай серпін, п.т.)




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Елдегі өнеркәсіп өндірісінің жалпы өсіміне қарамастан, бірқатар өңірлерде, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысында (-5%) теріс серпін сақталуда. Бұл аймақтық электр энергиясына сұраныстың өсуін шектеуі мүмкін.



Негізгі капиталға инвестициялар




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылы Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 13%-ға өсіп, 22,7 трлн теңгені құрады.

Қаржыландырудың негізгі көзі бұрынғысынша бизнестің өз қаражаты болып отыр (61,5%), сонымен қатар бюджеттік инвестициялар да елеулі үлес қосуда: олардың үлесі 21,9%-ға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 14,5%-ға өскен.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және қалпына келтірілген ауамен қамтамасыз етуге инвестициялар, млрд теңге




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және қалпына келтірілген ауамен қамтамасыз ету секторына салынған инвестиция көлемі 2,1 трлн теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 65,6%-ға өсті.

Бұл болашақта электр энергиясына сұранысты қолдап, генерацияның сенімділігін арттыратын инфрақұрылымды жаңғырту мен кеңейтуді көрсетеді.

Тұтынушылық инфляция, баға индексі, % жылдан жылға



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ (2023-2025 жылдардағы тұтыну бағаларының индексі және оның құрамдас бөліктері)

2025 жылы Қазақстан Республикасында инфляция 12,3%-ға дейін жеделдеді (2024 жылы – 8,6%). Бағаның ең көп өсуі азық-түліктік тауарларға (13,5%), сондай-ақ қызметтер мен азық-түліктік емес тауарларға тиесілі болды.

Инфляцияның жеделдеуі Серіктестік шығындарына қысымды күшейтеді. Материалдар, жабдықтар, жөндеу жұмыстары мен мердігерлердің қызметтеріне жұмсалатын шығындар артып келеді.

Бұл операциялық тиімділікке, шығындарды бақылауға және инвестицияларды жоспарлауға қойылатын талаптарды арттырады. Бұл ретте электр энергиясы көтерме нарықта сатылатындықтан сұранысқа әсері шектеулі.



Қазақстанның электр энергетикасы нарығына шолу

GRI 2–6, 3–3

Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесі (ҚР БЭЖ) – жүйелік оператордың басқаруымен нақты уақыт режимінде өндіріс пен тұтынудың теңгерімін қамтамасыз ететін

электр энергиясын өндірудің, берудің және бөлудің орталықтандырылған жүйесі.

Жүйелік оператордың деректеріне сәйкес, 2025 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру көлемі 123,1 млрд кВт*сағ құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға өсті. Электр энергиясын тұтыну көлемі 124,6 млрд кВт*сағ-қа (+3,8%) жетіп, сұраныстың тұрақты өсуін көрсетті: <https://www.kegoc.kz/electric-power/natsionalnaya-energositema/>

Электр энергиясын өндіру құрылымы

Генерация түрі	2024 ж., млн кВт*сағ	2025, млн кВт*сағ	Өзгеріс, %	2025 ж. үлес
Жылу электр станциялары (ЖЭС)	88 377,8	91 650,8	+3,7%	74,4%
Газтурбиналық электр станциялары (ГТЭС)	11 920,4	13 489,2	+13,2%	11%
Гидроэлектр станциялары (ГЭС)	11 223,4	10 493,8	-6,5%	8,5%
Жел электр станциялары (ЖЭС)	4 497,6	5 400,7	+20,1%	4,4%
Күн электр станциялары (КЭС)	1 895,6	2 074,6	+9,4%	1,7%
Басқалары	0,6	1,8	—	—
Барлығы	117 915,4	123 110,9	+4,4%	100%

Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2025 жылғы қаңтар–желтоқсан айларындағы Қазақстанның электр энергетикасы саласындағы нарығына жүргізген талдауы: https://samruk-energy.kz/images/documents/2025/are_jan_dec_25_ru.docx

Өндіріс құрылымында жылу энергетикасының үлесі басым болып қалуда, бұл ретте гидроэнергетиканың үлесі 8,5%-ды құрады. 2025 жылы ГЭС-терде электр энергиясын өндіру көлемі 6,5%-ға төмендеді, бұл гидрологиялық факторларға байланысты болды.

Аймақтар бойынша электр энергиясын тұтыну

Аймақ	2024 ж., млн кВт*сағ	2025 ж., млн кВт*сағ	Өзгеріс, %
Солтүстік	75 335,4	75 540,6	+0,3%
Оңтүстік	28 376,9	30 641	+8%
Батыс	16 283,3	18 424,9	+13,2%
Қазақстан	119 995,5	124 606,5	+3,8%

Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2025 жылғы қаңтар–желтоқсан айларындағы Қазақстанның электр энергетикасы саласындағы нарығына жүргізген талдауы: https://samruk-energy.kz/images/documents/2025/are_jan_dec_25_ru.docx

Өңірлер бойынша электр энергиясын тұтыну-дың өсуі біркелкі сипатқа ие емес: батыс және оңтүстік өңірлерде тұтыну неғұрлым қарқынды өсіп отыр, ал солтүстік аймақта тұралау байқалады.

Бұл ретте Шығыс Қазақстан облысында электр энергиясын тұтыну көлемінің 7 571 млн кВт*-

сағ-тан 7 048,6 млн кВт*сағ-қа дейін (6,9%-ға) төмендегені тіркелді, бұл өңірдегі өнеркәсіптік белсенділіктің бәсеңдегенін көрсетеді.

Өндірістің төмендеуіне қарамастан, су электр станциялары энергия жүйесінің икемділігі мен теңгерімін қамтамасыз етуде негізгі рөлін сақтап отыр.

«Самұрық-Энерго» АҚ тобының рөлі

Еліміздегі ең ірі электр энергиясын өндіруші – «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Топ кәсіпорындары 40,4 млрд кВт/сағ электр энергиясын өндіріп, елдегі жалпы генерацияның шамамен 30-31%-ын қамтамасыз етті.

«Самұрық-Энерго» АҚ тобында су электр станциялары энергия жүйесінің икемділігін қамтамасыз етуде және ең жоғары жүктемелерді жабуда шешуші рөл атқарады. Топтың құрылымына тікелей немесе еншілес және бірлескен ұйымдар арқылы Шардара ГЭС, Мойнақ ГЭС, Шүлбі ГЭС, Өскемен ГЭС кіреді.

2025 жылғы су электр станцияларының орнатылған қуаты және электр энергиясын өндіруі

ГЭС	Орнатылған қуат, МВт	Өндіріс, млн кВт*сағ
Бұқтырма ГЭС	675	~2770
Шүлбі ГЭС	702	1 871,5
Өскемен ГЭС	367,8	1 827
Мойнақ ГЭС	300	979
Қапшағай ГЭС	364	~972
Шардара ГЭС	126	436
Шағын және жеке ГЭС	–	1638,3
Барлығы		10493,8

Дереккөздер: <https://t.me/uzgidrouz/465>, https://samruk-energy.kz/images/documents/2025/are_jan_dec_25_ru.docx

«Өскемен ГЭС» ЖШС нарықтағы негізгі ойыншылардың бірі ретінде тұрақты орынды иеленіп, Қазақстандағы барлық гидроэнергия өндіру көлемінің шамамен 18%-ын қамтамасыз етеді.


Серіктестіктің рөлі тек өндіріс көлемімен ғана емес, оның энергия жүйесіндегі атқаратын қызметімен де айқындалады. Өскемен ГЭС-і Ертіс ГЭС каскадының екінші сатысы болып табылады және Бұқтырма ГЭС-інің контр реттеушісі функциясын атқара отырып, ағынды теңестіруді және энергия жүйесінің жұмыс режимдерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл оны Ертіс ГЭС каскадының және Қазақстанның бүкіл Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аса маңызды элементіне айналдырады.

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің гидроэнергетикадағы орны

GRI 2–6, 3–3

2025 жылы су электр станцияларының жиынтық өндірісі шамамен 10,5 млрд кВт*сағ құрады. Генерацияның негізгі көлемдері Ертіс ГЭС каскадының станцияларында (Бұқтырма ГЭС, Өскемен ГЭС және Шүлбі ГЭС), сондай-ақ оңтүстік аймақтардың ірі су электр станцияларында шоғырланған.

2025 жылы гидроэлектр станциялары бойынша электр энергиясын өндіру





Операциялық қызмет

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

Операциялық қызмет

GRI 2–6

Өндірістік тиімділікті басқару тәсілі

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС электр энергиясын жүйелік оператор келіскен режимдерге сәйкес өндірді. Өндірістік нәтижелерге су шаруашылығы жағдайы, электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тәуліктік кестелері, жабдықтардың техникалық жай-күйі және су пайдалануға белгіленген шектеулер әсер етті.

Электр энергиясын өндіру тиімділігін арттыру маңызды тақырып ретінде айқындалды. Бұл энергиямен жабдықтаудың сенімділігіне, энергия жүйесінің тұрақтылығына, су ресурстарын ұтымды пайдалануға және пайдалану шығындарының деңгейіне байланысты. Электр энергиясын Бірыңғай сатып алушының, жүйелік оператордың және реттеуші органдардың негізгі мүдделі тараптар ретіндегі күтулері тұрақты электр энергиясын өндірумен, жұмыс режимдерін сақтаумен және электр энергиясының сапасын қамтамасыз етумен байланысты.

Электр энергиясын өндіру тиімділігін басқару интеграцияланған менеджмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және өндірістік процестің барлық кезеңдерін қамтиды. Серіктестіктің тәсілі кешенді сипатқа ие және технологиялық, ұйымдастырушылық және талдамалық құралдардың үйлесіміне негізделген.

Өндірістік процесс

Серіктестіктің өндірістік қызметі су ағынының энергиясын пайдалану арқылы электр энергиясын өндіруге негізделген және құн қалыптастыру тізбегінің негізгі элементі болып табылады.

Өндірістік процестің негізгі бастапқы ресурсы – Өскемен су қоймасынан келетін су. Су Ертіс өзеніндегі бөгет денесінде орналасқан төрт қысымды су құбыржолдарының сегіз су қабылдау тесігі арқылы гидроагрегаттарға беріледі.

Әрі қарай су ағыны шиыршықты камераға түседі, онда қозғалыс бағытын өзгертіп, бағыттаушы аппаратқа біркелкі таралады. Бағыттаушы аппарат арқылы су гидротурбинаның жұмыс доңғалағының қалақшаларына беріліп ағын энергиясын айнарудың механикалық энергиясына айналдырады.

Турбинаның жұмыс дөңгелегі білікті айналдырады, ал білік механикалық энергияны гидрогенератордың роторына береді. Генераторды қоздыру өздігінен қоздыру сұлбасы бойынша статикалық тиристорлық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Айналатын ротор электромагниттік өріс түзеді, соның нәтижесінде статор орамдарында электр тогы индукцияланып, үш фазалы генераторлық кернеу – 13,8 кВ қалыптасады.

Өндірілген электр энергиясы ток өткізгіш шиналар арқылы негізгі трансформаторларға беріледі, онда кернеу 110 кВ-қа дейін жоғарылатылады. Осыдан кейін электр энергиясы ашық тарату құрылғысына (АТҚ-110 кВ) түсіп, одан әрі кернеуі 110 кВ болатын 9 әуе желісі арқылы энергия жүйесіне беріледі.

Өндірістік процестің негізгі нәтижесі – энергия жүйесіне берілетін электр энергиясы. Гидроагрегаттар арқылы өткеннен кейін су төменгі бьефке түсіп, су айналымының үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Өндірістік процесті басқару жүйелік оператормен келісілген электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тәуліктік кестелері негізінде жүзеге асырылады. Жүйелік оператордың «KEGOC» АҚ-мен өзара іс-қимылы жедел басқарудың ішкі регламенттері мен жүйелік нұсқаулықтарға сәйкес ұйымдастырылған, оның ішінде:

- РП 01-06 «жедел хабарламалар регламенті»
- ИП 10-02 «Жедел қызметкерлердің жедел келіссөздер жүргізуі»
- ИП 10-15 «ӨДО диспетчерінің жедел басқаруындағы және (немесе) қарауындағы жабдықты жөндеуге шығаруды және іске қосуды ұйымдастыру»
- Шығыс өңірінің 35–500 кВ электр желілеріндегі технологиялық бұзушылықтардың алдын алу, оқшаулау және жою жөніндегі нұсқаулық.
- Шығыс өңірінде жиілікті және белсенді қуат ағындарын реттеу жөніндегі нұсқаулық.
- Шығыс энергетикалық өңірінің электр желілерінде жедел ауыстырып-қосуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық.

Көрсетілген құжаттар жедел ақпаратты беру, пайдалану қызметімен келіссөздер жүргізу, жабдықтардың жұмыс режимдерін келісу, сондай-ақ жабдықтарды жөндеуге шығару және пайдалануға енгізу рәсімдерінің тәртібін айқындайды.

Серіктестіктің жұмыс режимдерін реттеу су шаруашылығы жағдайын, оның ішінде су ағынының көлемін және су пайдалануға белгіленген шектеулерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Генерация көрсеткіштері

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Жалпы генерация, млн кВт*сағ	1 465,5	1 891,2	1 827,4
Орнатылған қуат, МВт	367,8	367,8	367,8
Жұмыс қуаты, МВт	167,3	215,3	208,6
ОҚПК, %	45,5	58,5	56,7

2025 жылдың басты өндірістік нәтижесі

Серіктестік технологиялық бұзушылықтарсыз, яғни I және II дәрежелі апаттар мен істен шығуларсыз станцияның тұрақты жұмысын қамтамасыз етті. Электр энергиясын өндіру көлемі **1 827,4** млн кВт*сағ құрады.

Өндірістік үдеріс және жабдықтарды пайдалану электр энергиясын өндіру, жұмыс режимдерін басқару және Серіктестіктің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін белгілейтін ішкі бизнес-үдеріспен (КП БП-2 «Электр энергиясын өндіру») реттеледі.

Өндірістік көрсеткіштер

2025 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 1 827,4 млн кВт*сағ құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 3,37%-ға төмен, ал 2023 жылғы көрсеткіштен 24,7%-ға жоғары. Өндіріс көлемінің динамикасына гидрологиялық жағдайлар, сондай-ақ жүйелік оператормен келісілген Серіктестіктің жұмыс режимдері әсер етті.

Орнатылған қуат есепті кезеңде өзгеріссіз қалып, 367,8 МВт құрады. 2025 жылы жұмыс қуаты 208,6 МВт-ты құрап, 2024 жылмен салыстырғанда (215,3 МВт) 6,7%-ға төмендеді, бұл ретте 2023 жылмен салыстырғанда 41,3%-ға (167,3 МВт) өсті.

Орнатылған қуатты пайдалану коэффициенті (ОҚПК) 2025 жылы 56,72%-ды құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден (58,54%) 1,82 пайыздық тармаққа төмен. 2023 жылмен салыстырғанда ОҚПК-ның 11,23 пайыздық тармаққа өсуі Серіктестіктің белгіленген қуатын неғұрлым тиімді пайдалануды және гидрологиялық факторлардың әсерін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің 1,82 п.т. төмендеуі гидрологиялық жағдайдың қолайсыз болғанын және соның салдарынан электр энергиясын өндіруге қолжетімді су ресурстары көлемінің қысқарғанын көрсетеді.

Сулылық пен маусымдылықтың өндіріске әсері

ГЭС үшін өндіріс көлемі су шаруашылығы жағдайына, атап айтқанда, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейні инспекциясы бекіткен су қоймасына құйылатын су мөлшері мен су шығынына тікелей байланысты.

2025 жылы гидроагрегаттар арқылы өткізілген судың жалпы көлемі 19 066,1 млн м³ құрап, 2024 жылғы деңгейдің 95%-ын құрады. Бұл ретте электр энергиясын өндіру көлемі 1 827,4 млн кВт*сағ құрап, 2024 жылғы деңгейдің 96,6%-ына жетті.

2025 жылы өндірістің ең жоғары деңгейі сәуір-маусым айларына сәйкес келді, бұл су өткізудің маусымдық ұлғаюына сәйкес келеді. 2025 жылдың екінші жартыжылдығында, әсіресе қыркүйек-қараша айларында су өткізудің қысқаруына байланысты өндіру көлемі төмендеді.

Электр энергиясының айлық өндірісі, млн кВт*сағ

Ай/жыл	2023	2024	2025
Қаңтар	135,6	134,4	142,3
Ақпан	102,8	134,5	122,2
Наурыз	107,8	126,0	136,5
Сәуір	99,7	149,9	182,3
Мамыр	109,6	175,8	195,1
Маусым	111,9	165,7	165,7
Шілде	143,9	174,0	161,8
Тамыз	142,4	160,8	158,9
Қыркүйек	133,5	174,5	140,8
Қазан	133,0	178,4	147,7
Қараша	117,4	175,8	132,9
Желтоқсан	127,7	141,4	141,0
Барлығы	1 465,5	1 891,2	1 827,4

Гидроагрегаттар арқылы су өткізу, млн м³

Ай/жыл	2023	2024	2025	2025 / 2024
Қаңтар	1 393,6	1 397,1	1 471,9	105%
Ақпан	1 047,4	1 384,7	1 256,7	91%
Наурыз	1 118,1	1 297,6	1 400,1	108%
Сәуір	1 034,0	1 594,5	1 994,7	125%
Мамыр	1 144,7	1 856,6	2 048,6	110%
Маусым	1 154,0	1 711,8	1 721,9	101%
Шілде	1 489,9	1 861,1	1 671,1	90%
Тамыз	1 492,5	1 746,7	1 671,7	96%
Қыркүйек	1 381,4	1 899,9	1 463,6	77%
Қазан	1 360,8	1 906,7	1 536,5	81%
Қараша	1 194,1	1 902,1	1 380,1	73%
Желтоқсан	1 306,2	1 489,6	1 449,2	97%
Барлығы	15 116,8	20 048,3	19 066,1	95%

Су ресурстарын пайдалану тиімділігі

Гидроэлектр станциясы үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің бірі – 1 кВт*сағ электр энергиясын өндіруге жұмсалатын судың үлестік шығыны.

1 кВт*сағ судың үлестік шығыны

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
1 кВт*сағ судың меншікті шығыны, м³/кВт*сағ	10,31	10,60	10,43
Жоспарлы мән, м³/кВт*сағ	≤10,69	≤10,62	≤10,51
Жоспардан ауытқу	–0,38	–0,02	–0,08

2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда меншікті су шығынының төмендеуі гидроагрегаттарды тиімдірек жүктеуге және олардың жеке шығыс сипаттамаларын ескере отырып жұмыс режимдерін таңдауға байланысты.

Өндірісті басқару тиімділігін бағалау

шығыны. 2025 жылы бұл көрсеткіш 10,43 м³/кВт*сағ құрап, жоспарлы мәні 10,51 м³/кВт*сағ-тан аспады. Бұл жоспарлы межеден жақсы нәтиже болып табылады және гидроагрегаттардың оңтайлы ПӘК аймағында жұмыс істегенін көрсетеді.

Басқару тиімділігін бағалау жоспарлы және меншікті өндірістік тиімділік көрсеткіштерін салыстыру арқылы жүргізіледі. 2025 жылы барлық негізгі көрсеткіштер бойынша меншікті мәндер жоспарлы көрсеткіштерден жоғары нәтиже көрсетті: судың үлестік шығыны белгіленген шектен төмен болды, өзіндік және шаруашылық қажеттіліктерге жұмсалатын электр энергиясының шығыны жоспардан төмен болды, ал ОҚПК және дайындық коэффициенті жоспарлы межелерден асып түсті.

Өндірістік ПӘК көрсеткіштерінің орындалуы (жоспар/дерек)

Көрсеткіш	2025 жоспар	2025 дерек
Өндіріске жұмсалатын судың үлестік шығыны 1 кВт*сағ, м³/кВт*сағ	≤ 10,51	10,43
Өндірілген электр энергиясының өз қажеттілігіне жұмсалған үлесі, %	≤ 0,15	0,12
Өз қажеттіліктеріне жұмсалған электр энергиясы, кВт*сағ	≤ 2 619 066	2 148 940
Шаруашылық қажеттіліктеріне жұмсалған электр энергиясы, кВт*сағ	≤ 971 530	879 198
Электр энергиясын меншікті тұтыну, %	≤ 0,59	0,50
ОҚПК, %	≥ 53,45	56,72
Дайындықтың балама коэффициенті, %	≥ 88,76	95,24

Мұндай серпін өндірістік режимдерді жөндеу бағдарламасын және жабдықтың техникалық жағдайын басқарудың нәтижелілігін растайды.

Гидроагрегаттардың жұмысы

2023–2025 жылдардағы гидроагрегаттардың жұмыс серпіні су шаруашылығы жағдайы мен жөндеу бағдарламасының ықпалын көрсетті. 2025 жылы жалпы өндіріс көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 3,4%-ға төмендеп, 1 827,4 млн кВт*сағ құрады. Бұл ретте көрсеткіш 2023 жылғы деңгейден 24,7%-ға жоғары болып, үш жылдық кезеңде станцияның жоғары жүктемесі сақталғанын растайды.

2025 жылы электр энергиясын өндіруге ең көп үлесті №1 ГА қосты – 620,531 млн кВт*сағ. 2024 жылмен салыстырғанда аздап төмендегеніне қарамастан, гидроагрегат жоғары жүктемесін сақтап, ПӘК көрсеткішін 91,35% деңгейінде қамтамасыз етті.

Күрделі жөндеуден кейін №2 ГА өндіріс көлемін 2024 жылғы 309,341 млн кВт*сағ-тан 2025 жылы 532,941 млн кВт*сағ-қа дейін ұлғайтты, ал оның ПӘК көрсеткіші 91,46%-ға жетіп, гидроагрегаттар арасындағы ең жоғары көрсеткіш болды.

№3 ГА тұрақты жұмыс істеді: оның 2025 жылғы өндіріс көлемі 497,783 млн кВт*сағ құрап, 2024 жылғы 524,851 млн кВт*сағ және

01

Компания туралы

02

Стратегия және сыртқы орта

03

Операциялық қызмет

04

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

05

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

06

ESG-аспектілерін басқару

07

Экологиялық жауапкершілік

08

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

09

Қосымшалар

2023 жылғы 404,350 млн кВт*сағ көрсеткіштерімен салыстырылды. Агрегаттың ПӘК көрсеткіші 89,94%-ға дейін өсіп, алдыңғы екі жылдың көрсеткіштерінен жоғары болды.

№4 ГА 2025 жылы өндіріс көлемінің 176,113 млн кВт*сағ-қа дейін төмендегенін көрсетті. Бұл

басқа гидроагрегаттармен салыстырғанда агрегаттың белгіленген қуатының төмен болуына және бекітілген кестеге сәйкес аталған агрегаттың резервтік күйде болуына байланысты. Жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін оның қуатын 95 МВт-қа дейін арттыру және жұмыс тиімділігін жоғарылату күтіледі.

2025 жылғы гидроагрегаттар жұмысының негізгі көрсеткіштері

Гидроагрегат	Орнатылған қуат, МВт	Өндіріс, млн кВт*сағ	Атқарым, сағат	ПӘК, %	Жөндеу жұмыстары
ГА №1	95	620,531	8 213	91,35	2 ТР
ГА №2	95	532,941	7 178	91,46	1 КР, 1 ТР
ГА №3	95	497,783	6 674	89,94	2 ТР
ГА №4	82,8	176,113	2 579	84,51	2 ТР
Барлығы	367,8	1 827,368	–	–	–

2024 жылғы гидроагрегаттар жұмысының негізгі көрсеткіштері

Гидроагрегат	Орнатылған қуат, МВт	Өндіріс, млн кВт*сағ	Атқарым, сағат	ПӘК, %	Жөндеу жұмыстары
ГА №1	95	652,972	8 351	90,97	2 ТР
ГА №2	95	309,341	4 210	91,43	1 ТР, 1 КР
ГА №3	95	524,851	6 769	89,50	2 ТР
ГА №4	82	404,048	5 353	83,91	2 ТР
Барлығы	367,8	1 891,212	–	–	–

2023 жылғы гидроагрегаттар жұмысының негізгі көрсеткіштері

Гидроагрегат	Орнатылған қуат, МВт	Өндіріс, млн кВт*сағ	Атқарым, сағат	ПӘК, %	Жөндеу жұмыстары
ГА №1	95	389,079	5 323	91	2 ТР
ГА №2	95	464,412	6 343	90,08	1 КР, 1 ТР
ГА №3	95	404,350	5 697	89,15	2 ТР
ГА №4	82,8	207,689	3 128	85,95	2 ТР
Барлығы	367,8	1 465,530	–	–	–

АЖ – ағымдағы жөндеу (жылына 2 рет – көктемде және күзде)

КЖ – күрделі жөндеу (7 жылда 1 рет)

Жалпы, үш жылдық кезеңдегі деректер Серіктестік жабдықтарының техникалық дайындығы жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді: гидроагрегаттардың жоспардан тыс тоқтап қалуы тіркелмеді, ал ағымдағы және күрделі

жөндеу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. 2025 жылы бірқатар гидроагрегаттардың ПӘК көрсеткіштерінің өсуі жөндеу бағдарламасы мен негізгі жабдықтың жұмыс режимдерін оңтайландырудың тиімділігін растайды.

Жөндеу бағдарламасы және техникалық дайындық

Өндіріс тиімділігін сақтау жабдықтарды жөндеу және жаңғыртумен тікелей байланысты. 2025 жылы жөндеу жұмыстары жоспарланған мерзімдермен салыстырғанда қысқартылған мерзімде орындалды. Бұл жабдықтардың

қолжетімділігін арттыруға және Серіктестіктің техникалық дайындығын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік берді.

Жабдықтардың техникалық дайындығы коэффициенті 2025 жылы 95,24%-ды құрап, жоспарлы 88,76% мәнінен жоғары болды. Бұл үш жылдық кезеңдегі ең үздік нәтиже болып табылады. Көрсеткішке №2 гидроагрегаттың күрделі жөндеуінің мерзімінен бұрын аяқталуы айтарлықтай әсер етті.

Жабдықтың техникалық дайындығының негізгі көрсеткіштері

Техникалық дайындық коэффициенті /жыл	2023	2024	2025
Нақты мәні, %	93,62	86,16	95,24
Жоспарлы мәні, %	90,09	84,44	88,76
Жоспардан ауытқу, п.т.	+3,54	+1,71	+6,48

2025 жылы жөндеу бағдарламасы (жоспар/нақты), сағат

Жөндеу түрі /нысан	Жоспарлы мерзімі, сағат	Нақты мерзімі, сағат
№2 гидроагрегаттың күрделі жөндеуі, оның ішінде блоктың АБЖ-сын, мониторинг жүйесін және қоздыру жүйесін жөндеу	6 401	4 641
№1 ГА ағымдағы өндеу жұмысы	306	212
№3 ГА ағымдағы өндеу жұмысы	474	400
№4 ГА ағымдағы өндеу жұмысы	690	602

Электр энергиясының шығындары және жабдықтың ПЭК-і

Серіктестік электр энергиясының шығындары мен жабдықтың ПЭК көрсеткіштерін өндірістік тиімділіктің негізгі көрсеткіштері ретінде бақылайды. 2025 жылы электр энергиясының шығыны 6,13 млн кВт*сағ құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден сәл жоғары. Мұн-

дай серпін станцияның жұмыс режимдерімен және электр энергиясын өндіру көлемдерімен байланысты.

Жабдықтың ПЭК көрсеткіші 2025 жылы 90,32%-ды құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 1,4 п.т. артты. 2024 жылы төмендегеннен кейін ПЭК көрсеткішінің қалпына келуі жөндеу бағдарламасының, агрегаттардың оңтайлы жүктемесінің және жұмыс режимдерін бақылаудың әсерін көрсетеді.

Электр энергиясының шығыны және ПЭК

Көрсеткіш атауы /жыл	2023	2024	2025
Электр энергиясының шығыны, млн кВт*сағ	5,16	6,06	6,13
Электр энергиясын өндіруден болатын шығындардың үлесі, %	0,35	0,32	0,34
Жабдық ПЭК-і, %	90,86	88,92	90,32

Тәуекелдер және оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар

2025 жылы өндірістік тәуекелдерді басқару «Өскемен ГЭС» ЖШС-нің операциялық сенімділігін және тұрақты жұмысын қамтамасыз етудің негізгі элементтерінің бірі болып қала берді. Серіктестіктің өндірістік қызметі жабдықтардың техникалық жай-күйіне, жөндеу бағдарламасының уақтылы орындалуына, су шаруашылығы жағдайына, жоспарлау сапасына, сондай-ақ жабдықтардың, материалдардың тұрақты жеткізілуіне, жұмыстардың орындалуына және қызметтердің көрсетілуіне тікелей байланысты.

Есепті кезеңде негізгі назар күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, жабдықтардың техникалық дайындығын қамтамасыз етуге және электр энергиясын өндіру жоспарының орындалуына байланысты тәуекелдерге аударылды. Серіктестік аталған тәуекелдерді елеулі деп қарастырды, өйткені олар гидроагрегаттарды пайдалану сенімділігіне, электр энергиясын өндіру көлеміне, қаржылық нәтижелерге және энергия жүйесі алдындағы міндеттемелердің орындалуына әсер етуі мүмкін еді.

2025 жылы Серіктестік №2 гидроагрегаттың күрделі жөндеуін және №1, №3 және №4 гидроагрегаттардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, жөндеу бағдарламасының орындалуын бақылауды қамтамасыз етті. Жөндеу жұмыстарының мерзімдерін сақтау, орындалатын жұмыстардың сапасын бақылау, мердігер ұйымдардың дайындығы, жабдықтар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың уақтылы жеткізілуіне ерекше назар аударылды.

Жөндеу бағдарламасының орындалуына жекелеген жеткізушілерге қатысты шектеулер, экономикалық жағдайдың өзгеруі, жабдықтар мен материалдарды жеткізу мерзімдерінің бұзылуы, жұмыс құжаттамасын дайындаудың кешіктірілуі, валюта бағамының ауытқуы және өндіруші зауыттардың баға саясатының өзгеруі сияқты сыртқы факторлар әсер етті. Ішкі факторлар қатарында материалдарды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімдерінің кешігуіне, жеткізушілердің/мердігерлердің бекітілген кестелерді сақтамауына, ғимараттар мен құрылыстарды уақтылы тексермеуге, сондай-ақ сапасыз материалдардың жеткізілуіне немесе

өндірістік жасырын ақаулардың анықталуына байланысты тәуекелдер ескерілді.

Аталған тәуекелдерді азайту мақсатында 2025 жылы Серіктестік №2 гидроагрегаттың күрделі жөндеуіне жасалған шарттың орындалуын тұрақты бақылауды жүзеге асырды, жөндеу жұмыстарын орындау кестелерінің сақталуын қадағалады, мердігер ұйымдармен және жеткізушілермен өзара іс-қимылды жүргізді, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу бойынша конкурстық рәсімдердің уақтылы өткізілуін және шарттардың жасалуын қамтамасыз етті.

Кейінгі жөндеу жұмыстарын дайындау шеңберінде Серіктестік №4 гидроагрегатқа күрделі жөндеу жүргізу алдында кран асты жолдары мен көпірлі крандарға да тексеру жүргізді, сондай-ақ өндіруші зауыттарда жаңа жабдықтарды дайындау кестелерін тұрақты негізде бақылауда ұстады. Бұл шара қосалқы инфрақұрылымның техникалық жай-күйін алдын ала бағалауға және жөндеу іс-шараларын дайындау мен жүргізу барысында кідірістердің туындау ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік берді.

Технологиялық бұзушылықтар мен жағымсыз оқиғаларды басқару

2025 жылы Серіктестікте технологиялық бұзушылықтар: апаттар, I және II дәрежелі істен шығулар тіркелген жоқ. Бұл ретте технологиялық бұзушылықтарға жатпайтын, есепке алу белгісі жоқ төрт жағымсыз оқиға тіркелді.

Әрбір осындай оқиға бойынша түпкі себептерді талдау әдісін қолдана отырып, ішкі тергеу жүргізіледі. Тергеу нәтижелері бойынша 2025 жылы 16 түзету іс-шарасы әзірленді, оның 13-і орындалды. Қалған іс-шаралар белгіленген мерзімдерге сәйкес жұмыс үстінде.

Мұндай тәсіл Серіктестікке елеулі технологиялық бұзушылықтар туындағанға дейін жақсарту үшін әлеуетті аймақтарды анықтауға, өндірістік процестерді түзетуге және жабдықтың пайдалану сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2023–2025 жылдардағы технологиялық бұзушылықтар, жағымсыз оқиғалар және түзету іс-шаралары

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Технологиялық бұзушылықтар:	0	0	0
– апаттар	0	0	0
– I дәрежелі істен шығулар	0	0	0
– II дәрежелі істен шығулар	0	0	0
Есептік белгісі жоқ жағымсыз оқиғалар	3	6	4
RCA зерттеулері	3	6	4
Түзету шаралары әзірленді	16	22	16
Түзету шаралары орындалды	16	20	13

2026 жылы серіктестік технологиялық бұзушылықтар мен жағымсыз оқиғалардың алдын алу бойынша жұмысты жалғастырады. Негізгі назар түзету шараларын орындауға, техникалық құжаттаманы цифрлық басқаруды дамытуға, бақылау жүйелерінің сенімділігін арттыруға және алдын алу шараларын одан әрі жетілдіруге аударылады.

Жабдықтың тоқтап қалуы

2025 жылы жоспардан тыс тоқтап қалулар, апаттық өшірулер және қуаттылықты шектеулер тіркелген жоқ. Жоспарланған тоқтап қалулар келтірілген уақыттан 417 сағатты құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден үш есеге төмен.



Жоспарлы тоқтап қалулардың азаюы және жоспардан тыс тоқтап қалулардың болмауы жабдықтың тұрақты жұмыс істеуін және жөндеуді жоспарлаудың нәтижелілігін растайды.

Өндірістік процестерді автоматтандыру

Автоматтандыру және өндірістік процестерді цифрлық басқару маңызды рөл атқарады. Өскемен ГЭС-індегі өндірістік процестерді басқару технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі (ТП АБЖ) арқылы жүзеге асырылады, бұл жабдықтардың жұмысын нақты уақыт режимінде бақылауды, реттеуді және мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді.

Автоматтандыру жүйесі негізгі және қосалқы технологиялық процестерді қамтиды оның ішінде: гидроагрегаттарды басқару трансформаторлық және тарату жабдықтарының жұмысын бақылау жабдықтардың техникалық жай-күйін қадағалау.

Станцияның жұмысын және электр энергиясын тұрақты өндіруді қамтамасыз ету үшін жиілікті және қуатты автоматты реттеу функциясы бар қуатты топтық реттеу жүйелері (ҚАРТР), сондай-ақ жүйелік оператордың диспетчерлік командалары бойынша жұмыс істейтін, оның ішінде апатқа қарсы автоматика жүйелері пайдаланылады.

Жабдықтардың техникалық жай-күйін бақылау технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйелерін (ТП АБЖ), диагностика және мониторинг жүйелерін қолдану арқылы жүргізіледі, оның ішінде негізгі және қосалқы жабдықтардың жұмыс параметрлерін талдау, дірілдік және тепловизиялық бақылау жүзеге асырылады.

Электр энергиясының коммерциялық есебі автоматтандырылған есепке алу жүйесін (ЭКЕАЖ) пайдалану арқылы жүргізіледі, бұл электр энергиясын өндіру көлемдері бойын-

ша есептеулердің дәлдігі мен деректердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Станция жұмысының негізгі параметрлері туралы ақпарат өңірлік диспетчерлік орталыққа (ӨДО) автоматты режимде беріледі, бұл энергия жүйесін жедел басқаруды және оның жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалану жабдықтардың жұмыс сенімділігін арттыруға, апаттық жағдайлардың туындау тәуекелін төмендетуге және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жабдықты бақылау және диагностикалау жүйесі

Станция жабдықтарының диагностикасы стационарлық және тасымалды бақылау құралдарын қолдану арқылы жүргізіледі. Стационарлық мониторинг жүйелері параметрлердің өзгерістерін жедел бақылауға және ауытқуларға уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді, ал тасымалды және стационарлық бақылау құралдарының көмегімен уақтылы диагностика жүргізу өндірістік тиімділікті одан әрі арттыруға және ақауларды бастапқы кезеңінде анықтауға ықпал етеді. Атап айтқанда, гидроагрегаттардың жай-күйін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін стационарлық вибромониторинг және жылулық бақылау жүйелері пайдаланылады.

Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың жай-күйін мониторингтеуді қамтамасыз ететін гидротехникалық құрылыстарды диагностикалау және бақылаудың автоматтандырылған жүйесі (ДБАЖ), сондай-ақ басты жоғарылатқыш трансформаторлардағы май сапасын онлайн-мониторингтеу жүйесі қолданылады.

Тасымалды бақылау және диагностика құралдарының ішінде гидроагрегаттар статорларының оқшауламасының жай-күйін бақылау жүйесін, сондай-ақ электротехникалық жабдықтарға жылуға ден қою бақылауын атап өтуге болады. Статорлардың оқшауламасының жай-күйін бақылау жүйесі ішінара разрядтарды өлшеуді жүзеге асырады. Бақылау және диагностика бекітілген кестелерге сәйкес жүргізіледі.

Бұған қоса, корпоративтік компьютерлік желіде технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесінен (ТП АБЖ) келіп түсетін деректерді пайдалана отырып, Grafana цифрлық платформасының базасында іске асырылған, жабдықтардың жұмыс істеуінің негізгі параметрлерін нақты уақыт режимінде көрсететін жүйе қолжетімді.

№ 4 гидроагрегатты жаңғырту

Негізгі өндірістік жоба №4 гидроагрегатты жаңғырту болып қала береді. Жоба 2024–2027 жылдары жүзеге асырылады және қуаттылықты арттыруға, меншікті су шығынын азайтуға және агрегаттың жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жоба бойынша не жоспарланды және не орындалды?

Жобаны іске асыру кезеңі	2024–2027 жылдар
31.12.2025 жылғы мәртебе	ГА-4-ті күрделі жөндеуге арналған ЖСҚ әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Гидрогенераторды, бағыттаушы аппараттың қалақшалар жиынтығы бар жұмыс дөңгелегін жеткізуге және №4 ГА-ға күрделі жөндеу жүргізуге шарттар жасалды.
2025 жылға нақты шығындар	486 007,96 мың теңге
Жоспарланған аяқталу мерзімі	2027 жылдың III тоқсаны
Жаңғыртудан кейін №4 ГА-ның жоспарланған қуаты	95 МВт
Серіктестіктің орнатылған қуатының өсуі	367,8-ден 380 МВт-қа дейін
Күтілетін әсер	Судың меншікті шығынын азайту, жылдық өнімділікті 17 млн кВт*сағ-қа ұлғайту арқылы гидроагрегаттың жұмыс тиімділігін арттыру

Неліктен № 4 ГА жаңғырту маңызды?

Жоба агрегаттың қуатын 95 МВт-қа дейін арттыруға, суды пайдалану тиімділігін арттыруға және жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Күтілетін нәтиже – электр энергиясын өндірудің

17 млн кВт*сағ-қа өсуі.



Серіктестіктің сатып алушылар алдындағы жауапкершілігі

Серіктестіктің сатып алушылар алдындағы электр энергиясының сапасына қатысты жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнама-сымен, оның ішінде «Электр энергетикасы тура-лы» Заңмен реттеледі.

Өндірілетін және желіге берілетін электр энер-гиясының сенімділігі мен сапасы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы электр энер-гиясының Бірыңғай сатып алушысын, жүйелік операторды және мемлекеттік органдарды қоса

алғанда, мүдделі тараптардың негізгі болжамда-ры болып қала береді.

Аталған болжамдар Серіктестіктің операция-лық қызметінде белгіленген жұмыс режимдерін сақтау, электр энергиясы сапасының параметр-лерін бақылау және жабдықтардың сенімділігін қамтамасыз ету арқылы ескеріледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін өнімді жеткізу жағдайлары тіркелген жоқ. Жеткізілетін электр энергиясы-ның сапасына қатысты Серіктестікке талаптар, наразылықтар мен шағымдар келіп түспеді, бұл жеткізілген өнімнің/көрсетілген қызметтердің мүдделі тараптардың күтілімдеріне және бел-гіленген нормативтік талаптарға сәйкестігін растайды.

Электр энергиясын сатып алу

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің операциялық қызметі шеңберінде ЖЭК-нен электр энергиясын сатып алу 2023 жылғы қаңтардан маусымға дейінгі ке-зеңде жүзеге асырылды және сол кезде қолда-ныста болған электр энергиясын нарықта бөлу және өткізу тетіктерімен байланысты болды.

2023 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Респуб-ликасында электр энергиясының Бірыңғай са-тып алушысы тетігі енгізілгеннен кейін ЖЭК-нен электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу функциялары тоқтатылды.

Бұл ретте, аталған кезеңнен бастап Серіктестік электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімсіздіктерді сатып ала бастады.

2023–2025 жылдардағы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерімсіздіктерді сатып алу серпіні

Көрсеткіш атауы /жыл	2023	2024	2025
Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерімсіздіктерді сатып алу, кВт*сағ	2 230 158	782 289	3 161 390

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС ЖЭК-тен электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырған жоқ, алайда электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімсіздіктерді сатып алу бөлігінде жұмыс істеді.

2026 жылға арналған электр энергиясын өндіру тиімділігін арттыру жоспарлары

2026 жылы Серіктестік электр энергиясын өндіру тиімділігін, жабдықтардың сенімділігін және өндірістік режимдерді басқару сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастырады.

Негізгі басымдықтарға №4 гидроагрегатты жаңғырту жұмыстарын сүйемелдеу, жаб-дықтардың техникалық дайындығын сақтау, жөндеу бағдарламасын орындау, судың үлестік шығынын бақылау, сондай-ақ мони-торинг және диагностика жүйелерін одан әрі дамыту жатады.

Сондай-ақ жағымсыз оқиғаларды талдау және түзету іс-шараларын орындау бойынша жұмысты жалғастыру жоспарлануда. Техника-лық құжаттаманы басқаруды автоматтанды-руға және әлсіз тоқты жүйелер мен деректерді беру жүйелерін импульстік асқын кернеулер-ден қорғау деңгейін арттыруға ерекше назар аударылатын болады.

Пайдалану (диспетчерлік) цехы

GRI 2–6, 3–3, 302, 403, 404

Пайдалану цехының міндеттері мен қызметтері

Станциядағы диспетчерлік басқаруды «Өске-мен ГЭС» ЖШС-нің пайдалану цехы жүзеге асырады. Кезекші ауысым арқылы пайдалану цехы жабдықтардың жұмысын тәулік бойы бақылауды, тәуліктік жүктеме кестесінің орын-далуын, персоналдың жұмыстарды орындау-ға жіберілуін және энергия жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Пайдалану цехының жұмысы операциялық сенімділік, энергия тиімділігі және еңбекті қорғау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табы-лады. Бұл тәсіл жауапкершілікті нақты бөлуді, жабдықтарды бақылауды, кадрлық резервті даярлауды, сондай-ақ өндірістік көрсеткіштер мен өнеркәсіптік қауіпсіздік көрсеткіштері бо-йынша тиімділікті бағалауды қамтиды.

Құрылымдық бөлімше туралы ережеге (ҚБЕ 05-05) сәйкес пайдалану цехы – интеграция-ланған менеджмент жүйесінің мақсаттары не-гізінде қызмет атқаратын Серіктестіктің дер-бес құрылымдық бөлімшесі. Құжатта цехтың мәртебесі, міндеттері, қызметтері, құқықтары, өзара іс-қимыл тәртібі және жауапкершілігі бекітілген.

Пайдалану цехының негізгі міндеті – жаб-дықтардың сенімді, үнемді және апатсыз жұ-мысын қамтамасыз ету, электр энергиясын өндіру және желіге беру жоспарының орын-далуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қуаттың диспетчерлік кестеге сәйкес жұмысқа дайын болуын қамтамасыз ету.

Кезекші ауысымның жұмысын ұйымдастыру

Пайдалану цехы Өскемен ГЭС-інің жұмысын тәулік бойы жедел басқаруды, жабдықтардың жай-күйін бақылауды, диспетчерлік жүктеме кестесінің орындалуын және энергия жүйе-сімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Кезекші персоналдың жұмысы ауысымдық ре-жимде ұйымдастырылған, бұл өндірістік про-цестерді үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету-ге және станцияның жұмыс режиміндегі өз-герістерге жедел ден қоюға мүмкіндік береді. Кезекші ауысым гидроагрегаттардың, электр техникалық жабдықтардың және қосалқы жүйелердің жұмыс параметрлерін бақылай-ды, сондай-ақ жабдықтарды жөндеуге шығару және оны жұмысқа қосу кезінде іс-қимылдар-ды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Пайдалану цехы станция жұмысына тәулік бойы бақылауды, жүктеме кестесінің орындалуын, персоналды жұмыстарды орындауға жіберуді және энергия жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Станцияның жұмыс режимін жедел басқару

ГЭС-тің жұмыс режимі су шаруашылығы жағдайын, жүктеме кестесін, жабдықтардың техникалық жай-күйін және бөлімшелердің өтінімдерін ескере отырып қалыптастырылады. Су режимін су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы белгілейді. Осыған сүйене отырып, станция қандай гидроагрегаттардың жұмысқа қосылуы тиіс екенін және жүктеменің олардың арасында қалай бөлінетінін айқындайды.

Жұмыс режимін таңдаған кезде кезекші ауысым әрбір агрегаттың ПЭК көрсеткішін, оның техникалық жай-күйін және діріл сипаттамаларын ескереді. Бұл су ресурстарын ұтымды пайдалануға және жабдықтардың тиімді жұмыс режимінде болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су режимі мен жүктеме кестесін талдағаннан кейін тәуліктік кесте станцияның техникалық мүмкіндіктері, жөндеу жұмыстары және бөлімшелердің өтінімдері ескеріле отырып келісіледі. Содан кейін кезекші ауысым гидроагрегаттардың оңтайлы жүктемесін таңдайды.

Тәулік ішінде жедел персонал бас басқару қалқанындағы негізгі параметрлерді: жүктемені, жиілікті, кернеуді, температураны, қысымды, автоматика сигналдарын және жабдықтардың жай-күйін бақылайды. Жұмыс режимі өзгерген кезде ауысым жедел ден қойып, бекітілген талаптар шегінде станцияның жұмысын түзетеді.

Электр энергиясы белгіленген сапа параметрлерін сақтай отырып, энергия жүйесіне беріледі. Пайдалану цехы сондай-ақ станцияның жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесіндегі жү-

мысын бақылайды, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысады және жүктемені арттыру немесе төмендету бойынша өтінімдерді орындайды.

Энергия жүйесімен және ШӨДО-мен өзара әрекеттесу

Кезекшілік кезінде пайдалану цехының жедел персоналы Шығыс өңірлік диспетчерлік орталығымен өзара іс-қимыл жасайды. Пайдалану цехы туралы ережеге (бұдан әрі – ПЦ) сәйкес, жедел қатынаста ПЦ персоналы ШӨДО диспетчеріне бағынады. Бұл станцияның жұмыс режимін энергия жүйесінің қажеттіліктерімен келісу және диспетчерлік тәртіпті сақтау үшін қажет.

Станцияның кезекші инженері ШӨДО қарамағындағы жабдықтар бойынша энергия жүйесі диспетчерінің өкімдерін орындайды. СКИ лауазымдық нұсқаулығында мұндай өкімдердің орындалуға жататыны көзделген. Егер кезекші инженер өкімді дұрыс емес деп есептесе, ол бұл туралы диспетчерге хабарлап, өз ұстанымын негіздеуге тиіс. Өкім қайта берілген жағдайда, одан бас тартуға елеулі негіздер болмаған кезде, пәрмен орындалады.

Бұл ретте нұсқаулықта қауіпсіздік талаптарына басымдық берілетіні жеке көрсетілген. Егер диспетчердің өкімі анық қате болып, жабдықтың апатқа ұшырауына немесе жазатайым оқиғаға әкеп соғуы мүмкін болса, кезекші инженер оны орындаудан бас тартуға міндетті. Осыдан кейін ол жағдай туралы ШӨДО диспетчеріне, аға кезекші инженерге, пайдалану цехының бастығына, бас директорға және өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасарына хабарлайды. Бұдан әрі іс-қимылдар белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Мұндай тәртіп диспетчерлік тәртіпті сақтауға және станцияның жұмыс режимін басқару кезінде қауіпсіздікке басымдық беруге мүмкіндік береді.

Станцияның жұмысын бақылау және өндірістегі жұмыстарға рұқсат беру

Пайдалану цехы қызметінің жұмысы станциядағы персоналдың қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Станцияның кезекші инженері жабдықтың жұмыс режимін ғана емес, сондай-ақ жұмыскерлерді жөндеу және пайдалану жұмыстарына жіберуді де бақылайды.

Пайдалану цехы туралы ережеге сәйкес, цехтың міндеттерінің бірі – жабдықтар мен құрылыстардың сенімді әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Серіктестік аумағындағы жұмыстарды үйлестіру. Цехтың функцияларына сондай-ақ жедел қайта қосуларды жүргізу, жұмыс орындарын дайындау және қызметкерлерді жұмыстарды орындауға жіберу жатады.

Станциядағы жөндеу жұмыстары станцияның кезекші инженерінің рұқсатымен ғана басталады және өкімхаттар немесе өкімдер бойынша орындалады. Бригаданы жұмысқа жібермес бұрын жедел персонал жұмыс орнын дайындайды: жабдықты ажыратады, ысырмаларды жабады, бұғаттауларды орнатады, ескерту плакаттарын іледі және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқа да шараларды орындайды.

Станцияның кезекші инженері объектідегі жалпы жағдайды бақылайды: қандай жұмыстар жоспарланғанын, қандай бригадалардың жабдықта жұмыс істеп жатқанын, қандай учаскелердің жөндеуге шығарылғанын және қай учаскелердің


жұмыс істеп тұрғанын қадағалайды. Бұл жұмыстардың бір-бірімен қабаттасуына, қате қайта қосуларға және бір бригаданың әрекеттері басқа бригада үшін қауіп төндіруі мүмкін жағдайларға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, станцияның кезекші инженері жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, тарату құрылғыларындағы қайта қосуларды жүргізу және жөндеу жұмыстарын орындау үшін жұмыс орындарын дайындау кезінде техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын бақылауға міндетті. Сонымен қатар, СКИ станция жабдықтарының сенімді әрі үздіксіз жұмыс істеуіне, тәуліктік жүктеме кестесінің орындалуына және жабдықтардың үнемді жұмыс режимінің қамтамасыз етілуіне жауап береді.

Жұмыстарға рұқсат беру процесі кезек-кезеңімен жүзеге асырылады: өтінім түседі, жұмыс орны дайындалады, жабдықты ажырату және бұғаттау жұмыстары орындалады, содан кейін кезекші инженер бригаданы жұмысқа жіберуге рұқсат береді. Жұмыстарды орындау барысында ауысым жабдықтың жай-күйін және қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылайды. Жұмыстар аяқталғаннан кейін жабдықтың жұмысқа дайын екендігі тексеріледі, содан кейін ғана ол белгіленген тәртіппен жұмысқа енгізіледі.


Мұндай тәртіп жазатайым оқиғалардың орын алу қаупін азайтады, жөндеу жұмыстары кезінде тәртіпті қамтамасыз етеді және жабдықтың жай-күйін бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. ГЭС үшін бұл аса маңызды, өйткені станцияда пайдалану операциялары, жөндеу жұмыстары және жүктеменің диспетчерлік кестесі бір мезгілде орындалуы мүмкін.

Пайдалану цехы станцияның жұмыс режимін қалай басқарады



Пайдалану цехы станцияның жұмыс режимін үздіксіз басқаруды, жабдықтардың параметрлерін бақылауды және диспетчерлік кестенің орындалуын қамтамасыз етеді

Пайдалану цехы және жұмыс қауіпсіздігі



Пайдалану цехы жұмыстарға рұқсат беруді үйлестіреді, персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және жабдықтың жұмысқа енгізілуін бақылайды

Энергия жүйесінде апат болған жағдайда станцияның кезекші инженері электр энергиясының қалыпты параметрлерін ұстап тұру жөнінде шаралар қабылдайды және энергия жүйесі диспетчерінің нұсқауларын орындайды. Өрт немесе дүлей зілзала болған жағдайда ол адамдарды құтқаруды ұйымдастырады және өрт сөндіру бөлімшелері мен станция персоналының іс-қимылдарын үйлестіреді.

Жабдықты бақылауға арналған
жедел персоналдың цифрлық
құралдары

Кезекші ауысым ГЭС-тің негізгі басқару қалқанында жұмыс істейді. Бұл – станцияның жұмыс режимі, гидроагрегаттардың жұмысы және қосалқы жабдықтардың жай-күйі бақыланып отырған жедел персоналдың орталық жұмыс орны.

Пайдалану цехының жұмысына арналған құралдар

Құрал	Не үшін қолданылады
Бас басқару қалқаны	Жабдықтың жұмыс параметрлерін бақылау және станция режимін жедел басқару.
ЭКЕАЖ	Өндірілген және босатылған электр энергиясын коммерциялық есепке алу.
Технологиялық айналып өтулер жүйесі / Safety Walk	Жабдықтарды және персоналдың бағыттарын аралауды бақылау.
Ақаулар журналы	Жабдықтың анықталған ақауларын тіркеу.
Өтінімдер журналы	Жұмыстарды орындауға және жөндеуге өтінімдерді есепке алу.
Бейнебақылау	Аумақты және өндірістік нысандарды бақылау.
1С: Құжат айналымы	Құжаттарды, өтінімдерді және өкімдерді алу, келісу және сақтау.

Пайдалану цехындағы кадрлық
тәуекелдер және оларды азайту
жөніндегі іс-шаралар

Станцияның кезекші инженерінің жұмысы жоғары жауапкершілікпен байланысты. Сондықтан Серіктестік үшін тәуекелдердің бірі ауысымдық режимде жұмыс істей алатын және штаттан тыс жағдайларда шешім қабылдай алатын дайындалған мамандардың жетіспеушілігі болып табылады.

Осы тәуекелді азайту мақсатында станцияның кезекші инженері (бұдан әрі – СКИ) лауазымына қатаң біліктілік талаптары қойылады. Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, СКИ-дің бейінді техникалық білімі, қажетті өндірістік жұмыс өтілі және электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы IV-тен төмен болмауға тиіс. Сонымен қатар, ол техникалық пайдалану қағидалары, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы, нұсқаулықтар мен директи-

Нақты уақыт режимінде жедел персонал жүктемені, жиілікті, кернеуді, температураны, қысымды, автоматика сигналдарын және жабдықтың басқа да параметрлерін бақылайды. Деректердің едәуір бөлігі сезбектерден түседі, бұл ауытқуларды жедел анықтауға және тиісті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Пайдалану цехының жұмысында жабдықтың жай-күйін тіркеуге, аралау бағыттарын бақылауға, ақаулар мен жөндеу жұмыстарына берілген өтінімдерді қадағалауға, сондай-ақ жедел әрекеттер тарихын сақтауға мүмкіндік беретін құралдар пайдаланылады. Бұл ауытқуларды жедел анықтауға және кезекші ауысымның әрекеттерін қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

валық құжаттар бойынша білімін тұрақты түрде тексеруден өтеді.

Жеке тәуекелдердің бірі – өз бетінше жұмыс істеуге рұқсат беру кезінде жіберілетін қателермен байланысты. Бұл тәуекелді азайту мақсатында станцияның кезекші инженері лауазымына тағайындау жұмыс орнында даярлықтан, тағылымдамадан, білімін тексеруден және апатқа қарсы жаттығуларды сәтті өтуден кейін ғана жүзеге асырылады. Оқыту бекітілген бағдарлама бойынша тәжірибелі кезекші инженердің басшылығымен және аға СКИ-дің бақылауымен жүргізіледі.

Тағы бір тәуекел – сырқатқа байланысты, еңбек демалысына шығу, жұмыстан босату немесе кадрлық өзгерістер салдарынан ауысымдық жұмыстың үздіксіздігінің бұзылуы. Оны азайту мақсатында пайдалану цехында кадрлық резерв қалыптастырылған. Алдын ала даярланған қызметкерлер оқудан, білімін тексеруден өтеді және қажетті рұқсаттарға ие болады, сондықтан қа-

жет болған жағдайда кезекші инженерді жедел алмастыра алады.

2025 жылы кадрлық резерв кезекші инженерді алмастыру қажет болған жағдайда ауысымдық жұмыстың үздіксіздігін сақтауға мүмкіндік берді. Бұл жүйе артық жұмыс істеу тәуекелін азайтады, ауысымдық жұмыс кестесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және тәжірибелі қызметкерлердің тәжірибелік білімін жас мамандарға беруге мүмкіндік береді.

Пайдалану цехы жұмысының
тиімділік көрсеткіштері

Пайдалану цехының тиімділігі жабдықтардың қаншалықты сенімді жұмыс істейтініне, тәулік-

тік жүктеме кестесінің сақталуына, қауіпсіздік талаптарының орындалуына және технологиялық бұзушылықтарға жол берілмеуіне қарай бағаланады.

Станцияның кезекші инженерінің мақсаттар картасында электр энергиясы нарығы мен қуат нарығы ережелерін сақтау, мәжбүрлі тоқтап қалу коэффициентінің асып кетуіне жол бермеу, бақылау тапсырмаларын уақытылы орындау, жұмыс уақытын есепке алу табельдерін тексеру және келісу, жабдықтарды сынақтан өткізу кестесін орындаумен байланысты көрсеткіштер бекітілген. Серіктестік үшін бұл көрсеткіштердің іс жүзіндегі маңызы зор.

Пайдалану цехының тиімділігін бағалаудың негізгі бағыттары

Бағалау бағыты	Не бақыланады	Серіктестік үшін маңызы
Қауіпсіздік	Жазатайым оқиғалардың және еңбекті қорғау талаптарын бұзудың болмауы	Персоналдың өмірі мен денсаулығын қорғау
Жабдықтың сенімділігі	Технологиялық бұзылулар мен істен шығулардың болмауы	Станцияның тұрақты жұмысы
Кестені орындау	Тәуліктік жүктеме кестесін сақтау	Диспетчерлік тәртіп және энергетикалық жүйенің тұрақтылығы
Нарықтық коэффициенттер	Белгіленген коэффициенттердің асып кетуіне жол бермеу	Қаржылық тәуекелдерді төмендету
Жабдықты сынау	Сынамалау кестелерін орындау	Жабдықтың дайындығын сақтау
Ауысымдарды басқару	Табельдерді келісу және ауысым кестесін бақылау	Қайта өңдеу қаупін төмендету

Пайдалану цехы жұмысының басты нәтижелерінің бірі — негізгі жабдықты өшіруге немесе айыппұл салдарына әкелуі мүмкін технологиялық бұзушылықтардың болмауы. Ең маңызды нәтиже – персоналдың қауіпсіздігі және жарاقاتтардың болмауы.

2026 жылға арналған пайдалану
цехын дамыту жоспарлары

2026 жылы Серіктестік пайдалану цехын дамытуды жалғастырады. Басты назар жүктеме кестелерін дәл орындауға, тұрақты ауысымдық режимге және өндірістік процестерді жедел сүйемелдеуге аударылады.

Кадрлық резервке ерекше назар аударылады. Серіктестік кезекші персоналды оқытуды, апатқа қарсы жаттығулар мен білімді тексеруді жалғастырады. Бұл қызметкерлердің өзара алмасуын сақтауға және артық жұмысқа жол бермеуге көмектеседі.

Пайдалану цехы жабдықтарды уақтылы шығаруды және іске қосуды, сондай-ақ бұл жұмыстарды станция режимімен үйлестіруді қамтамасыз ету үшін жөндеу және жаңғырту жұмыстарын жүргізуді жалғастырады.



04

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

01

Компания туралы

02

Стратегия және сыртқы орта

03

Операциялық қызмет

04

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

05

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

06

ESG-аспектілерін басқару

07

Экологиялық жауапкершілік

08

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

09

Қосымшалар

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

GRI 3-3, 201-1

Серіктестіктің қызметі негізгі мүдделі тараптарға – мемлекетке, қызметкерлерге және жеткізушілерге тікелей экономикалық әсер етеді. Бұл салық түсімдерінен, жұмыс орындарын құрудан, жалақы төлеуден және өңірдің энергетикалық инфрақұрылымының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуден көрінеді.

Экономикалық көрсеткіштер маңызды тақырып ретінде анықталды және бизнестің тұрақтылығын, операциялық қызметтің тиімділігін және ұзақ мерзімді экономикалық құндылық құру қабілетін бағалау үшін қолданылады.

Қаржылық нәтижелерді басқару

Қаржылық нәтижелерді басқаруды атқарушы басшылық деңгейінде жүзеге асыру жоспарлау, негізгі көрсеткіштерді мониторинг жүргізуді және талдауды қамтиды. Негізгі көрсеткіштерге түсім, EBITDA, рентабельділік, ақша ағындары және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері жатады.

Серіктестіктің қаржылық нәтижелері электр энергиясына белгіленетін тарифтер, гидрологиялық жағдай және теңгерімдеуші нарық пен қуат нарығын қоса алғанда, нарықтық тетіктердің дамуы сияқты сыртқы факторларға байланысты. Бұл факторлар жоспарлау және тәуекелдерді бағалау кезінде ескеріледі.

Басқарушылық мақсаттарға арналған есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ-ның нысандары бойын-

ша қалыптастырылады. Осы Есепте ұсынылған барлық көрсеткіштер активтер тарихи құны бойынша көрсетілетін басқарушылық есепке алу деректеріне негізделген.

Басқару жүйесі сондай-ақ кірістер құрылымын бақылауды – түсімнің операциялық және реттелетін көздерінің арақатынасын, сондай-ақ нарықтың жекелеген сегменттерінің қаржылық нәтижеге әсерін қамтиды. Бұл өзгерістерге жедел ден қоюға және қаржылық модельдің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қаржылық көрсеткіштер серпіні

2025 жылы Серіктестік негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамиканы сақтап қалды. Түсім 17,2%-ға өсті, бұл ретте корпоративтік салық бойынша шығыстар 2024 жылмен салыстырғанда 16,6%-ға артты. Шығыстардың өсуі бизнестің рентабельділігіне теріс әсер еткен жоқ.

EBITDA 8,16 млрд теңгеге дейін (+15,1%, 2024 жылмен салыстырғанда) өсті, бұл операциялық тиімділіктің жоғары деңгейінің сақталғанын көрсетеді. EBITDA рентабельділігі 63,8% деңгейінде сақталып, өткен жылмен салыстырғанда сәл ғана төмендеді.

Таза пайда 12,46%-ға өсіп, 5,7 млрд теңгені құрады және 2024 жылы болған сәл төмендеуден кейін қайта өсті.

2025 жылдың негізгі қаржылық нәтижесі

Түсім 12,8 млрд теңгеге дейін, EBITDA **8,2** млрд теңгеге дейін өсті. Өсім электр энергиясын сату, қуат нарығы және қуатты реттеу бойынша қызметтер есебінен қамтамасыз етілді.

2023–2025 жылдардағы қаржылық көрсеткіштердің серпіні, мың теңге

Көрсеткіш атауы	2023	2024	2025	2024 жылға қарай 2025 жылғы өзгеріс, %
Түсім	8 188 090	10 915 295	12 793 717	+17,21%
EBITDA	3 926 706	7 091 588	8 164 843	+15,13%
Жылдық пайда	5 767 246	5 028 775	5 655 235	+12,46%
Кезеңдегі жиынтық табыс	5 755 504	4 995 714	5 658 667	+13,27%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	1 444 981	1 227 260	1 431 128	+16,61%
Капитал жұмсалымдары, CAPEX	1 070 000	3 698 000	2 548 000	–31,10%

Түсім құрылымы және тарифтік саясат


Серіктестік электр энергиясын сатуды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекітетін шекті тарифтер жүйесі шеңберінде жүзеге асырады.

Бұл ретте шекті тариф бағаның жоғарғы шегін белгілейді және сату құрылымы мен нарықтық тетіктердің әсерінен қалыптасатын электр энергиясын сатудың нақты орташа бағасын көрсетпейді.


2025 жылы электр энергиясын сатудың орташа есептік бағасы шамамен 4,49 теңге/кВт*сағ құрады. Көрсеткіш электр энергиясын сатудан түскен түсімнің (Бірыңғай сатып алушының атына және теңгерімдеуші нарықта) электр энергиясын беру көлеміне қатынасы ретінде есептелген.

Серіктестіктің табысы тек электр энергиясын сату есебінен ғана емес, сонымен қатар энергия жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету тетіктеріне қатысу есебінен де қалыптасады.

2023–2025 жылдардағы электр энергиясының орташа тарифінің серпіні, теңге/кВт*сағ



2023–2025 жылдардағы электр энергиясын сату көлемінің және сатудан түскен түсімнің серпіні



Табыстың елеулі үлесін қуат нарығынан түсетін кірістер – электр энергиясын өндіруге дайын жағдайда өндіруші қуаттарды ұстап тұру үшін төленетін төлемдер құрайды. Бұл сегмент тұрақты ақша ағынын қамтамасыз етеді және энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз етудегі Серіктестіктің рөлін көрсетеді.

Қосымша ретінде Серіктестік теңгерімдеуші нарық шеңберінде электр энергиясын өндіруді жедел басқаруға байланысты қуатты реттеу қызметтерінен кіріс алады. Салыстырмалы түрде көлемі шағын болғанына қарамастан, бұл сегмент өндірістің икемділігін және Серіктестіктің сұраныстың өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілетін көрсетеді.

2023–2025 жылдардағы түсім құрылымы, мың теңге

Көрсеткіштер	2023	2024	2025
Электр энергиясын сату (топ ішінде және топтан тыс)	5 751 145,7	6 721 512,2	8 170 938
Қуат нарығы	2 329 320	4 184 880	4 593 600
Қуатты реттеу	107 624,5	8 902,8	29 179
Жалпы түсім	8 188 090,2	10 915 295	12 793 717

2025 жылы топтар бойынша электр энергиясын сату, мың теңге

Көрсеткіштер	Топ ішінде	Топтан тыс	Барлығы
Электр энергиясын сату	258	8 170 680	8 170 938

2025 жылы түсім өсімінің негізгі көзі электр энергиясын өткізу болды, оның көлемі 8,17 млрд теңгеге дейін өсті. Қуат нарығынан түскен кірістер 4,59 млрд теңгені құрап, өндірілетін қуаттарды дайын күйде ұстауға байланысты түсімнің тұрақты бөлігін қамтамасыз етті. Қуатты реттеу қызметтерінен түскен табыстар 29,2 млн теңгені құрады және бөлек көрсетілді, өйткені олар Серіктестіктің энергия жүйесінің жұмыс режимін реттеуге жедел қатысуына байланысты.

Құрылымында шығыстардың басым бөлігін Серіктестіктің өндірістік шығындарын көрсететін өткізілген өнімнің өзіндік құны құрайды. Бұл ретте 2025 жылы жалпы және әкімшілік шығыстардың серпіні қалыпты деңгейде болып, басқарушылық шығындардың бақыланатынын көрсетеді. Қаржылық және басқа да операциялық емес шығыстар негізгі шығындармен салыстырғанда елеусіз болып қалуда.

Шығындар құрылымында пайда салығы бойынша аударымдар ерекше орын алады, олардың мөлшері салық салынғанға дейінгі қаржылық нәтиженің серпінімен тікелей байланысты.

Табыстар мен шығындар құрылымы

Табыстар бөлігі негізгі қызметтен түсетін түсімдерден бөлек, қаржылық табыстар мен басқа да операциялық емес түсімдерді қамтиды. Олардың жалпы табыс көлеміндегі үлесі шектеулі және қорытынды қаржылық нәтижеге елеулі әсер етпейді. Қаржылық нәтиже бұрынғысынша негізінен операциялық қызмет есебінен қалыптасады.

Жалпы алғанда, табыстар мен шығындар құрылымы Серіктестіктің операциялық моделінің тұрақтылығын және тұрақты қаржылық нәтижені қамтамасыз ету қабілетін көрсетеді.

Пайда мен залал туралы есепті ұсыну форматының өзгеруіне байланысты 2023 жылғы деректер толық салыстырмалы болып табылмайды, сондықтан кестеде көрсетілмейді.

Пайда мен залал туралы есеп, мың теңге

	2024	2025
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім және пайыздық табыстар	10 915 295	12 793 717
Өткізудің өзіндік құны және пайыздық шығындар	(4 168 743)	(5 048 218)
Жалпы табыс	6 746 552	7 745 499
Жалпы және әкімшілік шығындар	(798 581)	(742 608)
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды қалпына келтіру	829	127
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар	(17 039)	(58 259)
Операциялық қызметтен түскен табыс/ (шығын)	5 931 762	6 944 759
Басқа да операциялық емес табыстар	29 151	23 770
Басқа да операциялық емес шығындар	(23 499)	(12 358)
Қаржылық табыс	339 352	146 276
Қаржылық шығындар	(8 274)	(9 954)
Шетел валютасындағы активтерді/міндеттемелерді қайта бағалаудан түскен табыстар	15 113	3 056
Шетел валютасындағы активтерді/міндеттемелерді қайта бағалау шығындары	(27 569)	(9 186)
Салық салынғанға дейінгі пайда/ (залал)	6 256 035	7 086 363
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(1 227 260)	(1 431 128)
Жалғастырылып отырған қызметтен бір жылдағы пайда	5 028 775	5 655 235
Жылдық пайда	5 028 775	5 655 235
Басқа да жиынтық табыс (залал)	(33 062)	3 432
Жылдық жиынтық табыс	4 995 714	5 658 667

Екертпе: жақша ішінде көрсетілген мәндер шығындарды, залалдарды немесе қаржылық нәтижені азайтатын теріс шамаларды көрсетеді.

Шығындардың өзіндік құны мен тиімділігі

Сатудың өзіндік құны «Өскемен ГЭС» ЖШС шығындар құрылымының негізгі элементі болып табылады және электр энергиясын өндіруге тікелей байланысты өндірістік шығындарды көрсетеді.

2025 жылы өзіндік құн 5 048 218 мың теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 879 475 мың теңгеге немесе 21,10 пайызға өсті.

Сатудың өзіндік құны электр энергиясын өндіру көлемінің аздап төмендеуі аясында өсті, бұл өндірілген электр энергиясының бірлігіне шаққандағы үлестік шығындардың артуына алып келді. Бұл гидроэнергетикаға тән шартты-тұрақты шығындардың жоғары үлесімен байланысты. Жабдықтарды, инфрақұрылым-

ды және персоналды қамтамасыз етуге және оларға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар генерация көлеміне қарамастан салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады.

Табыстағы өзіндік құнның үлесі 2025 жылы 39,46% құрады, ал 2024 жылы 38,19% болған.

Абсолюттік және меншікті шығындардың өсуіне қарамастан, табыстағы өзіндік құнның салыстырмалы деңгейі тұрақты болып қалды, бұл шығындардың бақыланатын сипатын және операциялық қызметті тиімді басқаруды көрсетеді.

Жалпы алғанда, Серіктестік гидрологиялық және өндірістік факторлардың әсеріне қарамастан, шығындарды тиімді бақылауды сақтайды және рентабельділіктің тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді.

Ақшалай қаражат қозғалысы

2025 жылы Серіктестік операциялық қызметтен тұрақты оң ақша ағынын сақтап қалды. Оның көлемі 6 353 188 мың теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 118 608 мың теңгеге немесе 1,9%-ға өсті. Бұл Серіктестіктің негізгі қызметінің тұрақты түрде ақша қаражатын қалыптастыру қабілетін көрсетеді.

Инвестициялық қызмет 2024–2025 жылдары таза ақша қаражатының кетісімен сипатталды. Бұл ретте 2025 жылы инвестициялық ақша қаражатының жылыстауы 3 712 275 мың теңгеге немесе 55,38%-ға қысқарды, бұл инвестициялық төлемдер көлемінің және инвестициялық бағдарламаны іске асыру кестесінің өзгеруіне байланысты.

Қаржылық қызмет бойынша 2025 жылы да ақша қаражатының кетісі тіркелді. Оның көлемі

2 059 948 мың теңгеге немесе 205,9%-ға ұлғайды. Негізгі факторлар меншік иесіне төленген төлемдер және топішілік есеп айырысулар болды.

Айырбас бағамының өзгеруінің ақша қаражатына әсері 2024 жылғы теріс мәннен (12 447 мың теңге) 2025 жылы оң мәнге (2 987 мың теңге) өзгерді. Жақсару 15 434 мың теңгені құрады. Ақша қаражаты мен оның баламаларының құнсыздануына арналған резервтің өзгеруі 235 мың теңгені құрады, ал бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 264 мың теңге болған.

Нәтижесінде ақша қаражатының таза өзгеруі 1 785 870 мың теңгеге жақсарды: 2024 жылғы 1 481 632 мың теңге мөлшеріндегі таза кетімнен 2025 жылы 304 237 мың теңге мөлшеріндегі таза құйылысқа дейін өзгерді. Кезең соңындағы ақша қаражатының қалдығы 167 445 мың теңгеден 471 682 мың теңгеге дейін, яғни 304 237 мың теңгеге немесе 181,69%-ға ұлғайды.

2024–2025 жылдардағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, мың теңге

Қызмет түрі /жыл	2024	2025
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражат қозғалысы	6 234 580	6 353 188
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражат қозғалысы	(6 703 725)	(2 991 450)
Қаржылық қызмет бойынша ақшалай қаражат қозғалысы	(1 000 305)	(3 060 253)
Айырбас бағамының өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражатына әсері	(12 447)	2 987
Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының құнсыздану резервінің өзгеруі	264	(235)
Ақшалай қаражаттың таза өзгерісі	(1 481 633)	304 237
Кезең басындағы ақшалай қаражат	1 649 078	167 445
Кезең соңындағы ақшалай қаражат	167 445	471 682

Ескертпе: жақша ішінде көрсетілген мәндер шығындарды, залалды немесе қаржылық нәтижені азайтатын теріс шамаларды көрсетеді.

Жасалған және бөлінген экономикалық құн

Жасалған экономикалық құн пайда мен залал туралы есептің көрсеткіштері негізінде қалыптастырылды және Серіктестіктің түсімдері мен басқа да табыстарын қамтиды.

Үлестірілген экономикалық құн операциялық шығындарды, қызметкерлерге төленетін төлемдерді және салық төлемдерін қамтиды.

Ұсталған экономикалық құн жасалған және үлестірілген құн арасындағы айырма ретінде анықталады және Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығын дамытуға және қолдауға бағытталған қаражат көлемін көрсетеді.

2025 жылы жасалған экономикалық құн көлемі 12 966 946 мың теңгеге дейін немесе 2024 жылға қарағанда 14,75%-ға өсті.

Ұсталған экономикалық құн 5,7 млрд теңгеге жетті және Серіктестіктің одан әрі дамуы үшін ішкі ресурстың қалыптасуын көрсетеді.

Осылайша, Серіктестік мүдделі тараптар арасында экономикалық құнды бөлу мен инвестициялар үшін ішкі ресурсты қалыптастыру арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Жасалған және бөлінген экономикалық құн, мың теңге

Көрсеткіш, мың теңге /жыл	2024	2025
Жасалған экономикалық құн		
Түсім	10 915 295	12 793 717
Қаржылық табыстар	339 352	146 276
Басқа да операциялық емес табыстар	29 151	23 770
Күтілетін кредиттік залалдарды қалпына келтіру	829	127
Шетел валютасындағы активтерді/міндеттемелерді қайта бағалаудан түскен табыстар	15 113	3 056
Жалпы жасалған экономикалық құн	11 299 740	12 966 946
Үлестірілген экономикалық құн		
Өткізудің өзіндік құны	(4 168 743)	(5 048 218)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(798 581)	(742 608)
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар	(17 039)	(58 259)
Басқа да операциялық емес шығындар	(23 499)	(12 358)
Қаржы шығындары	(8 274)	(9 954)
Шетел валютасындағы активтерді/міндеттемелерді қайта бағалау шығындары	(27 569)	(9 186)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(1 227 260)	(1 431 128)
Жалпы үлестірілген экономикалық құн	(6 270 965)	(7 311 711)
Ұсталған экономикалық құн / таза пайда	5 028 775	5 655 235

Ескертпе: жақша ішінде көрсетілген мәндер шығындарды, залалдарды немесе қаржылық нәтижені азайтатын теріс шамаларды көрсетеді.

Активтер құрылымы және ақшалай қаражат серпіні

2025 жылы Серіктестік активтерінің өсуі меншікті капиталдың ұлғаюымен қатар жүрді, бұл ретте борыштық жүктеменің төмен деңгейі сақталды. Бұл қаржыландырудың тұрақты әрі консервативті моделін растайды.

2025 жылы жиынтық активтер 2024 жылмен салыстырғанда 12,36%-ға өсіп, 35 314 403 мың теңгені құрады.

Серіктестіктің меншікті капиталы 30,8 млрд теңгеге дейін өсті, бұл жинақталған қаржылық нәтиже мен бизнестің сақталып отырған табыстылығын көрсетеді.

Міндеттемелер шамалы ғана ұлғайып, 4,5 млрд теңгені құрады, бұл ретте теңгерім құрылымы тұрақты болып қалды. Меншікті капиталдың үлесі 85%-дан асады, бұл Серіктестіктің борыштық жүктемесінің төмендігін және қаржылық тұрақтылығының жоғары деңгейін көрсетеді.

2024–2025 жылдардағы Серіктестіктің активтері мен міндеттемелерінің құрылымы, мың теңге

Көрсеткіш /жыл	2024	2025
Активтер		
Айналымнан тыс активтер	26 719 995	28 127 691
Айналым активтері	4 710 794	7 186 712
оның ішінде:		
Ақшалай қаражат және оның баламалары	167 445	471 682
Жалпы активтер	31 430 789	35 314 403
Капитал және міндеттемелері		
Меншікті капитал	27 182 534	30 782 164
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	3 512 370	3 650 990
Қысқа мерзімді міндеттемелер	735 885	881 249
Жалпы міндеттемелер	4 248 255	4 532 239
Жалпы капитал мен міндеттемелер	31 430 789	35 314 403

Ұзақ мерзімді активтер 28,1 млрд теңгеге дейін (2024 жылмен салыстырғанда +5%) өсті, бұл бизнестің капиталды көп қажет ететін сипатын және инвестициялық бағдарламаның іске асырылуын көрсетеді. Олардың үлесі баланс құрылымында басым болып қала береді, бұл гидроэнергетикалық активтерге тән.

Ең елеулі өзгерістер айналым активтерінде болды. 2025 жылы олардың көлемі 7,19 млрд теңгеге дейін (2024 жылмен салыстырғанда +52,5%) ұлғайды. Мұндай өсім операциялық қызметтің жанданғанын, контрагенттермен есеп айырысулардың ұлғайғанын және жалпы алғанда ағымдағы қызмет ауқымының кеңейгенін көрсетеді.

Ақша қаражатының серпіні біркелкі болған жоқ. 2024 жылы олардың көлемі айтарлықтай төмендеп, 167 млн теңгені құраса, 2025 жылы 472 млн теңгеге дейін қалпына келді. Бұл 2024 жылы инвестициялық белсенділік кезеңінде ақша ағындарының қайта бөлінуіне және кейіннен 2025 жылы тұрақтануына байланысты.

Инвестициялық қызмет


Серіктестіктің инвестициялық қызметі ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте операциялардың кең ауқымын қамтиды, оның ішінде активтерді сатып алуға және капиталдандыруға салынған инвестициялар, сондай-ақ қаржы құралдарымен жасалатын операциялар және қаражатты орналастыру операциялары бар.

2024 жылы капиталдық инвестициялардың (CAPEX) көлемі 3,7 млрд теңгені құрап, қарастырылып отырған кезеңдегі ең жоғары мәнге жетті. Бұл жабдықтарды жаңғырту және жаңарту бойынша ірі жобалардың іске асырылуымен байланысты болды. Атап айтқанда, жалпы құны шамамен 15 млрд теңгені құрайтын «№ 4 гидроагрегатты жаңғырту» жобасы бойынша аванстық төлем жүзеге асырылды, оны аяқтау 2027 жылға жоспарланған.

2025 жылы капиталдық инвестициялардың (CAPEX) көлемі 2,5 млрд теңгені құрап, 2024 жылғы деңгейден 31%-ға төмендеді. Бұл инвестициялық жобаларды іске асыру кестесімен және ірі жобалардың бір бөлігінің белсенді іске асыру кезеңіне өтуімен байланысты. Негізгі инвестициялар өндірістік жабдықтарды жаңартуға және олардың жұмысқа жарамды жай-күйін қамтамасыз етуге, оның ішінде гидроагрегатты жаңғырту жобасын іске асыруға бағытталды.



Капиталдық инвестициялар, мың теңге



Осылайша, 2025 жылы Серіктестіктің инвестициялық қызметі теңгерімді тәсілмен сипатталады: капиталдық жұмсалымдардың елеулі деңгейі сақтала отырып, тәуекелі төмен қаржы құралдары арқылы өтімділікті тиімді басқару қамтамасыз етіледі.

Жоспар/нақты ауытқуы

2025 жылдың қорытындысы бойынша Серіктестік негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша жоспарлы мәндерден асып түсті. Нақты та-

быстар 12 970 378 мың теңгені құрап, жоспарлы көрсеткіштен 885 545 мың теңгеге немесе 7,33%-ға жоғары болды. Шығыстар жоспарлы деңгейден 110 570 мың теңгеге немесе 1,49%-ға төмен қалыптасып, 7 311 711 мың теңгені құрады.

Нәтижесінде жиынтық қаржылық нәтиже жоспарлы көрсеткіштен 996 115 мың теңгеге асып, 5 658 667 мың теңгені құрады. Бұл ретте пайда мен залал туралы есеп бойынша таза пайда 5 655 235 мың теңгені құрады.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша жоспар және нақты көрсеткіштер, мың теңге

Көрсеткіш	Жоспар	Нақты	Ауытқу
Табыстар	12 084 833	12 970 378	+885 545
Шығыстар	7 422 281	7 311 711	-110 570
Жиынтық қаржылық нәтиже / жиынтық табыс	4 662 552	5 658 667	+996 115

Қаржылық тәуекелдер және тәуекелдерді басқару

«Өскемен ГЭС» ЖШС-дегі қаржылық тәуекелдерді басқару корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграцияланған және қаржылық көрсеткіштердің (түсім, EBITDA, таза пайда және өтімділік) нысаналы мәндеріне қол жеткізуге бағытталған. Басқарудың тиімділігі көрсеткіштердің жоспарлы және нақты мәндерін салыстыру, сондай-ақ ауытқуларды талдау арқылы бағаланады.

Тарифтік және нарықтық тәуекел

Серіктестік үшін негізгі тәуекелдердің бірі – саланы мемлекеттік реттеудің жоғары деңгейіне байланысты туындайтын тарифтік және нарықтық тәуекел. Тарифтердің шектелуі, қуат нарығында коэффициенттердің қолданылуы және баға бәсекелестігі түсім деңгейі мен қаржылық нәтижеге тікелей әсер етеді. Бұл тәуекелдің ықтимал әсері табыстың толық алынбауы және операциялық рентабельділіктің төмендеуі болып табылады. Басқару: тарифтік жоспарлау сапасын арттыру, түсімнің қалыптасуына әсер ететін факторларды тұрақты бақылау, сондай-ақ реттеушілермен жүйелі өзара іс-қимыл және нарықтық параметрлерді бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Рентабельділіктің төмендеу тәуекелі

Рентабельділіктің төмендеу тәуекелі сыртқы макроэкономикалық факторлармен (инфляция, тарифтердің өсуін шектеу) де, ішкі факторлармен де тығыз байланысты. Ең алдымен, бұл қаржылық және өндірістік жоспарлаудың сапасына байланысты. Тәуекелдің әсері нақты көрсеткіштердің, оның ішінде EBITDA көрсеткішінің жоспарлы мәндерден ауытқуы арқылы көрінеді. Осыған байланысты Серіктестік өндірістік және инвестициялық бағдарламалардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізеді, Даму жоспарына түзетулер енгізеді және жоспарлы есептеулердің дұрыстығын бақылауды күшейтеді. Бұл қызмет жағдайларының өзгерістеріне уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел уақытша бос ақша қаражаттарын банктік ұйымдарда орналастырумен байланысты және олардың қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда өтімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл тәуекелді басқару қаражатты орналастыру шектемесін белгілеуге, контрагент-банктердің кредиттік рейтингіне қойылатын талаптарға және қаржы құралдары бөлінісінде ақша ағындарын тұрақты болжауға негізделеді. Мұндай тәсіл тәуекелдердің шоғырлануын шектеп, қаражаттың сақталуын қамтамасыз етеді.

Бюджет пен Даму жоспарын орындау тәуекелі

Бюджеттің және Даму жоспарының орындалу тәуекелі жоспарлау сапасына және қаржылық міндеттемелерді орындау тәртібіне байланысты. Оны іске асыру өтімділіктің бұзылуына, айыппұл санкцияларының пайда болуына және табыстың жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін. Осы тәуекелді басқару мақсатында Серіктестік Даму жоспарын тұрақты түрде жаңартып отыруды, бюджеттік тәртіпті бақылауды, бастапқы құжаттарды уақтылы өңдеуді және өткен кезеңдердің нақты деректеріне негізделген жоспарлауды қамтамасыз етеді. Қосымша түрде қаржы құралдарының кірістілігіне мониторинг жүргізіледі, бұл кірістің баламалы көздерін ескеруге мүмкіндік береді.

Қаржылық тәуекелдерді басқару жауапкершілігі бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарына жүктелген. Бақылау тұрақты негізде мыналар арқылы жүзеге асырылады: негізгі көрсеткіштерге мониторинг жүргізу, ауытқуларды талдау және түзетуші шешімдер қабылдау.

Жалпы, жүзеге асырылатын тәсіл қаржылық тәуекелдерді басқаруды, ақша ағындарының тұрақтылығын және реттелетін нарық пен өзгермелі сыртқы орта жағдайында да Серіктестіктің жоспарлы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізу қабілетін қамтамасыз етеді.

Көрсеткіш /жыл	2023	2024	2025
EBITDA margin	47,96%	64,97%	63,82%
Таза рентабелділік	70,43%	46,07%	44,20%
Debt / Equity	0	0	0
Debt / EBITDA	0	0	0

Серіктестіктің қызметкерлер алдындағы, оның ішінде зейнетақы және өзге де төлемдер бойынша міндеттемелері қолданыстағы заңнамаға сәйкес толық көлемде орындалады.

2026 жылға арналған қаржылық көрсеткіштердің тұрақтылығын сақтау жөніндегі жоспарлар

2026 жылы Серіктестік операциялық тиімділікті арттыру және өндіріс құрылымын оңтайландыру есебінен қаржылық көрсеткіштердің тұрақты оң серпінін сақтауды жоспарлап отыр.

Қаржылық тұрақтылық

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС 2024 жылмен салыстырғанда рентабельділік көрсеткіштерінің аздап төмендеуіне қарамастан, қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтап қалды.

EBITDA табыстылығы 63,82%-ды құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 1,15 п.т. төмендеді, бірақ жоғары деңгейде сақталды. Бұл Серіктестіктің өндірістік пайданы өндіру көлемі мен кіріс құрылымының өзгеруі жағдайында да тиімді өндіру қабілетін растайды.

Таза рентабельділік 44,20%-ды құрап, 2024 жылғы деңгейге 1,87 п.т. төмендеді. Төмендеу алдыңғы кезеңдердегі жоғары деңгейден кейінгі көрсеткіштердің қалыпқа келуін көрсетеді және бизнестің жалпы табыстылығына айтарлықтай әсер етпейді.

Бұл ретте тұрақтылықтың негізгі факторы болып борыштық жүктеменің болмауы қала береді: бүкіл кезең бойы Debt/Equity және Debt/EBITDA көрсеткіштері нөлдік деңгейде сақталады. Бұл Серіктестіктің пайыздық мөлшерлемесі бар қарыз міндеттемелері жоқ екенін және сыртқы қарыздық қаржыландыруға тәуелді еместігін білдіреді.

Негізгі бағыттар ретінде өндірістік активтерді жаңғыртуды жалғастыруды қоса алғанда, инвестициялық бағдарламаны іске асыру, сондай-ақ теңгерімдеуші нарық пен қуат нарығына қатысуды дамыту айқындалады.

Бұдан басқа, Серіктестік шығындарды бақылау, сатып алу рәсімдерінің тиімділігін арттыру және ақша ағындарын басқару жөніндегі жұмысты жалғастырады, бұл рентабельділік пен қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, негізгі басымдықтар тұрақты жұмысты қамтамасыз ету, мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерді орындау және бизнестің ұзақ мерзімді дамуы үшін негіз қалыптастыру болып қала береді.

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

GRI 2–9, 2–12, 2–13, 2–23, 2–24, 2–25, 2–26, 2–27

Корпоративтік басқару

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің корпоративтік басқару жүйесі тиімді басшылық пен бақылауды қамтамасыз етуге, ұзақ мерзімді құнды арттыруға, станцияны сенімді әрі қауіпсіз пайдалануға, сондай-ақ Жалғыз қатысушының және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруге бағытталған. Корпоративтік басқару басқару органдарының өкілеттіктері мен жауапкершілігін нақты ажыратуға, атқарушы органның есептілігіне, шешімдердің ашықтығы мен уақтылы қабылдануына, тәуекелге бағдарланған тәсілге, ішкі бақылаудың тиімді жүйесіне және тұрақты даму қағидаттарын Серіктестіктің қызметіне интеграциялауға негізделеді.

Корпоративтік саясат және міндеттемелер

Серіктестіктің корпоративтік құрылымы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және «Өскемен ГЭС» ЖШС-нің ішкі құжаттарына, сондай-ақ «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының және «Самұрық-Энерго» АҚ тобының корпоративтік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған.

Негізгі корпоративтік құжаттарға:

- Корпоративтік басқару кодексі («Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының және «Самұрық-Энерго» АҚ тобының);
- Жүріс-тұрыс кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат;
- Біріктірілген саясат (сапа, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, экология және тұрақты даму мәселелерін қамтитын);
- Адам құқықтары саласындағы саясат;
- Тұрақты даму саласындағы басшылық («Самұрық-Энерго» АҚ тобының деңгейінде);
- Ақпараттық саясат;
- Серіктестік қызметінің жекелеген аспектілерін реттейтін өзге де ішкі нормативтік құжаттар жатады.

Аталған құжаттар іскерлік әдепке, тәуекелдерді басқаруға, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауға және Серіктестіктің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

05

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

Басқару органы	Қызметтері	Өкілеттіктері	Негіздері
Жалғыз қатысушы	Жоғары басқару органы	Стратегияны, бюджетті, негізгі шешімдер мен саясаттарды бекіту. Байқау кеңесінің мүшелерін, Бас директорды, тексеру комиссиясын сайлау, Жарғыны және оған енгізлетін өзгерістерді бекіту, активтер мөлшерінің 50%-ын және одан да көп бөлігін құрайтын құны бар мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдау.	«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің Жарғысы «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясы Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 26 отырысының хаттамасымен қабылданған «Өскемен ГЭС» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімімен бекітілген (бұдан әрі – Жарғы).
Бас директор	Атқарушы орган	Қызметті басқару	«Өскемен ГЭС» ЖШС Байқаушы кеңесінің 2024 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен бекітілген Бас директордың жарғысы, лауазымдық нұсқаулығы (№ 3-хаттама)
Байқаушы кеңесі	Бақылау және қадағалау	Атқарушы органның қызметін бақылау, негізгі қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату, есептілікті бекіту, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік, тәуекелдер, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша саясатты бекіту	«Өскемен ГЭС» ЖШС Жарғысы, Байқаушы кеңес туралы ереже

Корпоративтік басқару кодексі

Есепті кезеңде Серіктестік «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі шешімімен бекітілген (№ 5 хаттама) Корпоративтік басқару кодексін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қолданылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Серіктестіктің Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде басшылыққа алды.

Кодекс корпоративтік басқарудың тиімділік, жеделдік және ашықтық қағидаттарын бекітеді және «сақта немесе түсіндір» тәсілін қолдануды көздейді. Кодекс ережелерінің сақталуын бақылау Байқаушы кеңесінің құзыретіне жатады. Кодекс ережелерінің сақталуына мониторинг корпоративтік рәсімдер шеңберінде тұрақты негізде жүзеге асырылады, ал оның нәтижелері Серіктестіктің жылдық есептілігін дайындау кезінде ескеріледі.

Серіктестіктің корпоративтік басқару жүйесінің негізінде келесі негізгі қағидаттар жатыр:

- басқару органдары, лауазымды тұлғалар және қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты аражігін ажырату;
- Жалғыз қатысушының және мүдделі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- уақтылы және сапалы шешім қабылдау;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит және комплаенс жүйелерінің тиімділігі;
- мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу;
- қызметтің ашықтығы және маңызды ақпаратты ашу;
- шешім қабылдау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды ескеру.

2025 жылғы мониторинг нәтижелері бойынша Корпоративтік басқару кодексінің талаптары мен қағидаттарына сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Кодекстің қағидаттары мен ережелерін Серіктестік тұрақты негізде қолданады және басқару шешімдерін қабылдау кезінде ескеріледі.

2025 жылы Корпоративтік басқаруды дамыту

2025 жылы серіктестік «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының бақылауына кө-

шуді ескере отырып, корпоративтік процестерді жетілдіруді жалғастырды. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы «Qazaq Green Power PLC» қоғамдық компаниясы болды.

Негізгі бағыттар	2025 жылдың нәтижелері
Корпоративтік құжаттар	Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, коммуникациялар және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттарды өзектендіру және әзірлеу.
Тұрақты даму	Рөлдер мен жауапкершілікті бекіту, жол картасын енгізу, басқару процестері мен есептілікке ESG мәселелерін енгізу.
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Нормативтік базаны жетілдіру, тәуекелдерді үнемі қарастыру және іс-шаралардың орындалуын бақылау.
Комплаенс	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені, ақпараттандыру арналарын және мүдделер қақтығысын болдырмау рәсімдерін дамыту.
Ашықтық	Корпоративтік интернет-ресурста және жылдық есепте ақпаратты ашуды кеңейту.

Жалғыз қатысушы

Серіктестіктің жоғары басқару органы – «Өскемен ГЭС» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ына иелік ететін Жалғыз қатысушы – «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясы. Жалғыз қатысушының құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне қызметтің басым бағыттарын айқындау, Жарғыны бекіту және оған өзгерістер енгізу, Байқау кеңесін қалыптастыру, Бас директорды тағайындау, қаржылық есептілікті бекіту, таза табысты бөлу, Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер жатады.

2025 жылы Жалғыз қатысушыға төленген дивидендтер 2 059 037 мың теңгені құрады.

Байқаушы кеңес

Байқаушы кеңесі Серіктестіктің корпоративтік басқару жүйесінің негізгі элементі болып табылады. Ол Жарғыда және Байқау кеңесі туралы ережеде белгіленген құзыреті шегінде Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Бас директордың қызметін бақылайды.

Байқаушы кеңес Серіктестікті дамыту мәселелерінің объективті қаралуын қамтамасыз етеді және өндірістік активтердің сенімділігіне, қаржылық тұрақтылыққа, персоналдың қауіпсіздігіне, тәуекелдерді басқаруға, ішкі бақылауға, комплаенс пен тұрақты дамуға басымдық береді.

Байқау кеңесі қарайтын негізгі мәселелерге мыналар жатады:

- стратегияның, даму жоспарларының және негізгі қызмет көрсеткіштерінің іске асырылуын бақылау;
- жылдық қаржылық есептілікті алдын ала қарау және бюджеттің орындалуын бақылау;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бақылау;
- комплаенс-офицердің есептерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қарау;
- ESG-бастамалары мен жол картасы іс-шараларының жүзеге асырылуын бақылау;
- Кеңестің құзыретіне жатқызылған кадр мәселелерін қарау;
- өз шешімдерінің және Жалғыз қатысушының шешімдерінің орындалуын бақылау;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу.

Байқаушы кеңес құрамы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Байқаушы кеңес үш мүшеден тұрды. Кеңестің құрамы энергетика, мемлекеттік

реттеу, корпоративтік басқару, құқық, тәуекелдерді басқару, қаржы және қазынашылық саласындағы құзыреттердің болуын қамтамасыз етті.

ТАӘ	Лауазымы	Тағайындалған күні	Аяқталу күні
Ивченко Е.Д.	«Самұрық-Энерго» АҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы, GR және дамыту жөніндегі басқарушы директоры	31.10.2025	14.06.2026
Хасенов Б.Б.	«Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының Байқаушы кеңесінің мүшесі, құқықтық қолдау және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры	31.10.2025	14.06.2026
Сарсен Г.А.	«Самұрық-Энерго» АҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, бас менеджер (Қазынашылық және корпоративтік қаржы)	04.06.2025	14.06.2026

2025 жыл ішінде Байқаушы кеңесінің құрамы кезең-кезеңімен өзгерді. Есепті жылдың басында Байқаушы кеңесінің төрайымы Ивченко Е.Д. болды, ол бастапқыда 2023 жылғы 10 қарашада Байқаушы кеңесінің мүшесі және төрайымы болып сол кездегі Байқаушы кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайланған.


31 қазанда Кеңестің жаңартылған құрамы қалыптастырылды: Ивченко Е.Д. Байқаушы кеңестің төрайымы болып қайта сайланды, ал Хасенов Б.Б. Байқаушы кеңестің мүшесі болып сайланды. Үш мүшенің де өкілеттік мерзімі 2026 жылғы 14 маусымға дейін белгіленді.

Осылайша, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Байқаушы кеңес Ивченко Е.Д., Хасенов Б.Б. және Сарсен Г.А. құрамында қызмет атқарды.

2025 жылғы 4 маусымда Сарсен Г.А. Байқаушы кеңестің мүшесі болып сайланды. 2025 жылғы

Байқаушы кеңестің құзіреті


Құзіреті	Ивченко Е.Д.	Хасенов Б.Б.	Сарсен Г.А.
Энергетика және өндірістік қызмет	✓	✓	–
Стратегия және даму	✓	✓	✓
Корпоративтік басқару	✓	✓	✓
Мемлекеттік реттеу және GR	✓	–	–
Құқық және комплаенс	✓	✓	–
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	✓	✓	✓
Қаржы, аудит және қазынашылық	–	✓	✓
Тұрақты даму / ESG	✓	✓	✓



1 ИВЧЕНКО Елена Дмитриевна

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның GR және даму жөніндегі басқарушы директоры


Мемлекеттік реттеу, энергетика және корпоративтік басқару салаларында айтарлықтай тәжірибесі бар. Бұған дейін «Самұрық-Энерго» АҚ-да, ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінде, ҚР Ұлттық экономика министрлігінде, сондай-ақ «ШҚ ӨЭК» АҚ, «Шығысэнерготрейд» ЖШС және «KEGOC» АҚ сияқты энергетикалық компанияларда басшылық лауазымдарды атқарған.



2 ХАСЕНОВ Багдат Булатович

«Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры

«Самұрық-Қазына» компаниялар тобында және энергетика секторында құқықтық сүйемелдеу, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару салаларында жұмыс тәжірибесі бар.



3 САРСЕН Гульмира Амирулаевна

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Қазынашылық және корпоративтік қаржы» департаментінің бас менеджері

Корпоративтік қаржы, қазынашылық және қаржылық ағындарды басқару салаларында тәжірибесі бар.

Байқаушы кеңестің 2025 жылдағы қызметі

Байқаушы кеңестің жұмысы жыл сайынғы жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Отырыстар бетпе-бет, сырттай және қашықтан

өткізілуі мүмкін. Отырыстарға арналған материалдарды бейінді бөлімшелер қалыптастырады және Кеңес мүшелеріне ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

Байқаушы кеңестің жұмыс көрсеткіштері	2025
Байқаушы кеңестің отырыстар саны	16
оның ішінде бетпе-бет /қашықтан	15
оның ішінде сырттай	1
Қаралған мәселелер саны	71
Қабылданған шешімдер саны	71
Отырыстарға орташа қатысушылық, %	100%

2025 жылы Байқаушы кеңеспен қаралған негізгі мәселелер

Бағыт	2025 жылдың негізгі мәсеелелері
Стратегия және даму	Стратегиялық басымдықтарды іске асыру; корпоративтк басқаруды және тұрақты дамуды дамыту; № 4 гидроагрегатты жаңғырту.
Қаржы және бюджет	Бюджет және оған енгізілетін түзетулер; қаржы-шаруашылық жоспарының орындалуы; қаржылық есептілік; қаржылық мәселелер бойынша өкілеттіктерді бөлу.
Өндіріс және қауіпсіздік	Жабдықтардың сенімділігі; жөндеу бағдарламасы; күзгі-қысқы кезеңге дайындық; өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау.
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Тәуекелдер тізілімі мен картасы; тәуекелдерді басқару жөніндегі есептер; негізгі тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралар; бақылау рәсімдерінің тиімділігі.
Комплаенс және іскерлік әдеп	Комплаенс-офицердің есептері; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар; мүдделер қақтығысы; бастамашыл ақпараттандыру арналары.
Тұрақты даму	Корпоративтік басқару және тұрақты даму жөніндегі жол картасы; ESG-бастамалар; мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл; жылдық есеп.
Кадр мәселелері	Басшы қызметкерлерді тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату; еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары; ПӘК-ке қол жеткізуді бағалау.
Корпоративтік құжаттар	Саясаттарды, ережелерді және өзге де ішкі нормативтік құжаттарды бекіту және өзектендіру.
Бағыт	2025 жылдың негізгі мәселелері
Стратегия және даму	Стратегиялық басымдықтарды іске асыру; корпоративтк басқаруды және тұрақты дамуды дамыту; № 4 гидроагрегатты жаңғырту.
Қаржы және бюджет	Бюджет және оған енгізілетін түзетулер; қаржы-шаруашылық жоспарының орындалуы; қаржылық есептілік; қаржылық мәселелер бойынша өкілеттіктерді бөлу.
Өндіріс және қауіпсіздік	Жабдықтардың сенімділігі; жөндеу бағдарламасы; күзгі-қысқы кезеңге дайындық; өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау.

Отырыстарға қатысу

Байқаушы кеңестің мүшесі	2025 жылы қатысу кезеңі	Отырыстарға қатысу	Қатысушылық, %
Ивченко Е.Д.	10.11.2023 бастап	100 %	100 %
Хасенов Б.Б.	31.10.2025 бастап	100 %	100 %
Сарсен Г.А.	04.06.2025 бастап	100 %	100 %

Байқаушы кеңестің тұрақты дамудағы рөлі

Байқаушы кеңес Серіктестіктің елеулі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерін басқаруды қадағалауды жүзеге асырады. Бекітілген шешімдер мен іс-шараларды іске асыру үшін жауапкершілік Бас директорға және бейінді бөлімшелердің басшыларына жүктелген.

2025 жылы Байқаушы кеңестің назарында өндірістік қауіпсіздік, өндірістік активтердің

сенімділігі, су ресурстарын ұтымды пайдалану, экологиялық міндеттемелерді орындау, кадрлық тұрақтылық, іскерлік әдеп, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, комплаенс және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелері болды. Мониторинг атқарушы органның есептерін қарау, қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдау, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеу нәтижелерін, сондай-ақ корпоративтік басқару және тұрақты даму жүйесін жетілдіру жөніндегі жоспардың (Жол картасының) іс-шараларын іске асыру мәртебесін қарау арқылы жүзеге асырылды.

Басқару деңгейі	ESG саласындағы жауапкершілік
Жалғыз қатысушы	Негізгі бағыттарды анықтау және айрықша құзыреті шегінде шешімдер қабылдау.
Байқаушы кеңес	Басқару жүйесіне ESG интеграциясын қадағалау, есептілікті қарау және іс-шаралардың орындалуын бақылау.
Бас директор	ESG-тәсілін іске асыруды ұйымдастыру, жауапкершілікті бөлу және ресурстармен қамтамасыз ету.
Бейінді бөлімшелер	Іс-шараларды орындау, деректерді жинау және тексеру, бағыттар бойынша әсерлер мен тәуекелдерді басқару.

Мүдделер қақтығысы және шешімдердің тәуелсіздігі

Байқаушы кеңестің мүшелері мен лауазымды тұлғалар Серіктестік пен Жалғыз қатысушының мүддесі үшін адал және парасатты әре-

кет етуге, мүдделер қақтығысы туындайтын жағдайларға жол бермеуге және ықтимал мүдделілігі туралы ақпаратты уақтылы ашуға міндетті. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда тиісті тұлға осы мәселені талқылауға және ол бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

Байқаушы кеңестің мүдделер қақтығысы саласындағы жұмыс көрсеткіші	2025
Мүдделер қақтығысының мәлімделген жағдайлары	0
Мүдделер қақтығысына байланысты дауыс беруден шеттету жағдайлары	0
Расталған корпоративтік қақтығыстар	0
Белгіленген тәртіппен қаралған мүдделі мәмілелер	0

Байқаушы кеңестің тиімділігін бағалау

Корпоративтік басқару кодексінде Байқаушы кеңестің, оның мүшелері мен төрағасының қызметін тұрақты бағалау көзделген. Бағалау кезінде жұмыс жоспарының орындалуы, мәселелерді қарау сапасы, Кеңес мүшелерінің

үлесі, шешімдердің орындалуын бақылаудың тиімділігі, құзыреттердің жеткіліктілігі және атқарушы органмен өзара іс-қимыл ескерілуге тиіс.

Байқаушы кеңестің тиімділігін бағалау	2025 жылдың нәтижелері
Бағалау форматы (өзін-өзі бағалау / тәуелсіз бағалау)	Өзін-өзі бағалау
Өткізілген күні	29.04.2026
Негізгі шешімдер	Қорытынды рейтинг «АА» деңгейін құрады – Байқаушы кеңес барлық елеулі аспектілер бойынша белгіленген критерийлердің дерлік барлығына сәйкес келеді және Байқаушы кеңестің тиімді жұмыс істейтіні туралы жеткілікті дәлелдер бар. Әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкестік деңгейі 90%–99%-ды құрайды
Ұсыныстар мен іс-шаралар жоспары	Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің қызметінің тиімділігін жетілдіру мақсатында: 1) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құрамын қалыптастыру кезінде гендерлік құрам бойынша әралуандықты ескеру; 2) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі Серіктестік қызметінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізуді жүзеге асырады; 3) корпоративтік басқарудың үнемі жетілдірілуіне байланысты Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің хатшысына жыл сайын, тұрақты негізде корпоративтік басқару/құқық саласында оқытудан (тренингтер, семинарлар және т.б. бағдарламалар) және біліктілікті арттырудан өту ұсынылады.

Байқаушы кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу

Байқаушы кеңестің мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібі мен шарттарын Жалғыз қатысушы заңнаманы, ішкі құжаттарды және топтың корпоративтік стандарттарын ескере отырып айқындайды. Сыйақы мөлдір әрі негізді болуға және Серіктестіктің ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкес келмейтін шешімдер қабылдауға ынталандыру тудырмауға тиіс.

2025 жылы Байқаушы кеңестің мүшелері сыйақы, қосымша төлемдер және өтемақылар алған жоқ.

Атқарушы орган

Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты Бас директор – алқалы атқарушы орган жүзеге асырады. Бас директор Жалғыз қатысушыға және Байқаушы кеңеске есеп береді және олардың шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Бас директордың құзыретіне өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастыру, Серіктестік атынан мәмілелер жасасу, станцияның сенімді әрі қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету, персоналды басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін іске асыру, экологиялық және әлеуметтік міндеттемелерді орындау, сондай-ақ корпоративтік және қаржылық емес есептілікті дайындау жатады.

Есепті кезеңде Бас директордың міндеттерін Айдабулов Тлек Исламбекұлы атқарды. Есепті күннен кейін, 2026 жылғы 12 қаңтардан бастап Мерей Әділбекұлы Бас директор болып тағайындалды.

Қызметтің негізгі бағыттарын тиімді басқару мақсатында Серіктестікте басқару командасы қалыптастырылды:

Басшы	31.12.2025 жылғы жағдай бойынша лауазым
Айдабулов Тлек Исламбекович	Бас директор
Мерей Әділбекұлы	Бас директордың бірінші орынбасары
Изотов Олег Андреевич	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Дробышев Сергей Владимирович	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Арғынбай Асхат	Заң мәселелері жөніндегі директор

Басшылар арасында міндеттерді бөлу өндірістік, қаржылық және құқықтық процестерді үйлестіруді, сондай-ақ Серіктестіктің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Басқару командасының құзыреттілігі

Бас директор мен басқару командасының энергетика, инвестициялық жобалар, қаржы және құқықтық қолдау саласында тәжірибеге ие. Олардың кәсіби жолы мен білімі туралы ақпарат төменде берілген.





АЙДАБУЛОВ Тлек Исламбекович

«Өскемен ГЭС» ЖШС және «Шүлбі ГЭС» ЖШС
Бас директоры

Туған күні	1974 жылдың 19 желтоқсаны
Білімі	Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы – MBA «Топ-менеджер», менеджмент (2016–2018); Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті – бакалавр, экономика (2006–2008); Алматы энергетика және байланыс институты – инженер-электрик, электрмен жабдықтау және электрлендіру (1997–2001); Өскемен энергетика колледжі – техник-электрик (1992–1997).
Қосымша білімі және біліктілігі	MBA (іскерлік әкімшілендіру шебері).
Жұмыс тәжірибесі	10.2025–12.2025: «Өскемен ГЭС» ЖШС, бас директор; 10.2023–10.2025: «Өскемен ГЭС» ЖШС, «Шүлбі ГЭС» ЖШС, бас директор; 11.2017–09.2023: «Өскемен ГЭС» ЖШС, «Шүлбі ГЭС» ЖШС, атқарушы директор (бас директордың орынбасары). Бұған дейін энергетика саласындағы ұйымдарда түрлі техникалық және басшылық қызметтер атқарған.



МЕРЕЙ ӘДІЛБЕКҰЛЫ

«Өскемен ГЭС» ЖШС
Бас директоры

Туған күні	1990 жылдың 12 мамыры
Білімі	М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Экономика факультеті, Мәскеу қ. – Master of Business Administration (MBA) / «Іскерлік әкімшілендіру шебері» бағдарламасы (2025 – қазіргі уақытқа дейін, оқуын жалғастыруда); Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша докторантура (2021 – азіргі уақытқа дейін, оқуын жалғастыруда); Cardiff University, Ұлыбритания, Кардифф қ. – «Тұрақты энергетика және қоршаған орта» (Sustainable Energy and Environment) мамандығы бойынша магистр (2019–2021); Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ. – «Қаржы» мамандығы бойынша магистр (2014–2016); Қазақ гуманитарлық-заң университеті, Астана қ. – екінші жоғары білім, «Заңтану» мамандығы бойынша бакалавр (2014–2016); Queen Mary University of London, Ұлыбритания, Лондон қ. – «Тұрақты энергетика» (Sustainable Energy Engineering) мамандығы бойынша бакалавр (2010–2013).
Қосымша білімі және біліктілігі	«Samruk Business Academy» ЖМ – «Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы» модульдік бағдарламасы (2025 жылғы тамыз); «Өскемен ЖЭО» ЖШС, Корпоративтік оқыту орталығы – «Басшылар мен мамандарға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау» курсы (2024 жылғы қыркүйек); ҚР ТЖМ Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы – азаматтық қорғау саласында даярлау (2024 жылғы наурыз); TQM-pro – «Патрик Ленсиони әдістемесі бойынша команданың тиімділігін арттыру» курсы (2024 жылғы қыркүйек); «CERT Academy Kazakhstan» ЖШС – «ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 стандарттары бойынша корпоративтік интеграцияланған менеджмент жүйесін әзірлеу» курсы (2021 жылғы наурыз); «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС – «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» курсы (2020 жылғы қараша).
Жұмыс тәжірибесі	01.2026 – қазіргі уақытта: «Өскемен ГЭС» ЖШС, бас директор; 07.2025–10.2025: «Өскемен ГЭС» ЖШС, бас директордың бірінші орынбасары; 10.2025–01.2026: «Шүлбі ГЭС» ЖШС, бас директор; 11.2017–09.2023: «Шүлбі ГЭС» ЖШС, атқарушы директор, бас директордың орынбасары; 07.2021–12.2023: «Самұрық-Энерго» АҚ, «Күрделі құрылыс пен жөндеуді басқару» департаментінің директоры; 01.2021–06.2021: «Самұрық-Энерго» АҚ, «Күрделі құрылыс пен жөндеуді басқару» департаментінің бас менеджері. Бұған дейін күрделі құрылыс пен жөндеуді басқару, кадрлық және құқықтық қамтамасыз ету, сатып алу, активтерді іске асыру және мониторинг жүргізу, сондай-ақ инновациялық даму салаларында лауазымдар атқарған.





ИЗОТОВ Олег Андреевич

«Өскемен ГЭС» ЖШС Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары

Туған күні	1973 жылдың 1 қаңтары
Білімі	Санкт-Петербург мемлекеттік техникалық университеті – «Гидравликалық машиналар, гидрожетектер және гидропневмоавтоматика» мамандығы (2003); Өскемен қ. Құрылыс-жол институты – «Жылумен және газбен жабдықтау, желдету және ауа бассейнін қорғау» мамандығы (1995)
Жұмыс тәжірибесі	2011 – қазіргі уақытта: «Өскемен ГЭС» ЖШС, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары. Бұған дейін энергетикалық және коммуналдық ұйымдарда техникалық және өндірістік қызметтер атқарған.



АРҒЫНБАЙ АСХАТ

«Өскемен ГЭС» ЖШС Құқықтық мәселелер жөніндегі директоры

Туған күні	1987 жылдың 15 маусымы
Білімі	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті – экономика ғылымдарының магистрі, «Бизнес және басқару» (2023); С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті – құқық магистрі, «Экономика және құқық» (2017); Қазақ гуманитарлық-заң университеті (Алматы заң академиясы) – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы (2009).
Жұмыс тәжірибесі	2023 – қазіргі уақытта: «Өскемен ГЭС» ЖШС, Құқықтық мәселелер жөніндегі директор; 2023: «ҚазТрансОйл» АҚ, корпоративтік қауіпсіздік секторы; 2020–2023: «Шығысэнерготрейд» ЖШС, бас директордың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелер жөніндегі орынбасары. Бұған дейін құқықтық салада, оның ішінде заң бөлімінің бастығы, заң кеңесшісі қызметтерінде, сондай-ақ сот жүйесінде әкімшілік және басшылық лауазымдарда қызмет еткен.



ДРОБЫШЕВ Сергей Владимирович

«Өскемен ГЭС» ЖШС және «Шүлбі ГЭС» ЖШС Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Туған күні	1976 жылдың 1 қыркүйегі
Білімі	Мәскеу мемлекеттік сервис университеті – «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы.
Жұмыс тәжірибесі	2011 – қазіргі уақытта: «Өскемен ГЭС» ЖШС және «Шүлбі ГЭС» ЖШС, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары. Бұған дейін энергетика және коммуналдық ұйымдарда қаржы және бухгалтерлік басшылық лауазымдарды атқарған, сондай-ақ аудиторлық салада қызмет еткен.



БОЛГОМБАЕВ Тимур Ерланбекович

«Өскемен ГЭС» ЖШС, «Шүлбі ГЭС» ЖШС Бас директордың қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары

Туған күні	1991 жылдың 27 наурызы
Білімі	Қазақстан-Британ техникалық университеті (2009–2013).
Жұмыс тәжірибесі	2024 – қазіргі уақытта: бас директордың қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары, «Өскемен ГЭС» ЖШС / «Шүлбі ГЭС» ЖШС; 2021–2024: бас менеджер, «Самұрық-Энерго» АҚ; 2019–2021: коммерциялық бақылау жөніндегі сарапшы, «Еуразиялық топ» ЖШС. Бұған дейін коммерциялық бақылау, баға мониторингі, санаттарды басқару және жабдықтау салаларында қызмет атқарған.

Корпоративтік басқаруды жетілдірудің басымдықтары

2026 жылға басымдық	Жоспарланған іс-шаралар
Корпоративтік басқару кодексін сақтау	Кодекстің сақталуына жыл сайынғы бағалау жүргізу, «сақта немесе түсіндір» қағидаты бойынша есепті рәсімдеу, анықталған олқылықтарды жою.
Байқаушы кеңестің тиімділігі	Ресімделген өзін-өзі бағалауды енгізу, жұмыс жоспарын және шешімдердің орындалуын бақылауды жетілдіру.
Деректер және есептілік сапасы	Корпоративтік және ESG-деректерді жинау, тексеру және құжаттау рәсімдерін дамыту.
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Тәуекелге бағдарланған тәсілді жоспарлау мен шешім қабылдауға одан әрі интеграциялау.
Комплаенс-мәдениеті	Жұмыскерлерді оқыту, ақпараттандыру арналарын дамыту және мүдделер қақтығысының алдын алу.

Байқаушы кеңесін негізгі мәселелер туралы хабардар ету

Бас директор және бейінді бөлімшелер шешімдер қабылдау үшін қажетті уақтылы әрі толық ақпаратпен Байқаушы кеңесті қамтамасыз етеді. Кеңестің қарауына өндірістік сенімділікке, қауіпсіздікке, қаржылық жағдайға, іскерлік беделге, заңнаманың сақталуына және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге елеулі әсер етуі мүмкін мәселелер шығарылады.

Барлық өтініштер, сұрау салулар және қызметтік құжаттар белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес қаралады. Басқарушылық шешімдер қабылдауды талап ететін мәселелер бойынша тиісті ақпарат одан әрі атқарылатын іс-қимылдар жөніндегі ұсыныстармен бірге басшылыққа ұсынылады.

Серіктестіктің қызметіне, персоналдың қауіпсіздігіне, заңнаманың сақталуына, беделіне немесе мүдделі тараптармен қарым-қатынасына елеулі әсер етуі мүмкін сыни мәселелер Бас директорға дереу жеткізілуге және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қаралуға тиіс.

Сыни мәселелер Байқаушы кеңестің төрағасына жоспардан тыс тәртіппен жеткізілуі мүм-

кін. 2025 жылы Байқаушы кеңестің жоспардан тыс қарауын талап ететін сыни мәселелер болған жоқ.

Басқару органдарының әралуандығы мен құрамы

Әралуандық пен кемсітпеушілік қағидаттары Серіктестіктің ішкі құжаттарында, соның ішінде Әдеп кодексі мен Адам құқықтары саласындағы саясатта бекітілген және басқару органдарын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің Байқаушы кеңес туралы ережесіне сәйкес, Қатысушы Байқаушы кеңестің мүшелерін үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын әрі ашық рәсімдер негізінде сайлайды. Байқаушы кеңестің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің тиімді қызметіне қосқан үлесі ескеріледі.

Серіктестік сондай-ақ жынысына, жасына және кәсіби қасиеттеріне қатысы жоқ өзге де факторларға қарамастан, тең мүмкіндіктер қағидаттарын ұстанады.

Серіктестік пен Жалғыз қатысушының басқару органдарының гендерлік құрамы

Басқару органы (адам)	Жалпы саны	Әйелдер (адам)	Әйелдердің үлесі, %
Қатысушының директорлар кеңесі	5	3	60 %
Байқаушы кеңес	3	2	66 %
Атқарушы орган (Бас директор)	1	0	0 %

Соңғы үш жылдағы басқару органдарының гендерлік құрамының серпіні

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Қатысушылар арасындағы әйелдер үлесі	40 %	60 %	60 %
Бақылаушы кеңестегі әйелдердің үлесі	33 %	33 %	66 %
Атқарушы органда әйелдердің үлесі (бас директор)	0 %	0 %	0 %

Қатысушымен және Бақылаушы кеңеспен өзара іс-қимыл

Қатысушымен және Байқаушы кеңеспен өзара іс-қимыл тұрақты есептілік және ақпаратты ашу арқылы жүзеге асырылады. Бас директор оны дайындауға және Серіктестіктің Жарғысында және Топтың ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде ұсынуға жауапты.

Қатысушы өз мүдделеріне қатысты кез келген ақпаратты сұратуға және Серіктестіктің құжаттарымен танысуға құқылы. Атқарушы орган сұрау салу келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде осындай ақпаратты ұсынуға міндетті.

Корпоративтік даулар бойынша ақпарат сот хабарламасы немесе сотқа шақыру алынған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Басқару жүйелері және ішкі бақылау

Ақпараттық жүйелер

Серіктестікте тиімді жұмыс істеу үшін 1С: Құжат айналымы және 1С ERP негізінде электрондық құжат айналымы жүйесі енгізілді. Ол барлық негізгі процестерді: хат-хабармен, есептілікпен, өтініштермен және қызметтік жазбалармен жұмысты, сондай-ақ бухгалтерлік және кадрлық есепті қамтиды. Жүйе құжаттарды жасауды, келісуді, орындауды және сақтауды автоматтандырып, құжат айналымының ашықтығы мен бақылауын қамтамасыз етеді.

Ішкі жүйелерден бөлек, Серіктестік мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен уәкілетті органдардың платформаларын пайдаланады, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті талап болып табылады. Сондай-ақ Топ компанияларымен өзара іс-қимыл жасау және ішкі есептілікті қалыптастыру үшін «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының ақпараттық жүйелері қолданылады.

Серіктестік қызметінің сапаны басқару жүйесімен қамтылуы

«Өскемен ГЭС» ЖШС-де өндірістік және басқару процестерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жабдықтардың жұмыс сенімділігін, көрсетілетін қызметтердің сапасын және контрагенттердің қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған ISO 9001:2015 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған сапа менеджменті жүйесі жұмыс істейді.

Сапа менеджменті жүйесі Серіктестікте 2010 жылдан бері жұмыс істейді. 2025 жылы Серіктестік сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады. Сертификаттауды халықаралық MS CERT компаниясы жүргізді. № KAZ/QMS/00077/11889 сертификаты 2025 жылғы 24 желтоқсанда берілді.

Сыртқы аудит қорытындысы бойынша ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкесіздіктер анықталған жоқ.

Серіктестікті сертификаттау саласы электр энергиясын өндіру және өткізу, сондай-ақ сатып алушылар алдындағы міндеттемелерді орындау үшін қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді көрсетуді қамтиды.



Серіктестік процестерінде сапа менеджменті жүйесін қолдану

Процесі	Сапа менеджменті жүйесі шеңберіндегі қамту
Менеджмент	Интеграцияланған менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі
Маркетинг	Электр энергиясын өткізу процесі
Электр энергиясының өндірісі	Жабдықтардың жұмыс сенімділігін қамтамасыз ету және пайдалану сипаттамаларын бақылау
Өткізу	Контрагенттердің қанағаттану дәрежесін бағалау
Адам ресурстарын басқару	Персоналмен қамтамасыз ету, құзыреттерді дамыту және қажетті біліктіліктерді қолдау
Активтерді басқару	Жөндеу және пайдалану жұмыстарының кестесін орындау
Қаржы ресурстарын басқару	Қызметті қаржылық қамтамасыз етуді жоспарлау және бақылау
Сатып алулар	Серіктестіктің тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттілігін қамтамасыз ету
Мониторинг құрылғыларын басқару	Қолданылатын мониторинг және өлшеу құралдарын бақылау

Мұндай тәсіл жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету сапасына қойылатын бірыңғай талаптарды қамтамасыз етеді, басқарушылық және өндірістік шешімдердің қадағалану мүмкіндігін арттырады, сондай-ақ Серіктестіктің негізгі қызмет процестеріндегі істен шығу тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Бұзушылықтарды анықтау және әрекет ету тетіктері

«Өскемен ГЭС» ЖШС-де бұзушылықтар мен ауытқуларды дер кезінде анықтауға көмектесетін бақылау жүйесі жұмыс істейді.

Бақылау жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді: өндірістік тексерулерді, қызметтік тексерулер мен тергеулерді қамтиды. Олар басшылықтың шешімі бойынша, өтініштер немесе анықталған деректер негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорынның 07-01 «Ішкі аудит жүргізу тәртібі» нұсқаулығына сәйкес, Серіктестікте бекітілген бағдарлама шеңберінде жыл сайын ішкі аудиттер жүргізіледі. Қажет болған жағдайда атқарушы органның шешімі бойынша жоспардан тыс аудиттер ұйымдастырылады. Сондай-ақ сыртқы тексерулер, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ ішкі аудит қызметінің аудиттері және тәуелсіз тақырыптық аудиттер жүргізіледі.

Бақылаудың маңызды элементі есептілік жүйесі болып табылады, ол Жарғының және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес есептерді тұрақты түрде ұсынуды көздейді.

Негізгі тиімділік көрсеткіштеріне (НТК) қол жеткізуді бақылау басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады: Қатысушы Бас директордың көрсеткіштерін, Байқаушы кеңес негізгі басшылардың көрсеткіштерін бақылайды, ал қызметкерлер деңгейінде мақсаттардың орындалуы тұрақты түрде бағаланады.

Кәсіпорынның 05-16 «Қызметкерлердің қызметін бағалау қағидалары» ережесіне сәйкес, НТК-не қол жеткізу тоқсан сайын бағаланады және тиісті бағыттар бойынша басшылармен бекітіледі.

Тексерулер, аудиттер және анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер құпия ақпаратқа жатады және егжей-тегжейсіз жалпыланған түрде ашылады.

Ішкі аудит

GRI 2-12, 2-13, 3-3

Серіктестікте бақылаудың негізгі құралы болып табылатын ішкі аудит жүйесі жұмыс істейді. Аудиттер бекітілген бағдарлама бойынша, тұрақты негізде жүргізіледі және барлық бөлімшелерді қамтиды. Тексерулер ISO халықаралық стандарттарының (оның ішінде ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001, ISO 37001) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сыртқы аудит

GRI 2-5, 3-3

Есепті жылы Серіктестік сыртқы аудиттің бірнеше түрінен өтті. Аудиттер халықаралық стандарттарға сәйкестікті растау үшін тәуелсіз сертификаттау ұйымымен жүргізілді.

Қадағалау аудиті интеграцияланған менеджмент жүйесінің ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001 және ISO 37001 стандарттарының талаптарына сәйкестігін растады. Сәйкессіздіктер анықталмады, екі ұсыныс берілді.

Сондай-ақ, есепті жылы сыртқы аудиторларды тарта отырып, парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ISO 37001 стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификаттық аудит жүргізілді.

Тұрақты дамуды басқару тәсілі (ESG)

«Өскемен ГЭС» ЖШС тұрақты дамуды басқару жүйесі мен операциялық қызметтің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Серіктестік тәсілі шешімдер қабылдау, тәуекелдерді басқару, іс-шараларды жоспарлау және басшылардың қызметін бағалау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды ескеруді көздейді.


2025 жылы Серіктестік корпоративтік басқару және тұрақты даму жүйесін енгізуді жалғастырды. Бұл жұмыстың негізгі құралы 73 іс-шараны қамтитын Корпоративтік басқаруды енгізу және тұрақты даму жөніндегі жол картасы болды. Жаңа тәсілдер Серіктестіктің қолданыстағы менеджмент жүйесіне енгізілді.

Жол картасының іс-шаралары мынадай мәселелерді қамтиды:

- корпоративтік басқару;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- іскерлік әдеп және комплаенс
- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік;
- экологиялық жауапкершілік;
- персоналды басқару;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл;
- қаржылық емес ақпаратты ашу.

Жол картасының іс-шаралары олардың орындалуына тұрақты түрде мониторинг жасау арқылы жүзеге асырылды. Атқарушы орган мен Бақылаушы кеңесі іс-шаралардың орындалу барысын өз құзыреті шеңберінде үнемі қарап, корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізілуін қадағалап отырды.

Тұрақты дамуды басқару жүйесі



Тұрақты дамуды басқару жүйесі стратегиялық бақылау және операциялық функцияларды шектеуге негізделген.

Басқару деңгейі	Тұрақты даму саласындағы жауапкершілік
Жалғыз қатысушы	Корпоративтік талаптарды анықтау және оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау
Байқаушы кеңес	Тұрақты даму жүйесін енгізуді, Жол картасын орындауды, белгіленген НТК жетістіктерін және елеулі ESG-тәуекелдерді басқаруды бақылау
Бас директор	ESG іс-шараларын іске асыруды ұйымдастыру, жауапкершілікті бөлу және қажетті ресурстармен қамтамасыз ету
Бас директордың орынбасарлары және бағыт басшылары	Жетекшілік ететін бағыттар бойынша іс-шараларды орындау, көрсеткіштерді бақылау және есеп беру
Құрылымдық бөлімшелер	Іс-шараларды іске асыру, деректерді жинау және тексеру, тиісті әсерлер мен тәуекелдерді басқару

Байқаушы кеңес тұрақты даму жүйесінің дамуын қадағалайды және Жол картасының орындалуы мен ESG аспектілеріне байланысты НТК-ке қол жеткізу туралы ақпаратты қоса алғанда, Серіктестіктің қызметінің нәтижелерін қарастырады.

Белгіленген көрсеткіштерден ауытқулар анықталған кезде олардың пайда болу себептері талданып, түзету шаралары анықталады.

Жауапкершілікті бөлу

Жекелеген ESG-бағыттары үшін жауапкершілік Серіктестіктің басшылары мен бейінді бөлімшелері арасында бөлінген.

Бағыт	Жауапты тұлға немесе бөлімше	Негізгі қызметтері
Экологиялық аспектілер	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас менеджер	Экологиялық мониторинг, табиғат қорғау талаптарын орындау, есептілікті жинау және ұсыну
Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы	Жарақаттану тәуекелдерін басқару, профилактикалық іс-шаралар, оқыту және қауіпсіздікті бақылау
Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік мәселелер	Персоналмен жұмыс және әкімшілік мәселелер жөніндегі бөлімше	Персоналды басқару, оқыту, әлеуметтік қолдау, еңбек қатынастары және әлеуметтік тұрақтылық
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік	GR және PR бойынша бас менеджер	Коммуникацияларды ұйымдастыру, сұрау салуларды қарау, ақпаратты ашу және Ақпараттық саясатты іске асыру
Экономикалық әсер	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	Қаржы-экономикалық есептілікті дайындау, құрылған және бөлінген құн мен салық аударымдары туралы ақпаратты ашу
Тәуекелдерді басқару	Тәуекел иесі	ESG-тәуекелдерді анықтау, бағалау және мониторинг жүргізу, іс-шаралардың орындалуын бақылау
Комплаенс және іскерлік әдеп	Комплаенс-офицер	Комплаенс-тәуекелдерді басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оқыту және өтініштерді қарау
Корпоративтік басқару және тұрақты даму	Корпоративтік басқару және тұрақты даму жөніндегі бас менеджер	Корпоративтік басқару және тұрақты даму жүйесін дамытуды үйлестіру, Жол картасын іске асыру, жылдық есепті дайындау, қаржылық емес ақпаратты ашуды үйлестіру, ESG саласындағы бастамалардың орындалуын мониторинг жүргізу, корпоративтік басқару және тұрақты даму мәселелері бойынша Байқаушы кеңеспен өзара іс-қимыл жасау.

Тиісті бағыттар бойынша есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасында, ішкі құжаттарда және Топтың корпоративтік талаптарында белгіленген мерзімділікпен қалыптастырылады.

ESG қағидаттарын басқару процестеріне интеграциялау

ESG-факторлар Серіктестіктің қызметінде мынадай жолдармен ескеріледі:

- тұрақты даму жөніндегі іс-шараларды жұмыс жоспарларына және Жол картасына енгізу;
- ESG бағыттары бойынша жауапкершілікті бекіту;
- басшылардың НТК карталарына тұрақты даму көрсеткіштерін енгізу;
- тәуекелдерді бағалау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын есепке алу;
- іс-шаралардың орындалуын және мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуді бақылау;
- тұрақты басқарушылық және жария есептілікті дайындау;
- елеулі мәселелерді Қадағалау кеңесінің қарауымен.

ESG тәуекелдері Серіктестіктің тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Оларға климаттық және экологиялық тәуекелдер, өндірістік қауіпсіздік тәуекелдері, кадрлық және әлеуметтік тәуекелдер, комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сондай-ақ реттеушілік және бедел тәуекелдері жатады. Тәуекелдерді басқару туралы толық ақпарат осы Есептің 5.4-бөлімінде, ал климаттық тәуекелдер 7.8-бөлімінде ашып көрсетілген.

ESG-ҚНҚ және басқару жауапкершілігі

Тұрақты даму қағидаттарын Серіктестіктің қызметін басқару жүйесіне интеграциялау мақсатында басшы және басқарушы қызметкерлер үшін тұрақты даму (ESG) саласындағы мақсаттарға қол жеткізумен байланысты қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) белгіленді. Тиісті бастама Байқаушы кеңестің 2025 жылғы 28 тамыздағы №9 хаттамасымен бекітіліп, Серіктестіктің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №245-П бұйрығымен қолданысқа енгізілді. ESG-ҚНҚ енгізу басшылардың тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін жеке жауапкершілігін арттыруға және ESG қағидаттарын Серіктестіктің басқару жүйесіне интеграциялауға бағытталған.

Байқаушы кеңес жыл сайын Серіктестіктің қызмет нәтижелерін, оның ішінде тұрақты даму саласында белгіленген ҚНҚ-ге қол жеткізу туралы ақпаратты қарайды. Есептерді қарау ба-

рысында көрсеткіштердің нысаналы мәндеріне қол жеткізуді талдауға, ықтимал ауытқулардың себептеріне және оларды жою жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуге ерекше назар аударылады.

ҚНҚ картасының құрамына өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, тұрақты даму, корпоративтік басқару, комплаенс, сатып алу тәртібі, персоналды дамыту және әлеуметтік процестердің тиімділігіне байланысты көрсеткіштер енгізілген.

ESG-ҚНҚ үлесі нақты басшының ҚНҚ картасының жалпы құрылымындағы экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілеріне жататын көрсеткіштер салмақтарының сомасы ретінде айқындалады. Мұндай тәсіл тұрақты даму мақсаттарының басшы және басқарушы қызметкерлердің қызметін бағалау жүйесіне интеграциялану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

ESG-ҚНҚ өндірістік, қаржылық және операциялық көрсеткіштермен қатар ескеріледі. Оларды ҚНҚ карталарына енгізу тұрақты даму мақсаттарының басқарушылық персоналдың жеке жауапкершілігімен өзара байланысын қамтамасыз етеді және ESG тәсілдерін Серіктестіктің қызметінде тәжірибелік тұрғыдан іске асыруға ықпал етеді.

Бұл ретте EBITDA margin және электр энергиясын өткізу көлемі сияқты жекелеген өндірістік және қаржылық көрсеткіштер ESG-ҚНҚ үлесін есептеуге енгізілмейді, өйткені олар негізінен қызметтің қаржылық-экономикалық және операциялық нәтижелеріне жатады.



Басшы және басқарушы қызметкерлердің ESG-ҚНҚ құрылымы төмендегі кестеде көрсетілген.

Басшы / лауазымы	ESG-ге қолданылатын ҚНҚ	ҚНҚ қорытынды картасындағы ESG-ҚНҚ салмағы
Бас директор	LTIFR / мінездік бақылаулар жүргізу; тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы ішкі елдік құндылықтың үлесі; тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасының орындалуы; NWFR	60 %
Бас директордың бірінші орынбасары	LTIFR / мінездік бақылаулар жүргізу; тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы ішкі елдік құндылықтың үлесі; тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасының орындалуы; NWFR; кадрлардың тұрақсыздығы; ISO 37001 сертификатын алу; экологиялық бұзушылықтар мен нұсқамалардың болмауы; кешенді қауіпсіздік және персоналды даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау; индекс SRS	70 %
Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары	LTIFR / мінездік бақылаулар жүргізу; ел ішіндегі құндылық үлесі; Тұрақты даму жөніндегі жол картасын орындау; NWFR	37,5 %
Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	LTIFR / мінездік бақылаулар жүргізу; ел ішіндегі құндылық үлесі; Тұрақты даму жөніндегі жол картасын орындау; NWFR	30 %
Бас директордың қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары	LTIFR / мінездік бақылаулар жүргізу; тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы ішкі елдік құндылықтың үлесі; тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасының орындалуы; NWFR; өткізілген сатып алулар бойынша бұзушылықтардың болмауы; сатып алудың жылдық жоспарына түзетулер санын азайту; жедел маркетинг жүргізбей, бір көзден сатып алуға жол бермеу; өтімсіз ТМҚ сақтық қорының сомасын төмендету; автокөлік құралдарының техникалық дайындық коэффициенті	80 %

Ескертпе: ESG бағыттарымен тікелей байланысы жоқ қаржылық-экономикалық және өндірістік көрсеткіштер ESG-ҚНҚ үлесін есептеуге енгізілмеді. Мұндай көрсеткіштерге EBITDA margin, электр энергиясын өткізу көлемі, электр энергиясы мен электр қуатын өткізуден түсетін кіріс, бюджеттік және төлем тәртібі, жоспарлау сапасы, ақшалай қаражаттың таза сомасы және негізінен операциялық немесе қаржылық тиімділікті көрсететін өзге де көрсеткіштер жатады.

Міндеттемелерді іске асыру

Серіктестіктің тұрақты даму саласындағы міндеттемелерін іске асыру ESG қағидаттарын Компанияның қызметіне интеграциялауға бағытталған ішкі процестер мен басқару құралдарын дәйекті түрде енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Негізгі бағыттар мыналар болып табылады:

- ішкі саясаттар мен рәсімдерді енгізу;
- қызметтің негізгі бағыттары бойынша тұрақты есептілік жүргізу;
- ESG тәсілдерін операциялық рәсімдерге интеграциялау;
- Ақпараттық саясатқа сәйкес ақпаратты ашу жүйесін дамыту.

2025 жылы Серіктестікте тұрақты дамуды басқару жүйесінің негізгі элементтері қалып-

тастырылып, қажетті ішкі нормативтік база әзірленді және процестер ұйымдастырылды, Маңызды тақырыптар айқындалып, үздік корпоративтік тәжірибелерге сәйкес ESG талаптары бойынша ақпаратты ашу үшін ақпарат жиналды.

2026 жылға жоспарлар

2026 жылы Серіктестік келесі бағыттарға назар аударуды жоспарлап отыр:

- 2025 жылдың қорытындысы бойынша ESG-деректерін жинаудың, тексерудің және ашудың бірінші толық кезеңін аяқтау;
- қаржылық емес ақпараттың сапасы мен салыстырмалылығын арттыру;
- ESG-көрсеткіштерді есептеудің бірыңғай әдістемелерін анықтау;

- ESG-деректерді жинауды және шоғырландыруды цифрландыру;
- ESG-ҚНҚ одан әрі дамыту;
- Жол картасының орындалуын бақылау;
- басшылар мен жұмыскерлердің ESG-құзыреттілігін арттыру;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жетілдіру.

Аталған іс-шараларды жүзеге асыру тұрақты даму саласындағы корпоративтік басқару сапасын арттыруға, сондай-ақ ESG-дің үздік тәжірибелері мен халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Этика және комплаенс

Іскерлік әдеп және комплаенсті басқару тәсілі

«Өскемен ГЭС» ЖШС бизнесті адал жүргізу, заңдылық, ашықтық және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидаттарын ұстанады. Комплаенс жүйесі заңнама мен ішкі құжаттардың бұзылуының алдын алуға, комплаенс-тәуекелдерді басқаруға, мүдделер қақтығысының алдын алуға, қызметкерлердің құқықтарын қорғауға және ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлаудың қолжетімді тетіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Іскерлік әдеп және комплаенс саласындағы талаптар атқаратын лауазымына қарамастан, Серіктестіктің қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қолданылады. Іскерлік серіктестерге, мердігерлер мен жеткізушілерге Серіктестіктің Әдеп кодексінің қағидаттарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын сақтау ұсынылады. Іскерлік этика және комплаенс мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Серіктестіктің мінез-құлық кодексі;
- Адам құқықтары саласындағы саясат;
- Кемсітушілікке жол бермеу саясаты болып табылады.

Аталған құжаттар жиынтығы Серіктестіктің іскерлік әдеп пен комплаенсті басқару жүйесінің негізін қалыптастырып, заңнаманы сақтау, бұзушылықтардың алдын алу, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және бизнесті адал жүргізу мәдениетін дамыту бойынша бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етеді.

Көрсетілген құжаттар Серіктестіктің корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған және ішкі байланыс арналары арқылы қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

2025 жылы іскерлік әдеп, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптардың бұзылу деректері тіркелген жоқ. Адал мінез-құлық мәдениетін дамыту, заңнама талаптарын сақтау және комплаенс жүйесін нығайту жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Комплаенс-функциясын ұйымдастыру

Серіктестіктің комплаенс жүйесінің жұмыс істеуіне жалпы басшылықты және бақылауды Байқаушы кеңес жүзеге асырады. Оның құзыретіне комплаенс-офицерді тағайындау, комплаенс-функциясын жүзеге асыру шарттарын айқындау, оның қызметі туралы есептерді қарау, сондай-ақ қабылданған шешімдер мен ұсынымдардың орындалуын бақылау жатады.

Комплаенс функциясын жедел басқаруды Серіктестіктің комплаенс-офицері жүзеге асырады. Ол Қазақстан Республикасының заңнамасы, Серіктестіктің ішкі құжаттары және үздік корпоративтік практикалар талаптарына сәйкес комплаенс жүйесін енгізуді және дамытуды қамтамасыз етеді.

Өзекілеттіктерішеңберіндекомплаенс-офицер:

- комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды ұйымдастырады;
- ішкі құжаттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысады;
- материалдарға комплаенс-сараптама жүргізеді және қорытындылар дайындайды;
- контрагенттердің, үміткерлер мен қызметкерлердің сенімділігін тексеруге қатысады;
- мінез-құлық кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді;
- қызметкерлерді оқытуды және ақпараттандыруды ұйымдастырады;
- әдеп және комплаенс мәселелері бойынша өтініштерді қарайды;
- қызметтік тексерулер мен ішкі тергеп-тексерулер жүргізуге қатысады;
- Байқаушы кеңеске арналған есептілікті дайындайды.

Комплаенс-офицердің қызметі бизнесті адал жүргізу мәдениетін қалыптастыруға, комплаенс-тәуекелдердің алдын алуға, корпоративтік әдеп деңгейін арттыруға және Серіктестіктің заңнама мен ішкі құжаттар талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған.

Комплаенс саласындағы жауапкершілікті бөлу:

Орган немесе лауазымды тұлға	Негізгі жауапкершілігі
Байқаушы кеңес	Комплаенс-жүйенің тиімділігін бақылау, комплаенс-офицерді тағайындау, есептер мен елеулі бұзушылықтарды қарау
Бас директор	Комплаенс-талаптарды іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету және басқару органдарының шешімдерін орындау
Комплаенс-офицер	Комплаенс бағдарламасын үйлестіру, тәуекелдерді бағалау, кеңес беру, оқыту, өтініштерді қарау
Бөлімше басшылары	Бақылау рәсімдерін енгізу және жетекшілік ететін процестерде талаптарды сақтау
Жұмыскерлер	Әдеп кодексін және ішкі құжаттарды сақтау, бұзушылықтар туралы уақтылы хабарлау

Мінез-құлық кодексі және мүдделер қақтығысының алдын алу

2025 жылы Серіктестікте барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті корпоративтік құндылықтарды, қағидаттар мен іскерлік мінез-құлық стандарттарын айқындайтын Мінез-құлық кодексі бекітілді. Кодекс бизнесті адал жүргізу мәдениетін қалыптастыруға, Жалғыз қатысушының, қызметкерлердің, іскерлік серіктестердің және өзге де мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауға, сондай-ақ Серіктестіктің іскерлік беделін нығайтуға бағытталған.

- Мінез-құлық кодексі мынадай талаптарды белгілейді:
- заңнаманы және ішкі құжаттарды сақтау;
 - қызметкерлерге құрметпен және әділ қарау;
 - кемсітушілік пен қысымға жол бермеу;
 - сыбайлас жемқорлықтың, алаяқтықтың және басқа да құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу;
 - мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу;
 - іскерлік серіктестермен жауапты өзара іс-қимыл жасау;
 - құпия ақпаратты қорғау;
 - Серіктестіктің мүлкі мен ресурстарын адал пайдалану;
 - бұзушылықтар туралы адал түрде хабарлайтын тұлғаларды қорғау.

Мінез-құлық кодексінің негізгі элементтерінің бірі – мүдделер қақтығысының алдын алу. Қызметкерлер жеке мүдделілік қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі немесе әсер ететіндей көрінуі мүмкін жағдайларға

жол бермеуге міндетті. Нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қызметкер өзінің тікелей басшысына немесе комплаенс-офицерге уақтылы хабарлауға міндетті.

Анықталған әрбір мүдделер қақтығысы жағдайы ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен қаралып, оны реттеу бойынша қажетті шаралар айқындалады. Жағдайларға қарай мұндай шаралар қызметкерді шешім қабылдауға қатысудан шеттетуді, функционалдық міндеттерді қайта бөлуді, бақылауды күшейтуді немесе Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де шараларды қамтуы мүмкін.

2025 жылдың қорытындысы бойынша мәлімделген мүдделер қақтығысы жағдайлары, сондай-ақ Мінез-құлық кодексінің талаптарын бұзуға байланысты тәртіптік шаралар қолданылған жағдайлар тіркелген жоқ.

Серіктестік қызметкерлердің Мінез-құлық кодексінің талаптары, іскерлік әдеп қағидаттары және мүдделер қақтығысының алдын алу туралы хабардарлығын арттыру бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізеді. Адал мінез-құлық мәдениетін және жеке жауапкершілікті қалыптастыру корпоративтік басқарудың, комплаенс-тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің және мүдделі тараптардың сенімін сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

2025 жылы Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Qazaq Green Power PLC» жария компаниясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарына, сондай-ақ іскерлік әдеп, комплаенс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылды.

- Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты келесі қағидаттарға негізделген:
- сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне нөлдік төзімділік;
 - жоғары басшылықтың бейілділігі және «жоғарыдан үлгі көрсету» қағидаты;
 - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруға, оның ішінде оларды бағалауға және контрагенттерді тексеруге жүйелі тәсіл;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту және заңнаманы сақтау;

Мінез-құлық кодексі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын жеткізу	2025
Іскерлік серіктестердің жалпы саны	236
Комплаенс бойынша ІНҚ-мен танысқан серіктестер саны	236
Қамтылуы, %	100 %

Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі

Серіктестікте жалпы менеджмент жүйесіне біріктірілген және ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесі жұмыс істейді.

- Жүйенің жұмыс істеуі шеңберінде Серіктестік:
- сыбайлас жемқорлық және комплаенс-тәуекелдерді бағалауды жүргізді;
 - жұмыскерлердің ішкі құжаттармен танысуын қамтамасыз етті;
 - оқыту мен тестілеуді ұйымдастырды;
 - контрагенттерді тексеруді жүзеге асырды;
 - жұмыскерлерді бастамашыл ақпараттандыру арналары туралы хабардар етті;
 - белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің орындалуын бақылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша елеулі сыбайлас жемқорлық және комплаенс-тәуекелдер анықталған жоқ. Расталған сыбайлас жемқорлық жағдайлары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына байланысты шарттар-

- сыйлықтар, қонақжайлылық және өзара іс-қимылдың өзге де нысандарына қатысты мәселелерді реттеу;
- қызметкерлердің саясатты іске асыруға тартылуы;
- бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мақсатында Серіктестікте комплаенс-тәуекелдерді бағалау, контрагенттердің сенімділігін тексеру, құжаттарға комплаенс-сараптама жүргізу, қызметкерлерді ақпараттандыру және оқыту, сондай-ақ тиісті негіздер болған жағдайда қызметтік тексерулер мен ішкі тергеп-тексерулер тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Іскерлік серіктестерді хабардар ету
Серіктестік Әдеп кодексі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын жеткізушілерге, мердігерлерге және басқа да іскерлік серіктестерге жеткізеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар келісімшарттар мен сатып алу құжаттамасына енгізілуі мүмкін.

ды бұзу, сондай-ақ Серіктестіктің немесе оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қатысты сот талқылаулары болған жоқ. Жүйенің жұмыс істеу нәтижелері сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтаудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін растайды.

Оқыту және ақпараттандыру

Комплаенс-мәдениетті және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру үшін Серіктестік қызметкерлерді іскерлік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ішкі құжаттарды қолдану мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады.

- 2025 жылы оқыту «Самұрық-Энерго» АҚ тобының корпоративтік бағдарламасы аясында жүргізілді. Тақырыпқа мыналар кірді:
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары;
 - мінез-құлық кодексінің ережелері;
 - мүдделер қақтығысының алдын алу;
 - контрагенттермен өзара іс-қимыл ережелері;

- Жедел желіні пайдалану тәртібі;
- өтініштер құпиялылығы;
- бұзушылықтар туралы адал хабарлайтын жұмыскерлерді қорғау.

Оқытудың орташа көлемі бір оқытылған қызметкерге сегіз сағатты құрады.

Жұмыскерлер санаты	2025 жылы оқытудан өткен жұмыскерлер саны, адам	Қамтылуы, %	Оқыту көлемі, сағат
Басшы қызметкерлер	3	15%	24
Әкімшілік-басқару персоналы	32	62,7%	256
Өндірістік персонал	98	86,7%	784
Қызметкерлердің өзге санаттары	0	—	0
Барлығы	133	83,1%	1 064

Есепті жылы «Самұрық-Энерго» АҚ «Комплаенс» қызметінің үйлестіруімен қызметкер-

лерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тестілеу жүргізілді.

Тестілеу көрсеткіштері	2025
Тестілеуге қатысқан қызметкерлер	142
Жыл соңындағы саны бойынша қамту	91,6%
Тестілеудің орташа нәтижесі	94%
Орташа балл	15тен14,1

Кері байланыс тетігі және ақпарат берушілерді қорғау

Серіктестікте заңнаманың, Әдеп кодексінің және басқа да ішкі құжаттардың нақты немесе болжамды бұзылуы туралы хабарлау тәртібін айқындайтын бастамашыл ақпараттандыру саясаты қолданылады.

Хабарламалар мынадай мәселелерге қатысты болуы мүмкін:

- сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және парақорлық;
- мүдделер қақтығысы;
- өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- кемсітушілік пен қысым көрсету;
- еңбек құқықтарын бұзу;
- әдепсіз мінез-құлық;
- сатып алу рәсімдерінің талаптарын бұзу;
- мүлікті немесе ақпаратты заңсыз пайдалану;
- Серіктестікке немесе мүдделі тараптарға зиян келтіруі мүмкін өзге де әрекеттер.
- Қызметкерлер, іскерлік серіктестер және басқа да мүдделі тараптар келесі арналарды пайдалана алады:
- Жедел желі;
- WhatsApp мессенджері;
- Жедел желі интернет-порталы;
- Электрондық пошта;

- комплаенс-офицерге жүгіну;
- Омбудсменге жүгіну;
- Персоналмен жұмыс және әкімшілік мәселелер жөніндегі бөлімше;
- Тікелей басшы;
- Бас директордың жеке қабылдауы;
- Келісу комиссиясы.

Жедел желі

Жедел желі тәулік бойы жұмыс істейді және тәуелсіз оператормен басқарылады. Өтініш берушіге хабарламаны құпия немесе анонимді түрде жіберу мүмкіндігі беріледі.

Жедел желі байланыс деректері:
телефон: 8 800 080 47 47;
WhatsApp: 8 771 191 88 16;
интернет-портал: sk-hotline.kz;
электрондық пошта: mail@sk-hotline.kz.

Серіктестік болжамды бұзушылық туралы адал ниетпен хабарлаған тұлғаларды қудалауға немесе теріс шаралар қолдануға жол бермейді. Барлық келіп түскен хабарламалар белгіленген рәсімдерге сәйкес тіркеуге, алдын ала талдауға және қарауға жатады.

Негіздер болған жағдайда деректер тексеріледі. Оның нәтижелері бойынша түзету шаралары қабылдануы, ұсынымдар әзірленуі,

ішкі рәсімдер жаңартылуы не жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін.

2025 жылы Жедел желіге келіп түскен өтініштер және комплаенс-офицерге жүгінулер болған жоқ.

Омбудсмен және өтініштерді қарау тетігі

Омбудсмен қызметкерлердің құқықтарын қорғауға, іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауға және әлеуметтік-еңбек даулары мен жанжалдарды реттеуге ықпал етеді. Оның қызметі тәуелсіздік, бейтараптық, әділдік, құпиялылық және өтініштерді бейресми қарау қағидаттарына негізделген.

2025 жылғы қыркүйектен бастап «Өскемен ГЭС» ЖШС-де Омбудсмен функцияларын «Самұрық-Энерго» АҚ Омбудсмені Ақылов Нариман Бекетұлы атқарады. Есепті кезеңде ол ұжымдағы ахуалды, қызметкерлердің сенім деңгейін және олардың өз құқықтарын қорғау тетіктері туралы хабардар болу деңгейін бағалау мақсатында қызметкерлер арасында сауалнама жүргізуді бастамашылық етті.

Омбудсменнің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- қызметкерлерге әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша кеңес беру;
- құқықтар мен іскерлік әдеп қағидаттарын бұзу туралы өтініштерді қарау;
- еңбек дауларын шешуге жәрдемдесу;
- жанжалдардың алдын алу және реттеу;
- өтініштердің құпиялылығын қамтамасыз ету;
- басшылық пен қызметкерлер арасындағы ашық диалогқа жәрдемдесу;
- жүйелік мәселелерді анықтау және ішкі рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Омбудсменге жеке, телефон, WhatsApp немесе электрондық пошта арқылы хабарласуға болады:

- телефон: 8 (7172) 55-30-15;
- WhatsApp: +7 701 788 84 16;
- электрондық пошта: akyllov@samruk-energy.kz;
- электрондық пошта: ombudsman@samruk-energy.kz.

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС қызметкерлерінің Омбудсменге тікелей жүгінулері тіркелген жоқ.

Сондай-ақ қызметкерлер Келісім комиссиясы, персоналмен жұмыс және әкімшілік мәселелер жөніндегі бөлімше, басшылыққа жүгіну немесе заңнамада көзделген басқа да тетіктерді пайдалану арқылы өз құқықтарын қорғай алады.

Серіктестікте тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу қағидаттары қолданылады. 2025 жылы жынысы, жасы, ұлты, әлеуметтік мәртебесі, денсаулығының жай-күйі және басқа да негіздер бойынша кемсідудің расталған жағдайлары тіркелген жоқ.

Тәуекелдерді басқару

GRI 2–12, 2–13, 2–16, 3–3

Тәуекелдерді басқару тәсілі

Серіктестік Тәуекелдерді басқаруды қаржылық тұрақтылыққа, операциялық қызметке және іскерлік беделге теріс әсер етуі мүмкін факторларды уақтылы анықтауға және азайтуға бағытталған корпоративтік басқарудың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырады.

Серіктестіктің Жарғысына сәйкес тәуекелдерді басқару бойынша есеп беру белгіленген жұмыс жоспары шеңберінде тұрақты негізде қалыптастырылады және Байқаушы кеңесіне ұсынылады, оның ішінде тәуекелдерді талдау және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат та бар.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу шеңберінде Байқаушы кеңестің 2024 жылғы 28 қазандағы №6 хаттамамен ресімделген шешімімен бекітілген ішкі құжаттар қолданылады:

- Тәуекелдерді басқару саясаты (Байқаушы кеңестің 2024 жылғы 28 қазандағы шешімімен бекітілген);
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидалары;
- «Негізгі тәуекел көрсеткіштері. Әзірлеу тәртібі» Серіктестік әдістемесі;
- Серіктестіктің Тәуекелдер жөніндегі комитет туралы ережесі.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесі қызметтің барлық деңгейін қамтып, стратегиялық және операциялық деңгейлерде жүзеге асырылады. Бұл жүйе тәуекелдерді анықтау, мониторинг жүргізу, іс-шараларды іске асыру және есеп беру кезеңдерінен басталатын тәуекелдермен жұмыстың үздіксіз циклін қамтамасыз етеді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ СҰЛБАСЫ

Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі жауапкершілік деңгейлерін, рөлдерді және негізгі функцияларды бөлу

1



Деңгейі
СТРАТЕГИЯЛЫҚ

2



Деңгейі
СТРАТЕГИЯЛЫҚ/
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ

3



Деңгейі
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР

Операциялық деңгейде тәуекелдерді басқару функцияларын іске асыру




Тәуекелдерді басқару процесі




НЕГІЗГІ ҚАҒИДА: Тәуекелдерді басқару жүйесі Серіктестіктің стратегиялық және операциялық жоспарлау, бюджеттеу және басқарушылық шешімдер қабылдауды қоса алғанда, негізгі процестеріне интеграцияланған. Бастамаларды бағалау және даму жоспарларын қалыптастыру кезінде тәуекелдерді ескеру міндетті элемент болып табылады. Тәуекелдерді басқару процестеріне Серіктестіктің барлық қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде тартылады.

Тәуекелдерді анықтау



Тәуекелдерді бағалау құрылымы



Тәуекел дәрежесі және тәуекелдерді бағалау

2025 жылы Серіктестіктің сандық тәуекел-дәрежесі 866 млн теңгені құрады.

Тәуекел дәрежесі Серіктестіктің стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу үшін қабылдауға дайын тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі ретінде анықталады.

Тәуекел дәрежесін есептеу Қарыз/EBITDA көрсеткіші негізінде жүзеге асырылады. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша көрсеткіштің мәні 0 құрады, бұл қарыз жүктемесінің

жоқтығын және қаржылық тұрақтылықтың айтарлықтай қорының бар екенін көрсетеді.

Осылайша, Серіктестік бизнестің тұрақтылығына қауіп төндірмей, белгіленген тәуекел дәрежесі шегінде тәуекелдерді қабылдауға қабілетті.

Тәуекелдердің маңыздылығын бағалау үшін ықтимал зиян мен тәуекел дәрежесі деңгейінің арақатынасына негізделген шкала қолданылады.

Қаржылық тұрақтылық пен операциялық сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында Серіктестік негізгі көрсеткіштер бойынша сандық шектеулер жүйесін қолданады.

Лимиттер мен шектеулер


Көрсеткіш	Шектеу	Нақты 2025 ж.	Мәртебе
Инвестициялық қызмет			
Контрагент-банктердің тұрақтылығы	«Самұрық-Қазына» АҚ лимиттерін сақтау	Сақталған	Орындалды
Қаржылық қызмет			
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	минимум 2	8,16	Орындалды
Операциялық қызмет			
EBITDA	10%-дан артық төмендетуге рұқсат етілмейді	10%-дан артық төмендетуге жол берілмейді	Орындалды
Жазатайым оқиғалар мен ереуілдер	Рұқсат етілмейді	Жоқ	Орындалды
Өндірістегі апаттар мен зілзалалар саны	Өткен жылғы деңгейден жоғары емес	Жоқ	Орындалды

2025 жылы Серіктестік үшін контрагент-банктердің лимиттері белгіленбеді.

Тәуекелдер картасы

Серіктестік мақсаттарға қол жеткізуге әсер ете алатын тәуекелдерді көрсететін Тәуекелдер картасын қалыптастырады. 2025 жылы қызметтің стратегиялық, қаржылық, операциялық және құқықтық бағыттарын қамтитын 20 тәуекел анықталды.

«Өскемен ГЭС» ЖШС 2025 жылға арналған тәуекелдер картасы



- 1) Жасыл аймақ – туындау ықтималдығы төмен және (немесе) Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай әсер етпейтін тәуекелдер
- 2) Сары аймақ – Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығына орташа деңгейде әсер етуі мүмкін немесе орын алу ықтималдығы орташа тәуекелдер.
- 3) Қызғылт сары аймақ – туындау ықтималдығы жоғары немесе Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығына үлкен ықтимал әсер ететін тәуекелдер
- 4) Қызыл аймақ – туындау ықтималдығының жоғары болуына байланысты немесе Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығына әсер етуі мүмкін елеулі залал әлеуетіне байланысты Серіктестік үшін маңызды тәуекелдер
- 5) Қошқыл қызыл аймақ – туындау басымдығы өте жоғары немесе залал келтіру әлеуеті орасан зор болғандықтан, Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығына әсер етуі мүмкін Серіктестіктің апатты тәуекелдері

№	Тәуекел коды	Тәуекел атауы
1	1-С-ӨСГЭС	Беделге нұқсан келтіру тәуекелі
2	3-С-ӨСГЭС	Адами ресурстар тәуекелдері
3	8-С-ӨСГЭС	Қызметтік міндеттерін атқару барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіруге әкеп соққан өндірістегі жазатайым оқиғалар
4	11-С-ӨСГЭС	Әлеуметтік тәуекелдер
5	15-Қ-ӨСГЭС	Өнімді өткізуден, қызмет көрсетуден табыстың толық алынбауы
6	18-Қ-ӨСГЭС	Контрагент-банктердің кредиттік тәуекелі
7	24-Қ-ӨСГЭС	Тариф қалыптастыру
8	25-Қ-ӨСГЭС	Даму жоспарын, Даму жоспарына енгізілген түзетулерді және олардың орындалуын сапасыз талдау
9	28-О-ӨСГЭС	Сатып алу процесінің тәуекелдері
10	29-С-ӨСГЭС	Корпоративтік басқару тәртібін бұзу тәуекелі
11	32-С-ӨСГЭС	Климаттық тәуекелдер (физикалық)
12	33-ҚҰҚ-ӨСГЭС	Комплаенс-тәуекелдер
13	35-ҚҰҚ-ӨСГЭС	Санкциялық тәуекелдер
14	48-ҚҰҚ-ӨСГЭС	Заңнаманы бұзу және НҚА сақтамау тәуекелі
15	49-ҚҰҚ-ӨСГЭС	Сот талқылаулары (кінәрат-қуыным жұмысы)
16	51-ҚҰҚ-ӨСГЭС	Бизнестің қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін заңнамадағы өзгерістер тәуекелі.
17	60-О-ӨСГЭС	Жабдықтарға, ғимараттар мен құрылыстарға күрделі/ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындамау тәуекелдері
18	61-О-ӨСГЭС	Электр энергиясын өндіру жоспарын орындамау тәуекелі
19	67-О-ӨСГЭС	Экологиялық тәуекелдер
20	75-О-ӨСГЭС	Адам өліміне әкеп соққан еңбек қызметіне байланысты емес жазатайым оқиғалар

Ұяшық түсінің қанықтығына қарай тәуекелдер мөлшері **апатты** (қошқыл қызыл ұяшықтар), **елеулі** (қызыл ұяшықтар), **орташа** (қызғылт сары ұяшықтар), **төмен** (сары тәуекелдер),

елеусіз (жасыл ұяшықтар) болып бөлінеді. Әріптермен тәуекелдердің кодтары көрсетілген: Қ – қаржылық, С – стратегиялық, О – операциялық, ҚҰҚ. – құқықтық.

Тәуекелдерді маңыздылық деңгейі бойынша бөлу

Атауы	Елеусіз	Төмен	Орташа	Елеулі	Апатты
Тәуекелдер саны	6	14	0	0	0
Бөлу	30%	70%	0%	0%	0%
Барлығы:	20				

2025 жылдың қорытындысы бойынша елеулі және сыни тәуекелдер анықталмады, іске асырылған тәуекелдер жоқ, тәуекелдердің ауысуы тіркелмеді.

Сонымен қатар, Серіктестік бұл құрылымды ықтимал қауіптердің жоқтығы емес, жүзеге асырылатын басқару шараларының нәтижесі ретінде қарастырады және тәуекелдерді мониторинг жүргізу мен бағалау бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Тәуекелдерді басқару және тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-шаралар

Тәуекелдерді басқару тәуекелдердің алдын алуға, төмендетуге және бақылауға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Тәуекелдер	Басқару тәсілі	2025 жыл нәтижелері
Стратегиялық тәуекелдер		
- Беделге нұқсан келтіру тәуекелі - Адами ресурстар тәуекелдері - Әлеуметтік тәуекелдер - Корпоративтік басқару тәртібін бұзу тәуекелі - Климаттық тәуекелдер (физикалық)	- Сыртқы және ішкі коммуникацияларды басқару - Персоналды дамыту және оқыту - Әлеуметтік тұрақтылық бағдарламалары - Корпоративтік рәсімдерді бақылау - Климаттық факторларға мониторинг жүргізу және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау	- Елеулі беделдік оқиғалардың болмауы - Персоналдың тартылу деңгейінің жоғары болуы - Корпоративтік басқару жүйесінің тұрақты жұмысы
Қаржылық тәуекелдер		
- Өнімдер мен қызметтерді сатудан түсетін табыстың толық алынбауы - Контрагент-банктердің кредиттік тәуекелдері - Тарифтерді қалыптастыру тәуекелдері - Даму жоспарын сапасыз талдау және орындау тәуекелдері	- Даму жоспарының орындалуын бақылау - Тарифтік саясатқа мониторинг жүргізу - Қаржылық жоспарлау және талдау - Өтімділік пен тиімділік көрсеткіштерін бақылау	- EBITDA – 8,16 млрд теңге (жоспарға 118%) - EBITDA margin – 0,64 - Табысты толық алмау тәуекелі іске асырылмаған - Қаржылық тұрақтылық қамтамасыз етілген
Операциялық тәуекелдер		
- Сатып алу процесінің тәуекелдері - Күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындамау тәуекелдері - Электр энергиясын өндіру жоспарын орындамау тәуекелі - Өндірістегі жазатайым оқиғалар - Экологиялық тәуекелдер - Еңбек қызметінен тыс жазатайым оқиғалар	- Жөндеу бағдарламалары мен өндірістік процестерді бақылау - Жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету - Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару; - Сатып алу қызметін бақылау - Экологиялық бақылау және табиғатты қорғау іс-шараларын орындау	- Апаттар мен зілзалалар жоқ - Жазатайым оқиғалар жоқ; - Өндірістік көрсеткіштер орындалған - Экологиялық жағдайлар тіркелмеген
Құқықтық тәуекелдер		
- Комплаенс-тәуекелдер - Санкциялық тәуекелдер - Заңнаманы бұзу және НҚА сақтамау тәуекелі - Сот талқылаулары - Заңнаманың өзгеруі тәуекелі	- Құжаттардың құқықтық сараптамасы - Контрагенттерді тексеру - Заңнамаға мониторинг жүргізу - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар және талаптардың сақталуын бақылау	- Елеулі құқықтық тәуекелдер іске асырылмады - Заңнама талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілді - Сот тәуекелдері қызметке әсер етпеді



Есепті кезеңде тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жүйелі негізде жүзеге асырылып, және Серіктестік қызметінің барлық негізгі бағыттарын қамтыды.

Тәуекелдерден сақтандыру
Тәуекелдердің іске асуының ықтимал қаржылық салдарын азайту мақсатында «Өскемен ГЭС» ЖШС Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес сақтандыру қорғау құралдарын пайдаланады.

2025 жылы Серіктестік сондай-ақ міндетті сақтандырудың негізгі түрлері бойынша сақтандыру өтемін қамтамасыз етті:

- Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Сақтандыру өтемі 2025 жыл бойы қолданылды және белгіленген лимиттер шегінде үшінші тұлғалардың автокөлік құралдарына келтірілген залалды өтеуді көздеді.
- Қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру. Сақтандырудың бұл түрі персоналды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру тәуекелдерін жабады.
- Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру тәуекелімен байланысты нысандар иелерінің азаматтық-құқықтық

жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Сақтандыру өтемі өндірістік нысандарды пайдалануға және үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруі мүмкін тәуекелдерге қатысты қолданылады.

Барлық сақтандыру шарттары есепті кезең ішінде қолданыста болып, тиісті тәуекелдер түрлері бойынша жеткілікті деңгейде сақтандыру өтемін қамтамасыз етті.

2025 жылы міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылған жоқ, өйткені Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыруға жататын шаруашылық қызмет түрлеріне жатпайды.

2026 жылға арналған жоспарлар: тәуекелдерді бағалау әдіснамасын жетілдіру

2026 жылға арналған жоспарларда тәуекелдерді бағалау әдіснамасын, оның ішінде сандық тәсілдерді кеңейтуді; негізгі тәуекел индикаторлары (KRI) жүйесін дамытуды; климаттық және ESG тәуекелдерін тәуекелдерді басқару жүйесіне біріктіруді; қызметкерлердің жұмылу деңгейін арттыруды және тәуекел мәдениетін дамытуды; сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекел дәрежесін тұрақты түрде қайта қарауды жетілдіру көзделген.

ESG-аспектілерін басқару

GRI 2, 2-29, 3-1, 3-2

Тұрақты дамуды басқару

«Өскемен ГЭС» ЖШС тұрақты дамуды өзінің ұзақ мерзімді стратегиясы мен күнделікті өндірістік қызметінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Серіктестік үшін тұрақты даму электр энергиясын сенімді өндіруді, су ресурстарын жауапкершілікпен пайдалануды, қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, персоналды дамытуды және мүдделі тараптармен ашық өзара іс-қимылды білдіреді.

Тұрақты даму қағидаттарын енгізу Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттар жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде Тұрақты даму саласындағы басшылық, Корпоративтік басқару кодексі, Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясаты, Кадр саясаты және өзге де ішкі құжаттар бар. Аталған құжаттардың жиынтығы тұрақты дамуды басқарудың бірыңғай жүйесін қалыптастырады және ESG қағидаттарын стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, басқарушылық шешімдер қабылдау, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және қаржылық емес ақпаратты жария ету процесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Серіктестіктің тұрақты даму стратегиясы өзара байланысты үш басымдыққа негізделеді:

- экологиялық жауапкершілік– су ресурстарын ұтымды пайдалану, қоршаған ортаға әсерді бақылау, табиғатты қорғау талаптарын сақтау, энергия тиімділігін арттыру және өндірістік қызметте климаттық факторларды ескеру;
- әлеуметтік тұрақтылық – қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету,

қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту, қауіпсіздік мәдениетін қолдау, тең мүмкіндіктер қағидаттарын сақтау және жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жасау;

- тиімді Корпоративтік басқару – заңнама талаптары мен ішкі рәсімдерді сақтау, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамыту, басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ашықтықты, іскерлік әдепті және жауапкершілікті арттыру.

Тұрақты дамуды басқарудың кешенді тәсілі ESG қағидаттарын Серіктестіктің негізгі бизнес-процестеріне біріктіруді қамтамасыз етеді, экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын ескере отырып, теңгерімді басқарушылық шешімдер қабылдауға, қызметтің тұрақтылығын арттыруға және Жалғыз қатысушы мен басқа да мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық жасауға ықпал етеді.

ESG-тәсіл

Тұрақты даму

Басқару шешімдерін қабылдау кезінде Серіктестік экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын ескереді, олармен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалайды, сондай-ақ өндірістік тиімділік, экологиялық жауапкершілік және әлеуметтік міндеттемелер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге тырысады. Мұндай тәсіл Серіктестіктің қызметінің тұрақтылығын арттыруға және Жалғыз қатысушы мен басқа да мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық жасауға ықпал етеді.

06

ESG-аспектілерін басқару

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

Жауапты инвестициялар

Серіктестіктің инвестициялық қызметі тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып жүзеге асырылады және өндірістік қызметтің ұзақ мерзімді сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде олардың техникалық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік маңыздылығы, сондай-ақ Серіктестіктің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі ескеріледі.

Инвестициялық қызметтің басым бағыттары жабдықтарды жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру, заманауи технологияларды енгізу, өндірістік процестерді цифрландыру және өндірістік инфрақұрылымның сенімділігін арттыру болып табылады. Инвестициялық жобаларды іске асыру станцияның орнатылған және қолда бар қуатын арттыруға, негізгі өндірістік активтердің тозуын азайтуға, тұтынушыларды энергиямен жабдықтаудың операциялық тиімділігі мен сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде Серіктестік өндірістік және экологиялық тәуекелдерді барынша азайтуға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, ресурстарды ұтымды пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы, ішкі нормативтік құжаттар және корпоративтік стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Бағыт	Күтілетін нәтиже
Сенімді энергетика	Жаңартылатын энергия көздері негізінде электр энергиясын сенімді әрі үздіксіз өндіруді қамтамасыз ету.
Жабдықты жаңғырту	Жабдықтарды жаңарту есебінен орнатылған және қолда бар қуатты арттыру.
Экология және су ресурстары	Меншікті экологиялық әсерді төмендету және су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру.
Көміртексіздендіру	Қазақстандағы төмен көміртекті энергетиканы дамытуға және жасыл экономиканың ұлттық бағдарламаларын іске асыруға үлес қосу
Цифрландыру және қауіпсіздік	Өндірістік және басқару процестерінің цифрландыру, басқарушылық және қауіпсіздік деңгейін арттыру.
Ұзақмерзімді құн	Серіктестіктің ұзақ мерзімді құнының және оның инвестициялық тартымдылығының тұрақты өсуі.
Серіктестік	Серіктестіктің мемлекеттің, қоғамның және энергетика нарығының сенімді серіктесі ретіндегі рөлін нығайту.

Тұрақты дамуды стратегиялық басқару

Серіктестіктегі Тұрақты дамуды стратегиялық басқару стратегиялық жоспарлау, басқарушылық шешімдер қабылдау және қызмет нәтижелерін бағалау процестеріне экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды (ESG-факторларды) біріктіруге бағытталған.

Осы тәсіл аясында Серіктестік ESG тәуекелдерін басқаруға, өндірістік және ақпараттық қауіпсіздікті дамытуға, бизнес-процестерді цифрлық түрлендіруге, қызмет тиімділігін арттыруға, кадрлық әлеуетті дамытуға, әлеуметтік жауапкершілікке және қызметкерлермен, серіктестермен, жергілікті қоғамдастықтармен және қоғаммен тұрақты өзара іс-қимылға баса назар аударады.

2035 жылға дейінгі тұрақты дамудың стратегиялық басымдықтарын іске асыру шеңберінде Серіктестік энергетикалық өндірістің сенімділігін қамтамасыз етуге, табиғи ресурстарды жауапкершілікпен пайдалануға, адами капиталды дамытуға, өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға және Жалғыз қатысушы мен мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыруға бағытталған дамудың негізгі бағыттарын айқындады.

Тұрақты даму стратегиясын іске асырудың негізгі бағыттары мен күтілетін нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

ESG-мақсаттарын қызметтің негізгі көрсеткіштері жүйесіне интеграциялау

Тұрақты дамудың стратегиялық басымдықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін ESG-мақсаттары Серіктестіктің басшы және басқару қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) жүйесіне интеграцияланған.

ҚНҚ жүйесі стратегиялық міндеттерді басшылардың жеке жауапкершілігімен, қызмет нәтижелілігін бағалаумен және белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді бақылаумен өзара байланыстыруды қамтамасыз етеді.

Қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді бақылау бекітілген ҚНҚ жүйесіне және басқару органдары мен басшы қызметкерлер арасында белгіленген өкілеттіктерді бөлуге сәйкес жүзеге асырылады.

Бас директордың ҚНҚ картасын Жалғыз қатысушы – «Qazaq Green Power PLC» Директорлар кеңесі бекітеді. Серіктестіктің басшы қызметкерлерінің ҚНҚ карталары корпоративтік басқарудың белгіленген тәртібіне сәйкес бекітіледі.

ҚНҚ-ға қол жеткізуді бағалау көрсеткіштің атауы, өлшем бірліктері, көрсеткіштің салмағы, шекті, мақсатты және сын-қатерлі мәндері, ақпарат көздері, сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу мен қол жеткізуге жауапты тұлғалар қамтылған көрсеткіштердің бекітілген карталары мен паспорттары негізінде жүргізіледі.

Төменде ұсынылған көрсеткіштер жекелеген ESG-басымдықтардың басшылық және басқару қызметкерлерінің ҚНҚ жүйесімен өзара байланысын көрсетеді және Серіктестікте қолданылатын қызметтің тиімділігін бағалаудың жалпы жүйесін алмастырмайды.

ESG бағыттары	Жария мақсат	2025 жылдың нәтижеліктің негізгі көрсеткіштері мен нәтижелері	Басшылық және басқару қызметкерлерінің ҚНҚ-мен байланысы
Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі	Өндірістік жарақаттануға жол бермеу және қауіпсіздік мәдениетін дамыту	2025 жылы Серіктестікте персонал арасында жарақатсыз жұмыс істеу көрсеткіші 5 868 күнді құрады; еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде мінез-құлықтық бақылаулар, Safety Walk және бақылаудың цифрлық құралдары іске асырылды	Бұл бағыт Бас директордың, Бас директордың бірінші орынбасарының, өндіріс, қамтамасыз ету, экономика және қаржы жөніндегі Бас директор орынбасарларының ҚНҚ карталарына енгізілген LTIFR / мінез-құлықтық бақылаулар жүргізу ҚНҚ көрсеткішімен байланысты. Сондай-ақ Бас директордың бірінші орынбасары үшін өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларға жол бермеу және кешенді қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау және персоналды даярлау бойынша ҚНҚ көрсеткіштері көзделген
Экологиялық жауапкершілік	Табиғатты қорғау талаптарын сақтау, ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық бұзушылықтардың алдын алу	Салыстырмалы су шығыны жоспарлы мән 10,51 м³/кВт*сағ аспай тұрып 10,43 м³/кВт*сағ құрады; табиғат қорғау іс-шаралары, оның ішінде 78 710 сазанның биылғы төлін су айдындарына жіберу және «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысу жүзеге асырылды	Бұл бағыт Бас директордың бірінші орынбасарының өндірістік қызмет барысында уәкілетті органдар тарапынан экологиялық бұзушылықтар мен нұсқамалардың болмауы жөніндегі ҚНҚ көрсеткішімен байланысты. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасарының экологиялық және ресурстық тиімділікпен байланысы өз мұқтаждарына тұтынуға жұмсалатын электр энергиясының көлемі жөніндегі ҚНҚ арқылы көрсетілген

ESG бағыттары	Жария мақсат	2025 жылдың нәтижеліктің негізгі көрсеткіштері мен нәтижелері	Басшылық және басқару қызметкерлерінің ҚНҚ-мен байланысы
Энергия тиімділігі және өндірістің сенімділігі	Электр энергиясын өндірудің тиімділігін арттыру, жабдықтардың техникалық дайындығын сақтау және энергия ресурстарын ұтымды пайдалану	Электр энергиясын өндіру 1 827,4 млн кВт/сағ құрады; жабдықтың техникалық дайындық коэффициенті – жоспарлы мән 88,76 % болғанда 95,24 % құрады; Жабдықтың ПӘК – 90,32 %	Бұл бағыт Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасарының функционалдық ҚНҚ көрсеткіштерімен байланысты. Олар жабдықтардың техникалық дайындық деңгейін қамтамасыз етуді, жөндеу кестесінің орындалуын, мәжбүрлі тоқтап қалуларды азайтуды, өндірістік активтерді тиісті деңгейде ұстауды, сондай-ақ өз мұқтаждарына тұтынуға жұмсалатын электр энергиясының шығынын бақылауды қамтиды
Персоналды дамыту және әлеуметтік тұрақтылық	Кәсіби құзыреттілікті дамыту, персоналды ұстап қалу және жұмыскерлердің белсенділігін арттыру	Оқытудың жалпы көлемі 7 488 сағатты құрады; бір қызметкерге шаққандағы оқытудың орташа көлемі – 48 сағат; персонал саны – 155 адам; кадрлар тұрақсыздығы – 8 %	Аталмыш бағыт Бас директордың бірінші орынбасарының кадрлар тұрақсыздығын төмендету және SRS индексіне қол жеткізу жөніндегі ҚНҚ көрсеткішімен байланысты. Сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылық басшы және басқарушы қызметкерлерге қолданылатын NWFR және LTIFR корпоративтік ҚНҚ көрсеткіштерінде көрініс тапқан
Комплаенс және іскерлік әдеп	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау, адал мінез-құлық мәдениетін дамыту және ашықтықты арттыру	Серіктестік ISO 37001 стандартына сәйкестік бойынша сертификаттау аудитінен өтті; қызметкерлер комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өтті; Жедел желіні қоса алғанда, өтініш білдіру арналары жұмыс істеді	Бұл бағыт Бас директордың бірінші орынбасарының ISO 37001 сертификатын алу жөніндегі функционалдық ҚНҚ көрсеткішімен байланысты. Сонымен қатар комплаенс және іскерлік әдеп тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын орындау бойынша ҚНҚ арқылы ескеріледі
Корпоративтік басқару және тұрақты даму	Корпоративтік басқару, тұрақты даму, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту	2025 жылы корпоративтік басқару және тұрақты даму жүйесі енгізілді; тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасы іске асырылды; тәуекелдерді басқару, комплаенс, коммуникациялар және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі ішкі құжаттар бекітілді	Бұл бағыт Бас директор мен Бас директордың орынбасарларының ҚНҚ карталарына енгізілген «2025 жылға арналған Тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасының орындалуы» ҚНҚ көрсеткішімен тікелей байланысты. Аталған ҚНҚ көрсеткішінің ҚНҚ карталарының корпоративтік блогындағы салмағы 15 %-ды құрайды

ESG бағыттары	Жария мақсат	2025 жылдың нәтижеліктің негізгі көрсеткіштері мен нәтижелері	Басшылық және басқару қызметкерлерінің ҚНҚ-мен байланысы
Тұрақты жеткізу тізбегі және сатып алу тәртібі	Сатып алудың ашықтығын арттыру, ел ішіндегі құндылықты дамыту және жабдықтаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету	ҚНҚ құрамына тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы ел ішіндегі құндылық үлесі енгізілген; қамтамасыз ету жөніндегі Бас директордың орынбасары үшін сатып алу тәртібі, сатып алудың жылдық жоспарына түзетулер енгізу, жедел маркетингсіз сатып алуға жол бермеу, тауарлық-материалдық құндылықтарды басқару және автокөлік құралдарының дайындығы жөніндегі көрсеткіштер белгіленген	Бұл бағыт тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы ел ішіндегі құндылық үлесі бойынша корпоративтік ҚНҚ-мен, сондай-ақ қамтамасыз ету жөніндегі Бас директор орынбасарының функционалдық ҚНҚ көрсеткіштерімен байланысты. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштер сатып алудың ашықтығын, жеткізу тізбегінің тұрақтылығын және өндірістік қызметті қамтамасыз етудің тиімділігін көрсетеді
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік	Қызметкерлермен, қатысушымен, мемлекеттік органдармен, контрагенттермен, жергілікті қауымдастықтармен және білім беру ұйымдарымен ашық диалогты қамтамасыз ету	Есептік жылы Серіктестік мүдделі тараптармен коммуникация жүргізді, сауалдарға жауап берді, БАҚ-қа түсініктеме берді, баспасөз турларын өткізді, экологиялық және әлеуметтік бастамаларға қатысты, сондай-ақ жастармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын дамытты.	Бағыт SRS индексі бойынша ҚНҚ-мен, Тұрақты даму жөніндегі жол картасын орындаумен, ақпаратты ашумен, комплаенспен, еңбекті қорғаумен және персоналмен жұмыс істеумен байланысты. Бұл көрсеткіштер басқарушы қызметкерлердің қызметін бағалау кезінде қызметкерлердің қатысушының және басқа да мүдделі тараптардың күтулерін ескеруге мүмкіндік береді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

«Өскемен ГЭС» ЖШС мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ашықтық, айқындық, адалдық және өзара құрмет қағидаттары негізінде жүйелі түрде жүзеге асырады.

Серіктестік мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылды тұрақты дамудың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырады, бұл әртүрлі топтардың күтулерін ескеруге, сенім деңгейін арттыруға және неғұрлым салмақты басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Серіктестіктің мүдделі тараптарына қызметкерлер, Жалғыз қатысушы, кәсіптік одақтар, мемлекеттік органдар, жеткізушілер, тұтынушылар, серіктестер, жергілікті қауымдастықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғам-

дық бірлестіктер, білім беру ұйымдары, қаржы институттары, рейтингтік агенттіктер және өңір халқы жатады.

Мүдделі тараптармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында Серіктестікте 2025 жылғы 19 қыркүйекте Байқаушы кеңес бекіткен Мүдделі тараптар картасы қолданылады.

Құжат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына және «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген.

Мүдделі тараптар картасы негізгі стейкхолдерлер топтары туралы ақпаратты жүйелеуге, олардың ықпалы мен мүдделілік деңгейін айқындауға, негізгі күтулерін анықтауға және өзара іс-қимылдың қолайлы нысандарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен күтулерін құрметтеу және ескеру;
- ақпаратты уақтылы және жүйелі түрде ұсыну;
- коммуникацияның ашықтығы;
- қабылданған міндеттемелерді жауапкершілікпен орындау.

Мүдделі тараптардың маңыздылығын айқындау кезінде Серіктестік олардың ықпал ету

дәрежесін, мүдделілік деңгейін, Серіктестіктің қызметіне әсер ету мүмкіндігін, сондай-ақ Серіктестік қызметінің тиісті топтарға ықпалын ескереді.

Мұндай тәсіл тұрақты дамудың стратегиялық мақсаттарын іске асыру, ESG бағыттарының басымдықтарын айқындау және Серіктестіктің қызметін жетілдіру барысында мүдделі тараптардың күтулерін уақтылы ескеруге мүмкіндік береді.

Стейкхолдерлердің негізгі топтары:

Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүделлі тараптардың мүдделері
Қатысушы	Қаржылық қаражат бөлу; Жарғылық капиталды толықтыру	Пайданың өсуі; дивидендтерді уақтылы төлеу; капитал құнының артуы
Қызметкерлер	Адами ресурстар; адалдық	Жоғары жалақы; лайықты еңбек жағдайлары; кәсіби даму; мансаптық өсу
Кәсіптік одақтар	Әлеуметтік тұрақтылыққа жәрдемдесу; еңбек қатынастарын реттеу; жанжалдарды шешу	Қызметкерлердің құқықтарын сақтау және қорғау
Серіктес «KEGOC » АҚ	Жобаларды бірлесіп жүзеге асыру; технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансферті	Коммерциялық мүдделер
Басқа да серіктестер	Жобаларды бірлесіп жүзеге асыру; технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансферті	Коммерциялық мүдделер
Тұтынушылар	Серіктестікке деген адалдық; көрсетілетін қызметтерді сатып алу арқылы қаржылық ресурстар	Коммерциялық мүдделер
Жергілікті қауымдастықтар	Өзара ынтымақтастық; қызметте жоғары стандарттарды қолдануды ынталандыру	Қауіпсіздік, экологиялық жауапкершілік, жұмыс орындары, ашық коммуникация, әлеуметтік бастамалар, су режиміне әсер ету
Мемлекеттік органдар	Мемлекеттік реттеу	Салық түсімдері; экономикалық өсу; әлеуметтік тапсырмаларды шешу
Даму институттарын қоса алғанда, қаржы институттары	Жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру; несие желілері	Қарызды уақтылы төлеу; инвестициялардың табыстылығы; қаражатты орналастыру; бағдарламаларға қатысу
Жеткізушілер	Жеткізу және құн тізбегінің тиімділігі	Коммерциялық мүдделер
Қоғамдық бірлестіктер	Жоғары стандарттарды қолдануды ынталандыру; адалдық пен ынтымақтастық	Қоғамдық бірлестіктердің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру
БАҚ	Сындарлы ынтымақтастық; қоғамдық пікірді қалыптастыру	Жарияланымдар және ақпараттандыру; Коммерциялық мүдделер
Үлестес тұлғалар	Өзара ынтымақтастық	Коммерциялық мүдделер

Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүделлі тараптардың мүдделері
Рейтингтік агенттіктер, аудиторлық компаниялар	Өзара ынтымақтастық; жоғары стандарттарды қолдануды ынталандыру	Коммерциялық мүдделер
Қаржы делдалдары	Өзара ынтымақтастық	Коммерциялық мүдделер
Халық	Қызметті жүзеге асыру орындарында қолдау	Жұмысқа орналасу мүмкіндігі; әлеуметтік мәселелерді шешу; Серіктестік қызметінің ашықтығы, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік және ақпараттандыру

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік Серіктестіктің тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі болып табылады және басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде әртүрлі топтардың күтулерін есепке алуға ықпал етеді. Өзара іс-қимыл барысында алынған ақпарат қызметтің басым бағыттарын айқындау, ішкі процестерді жетілдіру және ESG аспектілерін басқару тәсілдерін қалыптастыру кезінде пайдаланылады.

Серіктестік мүдделі тараптармен ашық және сындарлы диалогты қолдауға, қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, сенім деңгейін арттыруға және Жалғыз қатысушы, қызметкерлер, қоғам және басқа да мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық жасауға ұмтылады.

Маңызды тақырыптар

«Өскемен ГЭС» ЖШС 2025 жылға арналған есепті дайындау аясында Серіктестік пен оның мүдделі тараптарының қызметі үшін ең елеулі ESG мәселелерін анықтау үшін маңызды тақырыптарды бағалауды жүргізді.

Маңызды тақырыптарды бағалау нәтижелері осы Есепті қалыптастыру, ақпаратты ашудың басым бағыттарын айқындау, ESG аспектілерін басқару тәсілдерін жетілдіру және мүдделі тараптармен одан әрі өзара әрекеттесу кезінде пайдаланылды.

Маңызды тақырыптарды бағалау GRI стандарттарының тәсілдерін, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тобында мүдделі тараптарды анықтау және саралау кезінде қолданылатын әдістемені ескере отырып жүргізілді.

Мүдделі тараптарды талдау кезінде билік, заңдылық және шұғылдық сияқты үш сипаттаманы бағалауға негізделген Митчелл, Агл және Вуд моделі қолданылды. Бұл тәсіл мүдделі тараптардың әртүрлі топтарының ықпал ету

дәрежесін айқындауға және тұрақты дамудың басым бағыттарын белгілеу кезінде олардың күтулерін ескеруге мүмкіндік береді.

Маңызды тақырыптарды айқындау рәсімі мынадай кезеңдерді қамтыды:

- 1. Ықтимал маңызды ESG-тақырыптардың алдын ала тізбесін қалыптастыру,** ол мыналарға негізделді:
 - гидроэнергетикалық кәсіпорын ретінде Серіктестік қызметінің ерекшеліктерін талдауға;
 - GRI халықаралық стандарттарының талаптары мен ұсынымдарын зерделеуге;
 - халықаралық энергетикалық және гидроэнергетикалық компаниялардың ESG есептілігін талдауға;
 - «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы талаптары мен ұсынымдарын қарастыруға.
- 2. ESG-тақырыптарға ішкі сараптамалық бағалау жүргізу және олардың басымдығын айқындау,** бұл ретте стратегиялық басымдықтар, тәуекелдер және Серіктестік қызметінің ерекшеліктері ескерілді.
- 3. Мүдделі тараптарды тарту** негізгі стейкхолдерлер топтарының өкілдерімен онлайн-сауалнама және тереңдетілген сұхбат жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Қорытынды кезеңде ішкі бағалау нәтижелері мен мүдделі тараптардың кері байланысы біріктіріліп, ESG-тақырыптардың маңыздылық деңгейі айқындалды және Маңыздылық матрицасы қалыптастырылды.

Қорытынды маңыздылықты айқындау кезінде сауалнама нәтижелерімен қатар, Серіктестіктің Мүдделі тараптар картасында қамтылған ақпарат та ескерілді. Бұл әртүрлі топтардың күтулерін олардың рөлі, ықпал ету дәрежесі

және Серіктестікпен өзара іс-қимыл сипатын ескере отырып бағалауға мүмкіндік берді.

Бағалау критерийлері, әдістеме және зерттеу нәтижелері туралы неғұрлым толық ақпарат «Өскемен ГЭС» ЖШС үшін жылдық есепті дайындау шеңберінде ESG-есептіліктің елеулі тақырыптарын бағалау әдістемесі мен нәтижелері» құжатында ұсынылған.

№	Маңызды тақырып	GRI Стандарты
1	Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі	GRI 403
2	Су ресурстары	GRI 303
3	Оқыту және персоналды дамыту	GRI 404
4	Биоалуантүрлілік	GRI 101: Biodiversity 2024
5	Энергия	GRI 302
6	Жұмыспен қамтылу	GRI 401
7	Экономикалық көрсеткіштер	GRI 201
8	Жергілікті қауымдастықтар	GRI 413, GRI 203
9	Ашықтық және Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік	GRI 2-29
10	Жеткізушілерді әлеуметтік бағалау	GRI 414
11	Экологиялық басқару және заңнама талаптарын сақтау	GRI 3-3, GRI 2-27
12	Бизнесті жауапкершілікпен жүргізу және операциялық бақылау	GRI 2-23, GRI 2-24, GRI 2-27
13	Көшбасшылық және басқару органдарының құрылымы	GRI 2-9, GRI 2-12, GRI 2-13
14	Ассоциация бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу	GRI 407

Бөлінген тақырыптар Серіктестік қызметінің негізгі экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерін көрсетеді және «Өскемен ГЭС» ЖШС-нің энергетикалық кәсіпорын ретіндегі ерекшелігіне сәйкес келеді.

Мүдделі тараптар тарапынан жоғары бағаланған **«Қауымдастық бостандығы» (GRI 407)** тақырыбы ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл тақырып қызметкерлердің бірігу құқығын сақтау, ұжымдық келіссөздер жүргізу, кәсіподақтармен өзара іс-қимыл жасау, қызметкерлерге қысым көрсетуге жол бермеу, сондай-ақ жеткізушілер мен мердігерлердің қызметкерлерінің еңбек құқықтарын бұзу тәуекелдерін бағалау мәселелерін қамтиды.

Осы Есепте аталған тақырып ұжымдық шарт, кәсіптік одақтың қызметі және қызметкерлердің құқықтарын қорғаудың қолданыстағы тетіктері туралы ақпарат арқылы ішінара ашылады. Алдағы уақытта Серіктестік бірлесу еркіндігі мәселелері бойынша, оның ішінде жеткізу тізбегіне қатысты аспектілерді қоса

Маңызды тақырыптарды бағалау қорытындысы.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша «Өскемен ГЭС» ЖШС және оның мүдделі тараптары үшін аса маңызды болып табылатын тақырыптар анықталды.


Маңыздылық матрицасына енгізілген және маңыздылық деңгейі жоғары ESG-есептіліктің елеулі тақырыптарына мыналар жатады:

алғанда, ақпаратты ашуды кеңейтуді жоспарлап отыр.

Орташа және негізгі маңыздылықтағы тақырыптар да Серіктестіктің назарында қалады. Олар осы Есепте кеңінен ашып көрсету үшін басымдық берілетін тақырыптардың қатарына жатпағанымен, ішкі рәсімдерді, тәуекелдерді басқару жүйесін, коммуникациялар мен мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жетілдіру кезінде ескеріледі.

Елеулі тақырыптарды бағалау нәтижелері Серіктестік тарапынан ESG күн тәртібінің басымдықтарын айқындау, ақпаратты ашу сапасын арттыру және тұрақты даму саласындағы одан арғы іс-шараларды қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Сараптамалық бағалау және стейкхолдерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша маңызды тақырыптар матрицасы төменде берілген



- 1. Энергия
- 2. Су және ағындар
- 3. Биоалуантүрлілік
- 4. Шығарындылар
- 5. Қалдықтар
- 6. Экологиялық басқару және комплаенс
- 7. Дайындық және білім
- 8. Жұмыспен қамтылу
- 9. Еңбекті қорғау және ӨҚ
- 10. Теңдік және құқықтар
- 11. Жергілікті қауымдастықтар
- 12. Жеткізушілерді әлеуметтік бағалау

- 13. Тәуекелдерді басқару және стратегиялық тұрақтылық
- 14. Көшбасшылық және басқару органдарының құрылымы
- 15. Ашықтық және стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу
- 16. Жауапты бизнес жүргізу және операциялық бақылау
- 17. Экономикалық нәтижелілік
- 18. Алықтар
- 19. Сатып алу тәжірибелері
- 20. Жанама экономикалық әсерлер
- 21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарымен байланыс

GRI 2-22, GRI 3-3

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметінің сипатын ескере отырып, Серіктестіктің тұрақты дамуға қосқан үлесін Біріккен Ұлттар Ұйымының бірқатар Тұрақты даму мақсаттарымен (БҰҰ ТДМ) салыстыруға болады.

Мұндай байланыс ТДМ-ның барлық көрсеткіштері бойынша тікелей есептілікті білдірмейді, бірақ өндіріс қызметі, жабдықтарды жаңғырту, экологиялық бастамалар, персоналды дамыту және мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік тұрақты дамудың халықаралық күн тәртібін қалай қолдайтынын көрсетеді.

БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаты	«Өскемен ГЭС» ЖШС қосқан үлесі
ТДМ 6 «Таза су және санитария» 	Серіктестіктің қызметі Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдаланумен тікелей байланысты. Өскемен ГЭС су шаруашылығы жағдайын, белгіленген су шығыстарын және уәкілетті органдардың талаптарын ескере отырып, станцияның жұмыс режимдерін басқаруды жүзеге асырады. Судың негізгі көлемі гидроагрегаттар арқылы өтіп, өндірістік процесс шеңберінде өзенге қайта жіберіледі. Сонымен қатар Серіктестік өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырады және рұқсаттық құжаттамасының талаптарын орындайды.
ТДМ 7 «Қолжетімді және таза энергия» 	«Өскемен ГЭС» ЖШС жаңартылатын энергия көзіне (су ағынының энергиясына) негізделген электр энергиясын өндіреді. Серіктестік жүйелік оператормен келісілген режимдерге сәйкес электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді, энергия жүйесінің сенімділігін қолдайды және қуат нарығының тетіктеріне қатысады. Бұл төмен көміртекті өндірісті дамытуға және энергетикалық жүйенің тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.
ТДМ 8 «Лайықты жұмыспен экономикалық өсу» 	Серіктестік тұрақты жұмыспен қамтуды, қауіпсіз еңбек жағдайларын және қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз етеді. Серіктестік қызметкерлерді оқытуды, білімін тексеруді, тәлімгерлікті, кадрлық резервті даярлауды және қосарлы оқыту бағдарламаларын іске асырады. Білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жас мамандарды тартуға және өңірде жұмысшы мамандықтарын дамытуға көмектеседі.
ТДМ 9 «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» 	“Өскемен ГЭС” ЖШС №4 гидроагрегатты жаңғыртуды қоса алғанда, өндірістік активтерді жаңғырту жобаларын іске асырады. Жоба қуаттылықты арттыруға, меншікті су шығынын азайтуға және жабдықтардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Серіктестік сондай-ақ басқарудың цифрлық құралдарын дамытады: мониторинг, диагностика жүйелері, ЭКЕАЖ, электрондық құжат айналымы және жабдықтардың техникалық жағдайын бақылау құралдары.
ТДМ 12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» 	Серіктестік ресурстарды пайдалану тиімділігін, электр энергиясының шығынын, меншікті тұтынуды, меншікті су шығынын және жабдықтардың техникалық жағдайын бақылайды. Экологиялық бағытта Серіктестік сенбіліктерге, аумақтарды тазалауға, қағаз қалдықтарын жинауға, көгалдандыруға және қызметкерлер мен жергілікті қоғамдастықтар арасында экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған басқа да іс-шараларға қатысады.

01

Компания туралы

02

Стратегия және сыртқы орта

03

Операциялық қызмет

04

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

05

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

06

ESG-аспектілерін басқару

07

Экологиялық жауапкершілік

08

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

09

Қосымшалар

БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаты

«Өскемен ГЭС» ЖШС қосқан үлесі

ТДМ 13 «Климаттың өзгеруімен күрес»



Гидроресурстар негізінде электр энергиясын өндіру төмен көміртекті энергетиканың дамуын қолдайды. Серіктестік өндірістік режимдерді жоспарлау, тәуекелдерді басқару және су ресурстарының қолжетімділігін бағалау кезінде климаттық және гидрологиялық факторларды ескереді. Серіктестік сондай-ақ экологиялық менеджмент жүйесі аясында парниктік газдар шығарындыларының есебін жүргізеді.

ТДМ 15 «Құрлық экожүйесін сақтау»



Серіктестік қатысу аймағындағы табиғатты қорғау шараларына, соның ішінде көгалдандыруға, экологиялық акцияларға және су айдындарын балықтандыруға қатысады. Мұндай бастамалар биоалуантүрлілікті қолдауға, табиғи ортаны сақтауға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталған.

ТДМ 16 «Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар»



Серіктестік корпоративтік басқару, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, комплаенс және іскерлік әдеп жүйесін дамытады. Серіктестікте заңнаманың сақталуына, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, шешімдер қабылдаудың ашықтығына және мүдделі тараптармен жауапты өзара іс-қимылға бағытталған ішкі саясаттар мен рәсімдер қолданылады.

ТДМ 17 «Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік»



Серіктестік мемлекеттік органдармен, білім беру ұйымдарымен, жергілікті қауымдастықтармен, жеткізушілермен, қоғамдық бірлестіктермен және БАҚ-мен өзара іс-қимыл жасайды. 2025 жылы Серіктестік кәсіптік бағдар беру, қосарлы оқыту, экологиялық бастамалар және әлеуметтік жобалар салаларындағы әріптестікті дамытты, бұл қызмет жүзеге асырылатын өңірдегі ұзақ мерзімді сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Осылайша, «Өскемен ГЭС» ЖШС қызметі электр энергиясын сенімді өндіруді қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану, адами капиталды дамыту, қауіпсіздік деңгейін арттыру және тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру арқылы БҰҰ-ның ТДМ-на қол жеткізуге үлес қосады.

Серіктестіктің ESG-тәжірибелерін одан әрі дамыту электр энергиясын өндіру тиімділігін арттыруға, жабдықтарды жаңғыртуға, су ресурстарын ұтымды пайдалануға, экологиялық және өндірістік бақылауды дамытуға, сондай-ақ операциялық қызмет, корпоративтік басқару және станцияның ұзақ мерзімді тұрақтылығы арасындағы байланысты нығайтуға бағытталатын болады.

Экологиялық жауапкершілік

GRI 3–3, 302, 303, 305, 306, 2–27

Экологиялық аспектілерді басқару тәсілі

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметі қоршаған ортаға тікелей әсер етудің шектеулі деңгейімен сипатталады, бұл жаңартылатын энергия өндіру түрі ретінде гидроэнергетиканың ерекшелігіне байланысты. Сонымен қатар Серіктестік қызметінің негізгі экологиялық аспектілеріне су ресурстарын пайдалану, су экожүйелеріне, оның ішінде ихтиофаунаға әсер ету, Ертіс өзенінің гидрологиялық режимін сақтау, қалдықтармен жұмыс істеу және экологиялық заңнама талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету жатады.

Осы жағдайларда Серіктестіктің экологиялық менеджменті қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмауға және азайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, нормативтік талаптарды сақтауға, экологиялық тәуекелдерді басқаруға, сондай-ақ табиғатты қорғау және өтемдік іс-шараларды іске асыруға бағытталған.

Экологиялық аспектілер Серіктестіктің тұрақты даму жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады және өндірістік әрі басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі.

Серіктестіктің экологиялық менеджмент саясаттары мен жүйелері

Серіктестіктің экологиялық қызметі корпоративтік менеджмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және **2025 жылғы 27 қаңтарда бекітілген Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатпен** реттеледі.

Саясат Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаның ластануын болдырмау және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау саласындағы негізгі қағидаттар мен бағымдықтарды айқындайды.

Экологиялық менеджмент жүйесі Серіктестіктің жалпы басқару жүйесіне интеграцияланған және негізгі өндірістік процестерді қамтиды. **ISO 14001:2015** халықаралық стандартының талаптарына сәйкестік қолданыстағы сертификаттаумен расталған, бұл экологиялық аспектілерді басқаруға жүйелі тәсілді қолдандуды қамтамасыз етеді.

Экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде тұрақты негізде ішкі және сыртқы аудиттер жүргізіледі, экологиялық аспектілерге мониторинг жүзеге асырылады, белгіленген талаптарға сәйкестігі бағаланады және табиғатты қорғау іс-шараларының орындалуы бақыланады.

Серіктестік қызметінің негізгі экологиялық аспектілеріне мыналар жатады:

- өндірістік процесте су ресурстарын қолдану;
- су пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау және су сапасын бақылау;
- су экожүйелерінің биоалуантүрлілігіне әсер ету;
- өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу;
- атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары;
- өндірістік объектілерді пайдалану кезінде экологиялық талаптарды сақтау.

Экологиялық жауапкершілік

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

Экологиялық және климаттық тәуекелдерді бағалау корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде жүргізіледі және өндірістік факторларды, сондай-ақ гидрологиялық сипаттамалардың өзгеруі, су ресурстарының қолжетімділігі және климаттық факторлардың ықтимал әсері сияқты табиғи жағдайларды ескереді.

Серіктестіктің экологиялық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Қолданылатын нормативтік-құқықтық талаптардың тізбесі заң қызметінің қатысуымен қалыптастырылады және «Параграф» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы тұрақты түрде өзектендіріліп отырады.

2025 жылы Серіктестікте:

- Қоршаған ортаны қорғауды басқару жөніндегі ПН 02-05 нұсқаулығы;
- «Төтенше экологиялық жағдайларға ден қою жөніндегі нұсқаулық»өзектендірілді.

Белгіленген экологиялық талаптардан ауытқулар анықталған жағдайда анықталған сәйкессіздіктердің себептерін жоюға, экологиялық тәуекелдерді азайтуға және бұзушылықтардың қайталануының алдын алуға бағытталған түзету іс-шаралары жүзеге асырылады.

Экологиялық аспектілерде жауапкершілікті бөлу

Экологиялық аспектілерді басқару құрылымдық бөлімшелер арасында функцияларды, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөле отырып интеграцияланған менеджмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Экологиялық менеджмент жүйесіне жалпы басшылықты және үйлестіруді басшылық өкілінің функцияларын орындайтын экологиялық менеджмент жүйесі жөніндегі уәкілетті жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметкерлердің жауапкершілігі Серіктестіктің ішкі

нормативтік құжаттарында бекітілген және нұсқаулықтар, оқыту және өндірістік рәсімдер шеңберінде қызметкерлерге жеткізіледі.

Құрылымдық бөлімшелер өз құзыреті шегінде экологиялық саясатты іске асыруға қатысады, оның ішінде:

- экологиялық аспектілерді сәйкестендіру;
- экологиялық тәуекелдерді басқару;
- табиғатты қорғау талаптарын сақтау;
- табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға қатысу.

Экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі, экологиялық бақылау нәтижелері және анықталған сәйкессіздіктер туралы ақпарат жүйенің тиімділігін бағалау және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін Серіктестіктің басшылығына тұрақты түрде ұсынылады.

Әсер ету шекаралары және әсерге ұшыраған объектілер

Серіктестіктің қоршаған ортаға әсері негізінен гидроэнергетикалық объектіні пайдаланумен байланысты және Ертіс өзенінің су экожүйелеріне, оның ішінде жоғарғы және төменгі бьефтерге, ихтиофаунаға және оның мекен ету жағдайларына, сондай-ақ өндірістік алаңдарға іргелес аумақтарға таралады.

Негізгі экологиялық фактор гидротехникалық құрылыстарды пайдалануға байланысты су ресурстарына және гидрологиялық режимге әсер ету болып табылады.

Жанама әсерлер өндірістік және жөндеу жұмыстарына қатысатын мердігерлік ұйымдардың қызметімен де байланысты.

Әсер ету жергілікті сипатқа ие және қолданыстағы қоршаған ортаны қорғау талаптары мен өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде реттеледі.

Экологиялық басқару тиімділігін бағалау тәсілі

Экологиялық басқарудың тиімділігін бағалау мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

- экологиялық менеджмент жүйесінің сыртқы және ішкі аудиттерінің нәтижелері;
- өндірістік экологиялық бақылау деректері;
- зертханалық мониторинг нәтижелері;
- анықталған ауытқулар мен ескертулерді талдау;
- міндетті табиғатты қорғау іс-шараларының орындалуы.

Экологиялық басқарудың тиімділігін бағалау кезінде негізгі екпін бұзушылықтардың алдын алуға тәуекелдерді уақтылы анықтауға және анықталған ауытқуларды жедел жоюға аударылады.

Суды пайдалану және су тұтыну GRI 303–1, 303–3, 303–4, 303–5

Су ресурстарын басқару тәсілі

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметі Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдалануға тікелей байланысты, бұл ретте су бір мезгілде өндірістік ресурс және табиғи экожүйенің бір бөлігі болып табылады.

Серіктестің өндірістік процесі суды ағынды түрде пайдалануға негізделген: су электр энергиясын өндіру үшін станцияның гидроагрегаттары арқылы өтіп, табиғи өндірістік цикл шеңберінде су объектісіне қайта жіберіледі. Бұл ретте электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын көлемдегі су қайтарымсыз тұтынылатын ресурс болып табылмайды.

Қызметтің негізгі әсері судың елеулі көлемін алумен емес, белгіленген гидрологиялық ре-

жимнің сақталуын қамтамасыз етумен, гидротехникалық құрылыстарды пайдаланумен және су экожүйелеріне ықтимал әсерді бақылаумен байланысты.

Су ресурстарын басқару өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- су пайдалану көлемдерін есепке алу;
- су объектілерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу;
- ағынды және жерүсті суларының сапасын бақылау;
- белгіленген есептілікті жүргізу;
- рұқсаттық құжаттамасының талаптарын сақтау.

Су ресурстарын пайдалану «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы» РММ берген қолданыстағы арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

Серіктестік белгіленген талаптардың, су пайдалану лимиттерінің және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Су алу көздері

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің сумен жабдықтаудың жалғыз көзі — Өскемен су қоймасы. 2025 жылы жерүсті суларының үлесі су алудың жалпы көлемінің 100%-ын құрады. Жерасты су көздері мен муниципалдық сумен жабдықтау пайдаланылмайды.

Станцияның гидроагрегаттары арқылы өткен судың жалпы көлемі 2025 жылы 19 066 087,7 мың м³ құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 982 285,2 мың м³-ге (4,9%-ға) төмен. Көрсеткіштің динамикасы станцияның жұмыс режимдері мен гидрологиялық жағдайларға байланысты айқындалады.

2023–2025 жылдардағы жалпы су алу көлемі, мың м³

Су көзі /жыл	2023	2024	2025	Үлесі, %
Жерүсті сулары, мың м³	15 118 762	20 048 372,9	19 066 087,7	100 %

ГЭС-тің басты экологиялық факторы

Серіктестіктің негізгі әсері суды тұтынумен емес су режимін басқарумен және Ертістің су экожүйелеріне әсер етумен байланысты.

Суды өндірісте пайдалану

Судың негізгі көлемі электр энергиясын өндірудің технологиялық процесінде пайдаланы-

лады. Қосымша су персоналдың шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін пайдаланылады олардың көлемі айтарлықтай аз болып қалады.

2023–2025 жылдарға су пайдалану құрылымы, мың м³

Пайдалану бағыты	2023	2024	2025
Технологиялық процестер, мың м³	15 118 720	20 048 342,4	19 066 060,0
Шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер, мың м³	42	30,5	27,7

Су қашырту

Суды бұру (қайтару) және ағынды суларды қашырту Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарына және уәкілетті мемлекеттік органдар берген рұқсат құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар Ертіс өзеніне ағызылмайды. Олар септиктерге жиналып, сорылып алынады және одан әрі бұру мен тазарту үшін ШЖҚ «Өскемен Суарнасы» КМК желісіне шығарылады.

2025 жылы суды бұрудың (қайтарудың) жалпы көлемі 19 066 082,5 мың м³ құрады. Бұл көлемнің негізгі бөлігі станцияның гидроагрегаттары арқылы өтіп, жерүсті су объектісіне қайтарылған суға тиесілі. Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың көлемі бөлек есепке алынады және Ертіс өзеніне тікелей қашыртуға жатпайды.

Судың негізгі көлемі гидроагрегаттар арқылы өткеннен кейін электр энергиясын өндірудің технологиялық процесі шеңберінде Ертіс өзеніне қайта жіберіледі. Сонымен қатар жерүсті су объектісіне тазартылған нөсер және еріген қар сулары ағызылады. Оларды ағызу жол берілетін шекті қашыртулар нормативтеріне және рұқсат беру құжаттамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2023–2025 жылдардағы суды бұрудың жалпы көлемі мен бағыттары, мың м³

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Жалпы қашырту көлемі, мың м³	15 118 756,8	20 048 367,75	19 066 082,5
Жерүсті суқоймаларына, мың м³	15 118 720	20 048 342,4	19 066 060
Кәрізге, мың м³	36,8	25,35	22,5

Ағынды сулардың сапасын бақылау

«Өскемен ГЭС» ЖШС-де өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде ағынды және жерүсті суларының сапасына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Мониторинг экологиялық талаптардың сақталуын растауға және ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтауға бағытталған.

Нөсер және еріген қар суларының сапасын бақылау тазарту алдында және тазартудан кейін жүргізіледі. 2025 жылы мұнай өнімдері мен жүзбе заттарды қоса алғанда, негізгі көрсеткіштер бойынша үш зертханалық зерттеу жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып кету анықталмады.

Тазарту құрылыстарының тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін Серіктестік тұрақты негізде оларға техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану жағдайын бақылауды жүзеге асырады.

2023–2025 жылдардағы су тұтыну серпіні, мың м³

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Жалпы су алу, мың м³	15 118 762	20 048 372,9	19 066 087,7
Жалпы су қашырту, мың м³	15 118 756,8	20 048 367,8	19 066 082,5
Су тұтыну (айырма), мың м³	5,20	5,15	5,2

Қалдықтармен жұмыс
GRI 306–1, 306–2, 306–3, 306–4, 306–5

Қалдықтарды басқару тәсілі

Серіктестіктің қызметі жылу энергетикасына немесе өнеркәсіптік өндіріске тән қалдықтардың елеулі көлемінің түзілуімен байланысты емес. Негізгі қалдықтар жабдықтарды пайдалану, жөндеу жұмыстарын жүргізу және шаруашылық-тұрмыстық қызмет барысында түзіледі.

Қалдықтарды басқару өндірістік экологиялық бақылау жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және қалдықтармен жұмыс істеудің олардың

Ертіс өзенінің жерүсті суларының сапасына мониторинг ағынды сулар ағызылатын орындардан 500 м жоғары және 500 м төмен қашықтықта орналасқан бақылау тұстамаларында жылына 3 рет жүргізіледі. Зертханалық талдау су сапасының негізгі көрсеткіштерін, оның ішінде мұнай өнімдерінің, өлшенген заттар мен фосфаттардың құрамын қамтиды.

2025 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері белгіленген экологиялық талаптардың сақталғанын және Серіктестік қызметінің Ертіс өзенінің жерүсті суларының сапасына елеулі теріс әсерінің болмағанын растайды.

Су тұтыну

Серіктестіктің нақты су тұтынуы барынша төмен болып қалуда және 2025 жылы шамамен 5,2 мың м³ құрады. Су алу және су жіберу көлемдерінің арасындағы айырмашылық мардымсыз және су теңгеріміне айтарлықтай әсер етпейді.

түзілуінен бастап мамандандырылған ұйымдарға тапсырылуына дейінгі барлық кезеңдерін қамтиды. Барлық қалдықтар есепке алынады, белгіленген орындарда уақытша сақталады және заңнама талаптарына сәйкес кәдеге жаратуға немесе қайта өңдеуге беріледі.

Қалдықтардың түзілуі тұрақты сипатқа ие емес және жөндеу жұмыстарының көлеміне байланысты. 2025 жылы қалдықтардың жалпы көлемі 213,45 тоннаны құрады, оның ішінде 11,81 тоннасы – қауіпті және 201,64 тоннасы – қауіпті емес қалдықтар.

2024 жылмен салыстырғанда қалдықтардың жалпы көлемінің төмендеуі жөндеу жұмыстарының көлемінің азаюымен байланысты.

2023–2025 жылдардағы қалдықтардың түрлері бойынша құрылымы және серпіні, тонна

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Қалдықтардың жалпы көлемі, тонна	218,7	236	213,5
Қауіпті қалдықтар, тонна	12,5	13,7	11,8
Қауіпті емес қалдықтар, тонна	206,2	222,4	201,6

Маңызды!

Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар Ертіс өзеніне тасталмайды. Олар септиктерге жиналып сорылады және «Өскемен Су арнасы» желісіне беріледі.

Қалдықтардың негізгі үлесі: құрылыс қалдықтары, тұрмыстық қалдықтар және металл сынықтары. Қауіпті қалдықтар шектеулі көлемде түзіледі және негізінен жабдықтарға қызмет көрсетумен байланысты (майлар, ластанған материалдар және т.б.).

Серіктестіктің қызметі күл, қож, радиоактивті және уытты өнеркәсіптік қалдықтардың түзілуімен байланысты емес. Серіктестік аумағында қалдықтарды көмуге арналған жинақтағыштар жоқ.

2023–2025 жылдардағы қалдықтардың түрлері бойынша құрылымы, тонна

Қалдықтар түрі /жыл	2023	2024	2025	Қауіптілік класы
Тұрмыстық қалдықтар, тонна	57,2	57,2	57,2	20 03 01
Өңделген майлар, тонна	0,035	0,353	0	13 02 08*
Ластанған материалдар (шүберектер, сүзгілер), тонна	0,023	0,125	0,171	15 02 02*, 16 01 07*
Металл сынықтары, тонна	23,5	49,2	20,3	16 01 17, 16 01 18
Құрылыс қалдықтары, тонна	124,8	112,8	122,4	17 01 07
Басқалары, тонна	13,09	16,32	13,36	

* қауіпті қалдықтар.

Қалдықтармен жұмыс жасау тәртібі

Түзілетін барлық қалдықтар қайта өңдеу, кәдеге жарату немесе көму үшін мамандандырылған ұйымдарға шарттық негізде беріледі.

Қалдықтардың бір бөлігі қайта өңдеуге жіберіледі, оның ішінде: қағаз, картон және металл сынықтары. Қауіпті қалдықтар, соның

ішінде пайдаланылған майлар мен ластанған материалдар кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға беріледі. Қайта пайдалану тәжірибелері шектеулі болып келеді.

2025 жылы 20 546 тонна қалдық қайта өңдеуге жіберілді.

Серіктестіктің аумағында қалдықтарды жағу жүзеге асырылмайды.

2023–2025 жылдары қайта өңдеуге жіберілген қалдықтар, тонна

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Қайта өңдеу (рециклинг), тонна	23,9	49,5	20,5

Бақылау және әсерді азайту

2025 жылы өндірістік экологиялық бақылау аясындағы аралау нәтижелері бойынша негізінен қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және жоюды ұйымдастыруға байланысты жекелеген ескертулер анықталды. Мұндай жағдайлар операциялық сипатқа ие және айтарлықтай экологиялық жүктеменің қалыптасуымен байланысты емес.

Есепті кезеңде қалдықтармен жұмыс істеу саласында барлығы 134 ескерту, сондай-ақ аумақтарды ластаудың 14 жағдайы тіркелді. Өткен жылмен салыстырғанда жердің ластану жағдайларының төмендеуі байқалады.

Экологиялық ауытқулардың жалпы санындағы қалдықтар бойынша ескертулердің жоғары үлесі Серіктестік қызметінің ерекшелігіне байланысты: шығарындылар мен төгінділердің төмен деңгейі кезінде қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері ең көп операциялық бақылауды талап етеді.

2025 жылы ескертулер санын азайту үшін персоналмен және мердігер ұйымдармен жұмыс күшейтілді, оның ішінде қалдықтарды басқару мәдениетін арттыруға және белгіленген талаптарды сақтауға бағытталған оқыту, нұсқаулықтар мен экологиялық жаттығулар жүргізілді.

Энергия тұтыну және энергия тиімділігі

GRI 302–1, 302–3, 302–4

Энергия тиімділігін басқару тәсілі

«Өскемен ГЭС» ЖШС жалпы басқару жүйесіне біріктірілген және ISO 50001:2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін энергетикалық менеджмент жүйесі жұмыс істейді.

Жүйенің сәйкестігі тұрақты сертификаттау және инспекциялық аудиттермен расталады, оның қорытындысы бойынша 2025 жылы оның тиімділігі мен белгіленген талаптарға сәйкестігі расталды.

Энергия тиімділігін басқару ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауға және өндірістік процестерді оңтайландыру бойынша шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер жүйесі (EnPI) негізінде жүзеге асырылады.

Серіктестік үшін негізгі көрсеткіш су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін көрсететін электр энергиясын өндіруге арналған меншікті су шығыны болып табылады.

Электр энергиясын өндірудің энергия тиімділігі

Су ресурстарын пайдалану тиімділігі су энергетикасының экологиялық тұрақтылығының негізгі факторларының бірі болып табылады және станцияның судың су энергетикалық әлеуетін электр энергиясына түрлендіру қабілетін көрсетеді.

2025 жылы электр энергиясын өндіру үшін судың үлестік шығынының жоспарлы мәні 10,51 м³/кВт*сағ, ал нақты мәні 10,43 м³/кВт*сағ болды.

Нақты көрсеткіш жоспарлы көрсеткіштен 0,08 м³/кВт*сағ-қа немесе шамамен 0,76%-ға төмен болды, бұл жоспарлы параметрлермен

салыстырғанда су ресурстарын тиімдірек пайдаланғанын көрсетеді.

Нәтижеге қол жеткізу су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және гидроагрегаттардың пайдалану режимдерін түзету арқылы қамтамасыз етілді.

Бұл көрсеткіш су ресурстарының гидроэнергетикалық әлеуетін электр энергиясына түрлендірудің тиімділігін сипаттайды және электр энергиясын өндіру процесінде парниктік газдар мен ластаушы заттардың атмосфераға айтарлықтай тікелей шығарылуы болмаған кезде станцияның жоғары энергетикалық тиімділігін растайды.

Меншікті қажеттіліктерге энергия тұтыну

2025 жылы Серіктестіктің жеке қажеттіліктеріне энергия тұтыну жоспарлы мөндермен салыстырғанда төмендеді.

Электр энергиясының меншікті қажеттіліктерге жұмсалған үлесі жоспардағы 0,15%-ға қарағанда 0,12%-ды құрады. Абсолюттік тұтыну көлемі бойынша да осындай серпін байқалады: нақты көлем 2 148 940 кВт*сағ құрап, жоспарлы көрсеткіштен 470 126 кВт*сағ-қа (–17,95%) төмен болды.

Шаруашылық қажеттіліктерге жұмсалатын электр энергиясы бойынша да төмендеу байқалды – 879 198 кВт*сағ-қа дейін (–9,5%), бұл рұқсат етілген ауытқулар шегінде қалады.

Жоспарлы мөндерден ауытқулар, соның ішінде электр энергиясын өндіру және босату көрсеткіштерінің түзетілуіне байланысты.

Жалпы алғанда, меншікті қажеттіліктерге тұтынылатын электр энергиясы үлесінің төмендеуі электр энергиясын ұтымды пайдалануды және жабдықтың тиімді жұмыс режимдерін қамтамасыз етуді көрсетеді. Бұл ретте жоспарлы мөндерден ауытқулар электр энергиясын өндіру және босату көрсеткіштерінің түзетілуіне де байланысты.

Энергия тұтыну көрсеткіштерінің серпіні мен ауытқулары (EnPI)

Көрсеткіш	Жоспар	Нақты	Ауытқу	Түсініктеме
EnPI-2 Меншікті қажеттіліктерге жұмсалатын электр энергиясының үлесі, %	0,15%	0,12%	-0,03 п.т. (-20%)	Маңыздылық шегі асып кетті; бұл «Самұрық-Энерго» АҚ ұсынымдарына сәйкес электр энергиясын өндіру және босату көрсеткіштерінің түзетілуіне байланысты
EnPI-3 Меншікті қажеттіліктерге электр энергиясын тұтыну, кВт*сағ	2 619 066	2 148 940	-470 126 (-17,95%)	Маңыздылық шегі асып кетті (±10%)
EnPI-4 Шаруашылық қажеттіліктерге электр энергиясын тұтыну, кВт*сағ	971 530	879 198	-92 332 (-9,5%)	Рұқсат етілген диапазон шегінде

Энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар

2025 жылы жүргізілген ішкі тексерулер мен сыртқы аудиттердің нәтижелері бойынша энергия менеджменті жүйесінде сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Жүйе тиімді деп танылып, жұмыс күйінде сақталуда.

Есепті кезеңде қосымша түзету немесе алдын алу іс-шараларын жүргізу талап етілмеді. Жүйені жетілдіру бұрын енгізілген шешімдер және көрсеткіштерді тұрақты түрде қайта қарау есебінен қамтамасыз етіледі.

Тұрақты жетілдіру қағидаты шеңберінде келесі кезеңге мынадай іс-шаралар көзделген:

- қол жеткізілген нәтижелерді ескере отырып, энергия тиімділігі көрсеткіштерінің (EnPI) нысаналы мәндерін белгілеу;
- гидрологиялық жағдайлар мен жылыту кезеңін қоса алғанда, маусымдық факторларды ескере отырып, көрсеткіштерді тұрақты түрде түзету.

Парниктік газдар шығарындылары GRI 3-3, 305-1, 305-2, 305-3

Шығарындыларды басқару

«Өскемен ГЭС» ЖШС-де парниктік газдар шығарындыларын басқару қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйесі мен Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. 2025 жылы 2019–2027 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылаудың бекітілген бағдарламасы қолданылды. Серіктестіктің тәсілі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына негізделген және шығарын-

дыларды есепке алудың халықаралық тәжірибелерін ескереді.

«Өскемен ГЭС» ЖШС су ресурстарын пайдалану негізінде электр энергиясын өндіруді жүзеге асырады. Жылу электр станцияларынан айырмашылығы, электр энергиясын өндірудің негізгі технологиялық процесінде қазба отын пайдаланылмайды, соның нәтижесінде өндірістік қызметтен болатын парниктік газдардың тікелей шығарындылары мардымсыз сипатқа ие және негізінен қосалқы процестермен байланысты.

Серіктестікте парниктік газдар шығарындыларының тұрақты бағалануы мынадай санаттар бойынша жүргізіледі:

Scope 1 – Серіктестіктің бақылауындағы көздерден шығатын тікелей шығарындылар. Оларға дәнекерлеу және сырлау жұмыстары кезінде, төрт гидроагрегаттың жұмысы барысында, автомобиль көлігінен және энергиямен жабдықтаудың резервтік көзінен шығатын шығарындылар жатады.

Scope 2 – сатып алынатын электр және жылу энергиясын тұтынуға байланысты жанама энергетикалық шығарындылар. Гидроэлектр станциясы қызметінің ерекшелігін ескере отырып (электр энергиясының негізгі бөлігі Серіктестіктің өзі өндіреді), 2025 жылы Scope 2 бойынша шығарындылар болған жоқ.

Scope 3 – құн жасау тізбегінде туындайтын өзге де жанама шығарындылар, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға, мердігер ұйымдардың қызметіне, материалдар мен жабдықтарды тасымалдауға, қалдықтармен жұмыс істеуге, іссапарларға және өзге де жанама көздерге байланысты шығарындылар.

Шығарындыларды бақылау және бағалау қолданыстағы эмиссиялар мониторингі жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, тоқсан сайын стационарлық және жылжымалы көздерден шығатын шығарындылар есептеледі, сондай-ақ белгіленген нормативтердің сақталуына бақылау жүргізіледі.

Серіктестіктің өндірістік алаңдарында шығарындылардың 12 көзі жұмыс істейді, оның ішінде 7 ұйымдастырылған және 5 ұйымдастырылмаған көз бар. Барлық шығарындылар белгіленген нормативтер шегінде және қоршаған ортаға эмиссияларға қолданыстағы рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

2025 жылы шығарындылар нормативтерінің асып кету жағдайлары тіркелген жоқ.

Scope 1, 2, 3-ті ескере отырып, электр энергиясын өндірудің көміртектік қарқындылығы, г СО₂-бал./кВт*сағ

Көрсеткіш атауы /жыл	2022	2023	2024	2025
Өндірудің көміртектік қарқындылығы	0,069	0,323	1,154	1,2

Электр энергиясын өндірудің көміртектік қарқындылығы көрсеткішінің өсуі парниктік газдар шығарындыларын есепке алу шекараларының Scope 3 қамту аясында кеңеюіне, оның ішінде жеткізу тізбегін неғұрлым егжей-тегжейлі бағалауға байланысты.

Осылайша, «Өскемен ГЭС» ЖШС парниктік газдардың тікелей шығарындыларының ең төмен деңгейімен және атмосфералық ауаға әсерінің төмен болуымен электр энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін көміртегі шығарындылары төмен өндіру көздерінің қатарына жатады. Серіктестік тұрақты экологиялық бақылауды жүзеге асырады, парниктік газдар шығарындыларын есепке алады және тиісті ақпаратты белгіленген тәртіппен ашады, бұл қызметтің ашықтығын және экологиялық заңнама талаптары мен корпоративтік ESG-тәсілдерге сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Парниктік газдар шығарындылары (Scope 1, 2, 3)

Scope 3 шығарындыларын есептеу климаттық есептілікке қатысты халықаралық тәсілдерді, сондай-ақ деректердің толықтығы, салыстырмалылығы және анықтығы қағидаттарын ескере отырып әзірленген «Самұрық-Энерго» АҚ Scope 3 қамту саласындағы парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі бекітілген әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Есептілік шекаралары Серіктестіктің көміртектік ізінің қалыптасуына жанама әсер ететін қызмет

«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік талаптарына және экологиялық есепке алудың ішкі рәсімдеріне сәйкес Серіктестік жыл сайын парниктік газдар шығарындыларына түгендеу жүргізеді, оның ішінде Score 3 өзге де жанама шығарындыларын есепке алады. Түгендеу нәтижелері шығарындылар серпініне мониторинг жүргізу, қызметтің климаттық аспектілерін бағалау, экологиялық тұрақтылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және ESG-ақпаратты ашу үшін қолданылады.

Су электр станциясындағы электр энергиясының өндірісі төмен көміртегі сыйымдылығымен сипатталады. Электр энергиясын өндірудің көміртегі қарқындылығы (немесе көміртегі ізі) шамамен 1 кВт*сағ үшін 0,067 г СО₂ құрайды, бұл іс жүзінде көміртексіз өндіріске сәйкес келеді.

түрлері мен санаттарды қамтиды. Серіктестік үшін елеулі деп танылған жанама шығарындылар санаттары бекітілген әдістемеге сәйкес айқындалып, сандық тұрғыдан бағаланды.

Жанама шығарындыларды сандық бағалау жалпыға бірдей танылған халықаралық тәсілдер мен бекітілген әдістемелік құжаттарды қолдану арқылы жүргізілді.

Серіктестіктің шығарындыларына негізгі үлес жеткізу тізбегімен және сыртқы қызметтермен байланысты жанама көздер есебінен қалыптасады.

2024–2025 жылдары Scope 3 шығарындыларының өсуі Серіктестіктің тікелей өндірістік шығарындыларының ұлғаюымен емес, есепке алу шекараларының кеңеюімен және жеткізу тізбегін егжей-тегжейлі бағалаумен байланысты.

2025 жылы шығарындылардың жалпы көлемі 2 199 т СО₂-бал. құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1 724,2 тоннаға өсті. Өсім қамту ауқымының кеңеюіне және жанама шығарындыларды неғұрлым толық бағалауға байланысты болды. Шығарындылар құрылымы: Scope 1 (тікелей шығарындылар) – 121,90 т СО₂-бал., Scope 2 – жоқ (Серіктестік сатып алынатын электр энергиясын тұтынбайды), Scope 3 (өзге де жанама шығарындылар) – 2 077,1 т СО₂-бал.

Серіктестіктің көміртектік ізіне негізгі үлесті Scope 3 жанама шығарындылары қосады, олардың үлесі 2025 жылы 94,5%-ға жетті.

Парниктік газдар шығарындылары (Score 1, 2, 3), т CO₂-бал.

Көрсеткіш	2023	2024	2025	Үлесі, %
Score 1	92,9	128,2	121,9	5,5
Score 2	0	0	0	0
Score 3	381,2	2054,2	2077,1	94,5
Жалпы шығарындылар	474,2	2182,3	2199	100

Газдар бойынша шығарындылар құрылымы

Тікелей шығарындылар (Score 1) құрылымында негізгі үлесті қосалқы көздерде және көлікте отынды пайдалану нәтижесінде түзілетін көмірқышқыл газы (CO₂) құрайды. 2025 жылы: CO₂ – 96,87 т CO₂-бал., N₂O – 0,0052 т CO₂-бал.,

CH₄ – 0,0052 т CO₂-бал., SF₆ шығарындылары – елеусіз және нөлге жуық, ПФК, HFCs, NF₃ және биогендік CO₂ шығарындылары елеулі ретінде тіркелмеген.

Осылайша, шығарындылар құрылымы парниктік газдардың елеулі технологиялық көздерінің жоқ екенін растайды.

Газдар бойынша шығарындылар құрылымы, т CO₂-бал.

Газ	2023	2024	2025
CO ₂	89,14661500	102,98936000	96,87344284
Биогендік CO ₂	–	–	–
N ₂ O	0,00489036	0,00569265	0,00519457
ГФК	–	–	–
ПФК	–	–	–
SF ₆	0,00010000	0,00100000	0,00000000
CH ₄	0,00667759	0,00568924	0,00521571
NF ₃	–	–	–

Score 3 шығарындылар санаты

Серіктестіктің шығарындыларына негізгі үлес жеткізу тізбегімен және сыртқы көрсетілетін қызметтермен байланысты жанама көздер есебінен қалыптасады.

2024–2025 жылдары Score 3 шығарындыларының өсуі есепке алу шекараларының кеңеюіне және жеткізу тізбегін неғұрлым егжей-тегжейлі бағалауға байланысты.

Санаттар бойынша шығарындылар, т CO₂-бал.

Score 3 санаты	Ішкі санат (GHG Protocol)	2023	2024	2025
Сатып алулар	1-санат (тауарлар мен қызметтер)	360,5	1856,03	1827,87
	2-санат (күрделі тауарлар)	–	43,557	86,153
Көлік	4-санат (көлік және жеткізу)	–	1,688	0
	7-санат (иссапарлар)	10,74	62,572	81,593
Қалдықтар	5-санат (қалдықтармен жұмыс)	–	48,089	41,486
Басқа	6-санат (басқа жанама)	10,009	42,221	39,959
Мердігерлер	–	–	–	–

Шығарындыларды бақылау және мониторинг

Ластаушы заттардың шығарындыларын бақылау өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде өндірістік алаңдарды тұрақты аралауды қоса алғанда жүзеге асырылады.

Мониторинг нәтижелері бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының белгіленген нормативтерден асып кетуі анықталмады, бұл экологиялық бақылаудың тұрақты деңгейін растайды.

Биоалуантүрлілік және әсерді басқару

GRI 101: Biodiversity 2024

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметі Ертіс өзенінің су экожүйелеріне әсер етумен байланысты. Әсер етудің негізгі компоненті – ихтиофауна, өйткені гидротехникалық құрылыстардың жұмысы балықтардың мекен ету, қоныс аудару және көбею жағдайларына әсер етеді.

Шығарындылар деңгейі жоғары кәсіпорындардан айырмашылығы, Серіктестіктің қоршаған ортаға әсері жергілікті сипатқа ие және ластаумен емес, гидрологиялық режимнің өзгеруімен және гидроагрегаттарды пайдаланумен байланысты.

Биоалуантүрлілікті басқару тәсілі

Биоалуантүрлілікке әсерді басқару Серіктестіктің жалпы экологиялық саясаты шеңберінде жүзеге асырылады және халықаралық иерархияға: әсерді болдырмау, барынша азайту, қалпына келтіру және өтеу қағидаттарына негізделеді. Негізгі назар су биоресурстарына, ең алдымен ихтиофаунаға әсерді азайтуға аударылады.

Негізгі әсер ету аймақтары

Серіктестіктің әсер ету аймағына жоғарғы бьеф (Өскемен су қоймасы), төменгі бьеф (Ертіс өзеніндегі бөгеттен төмен орналасқан өзен учаскесі), сондай-ақ ағынды реттеуге ұшырайтын өзен учаскелері кіреді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға тікелей әсер ету фактілері тіркелмеген.

Ихтиофаунаға байланысты әсерлерді сәйкестендіру және бағалау

Негізгі әсер ету факторлары балықтардың гидроагрегаттар арқылы өтуімен, ағыс жылдамдығы мен су деңгейінің өзгеруімен, сондай-ақ бөгеттің тосқауылдық әсерімен байланысты.

Экожүйенің ең сезімтал компоненті уылдырық шашу және маусымдық қоныс аудару кезеңдерінде әсіресе ихтиофауна болып қала береді.

Әсер ету жергілікті және реттелетін сипатқа ие және станцияны жоспарлау мен пайдалану кезінде ескеріледі.

Су биоресурстарына әсерді бағалау және басқару

Су биоресурстарына әсерді бағалау үшін Серіктестік мамандандырылған ғылыми ұйымдарды тартады. 2023–2024 жылдары балықтардың түрлік құрамын, олардың мекен ету жағдайларын және гидротехникалық құрылыстардың әсер ету факторларын зерттеуге бағытталған зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері табиғатты қорғау іс-шараларын, оның ішінде балық жіберу көлемдері мен параметрлерін жоспарлау кезінде, сондай-ақ әсерді азайту бойынша ықтимал техникалық шешімдерді қарастыру барысында пайдаланылады.

Биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері бойынша стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл

Биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды іске асыру ШҚО Балық шаруашылығы инспекциясын, ШҚО Табиғи ресурстар басқармасын, сондай-ақ балық шаруашылығы саласындағы ғылыми-өндірістік ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік органдармен және бейінді ұйымдармен өзара іс-қимылда жүзеге асырылады.

Әсер ету аймағындағы балық түрлері

Қазіргі уақытта Өскемен су қоймасында ғылыми-зерттеу аулауларында балықтардың бірнеше түрі кездеседі: табан балық, алабұға, торта, тау-тан, тарғақ балық, рипус, пелядь, бақтақ, шортан, сазан. Кәсіптік маңызы бар түрлерге рипус, алабұға, торта, табан балық және пелядь жатады. Қалған балық түрлері кәсіптік аулау деңгейіне жетпейді.

Сазан (тұқы) Ертіс өзенінің ихтиофаунасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, дәл осы түр санының тұрақтылығын сақтау және оның орнын толтыру мақсатында балық жіберу бағдарламаларында пайдаланылады.

Қалпына келтіру бағдарламалары (балық жіберу)

«Өскемен ГЭС» ЖШС-де биоалуантүрлілікке әсерді басқарудың негізгі құралы ихтиофаунаға келтірілген әсердің орнын толтыруға бағытталған су айдындарына жыл сайын балық жіберу болып табылады.

Балық жіберу міндетті негізде заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі және су биоресурс-тарына келтірілген залалды есептеуге негізделеді. Балық жіберу көлемдері, түрлері мен орындары ғылыми ұйымдардың қатысуымен айқындалады және бейінді мемлекеттік орган-дармен келісіледі.

2025 жылы Шүлбі су қоймасында (Қызыл-Су шығанағы) балық жіберіліп, кемінде 78 710 тұқы (сазан) шабақтары жіберілді.

2023–2025 жылдардағы биылғы төл саны және өтемдік міндеттемелер

Көрсеткіш атауы /жыл	2023	2024	2025
Биылғы төл саны, дана	143 362	107 931	78 710
Өтемдік міндеттемелер, мың теңге	8 848	11 845,5	12 152

Биоалуантүрлілік саласында анықталған сәйкессіздіктер және түзету шаралары

2025 жылы менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігіне жүргізілген сыртқы аудит нәтижелері бойынша сәйкес-сіздіктер анықталған жоқ.

Түрді таңдау оның су қоймалары жағдайла-рына бейімделгіштігіне, төзімділігіне және экожүйелік тепе-теңдікті сақтаудағы маңызы-на байланысты.

Іс-шара тұрақты негізде жүзеге асырылады және уәкілетті органдар мен ғылыми ұйымдар тарапынан бақылаумен сүйемелденеді.

Балық жіберу көлемі су биоресурсстарына әсердің орнын толтыруды есептеу әдістемесі негізінде айқындалады. Іс-шараны қаржылан-дыру құндық көріністе есептеледі содан кейін балық отырғызу материалының нарықтық құ-нын ескере отырып жіберілетін балық санына аударылады.

Соңғы жылдары биылғы төлдің құнының өсуі өтемдік міндеттемелердің жалпы көлемі сақталған жағдайда олардың санының азаюы-на әкелді.

Бұл ретте Серіктестік балық өсіретін матери-алдың сапасына қойылатын талаптарды және белгіленген нормативтерді сақтайды, бұл био-ресурсстарды толықтыру жөніндегі іс-шара-лардың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Ішкі тексерулер барысында ихтиофаунаға әсерді азайту бойынша техникалық шешім-дерді одан әрі дамытуға қатысты жекелеген мәселе атап өтілді, оның ішінде гидротехни-калық құрылыстарда қосымша балық қорғау құрылғыларын ықтимал қолдану мәселесі қарастырылды.

Алдыңғы жылдары станцияның әсер ету ай-мағында балықтардың мінез-құлқы мен та-ралуын бағалауға бағытталған маманданды-рылған ғылыми зерттеулер жүргізілді олардың нәтижелері әлеуетті техникалық шешімдерді қарастыру кезінде пайдаланылады.

Бұл бағыттағы жұмыстар техникалық және экономикалық нысаналығын ескере отырып жалғасуда.

Экологиялық шығындар GRI 201–1, 3–3

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің экологиялық төлем-дері Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптастырылады және қоршаған ортаға әсер еткені және табиғи ресурстарды пай-

даланғаны үшін міндетті төлемдерді көрсетеді. 2025 жылы экологиялық төлемдердің жалпы көлемі 93,68 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 2,9 млн теңгеге аз. Бұл су пайдалану көрсеткіштерінің тұрақтанғанын көрсетеді.

Бұл ретте қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем өте төмен деңгейде – 0,06 млн теңге болып қалды, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 0,03 млн теңгеге төмен. Бұл Серіктестіктің қоршаған ортаға тікелей әсер ету деңгейінің төмен екенін және ластанудың елеулі көз-дерінің жоқ екенін растайды.

Экологиялық төлемдердің негізгі үлесін жерүсті су көздерінің су ресурстарын пай-даланғаны үшін төлем құрайды, бұл гидро-электр станциясы қызметінің ерекшелігіне байланысты.

2023–2025 жылдардағы экологиялық шығындар, млн теңге

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Экологиялық төлемдер	67,68	96,58	93,68
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	0,09	0,08	0,06
Су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	67,59	96,45	93,62

Климаттық тәуекелдер GRI 3–3

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметінің ерекшелігін ескере отырып, климаттық тәуекелдер негізі-нен физикалық сипатқа ие және Серіктестік жұмыс істейтін өңірдегі гидрологиялық және ауа райы жағдайларының өзгеруімен бай-ланысты. Гидроэнергетика үшін негізгі фак-тор – сулылық, өйткені ол станцияның жұмыс режиміне, электр энергиясын өндіру көлемі-не, өндірістік қызметті жоспарлауға және гидроэнергетикалық жабдықтарды пайдала-нуға әсер етеді.

Серіктестік қызметін жүзеге асыратын аумақ үшін өзекті негізгі климаттық аспектілерге мыналар жатады:

- Ертіс өзенінің трансшекаралық бассейнінің ықтимал су тапшылығы жағдайында су қоймасының бетінен буланудың ұлғаюына ықпал етуі және су теңгеріміне әсер етуі мүмкін температуралық режимнің өзгеруі;
- қардың қарқынды еруі мен температураның күрт құбылуы салдарынан көктемгі кезеңде су тасқыны құбылыстарының ықтималдығын қоса алғанда, су деңгейінің маусымдық өзгергіштігі.

Аймақ үшін гидрологиялық жағдайлардың ке-зеңділігі, соның ішінде сулы және сусыз ке-зеңдердің кезектесуі тән. Бұл ерекшеліктерді Серіктестік өндірістік қызметті жоспарлау, жабдықтардың жұмыс режимдерін басқару және станцияның тұрақты жұмысын қамтама-сыз ету кезінде ескереді.

Серіктестіктегі тәуекелдерді басқарудың кор-поративтік жүйесі аясында су деңгейінің өзге-руіне және климаттық факторлардың өндірістік процестерге ықтимал әсеріне байланысты климаттық тәуекел анықталды. Бұл тәуекелді басқару қолданыстағы операциялық, өн-дірістік және экологиялық бақылау процестері шеңберінде жүзеге асырылады.

Серіктестік климаттық және гидрологиялық өзгерістерге бейімделуге бағытталған мына-дай шараларды іске асырады:

- станцияның жұмыс режиміне әсер ететін су деңгейін, гидрологиялық ахуалды, ауа райы жағдайларын және өзге де табиғи факторларды нақты уақыт режимінде бақылау;

Балық ресурстарын қалпына келтіруге қосқан үлес

2025 жылы Ертіс бассейніне жататын Шүлбі су қоймасына балық ресурстарын толықтыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде **78 710** сазанның биылғы төлі жіберілді.



- су режимдерін реттеу және су шаруашылығын жоспарлау шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- пайдалану сенімділігін арттыруға және су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту;
- өндірістік қызметті және гидроагрегаттардың жұмыс режимдерін жоспарлау кезінде сулылықтың маусымдық және көпжылдық ауытқуларын ескеру;
- экологиялық заңнама талаптары мен су шаруашылығы шектеулерін ескере отырып, өндірістік объектілерді тұрақты әрі қауіпсіз пайдалану режимін қамтамасыз ету.

Су режимдерін реттеу мәселелері, оның ішінде табиғатты қорғау мақсатындағы су жіберулер, уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл шеңберінде, соның ішінде Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Ертіс бассейндік су инспекциясының қатысуымен өтетін Ведомствоаралық комиссияның отырыстарында қаралады.

Қазіргі уақытта климаттық тәуекелдерді бағалау нақты бақылауларға, гидрологиялық

режимдер туралы жинақталған деректерге және өндірістік бақылау нәтижелеріне негізделіп жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде егжей-тегжейлі климаттық модельдер мен болжамды сценарийлер қолданылмайды. Бұл ретте Серіктестік климаттық және гидрологиялық факторлардың мониторингін жалғастырады және оларды өндірістік қызметті және станцияның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде ескереді.

Серіктестікте экологиялық және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірістік объектілер мен инженерлік жүйелердің сенімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларға жұмсалатын шығындар есепке алынады. Аталған іс-шаралар ықтимал экологиялық және климаттық тәуекелдерді азайтуға да ықпал етеді.

2025 жылы Серіктестіктің тиісті іс-шараларға жұмсаған шығындары:

- объектінің өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге – 146 617,1 мың теңге;

- өндірістік экологиялық бақылауды жүргізуге және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге – 7 048,13 мың теңге.

Аталған іс-шаралар өндірістік объектілерді қауіпсіз әрі тұрақты пайдалануды қамтамасыз етуге, апаттық жағдайлардың алдын алуға, ықтимал экологиялық және климаттық тәуекелдерді уақтылы анықтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға бағытталған.

Экологиялық сауаттылықты арттыру

GRI 3-3, 404-2

«Өскемен ГЭС» ЖШС персоналы мен мердігер ұйымдардың экологиялық сауаттылығын арттыру экологиялық менеджмент жүйесінің бір бөлігі болып табылады және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды сақтаудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту Серіктестік қызметкерлерін де, мердігер ұйымдардың жұмысшыларын да қамтиды және тұрақты негізде жүргізіледі. Негізгі назар талаптарды іс жүзінде қолдануға аударылады: қалдықтармен дұрыс жұмыс істеу, жұмыстарды орындау кезінде экологиялық нормаларды сақтау және штаттан тыс жағдайларға дайын болу.

2025 жылы келесі бағыттар жүзеге асырылды:

- қызметкерлерді және мердігерлік ұйымдарды қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту және нұсқама беру;
- өндірістік жағдайларды талдау және Компаниялар тобы ішінде тәжірибе алмасу;
- ықтимал оқиғалар кезіндегі іс-қимылдарды пысықтауға бағытталған экологиялық жаттығулар өткізу.

Ішкі ақпараттандыру жүйесі корпоративтік ресурстарда материалдарды тұрақты түрде орналастыруды, экологиялық менеджмент мәселелері бойынша кеңестер өткізуді, сондай-ақ корпоративтік ақпараттық материалдарды, соның ішінде экологиялық ақпараттық хабаршыны шығаруды қамтиды.

Мердігер ұйымдарды оқыту жұмыстарды орындауға жіберудің міндетті элементі болып

табылады және өндірістік процестің барлық қатысушыларының экологиялық талаптарды бірдей деңгейде түсінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экологиялық іс-шаралар мен бастамалар

Оқыту және ағартушылық іс-шараларды іске асыру операциялық ескертулер санын азайтуға және Серіктестікте экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

2025 жылы Серіктестік экологиялық хабардарлықты арттыруға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға және экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырды.

Іс-шаралар экологиялық жаттығуларды (оның ішінде төгінділер мен штаттан тыс жағдайлардың сценарийлерін пысықтауды), аумақтарды жинау және Ертіс өзенінің жағалау сызығын тазалау жөніндегі акцияларды, қалдықтармен жұмыс істеу және оларды қайта өңдеуге беру бағдарламаларын, биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды (балық жіберу), аумақты көгалдандыруды, халықпен және білім беру ұйымдарымен ағартушылық жұмысты қамтиды.



2025 жылы өткізілген экологиялық хабардарлықты арттыру жөніндегі іс-шаралар

Мақсаты	Міндеті	Күні	Атқарылған іс
Экологиялық хабардарлықты арттыру	Экологиялық хабаршыны шығару	01.04.2025	№ 1 шығарылым (климаттың өзгеруі, экологиялық жаңалықтар)
		30.06.2025	№ 2 шығарылым (Дүниежүзілік ҚОҚ, I-REC)
		30.09.2025	№ 3 шығарылым (пластикпен ластану)
		31.12.2025	№ 4 шығарылым (топырақтың ластануы)
	Персоналды оқыту	Жыл бойы	Қызметкерлер мен мердігерлерге нұсқаулықтар мен оқытулар жүргізілді (100 %)
Экологиялық тәуекелдерге дайындықты арттыру	Экологиялық тренингтер өткізу	23–24.04.2025	Жаттығу: май төгілді (500 л), ескертулер жоқ
		20–24.06.2025	Жаттығу: Ертістегі май дақтары, ескерту жоқ
		19–21.08.2025	Жаттығу: ысырманың зақымдануы, ескертулер жоқ
		24–28.11.2025	Жаттығу: майдың төгілуі (30 л), ескертулер жоқ
Экологиялық мәдениет пен беделді қалыптастыру	Экологиялық науқандар мен іс-шаралар	15.04.2025	Ертіс жағалауын тазалау (Таза Қазақстан)
		23.03.2025	«Тазару күні» акциясы (қалдықтарды жинау)
		31.05.2025	Экологиялық сенбілік, Ертіс өзенінің жағалауын тазарту
		26.08.2025	«Таза жағалау» акциясы, нәтижесі – 12 қап қоқыс жинау
Қалдықтарды басқару	Қалдықтарды кәдеге жаратуға өткізу	Жыл бойы	Қалдықтар (техника, батареялар, ЛБМ, пластик және т.б.)
	Сбор и переработка	2025	221 кг қағаз қалдықтары, 16 кг батарея тапсырылды
Биоалуантүрлілікті сақтау	Су қоймаларына балық жіберу	08.10.2025	≥78 710 сазанның биылғы төлі жіберілді
Көміртексіздендіру	Көгалдандыру және шығарындыларды өтеу	2025	360 шырша көшеті отырғызылды
Экоағарту	Сабақтар және халықпен жұмыс	19.05.2025	№ 24 Орта мектептегі сабақтар
		22.12.2025	М. Әуезов атындағы № 17 орта мектептегі сабақтар

Экологиялық бағытты дамыту жоспарлары мен бағыттары

Серіктестік келесі кезеңдерде экологиялық басқаруды келесі бағыттар бойынша дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр:

- қалдықтармен жұмыс істеу тәртібін, оның ішінде қызметкерлерді және мердігер ұйымдарды оқыту арқылы арттыру;
- су ресурстары мен ағынды сулардың сапасын бақылау тәсілдерін жетілдіру;

- биоалуантүрлілікті сақтау бойынша өтемақы шараларын одан әрі іске асыру;
- экологиялық оқыту және қызметкерлердің хабардарлығын арттыру тәжірибесін дамыту.

Серіктестіктің тәсілі аймақтың табиғи ерекшеліктері мен заңнама талаптарын ескере отырып, экологиялық тұрақтылықтың қол жеткізілген деңгейін сақтауға бағытталған.





08

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

01

Компания туралы

02

Стратегия және сыртқы орта

03

Операциялық қызмет

04

Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы

05

Корпоративтік басқару, этика және тәуекелдерді басқару

06

ESG-аспектілерін басқару

07

Экологиялық жауапкершілік

08

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

09

Қосымшалар

Әлеуметтік жауапкершілік және қауіпсіздік

GRI 2–7, 401, 404, 405

Персонал және даму

Жұмыспен қамту, жұмыспен қамту саясаты және жұмыспен қамтуды басқару жүйесі

2025 жылы Серіктестік ішкі регламенттерге, еңбек заңнамасына және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына сүйене отырып, жұмыспен қамтуды басқарудың ашық әрі тұрақты жүйесін дамытуды жалғастырды. Саясаттар мен рәсімдер персоналмен жұмыс істеудің барлық кезеңдерін – іріктеу мен жұмысқа қабылдаудан бастап еңбек қатынастарын тоқтатуға дейін қамтиды.

Серіктестік 2023 жылғы 28 шілдеде бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2023–2031 жылдарға арналған Кадр саясатын қолданады. Жұмыспен қамту саласындағы барлық негізгі құжаттар өзектендіріліп, іс жүзінде қолданылады.

Ішкі құжаттар жүйесіне мыналар кіреді:

- ПП 05-03 2025 жылғы 26 желтоқсанда бекітілген «Персоналды қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату тәртібі»;
- ПП 05-02 2025 жылғы 26 желтоқсанда бекітілген «Персоналды іріктеу тәртібі»;
- ПП 05-04 2025 жылғы 3 желтоқсанда бекітілген «Персоналды бейімдеу және сынақ мерзімінен өту»;

- ПП 05-05 2025 жылғы 29 тамызда бекітілген «Өскемен ГЭС» ЖШС қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары»;
- 2022 жылғы 27 маусымдағы Ұжымдық шарт.

Жалпы алғанда, Серіктестіктің жұмыспен қамту саясатының жүйесі рәсімделген, барлық қызметкерлерді қамтиды және операциялық процестерге енгізілген. Бұл GRI талаптарына және адами капиталды басқарудың үздік корпоративтік тәжірибелеріне сәйкес келеді.

Серіктестіктің штаттық қызметкерлері

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС тұрақты жұмыспен қамтуды сақтап, персонал санының біртіндеп өсуін қамтамасыз етті. Кадрлық құрылымда толық жұмыспен қамту басым, бұл ретте қызметкерлердің бір бөлігі өндірістік қызметтің ерекшелігіне және еңбек заңнамасының талаптарына байланысты мерзімді еңбек шарттары бойынша жұмыс істейді.

2025 жылдың соңында қызметкерлер саны 155 адамды құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға өсті. Өсім өндірістік қажеттілікке және жекелеген функцияларды күшейтуге байланысты болды.

2025 жылғы кадрлық фокус

Персонал саны **155** адамға дейін өсті, тұрақсыздық **8%-ға** дейін төмендеді, ал бір қызметкерге шаққандағы орташа оқыту **48** сағатқа дейін ұлғайды.

Көрсеткіш, адам /жыл	2023	2024	2025
Қызметкерлердің жалпы саны	140	144	155
Ерлер	101	103	111
Әйелдер	39	41	44

Қызметкерлер санының өсуі энергетика саласына тән гендерлік құрылымды сақтай отырып, қызметкерлердің барлық санаттары бойынша тепе-тең болды.

Жұмыспен қамту құрылымы

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС толық жұмыспен қамтудың басымдығымен тұрақты жұмыспен қамтуды сақтады. Жыл соңында қызметкерлердің жалпы саны 155 адамды құрады. Оның ішінде 149 қызметкер толық жұмыспен қамту жағдайында, тағы 6 қызметкер толық емес жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істеді.

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы толық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің

саны 131 адамнан 149 адамға дейін өсті (өсім – 13,7%). Сонымен қатар толық емес жұмыспен қамтылған қызметкерлердің саны 13 адамнан 6 адамға дейін қысқарды (53%-ға төмендеді). Мұндай серпін персоналдың неғұрлым тұрақты жұмыс жүктемесіне көшуін және Серіктестіктің кадрлық негізінің нығаюын көрсетеді.

Бұдан бөлек, Серіктестік персонал құрылымын еңбек шартының түрі бойынша ашады. Бұл көрсеткіш толық және толық емес жұмыспен қамту көрсеткіштерімен жинақталмайды, керісінше кадрлық құрылымның басқа қырын көрсетеді: қызметкерлер толық жұмыспен қамту жағдайында да мерзімсіз, сондай-ақ мерзімді еңбек шарты бойынша жұмыс істей алады.

Жұмыс уақытының режимі бойынша жұмыспен қамту құрылымы

Жұмыспен қамту түрі / жыл	2023	2024	2025
Қызметкерлердің жалпы саны, адам	140	144	155
Толық жұмыспен қамтылу, барлығы	119	131	149
оның ішінде ерлер	88	92	105
соның ішінде әйелдер	31	39	44
Толық емес жұмыспен қамтылу, барлығы	21	13	6
оның ішінде ерлер	13	11	6
соның ішінде әйелдер	8	2	0

Еңбек шартының түрі бойынша жұмыспен қамту құрылымы

Жұмыспен қамту түрі / жыл	2023	2024	2025
Қызметкерлердің жалпы саны, адам	140	144	155
Мерзімсіз еңбек шарттары, барлығы	124	126	129
оның ішінде ерлер	89	94	92
соның ішінде әйелдер	35	32	37
Мерзімді еңбек шарттары, барлығы	16	18	26
оның ішінде ерлер	12	9	19
соның ішінде әйелдер	4	9	7

Еңбек шартының түрі бойынша кадрлық құрылымда мерзімсіз еңбек шарттары басым. 2025 жылы мерзімсіз еңбек шарттары бойынша 129 қызметкер, ал мерзімді еңбек шарттары бойынша 26 қызметкер жұмыс істеді. Мерзімді

еңбек шарттарының санының өсуі өндірістік қажеттілікке және еңбек ресурстарын икемді басқаруды талап ететін жекелеген міндеттерді іске асыруға байланысты.

Жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны және кадрлардың тұрақсыздығы

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС тұрақты жұмыспен қамтуды дамытуды жалғастырды.

Есепті кезеңде Серіктестік жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдап, кадрлар тұрақсыздығын бақыланатын деңгейде ұстап тұрды. Кадрлық серпін өндірістік қажеттіліктерді және тұрақты әрі білікті персоналды сақтауға деген ұмтылысты көрсетеді.

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Кадрлардың тұрақсыздығы, %	9%	9,9%	8%

Жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны

Есепті кезеңде 17 жаңа қызметкер жұмысқа қабылданды, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен

жоғары (4 адамға өсті) және 2023 жылғы деңгеймен шамалас.

Жас топтары мен жынысы бойынша бөлінісі:

Санат/жыл	2023	2024	2025
Барлық қабылданған қызметкерлер, адам	16	13	17
Ерлер	12	9	13
Әйелдер	4	4	4

30 жасқа дейін, адам

Санат/жыл	2023	2024	2025
Ерлер	4	4	1
Әйелдер	0	2	1

30-50 жас, адам

Санат/жыл	2023	2024	2025
Ерлер	6	5	5
Әйелдер	2	2	3

50-ден асқан, адам

Санат/жыл	2023	2024	2025
Ерлер	2	0	7
Әйелдер	2	0	0

Қызметкерлердің негізгі толықтырылуы энергетика саласында жұмыс істеу үшін жеткілікті тәжірибесі бар 30–50 жас аралығындағы қызметкерлер тобына тиесілі. 2025 жылы 50 жастан асқан қызметкерлерді жұмысқа қабылдау да артты, бұл тәжірибелі мамандарды тартуды көрсетуі мүмкін.

Кадрлардың әртүрлілігін арттыру үшін жалдау жөніндегі бағдарламалар мен бастамалар

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС теңгерімді және әртүрлі кадрлық құрам қалыптастырды.

Персоналды іріктеу кезінде Серіктестік тең мүмкіндіктер және кемсітпеу қағидаттарын сақтайды, бұл ретте кәсіби құзыреттерге қатысы жоқ жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне және басқа да факторларға қарамастан бос жұмыс орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Кадрлық әртүрлілікті арттыру шеңберінде Серіктестік:

- әртүрлі жас топтарындағы қызметкерлерді, оның ішінде жас мамандар мен жасы үлкен қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды;

- мамандар және әкімшілік персонал лауазымдарына әйелдерді тартуды қамтамасыз етеді;
- мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі заңнама талаптарын сақтайды;
- халықтың осал санаттары өкілдерін жұмысқа орналастыру мүмкіндігін ескереді.

Жұмысқа қабылдау тәсілі үміткерлердің кәсіби дағдыларын, тәжірибесін және лауазым талап-

тарына сәйкестігін бағалауға негізделеді, бұл тұрақты әрі теңгерімді кадрлық құрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қызметкерлер санаттары бойынша кадрлардың тұрақсыздығы

2025 жылы кадрлардың тұрақсыздық деңгейі ерлер арасында 8,1%-ды, әйелдер арасында 6,8%-ды құрады.

Жас топтары бойынша кадрлардың тұрақсыздығы:

Санат/жыл	2023	2024	2025
30 жасқа дейін (ерлер)	2%	2%	1%
30 жасқа дейін (әйелдер)	0%	0%	2%
30–50 жас (ерлер)	6%	4%	5%
30–50 жас (әйелдер)	13%	15%	7%
50-ден асқан (ерлер)	5%	1%	6%
50-ден асқан (әйелдер)	5%	2%	0%

Тұрақсыздық себептері

Персоналдың жұмыстан шығу құрылымы қызметкерлердің басым бөлігінің өз бастамасымен жұмыстан шығатынын көрсетеді.

Себебі/жыл	2023	2024	2025
Қызметкердің бастамасымен, адам	14	13	10
Тараптардың келісімімен, адам	1	1	2
Қызметкер кінәсінен, адам	0	0	0

Қызметкерлердің өз бастамасымен жұмыстан шығу санының азаюы жұмыспен қамтудың тұрақтылығының артып келе жатқанын және персоналды сақтап қалу жөніндегі шаралардың тиімділігін көрсетуі мүмкін.

Еңбек жағдайлары және персоналды сақтап қалу

2025 жылы Серіктестік кадрлардың тұрақсыздығын азайтуға, білікті қызметкерлерді сақтап қалуға және ішкі кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған шараларды іске асырды. Жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізілді: қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын жасау, кәсіби құзыреттерді дамыту, еңбекақының бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз ету, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және кадр резервін қалыптастыру.

Серіктестік қолайлы еңбек жағдайларын жасау жөніндегі іс-шараларды іске асырады, оның ішінде:

- қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

- тынығу және тамақтану бөлмелерінің болуы;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау.

Ішкі таланттарды дамытуға және сабақтастықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Серіктестік қызметкерлерді оқыту, кәсіби құзыреттерді дамыту және кадр резервін даярлау жөніндегі жұмысты жалғастырды. Мұндай тәсіл білікті мамандардың жетіспеушілік тәуекелдерін азайтуға, негізгі лауазымдар бойынша сабақтастықты қамтамасыз етуге және өндірістік процестердің тұрақтылығын қолдауға мүмкіндік береді.

2025 жылы кадрлардың жалпы тұрақсыздық деңгейі 8%-ды құрады. Персоналдың жұмыстан шығу құрылымы жұмыстан босатулардың негізгі бөлігі қызметкерлердің өз бастамасымен болғанын көрсетеді. Бұл ретте мұндай жұмыстан шығулар саны 2024 жылғы 13 адамнан 2025 жылы 10 адамға дейін азайды, бұл жұмыспен қамту тұрақтылығының артып келе жатқанын және персоналды сақтап қалу жөніндегі шаралардың тиімділігін көрсетуі мүмкін.

Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы

2025 жылы Серіктестік қызметкерлерді еңбек жағдайлары мен жұмыспен қамтуға әсер ететін барлық маңызды өзгерістер туралы уақтылы және ашық түрде хабардар етті.

Персоналмен өзара іс-қимыл ашық диалогқа, еңбек заңнамасын сақтауға және қызметкерлердің пікірін ескеруге негізделеді.

Операциялық өзгерістер туралы ақпараттандыру тәсілі

Серіктестік қызметкерлерді барлық маңызды өзгерістер туралы хабардар етеді: ұйымдық құрылым және қайта ұйымдастыру, штат санының қысқаруы және қызметкерлерді жаппай босатудың ықтималдығы, еңбек жағдайлары (жұмыс кестесі, функциялар, еңбекақы), сондай-ақ өндірістік өзгерістер, оның ішінде жаңғырту, процестерді тоқтату немесе ауыстыру туралы.

Хабарлау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі. Ішкі регламенттер мен ұжымдық шартта қосымша талаптар көзделмеген, бұл ретте Серіктестік заңнама нормаларын қатаң сақтайды.

Хабарлаудың ең аз мерзімдері

Өзгеріс түрі	Заңнама талаптары
Еңбек жағдайларын өзгерту	15 күнтізбелік күннен кешіктірмей
Штатты қысқарту	кемінде 1 ай бұрын
Қайта ұйымдастыру	15 күнтізбелік күннен кешіктірмей

Осылайша, Серіктестік хабардар етудің нормативтік мерзімдерін ұстанады және барлық жағдайларда олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Ұжымдық шарт және кәсіподақтың рөлі

Серіктестікте барлық қызметкерлерді қамтитын ұжымдық шарт қолданылады. Кәсіподақ ұйымы тұрақты негізде жұмыс істейді және қызметкерлердің мүдделерін білдіреді.

Кәсіподақ еңбек қатынастарын, еңбекті қорғауды және әлеуметтік қолдауды талқылауға қатысады. Серіктестік кәсіподақпен сындарлы диалогты қолдайды және шешім қабылдау кезінде оның ұстанымын ескереді.

Қызметкерлермен өзара әрекеттесу тәжірибесі

2025 жылы Серіктестік қызметкерлерді толық қамтуды қамтамасыз ете отырып, персоналмен өзара іс-қимылдың әртүрлі арналарын қолданды.

Кері байланыс пен ақпараттандыру кеңестер, кәсіподақпен өзара іс-қимыл, жалпы жиналыстар, хабарламалар (бұйрықтар, хаттар), сондай-ақ цифрлық арналар – портал және электрондық пошта арқылы жүргізілді.



Жеңілдіктер тізбесі және қызметкерлерді қамту, адам

Жеңілдік түрі («Самұрық-Энерго» талаптары) /жыл	2023	2024	2025	Түсініктемелер
Демалысқа шыққан кезде сауықтыруға арналған материалдық көмек	126	137	155	Жылына 1 рет төленеді
Зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша демалыс	11	10	11	Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге беріледі
Жұмыстан босатылған кезде төленетін төлемдер	4	–	4	Зейнеткерлік жасқа толғанда 3 жалақы мөлшерінде өтемақы төленеді.
Өтемақылық төлемдер	–	–	–	Еңбек заңнамасына және ішкі регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады
Ата-ананы қолдау (төлемдер, демалыс)	1	2	2	Жалғызбасты аналарға жалақыға 5% мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлемдер
Серіктестік есебінен оқыту	2	–	2	Қызметкерлерді оқыту өтемақысы
Тұрғын үй бағдарламалары	2	1	2	Тұрғын үй жалдау өтемақысы
Тамақтану	119	12	139	Қызметкерлерге тамақтану өтемақысы (CEO, CEO 1 басқа)
Көлік	62	62	54	Қызметтік автобус

Демалысқа материалдық көмек барлық қызметкерлерге жылына бір рет беріледі.

Қосымша демалысты зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер алады.

Серіктестік әлеуметтік қолдаудың жекелеген шараларын да жүзеге асырады:

- жалғызбасты аналарға ай сайынғы үстемеақы;
- қызметкерлерді оқыту өтемақысы;
- тұрғын үйді жалдау өтемақысы;
- қызметтік көлікпен қамтамасыз ету және ішінара тамақтануды өтеу.

2025 жылы ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС) және шипажайлық-курорттық ем ұсынылмады, ал ЕМС енгізу 2026 жылдан бастап жоспарланған.

Жеңілдіктер кемсітусіз негізде ұсынылады және жұмыспен қамту нысанына қарамастан персоналдың барлық санаттарына: басшыларға, мамандарға және жұмысшыларға қолжетімді.

Жұмыстан босатылған кезде төленетін төлемдер, өтемақы және зейнетақы төлемдері

Серіктестікте еңбек қызметін аяқтаған кезде әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған:

Жұмыстан босатылған кезде төленетін төлемдер. Қызметкерлер зейнеткерлік жасқа жеткен кезде оларға үш лауазымдық жалақы мөлшерінде өтемақы төленеді.

Өтемақы төлемдері еңбек заңнамасына және ішкі регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдері – есепті кезеңде қосымша корпоративтік зейнетақы бағдарламалары қарастырылмаған.

Мұндай шаралар бас ұйымның талаптарына сәйкес келеді және еңбек қызметін аяқтау кезеңіндегі өтпелі кезеңде қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Қолдау және мансапты аяқтау бағдарламалары

Серіктестікте еңбек қызметінің барлық кезеңдерінде, соның ішінде мансапты аяқтау кезінде қызметкерлерді қолдау шаралары қолданылады:

- зейнетке шығу кезіндегі қаржылай қолдау;
- еңбек қатынастарын тоқтату кезіндегі кепілдіктерді сақтау;
- еңбек қатынастарын заң шеңберінде ұзарту мүмкіндігі.

Бала күтімі бойынша демалыс

Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бала күтімі бойынша демалыс береді. Жұмыс орны сақталады және демалыстан кейін жұмысқа оралу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Есепті кезеңде бала күтіміне байланысты демалысқа шығу құқығына әйел қызметкерлер ие болды. Ер адамдардың мұндай демалысты ресімдеу жағдайлары болған жоқ.

Көрсеткіш, адам/жыл	2023	2024	2025
Бала күтіміне байланысты демалысқа шығу құқығы бар қызметкерлер	6	3	2
Бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан қызметкерлер	6	3	2
12 ай өткеннен кейін жұмысқа оралып, еңбек қызметін жалғастырғандар	2	2	2

Басшы кадрлар мен қызметкерлердің әлеуметтік-мәдени әртүрлілігі

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС кадрлық құрамды қалыптастыру кезінде тең мүмкіндіктер, кемсітпеушілік және инклюзивтілік қағидаттарын ұстанды.

ның ішінде халықтың осал санаттарына жататын қызметкерлерді жұмысқа тартады.

Серіктестіктің басшылық құрамы негізінен 30–50 жас аралығындағы және одан жоғары жастағы қызметкерлерден тұрады, бұл саланың ерекшелігін және біліктілікке қойылатын талаптарды көрсетеді.

Серіктестік жас ерекшелігі мен кәсіби тәжірибе арасындағы теңгерімді сақтайды, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін, со-

Басшылық құрамда әйелдер де бар, алайда олардың үлесі шектеулі болып қалуда, бұл осы салаға тән жағдай.

Басшы кадрлардың әлеуметтік-мәдени әртүрлілігі, адам

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Жалпы басшылар	21	19	20
Әйелдер	4	2	2
Ерлер	17	17	18

Қызметкерлердің негізгі бөлігі 30–50 жас аралығындағы жас тобына тиесілі. Бұл ретте мамандардың, оның ішінде әйел мамандардың саны артып келеді.

Мамандар мен қызметшілердің әлеуметтік-мәдени әртүрлілігі, адам

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Барлығы	75	80	84
Әйелдер	31	35	38
Ерлер	44	45	46

Жұмысшы персоналдың басым бөлігін өндірістік қызметтің сипатына байланысты ер адамдар құрайды. 2025 жылы жұмысшылар санының өскені байқалады.

Жұмысшылардың әлеуметтік-мәдени әртүрлілігі, адам

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Барлығы	44	36	51
Әйелдер	4	4	4
Ерлер	40	32	47

Инклюзивті жұмыс күшін және әртүрлілікті дамыту саласындағы бастамалар

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС инклюзивті жұмыс ортасын дамытуды және халықтың осал санаттарын қолдауды жалғастырды.

2025 жылы Серіктестік қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек құқықтарын сақтау, осал топтарға жататын адамдардың жұмыспен қамтылуын қолдау, кәсіби құзыреттерді дамыту және әлеуметтік бастамаларға қатысу арқылы инклюзивті жұмыс ортасын дамытуды жалғастырды.

Инклюзивтілік және әртүрлілік саласындағы жұмыс бағыттары мыналарды қамтыды:

- қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, дамыту және бағалау кезінде тең мүмкіндіктер қағидаттарын сақтау;
- заңнама талаптарына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

Инклюзивті жұмыс күші, адам

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Осал топтарға жататын қызметкерлер	2	3	3
оның ішінде әйелдер	1	2	2
оның ішінде ерлер	1	1	1

«Тәлімгер» тәлімгерлік бастамасы

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС жетім балаларды қолдауға және оларды дербес өмірге дайындауға бағытталған «Тәлімгер» тәлімгерлік әлеуметтік бастамасына қатысты.

Қызметкерлер тәлімгер ретінде қатысып, әлеуметтік бейімделуге, оқуға және кәсіби

- ұжымның жас ерекшеліктері бойынша әртүрлілігін қолдау, оның ішінде 50 жастан асқан қызметкерлер мен ұзақ жылдық кәсіби тәжірибесі бар қызметкерлерді қамту;
- оқыту және тәлімгерлік арқылы қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту;
- персонал құрамындағы әйелдерді, оның ішінде мамандар мен әкімшілік-басқару персоналын қолдау;
- халықтың осал санаттарын қолдауға бағытталған әлеуметтік бастамаларға қызметкерлердің қатысуы.

2025 жылы Серіктестік мүгедектігі бар үш адамның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етті, оның ішінде екі әйел және бір ер адам. Осал топтағы қызметкерлердің негізгі бөлігі еңбекке қабілетті жастағы (30–50 жас) адамдардан тұрады.

бағдарлауға көмектесті. Есепті кезеңде бір қатысушыға қолдау көрсетілді.

Еңбекақы төлеудегі теңдік

Серіктестік жынысына қарамастан, бірдей еңбекке бірдей ақы төлеу қағидатын сақтайды. Еңбекақы мөлшері лауазымды, біліктілікті, тәжірибені және жұмыс нәтижелерін ескере отырып айқындалады.

Лауазымдар бойынша базалық жалақының арақатынасы, теңге

Қызметкерлер санаты /жыл	2023	2024	2025
Басшылар	580 048,5	715 745	767 350
Мамандар	406 635	463 972,5	512 744
Жұмысшылар	308 819,5	330 437,5	376 424
Серіктестік бойынша барлығы	431 834,3	503 385	552 172,7

Негізгі жалақының гендерлік арақатынасы

Қызметкерлер санаттары бойынша әйелдер мен ерлердің орташа базалық жалақысының арақатынасын талдау, әсіресе мамандар арасында жақын мәндерді көрсетеді.

Базалық жалақының гендерлік арақатынасы, теңге

Қызметкерлер санаты	Әйелдердің орташа жалақысы, теңге	Ерлердің орташа жалақысы, теңге	Арақатынасы(әйелдер/ерлер), %
Басшылар	708 700	826 000	85,8
Мамандар	513 313	512 175	100,2
Жұмысшылар	367 600	385 248	95,4
Серіктестік бойынша барлығы	529 871	574 474	92,2

Жалпы сыйақы қатынасы

Сыйақыларды, бонустарды және басқа да төлемдерді ескере отырып, кірістердегі айырмашылықтар сақталады.

Лауазымдар бойынша жалпы сыйақының арақатынасы, теңге

Қызметкерлер санаты /жыл	2023	2024	2025
Басшылар	807 221	847 003	1 590 185
Мамандар	505 781	663 030	815 066
Жұмысшылар	420 881	542 276	626 502
Серіктестік бойынша барлығы	577 961	684 103	1 010 584,3

Жынысы бойынша жалпы сыйақының арақатынасы, теңге

Қызметкерлер санаты	Әйелдерге берілетін сыйақы	Ерлерге берілетін сыйақы	Арақатынасы, %
Басшылар	1 301 790	1 620 543	80,3
Мамандар	759 736	860 437	88,3
Жұмысшылар	592 715	629 152	94,2
Серіктестік бойынша барлығы	884 747	1 036 710,7	85,3

Жиынтық сыйақыдағы айырмашылық ішінара сыйақылар мен бонустарды қоса алғанда, еңбек-ақының айнаымалы бөлігін бөлумен байланысты.

Негізгі лауазымдар бойынша жалақының арақатынасы, теңге/%

Лауазым/ лауазымдар тобы	Әйелдердің жалақысы	Ерлердің жалақысы	Арақатынасы, %
Топ-менеджмент	0	1 575 000	0
Бөлімше басшылары	708 700	732 500	96,8
Мамандар	513 313	512 175	100,2

Негізгі лауазымдар бойынша жалақының арақатынасы мамандар деңгейінде әйелдер мен ерлердің еңбекақысы салыстырмалы екенін көрсетеді. Бөлімше басшылары арасында алшақтық өте аз.

Әйелдердің топ-менеджментте болмауы жалпы көрсеткішке әсер етеді және осы санаттағы ең үлкен ауытқуды қалыптастырады.

2023–2025 жылдардағы орташа гендерлік алшақтық, %

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Орташа гендерлік алшақтық, %	13,97	13,35	12,91

Қызметкерлерді оқыту және дамыту GRI 3–3, 404–1, 404–2, 404–3

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметінің тиімділігі персоналдың біліктілігіне, оның дайындық деңгейіне және кадрлық құрамның тұрақтылығына тікелей байланысты. Гидроэнергетиканың технологиялық күрделілігі жағдайында адам факторы жабдықтың сенімді әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етудің, сондай-ақ өндірістік көрсеткіштерді орындаудың маңызды элементі болып табылады.

Серіктестік адам ресурстарын басқару мен персоналды даярлауды операциялық нәтижелерге де, өндірістік қауіпсіздікке де әсер ететін маңызды бағыт ретінде қарастырады.

Қызметкерлерді оқыту саласындағы тәуекелдер

Оқыту саласындағы тәуекелдер персоналдың біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігімен және штаттан тыс жағдайларда әрекет етуге дайындық сапасымен байланысты.

Қызметкерлердің жеткіліксіз даярлығы технологиялық бұзушылықтар мен жабдықтардың істен шығу ықтималдығын арттырады, электр энергиясын өндіру жоспарларының орындалуы-

на әсер етеді және төтенше жағдайларға дайындық деңгейін төмендетеді.

Қосымша тәуекел – жетіспейтін құзыреттерді жедел толықтыру қажеттілігі туындаған жағдайда оқыту мен бейімдеуге жұмсалатын шығындардың артуы.

Осылайша, персоналдың даярлық деңгейі энергиямен жабдықтаудың сенімділігіне және Серіктестіктің тұрақты жұмысына тікелей әсер етеді.

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС қызметкерлерді оқыту жүйесін дамытуды жалғастырып, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамытуға және кадрлық әлеуетті нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізді.

Кадрлық тәуекелдерді басқару

Серіктестік кадрлық тәуекелдерді алдын алу және түзету шараларын үйлестіре отырып, жүйелі түрде басқарады.

Тұрақты оқыту және біліктілікті растау қамтамасыз етіледі, жаттығулар мен оқу-жаттығулар өткізіледі, оқу орындарымен ынтымақтастық дамытылады. Есепті кезеңде оқыту көлемі айтарлықтай өсті.

Қызметкерлерді оқыту

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Жалпы оқыту көлемі, сағат	3654	4208	7488
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам	140	144	151
1 қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны	26,1	29,2	48

2025 жылы көрсеткіштің өсуі оқыту бағдарламаларының кеңеюімен және қызметкерлерді қамтудың ұлғаюымен байланысты.

Гендерлік белгісі бойынша оқыту сағаттарының орташа саны:

Оқу сағаттарының орташа саны /жыл	2023	2024	2025
Әйелдер	28	17	41
Ерлер	25	34	51

Оқыту динамикасы гендерлік бөліністе әртүрлі бағытта қалыптасты. 2025 жылы әйелдерде де, ерлерде де оқытудың орташа сағат саны өсті. Ерлердегі көрсеткіштің жоғары болуы міндет-

ті және мамандандырылған бағдарламаларға қатысатын өндірістік персонал үлесінің көп болуымен байланысты.

Оқыту және дамыту бағдарламалары

Серіктестікте қызметкерлердің кәсіби және цифрлық құзыреттерін дамытуға бағытталған бағдарламалар кешені іске асырылуда.

Бағдарламаға қатысушылар саны, адам

Бағдарлама түрі /жыл	2023	2024	2025
Біліктілігін арттыру	64	89	332
Қайта даярлау	109	91	130
Кадрлық резерв	11	11	14
Цифрлық дағдыларға оқыту	–	–	150

Өндірістік қауіпсіздік талаптарына және жабдықтарды пайдалану және штаттан тыс жағдайларға ден қою үшін қажетті персоналдың құзыреттілігін сақтауға ерекше назар аударылады.

Кадрлық тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралар және олардың нәтижелілігі

2025 жылы Серіктестік кадрлық тәуекелдерді азайту және қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша шаралар кешенін іске асырды. Әлеуметтік кепілдіктер мен еңбек жағдайлары жақсартылды, өндірістік және әкімшілік персонал үшін оқыту бағдарламалары кеңейтілді.

Қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығындардың жалпы көлемі 21,5 млн теңгеден асты, оның ішінде өндірістік персоналды оқытуға – 12,6 млн теңге, әкімшілік персоналды оқытуға – 9 млн теңге.

Кадрлық тәуекелдерді басқару нәтижелері

Аталған іс-шараларды іске асыру кадрлық тәуекелдердің ықтималдығы мен әсерін төмендетуге, қызметкерлердің штаттан тыс жағдайларға дайындық деңгейін арттыруға, ISO халықаралық стандарттарының (ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001, ISO 37001) талаптарын орындауды қамтамасыз етуге, өндірістік қызметтің тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік берді.

Тәуекелдерді бағалау қорытындысы бойынша тәуекел деңгейінің орташадан төменге түскені тіркелді, бұл іске асырылып жатқан шаралардың тиімділігін растайды.

Адам құқығы: қызметкерлер мен ішкі саясат

GRI 2–23, 2–25, 2–26, 406–1, 412–2

«Өскемен ГЭС» ЖШС-да адам құқықтарын сақтау – корпоративтік мәдениет пен персоналды басқару жүйесінің бір бөлігі.

Серіктестік кемсітпеушілікті, тең мүмкіндіктерді, қызметкерлердің қадір-қасиетін құрметтеуді және дұрыс емес қарым-қатынастың кез келген түрінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Адам құқықтары саласындағы саясат

Есепті кезеңде «Өскемен ГЭС» ЖШС-де адам құқықтары мәселелерін реттейтін бірқатар ішкі құжат қолданыста болды. Олардың негізгілері – Адам құқықтары жөніндегі саясат, Кемсітушілікке жол бермеу саясаты және Іскерлік әдеп кодексі (Мінез-құлық кодексі). Барлық құжат 2025 жылы бекітіліп, барша қызметкерге таратылады.

Мінез-құлық кодексі адам құқықтарын құрметтеуді, кемсітушілікке жол бермеуді және іскерлік әдепті сақтауды қоса алғанда, этикалық өзара іс-қимыл қағидаттарын бекітеді.

Бұл қағидаттар HR процестеріне енгізілген. Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер ішкі құжаттармен танысып, олардың сақталуын үнемі нақтылайды. Мінез-құлық кодексіне қол қою барлық қызметкерлер үшін міндетті.

Адам құқықтары туралы ережелер өзара іс-қимыл, бағалау және персоналды басқаруды қоса алғанда, күнделікті жұмыста қолданылады.

Шағымдану және қызметкерлерді қорғау тетіктері

Серіктестікте өтініш беру үшін қолжетімді арналар жұмыс істейді:

- электрондық арналар (корпоративтік пошта);

- сенім телефоны;
- тікелей басшылар мен жауапты бөлімшелер арқылы жүгіну.

Қызметкерлер өтініштерді, соның ішінде құпия түрде де, жібере алады. Серіктестік заңбұзушылық туралы хабарлаған қызметкерлерді жағымсыз салдардан қорғауға кепілдік береді.

Қызметкерлердің өтініштері мен құқықтарын бұзу

Есепті кезеңде қызметкерлердің құқықтарының елеулі бұзылуы тіркелген жоқ. Барлық келіп түскен өтініштер белгіленген тәртіппен қаралып, қажетті шаралар қабылдануда.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

GR1 3-3, 403-1, 403-2, 403-3, 403-4, 403-5, 403-6, 403-7, 403-8, 403-9

Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару тәсілі

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік өндірістік қызметтің сипаты мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, «Өскемен ГЭС» ЖШС үшін маңызды тақырып болып табылады.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесін басқару халықаралық ISO 45001:2018 стандартының талаптарына сәйкестікті қамтитын интеграцияланған менеджмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және жарақаттану мен оқиғалардың алдын алуға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға және өндірістік тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқарудың негізгі құралы – тұрақты аралау, тәуекелдерді бағалау, персоналды оқыту және оқиғаларды талдауға негізделген алдын алуға бағытталған тәсіл.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі Серіктестік қызметкерлерінің 100%-ын қамтиды және кәсіпорын аумағында жұмыстарды орындайтын мердігер ұйымдарға да қолданылады.

Қауіпсіздік тәуекелдері және алдын ала бақылау

Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау Серіктестіктің ішкі регламенттеріне, оның ішінде тәуекелдерді анықтауға және оларды басқару шараларын айқындауға бірыңғай тәсілді белгілейтін КН 01-01 «Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және Тәуекелдерді басқару» нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді бағалау кезінде дереккөздердің кең ауқымы пайдаланылады: ішкі және сыртқы тексерулердің нәтижелері, еңбек жағдайларының мониторингі деректері, жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері, оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тергеп-тексеру нәтижелері. Сондай-ақ жаттығулар барысында анықталған мінез-құлық факторлары, жабдықтар мен инфрақұрылымның жай-күйі, технологиялар мен өндірістік процестердегі өзгерістер, қызметкерлердің ұсыныстары және қауіпсіздік мәселелері бойынша өндірістік кеңестің шешімдері ескеріледі.

Осы ақпарат негізінде тәуекелдерді бағалау тұрақты түрде жүргізіледі, оның нәтижелері өндірістік қызметті жоспарлау кезінде, оның ішінде жүктелім-рұқсат беру жүйесі бойынша жұмыстарды дайындау барысында пайдаланылады. Бағалау қорытындылары бойынша тәуекелдер тізбесі қалыптастырылады, бақылаудың басым бағыттары айқындалады және жауапты тұлғалар мен орындау мерзімдерін белгілей отырып, тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

2025 жылы 150 жұмыс түрі және 142 жұмыс аймағы бойынша тәуекелдерге бағалау жүр-

Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Өскемен ГЭС» ЖШС «Самұрық-Энерго» тобының кәсіпорындары арасында өндірістік қауіпсіздік бойынша үздік ұйым деп танылды.

гізілді. Оның нәтижелері бойынша тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралар іске асырылды. Есепті кезеңге жоспарланған барлық міндеттер орындалды.

Өндірістік тәуекелдерге жоғары қауіпті жұмыстар жатады, оның ішінде: биіктіктегі жұмыстар, сүңгуірлік жұмыстар, отпен жүргізілетін жұмыстар, тұйық кеңістіктердегі жұмыстар, жабдықтарды пайдалану және электр қондырғыларымен жұмыс істеу.

Қосымша құрал ретінде тұрақты түрде өндірістік алаңдарды аралау және көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін жүргізу арқылы превентивті бақылау жүзеге асырылады. Аралауды бекітілген кестелер мен жауапкершілік аймақтарына сәйкес әртүрлі деңгейдегі қызмет-

керлер (жедел қызметкерлер құрамы бастап басшыларға дейін) жүргізеді.

2025 жылы 3 987 аралау жүргізілді (жоспардың 114%-ы), оның барысында 1 404 ықтимал қауіпті фактор анықталды. Оның ішінде 703 қауіпті өндірістік фактор жабдықтардың қауіпті жай-күйіне, 442 фактор қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарына сай емес мінез-құлқына, 132 фактор қоршаған ортаны қорғау талаптарының бұзылуына, ал 127 фактор жүктелім-рұқсат беру жүйесінің құжаттамасына немесе жұмыстардың қауіпсіздігін талдауға байланысты болды.

Өндірістік бақылау нәтижелері бойынша ескертулерді жою (қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша аралаулар) толық көлемде орындалды, орындалу дәрежесі 100% құрады.



2025 жылдағы аралау саны



Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару жүйесі

2025 жылы Серіктестік тәуекелдер тізілімін жүргізуді, оны өзектендіруді және іс-шаралардың орындалуын бақылауды жалғастырды. Тізілім шеңберінде тәуекелдер бекітілген ма-

трица бойынша сараланады, бұл басымдықтарды айқындауға және назарды ең маңызды бағыттарға шоғырландыруға мүмкіндік береді.

2025 жылы Серіктестік тәуекелдер тізілімін жүргізуді, оны өзектендіруді және іс-шаралардың орындалуын бақылауды жалғастырды.

Қауіпсіздік саласындағы нәтиже

2025 жылы қызметкерлер мен мердігерлер арасында жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ. LTIFR және TRIR **нөлге тең.**

Тізілім шеңберінде тәуекелдер бекітілген матрица бойынша сараланады, бұл басымдықтарды айқындауға және назарды ең маңызды бағыттарға шоғырландыруға мүмкіндік береді.

2025 жылы өндірістік процестер бөлінісінде жұмыс орындары мен лауазымдарды қамтитын кәсіби тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізілді. Бағалау барысында механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық факторлардың әсері ескерілді. Бағалау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерді төмендетуге және еңбек қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру басшылық пен өндірістік бөлімшелердің қатысуымен жүзеге асырылады. Оның орындалуын бақылау Тәуекелдер жөніндегі комитетке жүктелген, бұл басқарудың барлық деңгейлеріндегі іс-қимылдардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді.


Қауіпсіздік мәдениеті және бұзушылықтардың алдын алу

Қауіпсіздік мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Серіктестікте еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуына нөлдік төзімділік қағидаты қолданылады. Тиісті рұқсатсыз немесе белгіленген рәсімдерді бұза отырып орындалатын кез келген жұмыстар дереу тоқтатылуға тиіс.

Жұмысты тоқтату құқығы әрбір қызметкерге, оның ішінде мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне де берілген және ол оқиғалардың алдын алудың маңызды құралы ретінде қарастырылады.

2025 жылы мердігерлердің қауіпсіздік талаптарын бұзуы анықталғандықтан, жұмыстарды тоқтатудың 11 жағдайы тіркелді. 2024 жылы жұмыстарды тоқтатудың 7 жағдайы, 2023 жылы – 9 жағдайы, 2022 жылы – 6 жағдайы, 2021 жылы –

2020–2025 жылдардағы жұмыстарды тоқтату саны



10 жағдайы, 2020 жылы – 7 жағдайы орын алды. Әрбір жағдай бойынша себептерге талдау жүргізіліп, түзету іс-шаралары іске асырылды.

Анықталған сәйкессіздіктердің басым бөлігі жергілікті сипатта болып, тікелей қауіп төндірмейді, алайда оларды жүйелі түрде тіркеу және жою Серіктестік тарапынан неғұрлым күрделі оқиғалардың алдын алудың негізгі элементі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бақылау жүйесі жекелеген бұзушылықтарды да анықтауға мүмкіндік береді.

Мысалы, 2025 жылы тиісті рұқсатсыз жұмысқа дайындалған, сынақтан өткізілмеген жабдықтың (сатының) пайдаланылғаны тіркелді. Бұзушылық жедел түрде жойылып, жоспардан тыс нұсқама өткізілді.

Қауіпсіздік мәдениетін оқыту және дамыту

Персоналды оқыту еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің негізгі элементі болып табылады және қауіпсіз жұмыс істеудің тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, қызметкерлердің құзыреттілігін арттыруға және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталған.

Серіктестіктің барлық қызметкерлері міндетті түрде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамадан өтеді, бұл персоналдың 100%-ын қамтиды. «Энергетикалық кәсіпорындардағы персоналмен жұмыс қағидаларының» талаптарына сәйкес кіріспе, жұмыс орнындағы бастапқы, қайталама, мақсатты және жоспардан тыс нұсқамалар жүргізіледі.

Серіктестікте ішкі және сыртқы оқыту нысандарын қамтитын кешенді оқыту жүйесі іске асырылады. Жыл бойы мынадай оқыту түрлері жүргізіледі:

- бекітілген бағдарламалар бойынша персоналды сыртқы оқыту;
- персоналдың 100%-ын қамти отырып, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы күндері шеңберінде ай сайынғы оқыту;
- өзекті өндірістік тақырыптар бойынша техникалық оқу;
- нөлдік жарақаттану жоспары бойынша оқыту;
- өрт-техникалық минимумды, азаматтық қорғауды және лаңкестікке қарсы қауіпсіздікке оқыту;
- алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқыту.

Қосымша күнделікті негізде жұмысты бастамас бұрын қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын

анықтау жүргізіледі, бұл тәжірибеде қауіпсіз жұмыс дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді.

ЕҚ және ӨҚ қызметкерлерін оқыту

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Оқытылған қызметкерлер	136	142	151
Орташа сағат саны	8	8	8

Жоғары қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерді арнайы оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. 2025 жылы мұндай оқудан 42 қызметкер өтті. Оқыту мынадай бағыттар бойынша даярлау мен аттестаттауды қамтиды: жүк

көтергіш механизмдерді пайдалану, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстармен жұмыс істеу, газ баллондарын пайдалану, лифтерлерді даярлау және кәсіби даярлаудың басқа да түрлері.


Мамандандырылған оқыту

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Оқытылған қызметкерлер	32	53	42

2025 жылы қызметкерлерді 100 % оқытумен қамту қамтамасыз етілді.

Серіктестік персоналды оқытуға, оның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және азаматтық қауіпсіздік бойынша бағдарламаларға инвестиция салады. 2025 жылы оқытуға жұмсалған шығындар 2024 жылмен салыстырғанда 48,9%-ға өсті (7 251 749 теңгеден 10 799 655 теңгеге дейін), бұл даярлау бағдарламаларының кеңеюіне және персоналдың біліктілігіне қойылатын талаптардың артуына байланысты.

Сыртқы оқыту шығындары, теңге



Персоналдың біліктілігін растау мақсатында қызметкерлер уәкілетті органдарда білімін міндетті тексеруден және аттестаттаудан, оның ішінде электр қондырғыларымен жұмыс істеу кезінде техникалық пайдалану және қауіпсіздік ережелері бойынша емтихандардан, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын білуін тексеруден өтеді.

Тәлімгерлік және тәжірибе беру

Серіктестікте тәлімгерлік бағдарламасы жүзеге асырылады, оның аясында тәжірибелі қызметкерлер қосарлы бағдарламалар бойынша білім алып жатқан жаңа қызметкерлер мен студенттерге тәжірибелік білім береді.

Бұл тәсіл тұрақты қауіпсіз жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және қызметкерлердің тез бейімделуіне ықпал етеді.

Төтенше жағдайларға дайындау

2025 жылы төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыруға бағытталған кешенді іс-шаралар іске асырылды. Сейсмикалық жаттығулар, апатқа қарсы жаттығулар, өртке қарсы жаттығулар, тактикалық-арнаулы оқу-жаттығулар, апаттық жағдайларды жою бойынша жаттығулар өткізілді.

Оқу-жаттығулар өзара іс-қимылды пысықтауға, әрекет ету жылдамдығын арттыруға және персоналдың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Нәтижесінде Серіктестіктің төтенше жағдайларға қарсы әрекет етуге дайындығы расталды. Жақсарту үшін анықталған аймақтар түзету шараларында ескерілді.

Бақылау жүйесін цифрландыру және дамыту

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС процестердің ашықтығын, тәуекелдерді басқаруды және жедел әрекет етуді арттыруға бағытталған еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы цифрлық құралдарды дамытуды жалғастырды.

Серіктестіктің цифрлық инфрақұрылымының негізінде қауіпсіздікті басқарудың негізгі функцияларын автоматтандыруды қамтамасыз ететін мамандандырылған шешімдер – «1С: Еңбекті қорғау» жүйесі мен BPMS модулі қолданылады.

«1С: Еңбекті қорғау» жүйесі іс-шараларды орталықтандырылған есепке алу және бақылау үшін қолданылады, оның ішінде персоналды тестілеу және оқыту, тексерулерді тіркеу, оқиғалар мен іс-шаралар бойынша деректер базасын жүргізу, сондай-ақ ақпаратты сақтау және жүйелеу жүзеге асырылады. Оның көмегімен өндірістік аралау нәтижелері, анықталған тәуекелдер мен сәйкессіздіктер тіркеледі, түзету іс-шараларын орындауға жауапты тұлғалар тағайындалады, оларды іске асыру мерзімдері мен мәртебесі бақыланады.

BPMS модулі қауіпсіздік бойынша көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін (ҚКМА) жүргізу үшін қолданылады. Сондай-ақ жүйе талдамалық есептілікті қалыптастырады және қайталанатын бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік береді, осылайша профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттырады.

2025 жылы Серіктестік өндірістік бақылау және персонал қауіпсіздігі саласында цифрлық шешімдерді қолдану аясын кеңейтті.

Медициналық тексерулердің электрондық жүйесін (МТЭЖ) дамыту жалғастырылды. Бұған дейін енгізілген жабдыққа қосымша екі терминал қосылды. Жүйені пайдалану ауысым алдындағы бақылауды жүргізу уақытын қысқартуға, өткізу қабілетін арттыруға, адам факторының әсерін азайтуға және персоналдың жұмысқа жіберілгені туралы қорытындыларды автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жүйе ішкі ақпараттық ресурстармен интеграцияланған және қызметкерлердің денсаулық жағдайын бағалауға арналған талдамалық деректерді қалыптастырады, бұл жұмысқа қарсы көрсетілімдері бар қызметкерлерді жіберуге жол бермеуге және жарақаттану тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

2024–2025 жылдары Серіктестіктің автокөлік құралдары жүргізушілерге көмек көрсету жүйелерімен толық жабдықталды. Бұл шешімдер

жүргізушілердің мінез-құлқын мониторингтеуді, оның ішінде шаршау және назардың бөліну белгілерін тіркеуді, жол жағдайын бақылауды, ықтимал соқтығысу және қозғалыс траекториясынан ауытқу туралы ескертуді қамтамасыз етеді. Оларды пайдалану апаттылық деңгейін төмендетуге және көлік жүргізу тәртібін арттыруға ықпал етеді.

2025 жылы бейнебақылау, онлайн-трансляция, геопозициялау және екіжақты байланыс мүмкіндіктері бар көпфункционалы жеке қауіпсіздік құралдары – 60 «ақылды каска» құрылғысы енгізілді. Олар тексерулер, аралаулар, мінез-құлық аудиттері және жүктелім-рұқсат беру жүйесі бойынша жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылады, бұл бақылаудың қосымша деңгейін қамтамасыз етеді, бұзушылықтарды тіркеуге және персоналдың әрекеттерін талдауға, сондай-ақ штаттан тыс жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

2025 жылғы желтоқсанда бейнебақылау жүйесінің құрамында бейнеталдау жүйесі пайдалануға берілді. Бұл шешім қауіпсіздік талаптарының сақталуын автоматты түрде бақылауды, персоналдың қауіпті аймақтарда жүргенін анықтауды, ықтимал қауіпті мінез-құлықты талдауды және бұзушылықтар туралы жауапты тұлғаларға жедел хабарлауды қамтамасыз етеді. Қолданыстағы еңбекті қорғауды басқару жүйесімен интеграциялау талдамалық есептілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді және оқиғалардың алдын алудың тиімділігін арттырады.

Жалпы, цифрлық шешімдерді енгізу қауіпсіздік саласындағы деректерді басқарудың бытыраңқы бақылаудан кешенді жүйесіне көшуге мүмкіндік беріп, тәуекелді анықтаудан бастап оны жоюға дейінгі барлық кезеңдердің қадағалануын қамтамасыз етті. Бұл басқарушылық шешімдерді қабылдаудың жеделдігін арттырып, еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды күшейтті және өндірістік тәуекелдерді төмендетуге ықпал етті.

Цифрлық құралдарды дамыту Компания тарапынан ұзақ мерзімді перспективада еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады.

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру және тестілеу
Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін төмендету мақсатында Серіктестік қызметкерлерге ақпаратты қорғау талаптары, корпоративтік ақпараттық жүйелерді пайдалану қағидалары және ішкі регламенттерді сақтау туралы ақпараттандыру



жұмыстарын жүргізеді. Қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік талаптары бойынша білімін тексеру ішкі оқыту және бақылау рәсімдері шеңберінде жүргізіледі. 2026 жылы Серіктестік осы бағытты дамытуды, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқыту мен тестілеуден өту есебін жүйелеуді жалғастыруды жоспарлап отыр.

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру және тестілеу
Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін төмендету мақсатында Серіктестік қызметкерлерді ақпаратты қорғау талаптары, корпоративтік ақпарат-

тық жүйелерді пайдалану қағидалары және ішкі регламенттерді сақтау жөніндегі талаптар туралы ақпараттандырады. Қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік талаптары бойынша білімін тексеру ішкі оқыту және бақылау рәсімдері шеңберінде жүргізіледі.

2025 жылы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша ақпараттандыру және білімді тексеру Серіктестіктің корпоративтік ақпараттық жүйелері мен ақпараттық ресурстарын пайдаланатын қызметкерлерді қамтыды.

Жұмыскерлер санаты	2025 жылғы жұмыскерлер саны, адам	Ақпараттық қауіпсіздік бойынша ақпаратпен қамтылғандар, адам	Қамту, %	Білімін тексеру / тестілеу
Басшы қызметкерлер	20	20	100 %	Ішкі оқыту және бақылау рәсімдері шеңберінде жүргізілді
Әкімшілік-басқару персоналы / мамандар	84	84	100 %	Ішкі оқыту және бақылау рәсімдері шеңберінде жүргізілді
Өндірістік персонал / жұмысшылар	51	51	100 %	Ішкі оқыту және бақылау рәсімдері шеңберінде жүргізілді
Барлығы	155	155	100 %	Білімді тексеру ішкі рәсімдер шеңберінде жүргізіледі

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

2025 жылы «Өскемен ГЭС» ЖШС процестердің ашықтығын, тәуекелдерді басқару мүмкіндігін және әрекет ету жеделдігін арттыру мақсатында еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы цифрлық құралдарды дамытуды жалғастырды.

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
Негізінде — 1С арнайы шешімдері: Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті басқарудың негізгі процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін BPMS модулі.



1С: Еңбекті қорғау | Іс-шараларды орталықтандырылған есепке алу және бақылау



Нұсқаулықтар мен оқытуды тіркеу



Тексерулерді тіркеу



Оқиғалармен іс-шараларды есепке алу



Деректерді сақтау және жүйелеу

BPMS Модулі | Бұзушылықтар мен тәуекелдерді басқару



Айналма жолдар мен сәйкессіздіктердің нәтижелерін тіркеу



іс-шараларға жауаптыларды тағайындау



орындау мерзімдері мен мәртебесін бақылау



Аналитика және қайталанатын бұзылуларды анықтау

2025 ЖЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ КЕҢЕЙТУ

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ (МТЭЖ)**

- 2 қосымша терминал енгізілді
- ауысым алдындағы бақылау уақыты қысқартылды
- өткізу қабілеттілігі артты
- адам факторының әсері төмендеді
- автоматтандырылған жұмысқа рұқсат
- ішкі жүйелермен және денсаулық аналитикасымен интеграция



**ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ**

2024-2025 жылдары Компанияның автокөліктері жүргізушілерге көмек көрсету жүйелерімен толық жабдықталған:

- жүргізушінің шаршауын және алаңдаушылығын бақылау
- соқтығысу туралы ескерту
- жол жағдайын бақылау
- қозғалыс траекториясын бақылау

Нәтижесі: жол-көлік оқиғаларын азайту және жүргізу тәртібін арттыру



**«АҚЫЛДЫ КАСКА» ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ (60 бірлік)**

Функциялар:

- бейнебақылау және онлайн трансляция
- геопозициялау
- екі жақты байланыс

Қолдану:

- тексеру және айналып өту
- мінез-құлық аудиттері
- нарядтар бойынша жұмыстар

Нәтижесі: бұзушылықтарды бақылау, тіркеу және жедел ден қою




**БЕЙНЕТАЛДАУ ЖҮЙЕСІ**

2025 жылдың желтоқсанында бейнебақылау жүйесінің құрамында бейнеталдау жүйесі іске қосылды:

- сәйкестікті автоматты бақылау
- қауіпті аймақтарда болуын анықтау
- тәуекелді мінез-құлықты талдау
- жауапты тұлғаларды хабардар ету
- ЕҚ және талдау жүйесімен интеграция



ЕНГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ



**СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘСЕР**

Цифрлық құралдарды дамыту ұзақ мерзімді перспективада еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың негізгі факторы болып табылады.

Жарақаттану көрсеткіштері

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Өскемен ГЭС» ЖШС өндірістік қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, жарақаттану орын алмаған тұрақты көрсеткіштерді сақтап қалды.

Қызметкерлер мен мердігер ұйымдар арасында жұмыс уақытын жоғалтуға әкеп соққан жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ (LTIFR = 0). Тіркелетін жарақаттанудың жалпы деңгейі де нөлді құрады (TRIR = 0). Серіктестік бұл нәтижені тұрақты түрде сақтап келеді: жұмыс уақытын жоғалтуға әкеп соққан жарақаттанудың соңғы жағдайы 2009 жылы тіркелген.

Есепті кезеңде микрожарақаттың бір жағдайы тіркелді. Тергеу нәтижелері бойынша оқиғаның себептері анықталып, осындай жағдайлардың қайталануының алдын алуға бағытталған түзету іс-шаралары іске асырылды.

2025 жылы кәсіптік аурулар жағдайлары тіркелген жоқ.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- персонал арасында жарақаттанусыз 5 868 күн;
- мердігерлер мен келушілерді қоса алғанда, жарақаттанусыз 10 316 күн.

Серіктестіктің өндірістік қауіпсіздігінің жоғары деңгейі сыртқы бағалау нәтижелерімен расталады.

2025 жылғы қызмет қорытындылары бойынша 2026 жылғы ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының еншілес және тәуелді ұйымдар арасында өткізілетін жыл сайынғы номинациясы шеңберінде «Өскемен ГЭС» ЖШС 1-орынға ие болып, өндірістік қауіпсіздік саласындағы үздік ұйым деп танылды.

Серіктестік «Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы» ауыспалы кубогымен марапатталып, «Сенім» сертификатына ие болды.

Алынған марапаттар еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ Серіктестіктің өндірістік тәуекелдерді төмендетудегі тұрақты нәтижелерін растайды.

Қызметкерлердің денсаулығын қорғау

Серіктестік персоналдың денсаулығын қорғау бойынша іс-шаралар кешенін қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- Жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексерулер жүргізіледі. Олардың нәтижелері бойынша персоналды сауықтыру жоспарлары қалыптастырылып, іске асырылады.
- Қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оның ішінде шарттар негізінде алдын ала, мерзімдік және кезектен тыс медициналық тексерулер жүргізу. Серіктестікте қажетті жабдықтармен жарақтандырылған медициналық пункт жұмыс істейді, штатта терапевт дәрігер қарастырылған.
- Зардап шеккендерге ішкі нормативтік құжат «Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету қағидаларына» сәйкес алғашқы көмек көрсету. Барлық қызметкерлер тиісті оқудан өтіп, оны растайтын сертификаттарға ие және білімдерін тұрақты түрде тексеруден өтеді.
- «Нөлдік жарақаттануды қамтамасыз ету жоспарын» және қызметкерлердің денсаулық жағдайын мониторингтеу тиімділігін цифрлық шешімдерді енгізу арқылы арттыруға, еңбекті қорғау мамандарының құзыреттерін дамытуға, үздік тәжірибелерді таратуға және өндірістік және әкімшілік объектілердегі санитариялық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға бағытталған «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2026 жылға арналған еңбекті қорғау жөніндегі жол картасын іске асыру.
- Қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсетуді, оның ішінде күйзелісті басқару бойынша оқытуды, сенім телефонының жұмыс істеуін, сондай-ақ іскерлік әдеп, адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.
- Қызметкерлердің дене белсенділігін дамыту: спорттық бағдарламалардың іске асырылуы, спорт комитетінің қызметі, фитнес-кешен мен хауызға баруды ұйымдастыру.
- Ауысым алдындағы және рейс алдындағы тексерулерді, тұрақты медициналық тексерулерді, сондай-ақ Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы күндері аясында қызметкерлерді денсаулықты сақтау және алғашқы көмек көрсету мәселелеріне оқытуды қамтитын аурулардың алдын алу жүйесін іске асыру.

Барлық қызметкерлер медициналық қызметпен және профилактикалық бағдарламалармен қамтылған.

Жүзеге асырылатын іс-шаралар кәсіби тәуекелдерді азайтуға, еңбек жағдайларына байланысты аурулардың алдын алуға, сондай-ақ қызметкерлердің жалпы физикалық және психикалық-эмоционалдық жағдайын сақтауға бағытталған. Серіктестіктің тәсілі алдын алуға, тәуекел факторларын ерте анықтауға және оларды төмендету бойынша жүйелі жұмысқа негізделген.

Еңбек жағдайлары және өндірістік орта

Жұмыс орындары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және өндірістік бақылау мен ішкі аудит шеңберінде тұрақты тексеруден өтеді.

2025 жылы өндірістік объектілердің еңбек жағдайлары бойынша мерзімдік аттестаттауы жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша еңбек жағдайларын жақсарту, оның ішінде қызметкерлерге қосымша кепілдіктер мен өтемақылар ұсыну жөніндегі шаралар айқындалды. Іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауда.

Сонымен қатар Серіктестік қызметкерлері мен мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайлардың сақталуы мен жақсартылуын бақылау жүзеге асырылады. Тексеру нәтижелері бойынша тұрмыстық үй-жайларды жаңғырту, оның ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізу, жабдықтарды жаңарту және персонал мен мердігерлердің болу жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді іс-шаралар іске асырылды.

Қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару процестеріне тарту

Серіктестікте еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару процестеріне қызметкерлерді тартудың жүйелі тәжірибесі іске асырылды.

Еңбекті қорғау комитеттері (өндірістік кеңестер) жұмыс істейді, олардың қызметі ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі. Олардың жұмысы шеңберінде қызметкерлер мен жұмыс беруші өкілдерінің қатысуымен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері тұрақты түрде қарастырылады.

Қызметкерлермен кері байланыс ішкі регламенттерде қызметі бекітілген техникалық инспекторлар арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл тетік еңбек жағдайлары мен қауіпсіздікке қатысты мәселелерді жедел анықтауға және шешуге мүмкіндік береді.

Қызметкерлермен кеңестер тұрақты негізде өткізіледі және мыналарды қамтиды:

- еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің отырыстары (тоқсан сайын);
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы күндерін өткізу (ай сайын);
- қызметкерлердің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімшесімен күнделікті өзара іс-қимылы;
- өндірістік кеңестерде мәселелерді талқылау.

Серіктестікте қызметкерлердің мүддесін қорғайтын бастауыш кәсіподақ ұйымы да жұмыс істейді. Қызметкерлерді кәсіподақпен қамту деңгейі 58% құрайды.

Қызметкерлерді еңбекті қорғау саласындағы қатысу мен коммуникацияның барлық нысандарымен қамту 100% құрайды.

Мердігерлердің қауіпсіздігін басқару және іскерлік серіктестермен өзара іс-қимыл жасау

GRI 3-3, 403-7, 403-8, 414-1, 414-2

Серіктестікте мердігер ұйымдардың қауіпсіздігін басқарудың барлық өзара іс-қимыл кезеңдерін – іріктеу және жұмыстарды орындауға жіберуден бастап талаптардың орындалуын бақылау және анықталған бұзушылықтарға ден қоюға дейін қамтитын жүйелі моделі қалыптастырылған. Бұл тәсіл кәсіпорын аумағында болатын барлық қызметкерлердің мәртебесіне қарамастан, қауіпсіздік талаптарының бірыңғай деңгейі қағидатына негізделген.

Мердігерлердің қауіпсіздігін басқару саласындағы мақсаттар мен міндеттер кешенді тәсіл негізінде қалыптастырылады: шарт жасасқанға дейін мердігер ұйымдардың заңнама талаптары мен Серіктестіктің ішкі нормаларына сәйкестігін бағалау, жұмыстарды орындау барысында кәсіптік тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау, сондай-ақ тиімді ішкі өзара іс-қимыл мен коммуникацияны қамтамасыз ету.

Станциядағы жұмыстардың едәуір бөлігі мердігерлік тәсілмен орындалатынын ескере отырып, Серіктестік қызметкерлерді олардың қай ұйымға тиесілі екеніне қарай бөлмейді. Кәсіпорын аумағында жүрген барлық адамдардың мәртебесіне қарамастан, олардың өмірі мен денсаулығын сақтау басымдық болып табылады.

Іскерлік серіктестердің саясаты, талаптары және комплаенсі

Сонымен қатар іскерлік серіктестермен комплаенс талаптарын сақтау мәселелері бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі, оның ішінде іскерлік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері қамтылады.

Барлық іскерлік серіктестерге қолданылатын талаптар шарттық және корпоративтік тетік-

тер арқылы хабарланады. Ішкі нормативтік құжаттармен (ІНҚ), Мінез-құлық кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен танысу шарт жасасу кезеңінде жүзеге асырылады.

Соңғы үш жылда іскерлік серіктестердің комплаенс талаптарымен қамтылу көрсеткіші 66%-дан 84%-ға дейін өсті, бұл контрагенттерді корпоративтік стандарттарға тарту бойынша жүйелі жұмысты көрсетеді.

Іскерлік серіктестерді қамтудың сандық көрсеткіштері

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Іскерлік серіктестердің жалпы саны	320	350	380
Комплаенс бойынша ІНҚ-мен танысқан серіктестер саны	210	270	320
Қамту, %	66 %	77 %	84 %

2025 жылға арналған іскерлік серіктестердің санаттар бойынша құрылымы

Серіктестер санаты	Барлығы	Танысқаны	Қамту, %
Жеткізушілер	250	220	88 %
Мердігерлер	80	60	75 %
Кеңесшілер және басқалар	50	40	80 %
Барлығы	380	320	84 %

Мердігерлерге қойылатын саясаттар мен талаптар

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында және топтың корпоративтік саясаттарында бекітілген. Бұл талаптарды сақтау барлық мердігер ұйымдар үшін міндетті болып табылады және оларды тендерлік және келісім-шарттық құжаттарға енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жарақаттанудың алдын алу және денсаулығының нашарлауына жол бермеудің базалық қағидаттары келесі құжаттарда айқындалған:

- «Өскемен ГЭС» ЖШС корпоративтік менеджмент жүйесінің саясаты;
- Серіктестік бойынша бұйрықпен орындауға қабылданған “Самұрық-Қазына” АҚ-ның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты;

- Кәсіпорынның Нұсқаулығы КН 17-09 «Мердігер ұйымдармен жұмыс».

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар сатып алу рәсімдеріне біріктірілген және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қойылатын қосымша талаптарды белгілейтін тендерлік құжаттаманың бөлімінде көрсетілген. Жұмыстарды орындау жүктелім-рұқсат беру жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін оқыту, нұсқаулық беру және жұмысқа жіберу тәртібі Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі, оның ішінде:

- Кәсіпорынның нұсқаулығы КН 01-05 «Жұмыстарды жүргізу алдындағы нұсқаулық»;
- Кәсіпорынның ережесі КЕ 01-06 «Нұсқаулық жүргізу және білімді тексеру тәртібі»;
- Кәсіпорынның нұсқаулығы КН 01-04 «Алдын алу қауіпсіздігі»;
- Кәсіпорынның нұсқаулығы ИП 17-10 «Құрал-жабдықтар мен материалдарға кірме қадағалау».

Мердігерлерді іріктеу және рұқсат беру рәсімдері

Серіктестікте мердігер ұйымдарды іріктеу және жұмыстарды орындауға жіберудің белгіленген рәсімі қолданылады, ол еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Барлық мердігерлер жұмыстарды орындауға жіберілгенге дейін міндетті тексеруден өтеді. Негізгі критерий – құжаттамамен расталатын және кіріспе нұсқама барысында тексерілетін қажетті біліктілік пен оқытудан өткенінің болуы. Іріктеу рәсімдері ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген және барлық мердігер ұйымдарға ерекшеліксіз қолданылады.

Серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, оның ішінде КН 01-05 «Жұмыстарды жүргізу алдында нұсқама беру» нұсқаулығы және КЕ 01-06 «Нұсқама беру және білімді тексеру тәртібі» ережесі негізінде, барлық мердігер ұйымдардың қызметкерлері мен станцияға келушілер еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті кіріспе нұсқамадан өтеді.

Кіріспе нұсқамадан кейін мердігерлер жұмыс орнындағы нұсқамадан, ал қажет болған жағдайда мақсатты және жоспардан тыс нұсқамалардан өтеді. Қауіпсіздік талаптары бойынша білімді тексеру өзекті мәселелер бойынша тестілеу нысанында жүргізіледі.

Жұмыстарды орындауды бастамас бұрын мердігер ұйымдардың персоналы Серіктестікте қолданыстағы қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптары бойынша қосымша оқытудан өтеді. Оқыту шеңберінде Серіктестіктің қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен таныстыру жүргізіледі. Оқытуды еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мамандар, азаматтық қорғау және жұмылдыру дайындығы жөніндегі бас менеджер, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер жүргізеді.

Кіріспе нұсқама өткізілгеннен кейін мердігер ұйымның әрбір қызметкеріне қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптар қамтылған жадынама беріледі.

Оған қоса, мердігер ұйымдар тұрақты оқыту жүйесіне тартылады, оның ішінде қауіпсіздік және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларға, мысалы, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау күндеріне қатысады. Олардың шеңберінде жұмыстарды қауіпсіз орындауға қатысты өзекті мәселелер қарастырылады.

Қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір мердігер ұйымға Серіктестік тарапынан шарт бойынша жауапты тұлға болып табылатын тәлімгер бекітіледі. Ол жұмыстарды орындау технологиясының сақталуын, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуын бақылайды. Сонымен қатар мердігер бригадалардың қызметі станция персоналы тарапынан қауіпсіздік бойынша нысаналы аралау бағдарламасы шеңберінде күн сайын тексеріледі.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы талаптар шарттық қатынастарда бекітіледі: жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету шарттарына арналған №4 қосымшада мердігер ұйымдар үшін міндетті талаптар белгіленген. Қосымша келісімдерге сәйкес, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен шарттың қауіпсіздікке қатысты талаптарының сақталуын бақылау мердігердің еңбекті қорғау жөніндегі маманына жүктеледі, оның штат кестесінде болуы міндетті. Сондай-ақ, мердігер ұйымдар тапсырыс берушінің еңбекті қорғау бөлімшесіне шарттық жұмыстарды орындау шеңберінде жіберілген бұзушылықтар туралы күн сайын есеп беруге міндетті.

Осылайша мердігерлердің рұқсаттама жүйесі тек белгіленген талаптарға сәйкестікті тексеруді ғана емес сонымен қатар жұмыстарды орындаудың барлық кезеңдерінде қауіпсіздік саласындағы қажетті білім деңгейін бақылауды және жауапкершілікті тұрақты қолдауды қамтамасыз етеді.

МЕРДІГЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ РҰҚСАТ БЕРУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ (GRI 414-1)

Кәсіпорын аумағында жүрген барлық қызметкерге қойылатын бірыңғай қауіпсіздік талаптары



ШАРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТАЛАПТАР

- Шарттарда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті талаптар бекітілген.
- Мердігер штатында еңбекті қорғау жөніндегі маманның болуына міндетті.
- Талаптардың сақталуын бақылау мердігердің маманына жүктеледі.
- Мердігер бұзушылықтар туралы есепті күн сайын ұсынуға міндетті.

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ

Кәсіпорын аумағындағы барлық адамның денсаулығы мен өмірін сақтау.

Компания өзінің қызметкерлері мен мердігер ұйымдардың қызметкерлерін ешбір ретте бөлмейді.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

Бірыңғай қауіпсіздік талаптары

Құзыреттілік және оқыту

Тұрақты бақылау және коммуникация

Мердігердің жауапкершілігі

Алдын алу және әрекет ету

Қоршаған ортаға қамқорлық

НӘТИЖЕ

Қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілді

Мердігерлер құзыретінің жоғары деңгейіне қолдау көрсетіледі

Жұмыстарды орындаудың барлық кезеңдерінде бақылау қамтамасыз етілді

Өндірістік тәуекелдер төмендеп, қауіпсіздік артуда

Мердігерлерді бақылау және мониторинг

Серіктестіктегі қауіпсіздікті бақылау екі деңгейде: жеке өндірістік процестер деңгейінде және бірыңғай тәсілдер мен талаптарды қолдана отырып, мердігер ұйымдармен жұмыс істеу кезінде жүзеге асырылады.

Мердігерлерді бақылау мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- тұрақты аралаулар;
- мінез-құлық аудиттері;
- жұмыс орындарында күнделікті тексерулер.

Мердігерлерді бақылау нәтижелері

Көрсеткіш атауы /жыл	2023	2024	2025
Тексерулер саны	143	169	319
Анықталған бұзушылықтар	140	151	239
Жойылған бұзушылықтар	140	151	239

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының сақталуын жүйелі бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Серіктестіктің бұйрығымен аралаулар мен көшбасшылық мінез-құлық қауіпсіздігі аудиттерін (КМҚА) жүргізудің жыл сайынғы нормалары бекітіледі.

2026 жылға:

- айына орта есеппен 354 аралауды құрайтын 52 қызметкердің қатысуымен 3 844 аралау жүргізу;
- айына 16 аудитті құрайтын Серіктестік басшылығының қатысуымен 192 КМҚА жүргізу көзделген.

Аралаулар мен КМҚА жүргізуге бейінді мамандармен қатар, Серіктестіктің жоғары басшылығын қоса алғанда, әртүрлі деңгейдегі басшылар тартылады.

Барлық анықталған сәйкессіздіктер толық көлемде жойылады.

Көрсеткіш/жыл	2023	2024	2025
Анықталған сәйкессіздіктер	1 295	1 436	1 585
Қабылданған түзету шаралары	1 295	1 436	1 585
Бұзылған шарттар	–	–	1

2025 жылы қауіпсіздік талаптарының бұзылуына және түзету шараларының орындалмауына байланысты мердігермен жасалған бір келісімшарт бұзылды.

Тексеру жүргізу тәртібі КН 01-24 «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мақсатты тексерулер жүргізу» ішкі нұсқаулығымен белгіленген.

Барлық анықталған бұзушылықтар цифрлық жүйелерде («1С: Еңбекті қорғау», BPMS) тіркеледі, жауапты тұлғалар мен жою мерзімдері тағайындалады. Жою деңгейі 100 %.

Өрескел немесе қайталанған бұзушылықтар болған жағдайда мердігер ұйымдарға айыппұл санкциялары қолданылады.

Мердігерлік ұйымдарға қатысты оқиғалар мен сәйкессіздіктер

Талданған кезеңде мердігерлік ұйымдардың қатысуымен оқыс оқиғалар мен жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ.

Сонымен қатар мердігер ұйымдардың жұмысын бақылау барысында сәйкессіздіктер анықталып, олар бойынша ескертулер жасалды. Негізінен олар жекелеген қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігіне, жұмыстарды жүргізу жобаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуіне, жеке қорғаныш құралдарын пайдалану кезіндегі бұзушылықтарға, сондай-ақ жұмыстарды бас-тамас бұрын тәуекелдерді бағалауға формалды түрде қарауға байланысты болды.

Аудиттер және талаптарға сәйкестік

2025 жылы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес қайта сертификаттау аудитінен өтті.

Аудит қорытындысы бойынша Серіктестіктің интеграцияланған менеджмент жүйесі белгіленген талаптарға сәйкес деп танылды. Ескертулер мен сәйкессіздіктер анықталған жоқ, барлық қолданыстағы стандартқа сәйкестігі расталды.

Аудит барысында Серіктестіктің үздік тәжірибелері де атап өтілді, соның ішінде:

- өндірістік міндеттерді басқару үшін 1С:ТҚКЖЖ бағдарламалық жасақтамасын енгізу және пайдалану;
- Қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау үшін бейнебақылау жүйелерін, оның ішінде жеке қорғаныш құралдарына интеграцияланған камераларды қолдану;
- Көлік құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын бейнебақылау жүйесін енгізу.

2025 жылға арналған ішкі аудиттер бағдарламасы толық көлемде орындалды. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында (ISO 45001:2018) ескертулер тіркелген жоқ.

Қосымша есепті жылы «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша сыртқы аудит жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша 39 ескерту анықталды. Әрбір ескерту бойынша себептері, жауапты тұлғалары және орындалу мерзімдері айқындала отырып, түзету іс-шаралары әзірленіп, іске асырылды. Барлық ескертулер толық көлемде жойылды.

Жүргізілген аудиттердің нәтижелері қолданыстағы басқару жүйесінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін және оның тиімділігін растайды.

Мердігерлерді бақылаудың цифрлық құралдары

Мердігер ұйымдарды бақылау мақсатында мердігер ұйымдардың персоналының тағылатын бейнекамераларды пайдалануын көздейтін «Ақылды каска» енгізілген жобасы қолданылады. Жазбалар ЕҚ және ӨҚ жөніндегі мамандар тарапынан талданады, содан кейін қауіпсіздік талаптарына сай емес әрекеттерді анықтау үшін пайдаланылады және түзету іс-шараларын әзірлеуге негіз болады.

Сонымен қатар мердігер ұйымдарды бақылау құралы ретінде бейнебақылау жүйесінің құрамындағы «Бейнеталдау жүйесі» пайдаланылады.

Бұл мониторинг пен бұзушылықтардың алдын алу сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Еңбекті қорғауды басқарудың тиімділігін бағалау және нәтижелері

2025 жылдың қорытындысы бойынша еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі тұрақты тиімділігін және оқиғалардың алдын алу қабілетін көрсетті.

Бұл аралау бойынша жоспарлы көрсеткіштердің асыра орындалуымен, анықталған ескертулерді жоюдың жоғары деңгейімен, жұмыс уақытын жоғалтуға әкеп соғатын жарақаттану жағдайларының болмауымен және тәуекелдерді басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істеуімен расталады.

Алынған нәтижелер басқару жүйесінің жетілу деңгейін және өндірістік тәуекелдерді бастапқы кезеңде анықтау әрі төмендету тұрғысындағы тиімділігін көрсетеді.

Қауіпсіздік мәдениетін дамыту жоспарлары мен бағыттары

Келесі кезеңдерде Серіктестік қауіпсіздік мәдениетін одан әрі дамытуды, бақылаудың цифрлық құралдарын кеңейтуді, оқыту және тәлімгерлік жүйесін жетілдіруді, тәуекелдер мониторингінің сапасын арттыруды, профилактикалық іс-шараларды дамытуды жоспарлап отыр.

Серіктестіктің тәсілі қауіпсіздіктің тұрақты деңгейін қамтамасыз етуге және басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге бағытталған.

Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл GRI 2–29, 3–3, 203–1, 203–2, 413–1

2025 жылы Серіктестік жергілікті қауымдастықтармен және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды одан әрі дамытты. Бұл жұмыс тікелей әлеуметтік қолдауды, сондай-ақ қызметкерлердің қоғамдық бастамаларға қатысуын, білім беру жобаларын дамытуды, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды қолдауды қамтыды.

«Өскемен ГЭС» ЖШС қызметкерлермен, өңір тұрғындарымен, қоғамдық ұйымдармен, білім беру мекемелерімен және мемлекеттік құрылымдармен тұрақты өзара іс-қимыл орнатады. Сондықтан жергілікті қауымдас-


тықтарға қосқан үлеске тек ақшалай шығындар ғана емес, сонымен қатар жанама үлес те (әлеуметтік, экологиялық, білім беру және өзге де қоғамдық бастамаларға қатысатын қызметкерлердің адам-сағат саны) кіреді.

Серіктестік қызметкерлері ерікті негізде қайырымдылық бастамаларына қатысады, түрлі әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетеді және мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін өз бетінше қаражат жинайды. Қатысудың мұндай форматы қайырымдылық көмек көрсетуге қатысты корпоративтік тәсіл өзгергеніне қарамастан, ұжымның әлеуметтік жауапкершілігін сақтап отырғанын көрсетеді.

Әртүрлі қоғамдық, экологиялық және білім беру іс-шараларына тартылған қызметкерлердің саны жыл сайын артып келеді: 2023 жылы бастамаларға 20 адам, ал 2025 жылы 52 адам қатысты. 2025 жылы Серіктестік кәсіптік бағдар беру іс-шаралары, экскурсиялар және хака-тондар арқылы білім беру ұйымдарымен және жастармен жұмысты да жалғастырды.



2023–2025 жылдардағы іс-шараларға қатысушылар саны, адам



Серіктестіктің мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға қосқан үлесі

Жергілікті қауымдастықтарға қосқан үлесін ашып көрсету кезінде Серіктестік қатысудың бірнеше түрін бөледі:

Вид қатысу түрі	Есептегі көрінісі	Есептік мәртебе
Серіктестік қаражаты есебінен ақшалай әлеуметтік қолдау (2023 жылға дейін)	Тікелей төлемдер және қайырымдылық көмек	Бухгалтерлік есеппен расталады
Серіктестіктің қызметкерлерге арналған мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға жұмсайтын шығындары	Қызметкерлер үшін іс-шараларға жұмсалған нақты шығындар	Бухгалтерлік есеппен расталады
Қызметкерлердің ерікті жинақтары	Қызметкерлердің әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларға жеке қатысуы	Бухгалтерлік есеппен расталмайды
Кәсіподақ жарналары есебінен мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар	Қызметкерлерге арналған іс-шаралардың нақты шығындары	Бухгалтерлік есеппен расталмайды
Қызметкерлердің әлеуметтік, экологиялық, спорттық және білім беру бастамаларына қатысуы	Қатысушылар саны, адам-сағат және қатысудың қаржылық баламасы	Бухгалтерлік есеппен расталмайды

2025 жылы Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікке жалпы салым 38,7 млн теңгені құрады. Шығындардың негізгі үлесі кәсіподақ жарналары есебінен мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға (61,7%) тиесілі.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға қосқан жиынтық үлес

Бағыт	2023	2024	2025
Серіктестіктің ақшалай әлеуметтік қолдауы, СҚО-дағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек	2 871 545	125 000 000	–
Серіктестіктің қызметкерлерге арналған мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға жұмсаған шығындары	590 000	825 000	664 913
Қызметкерлердің ерікті жинақтары	2 559 845	910 000	1 103 500
Кәсіподақ жарналары есебінен мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар	16 865 098,2	24 300 741,2	23 563 738,6
Қызметкерлердің басқа да әлеуметтік, экологиялық және қоғамдық бастамаларға жанама үлесі	134 862	710 640	957 825
Энергетиктер Спартакиадасына қатысуға жанама үлес	156 156,	165 816	160 380
Қосарлы оқытудағы жанама үлес	3 712 254	3 876 936	11 930 490
Кәсіптік бағдар беру іс-шараларына (хакатондар, экскурсиялар, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері) жанама үлес	170 352	215 824	297 000
Жиынтық үлес, барлығы	27 060 112,2	156 004 957,2	38 677 846,6

Ескертпе: сома бойынша егжей-тегжейлі бөлініс төмендегі бөлімдерде көрсетілген.

Серіктестіктің ақшалай әлеуметтік қолдауы және қызметкерлердің жинақтары

2025 жылы әлеуметтік қолдау негізінен атаулы қайырымдылық бастамалары мен қызметкерлердің жинақтары арқылы: ардагерлер ұйымына, «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, «Жанұя» отбасы орталығына, «Мейірімділік марафоны», «Мектепке жол» жобаларына, сондай-ақ басқа да әлеуметтік акцияларға көмек ұсынылды.

2025 жылы Серіктестіктің Энергетиктер спартакиадасын өткізуге жұмсаған шығыны 664 913 теңгені құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 160 087 теңгеге немесе 19,40%-ға төмен.



Жергілікті қауымдастыққа үлес қалай есептеледі?

Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесуге қосқан үлесі ақшалай әлеуметтік қолдауды, қызметкерлердің жинақтарын және жанама үлесті – қоғамдық, экологиялық, білім беру және спорттық бастамаларға қатысатын қызметкерлердің адам-сағаттарының санын қамтиды.

Қызметкерлердің қатысу / Серіктестік қаражатының серпіні, теңге

Қолдау бағыты	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
	Серіктестік қаражаты	Қызметкерлер жинағы	Серіктестік қаражаты	Қызметкерлер жинағы	Серіктестік қаражаты	Қызметкерлер жинағы
«DEMEY оңалту және түзету орталығы» қоғамдық бірлестігі	615 990	–	–	–	–	–
«Ардагерлер ұйымы» ҚБ / электр энергиясына төлем	600 000	–	–	201 000	–	217 000
«Шығыс Қазақстан Мұсылман Ханымдары» ҚБ	550 000	–	–	–	–	–
Жеке тұлғаларға емделуге көмек	1 105 555	–	–	–	–	–
«Ақ Ертіс» қоғамдық қоры, өрттен зардап шеккендерге қаражат жинау		2 501 845				
Көкпекті ауданының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына арналған қайырымдылық акциясы				130 000		
СҚО-дағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек	–	–	125 000 000	355 500	–	–
Энергетиктер спартакиадасын өткізуге	590 000	–	825 000		664 913	
«Үміт» балалар үйі / «Тілектер шыршасы»	–	–	–	–	–	209 000
«Мейірімділік марафоны» акциясы	–	–	–	–	–	219 000
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы	–	–	–	–	–	177 000
Құрбан айт	–	58 000	–	223 500	–	281 500
БАРЛЫҒЫ		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл
Серіктестіктің ақшалай әлеуметтік қолдауы	2 871 545		125 000 000			
Серіктестіктің қызметкерлерге мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға жұмсаған шығындары	590 000		825 000		664 913	
Қызметкерлердің ерікті жинақтары		2 559 845		910 000		1 103 500
Жылына барлығы		6 021 390		126 735 000		1 768 413

Кәсіподақ жарналары есебінен мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар

Мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды қаржыландыру кәсіподақ жарналары есебінен де жүзеге асырылады.

2023–2025 жылдары шығыстарға Экология күні, Наурыз, Энергетиктер күні, 7 мамыр және 8 наурызға арналған іс-шаралар сияқты кор-

Бағыт	2023	2024	2025
Экология күні	1 256 060	360 000	542 000
Мәдени-бұқаралық шаралар	–	271 570,9	4 290 458,1
7 Мамыр мерекесі	2 386 000	1 180 506	5 679 007,5
8 Наурыз мейрамы	1 169 319	1 394 842	2 909 040
Наурыз мейрамы	2 367 420	2 300 000	3 800 000
Энергетика күні	6 208 381	11 947 275,3	2 465 830
Спорттық іс-шаралар, оның ішінде спорттық инфрақұрылымды жалға алу	3 477 918,2	4 259 827	3 877 403
Team-building	–	2 586 720	–
Барлығы	16 865 098,2	24 300 741,2	23 563 738,6

2025 жылы кәсіподақ жарналары есебінен мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға жұмсалған шығындар 23,6 млн теңгені құрады. 2024 жылмен салыстырғанда кәсіподақ шығындарының жалпы көлемі 736 мың теңгеге төмендеді.

Ең елеулі өсім мәдени-бұқаралық іс-шараларға тиесілі: осы бағыттағы шығындар 4 млн теңгеге артты. Сондай-ақ 7 Мамыр мен 8 Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларды қаржыландыру ұлғайды. Бұл ретте Энергетиктер күнін тойлауға жұмсалатын шығындар 9,5 млн теңгеге азайды.

Спорттық іс-шараларға, оның ішінде қызметкерлердің Энергетиктер спартакиадасына қатысуына жұмсалатын шығындар аздап (382 мың теңгеге) қысқарды. Бұл корпоративтік мәдениетті дамытуға, командалық өзара іс-қимылды нығайтуға және қызметкерлерді

поративтік мерекелерді өткізу, сондай-ақ қызметкерлердің спорттық іс-шараларға, оның ішінде Энергетиктер спартакиадасына және «Самұрық-Энерго» АҚ спартакиадасына қатысуы кірді.

Сондай-ақ Серіктестік қызметкерлері КТК-ын қоса алғанда, шығармашылық және корпоративтік іс-шараларға қатысты. Осы бағыт бойынша шығыстар мәдени-бұқаралық іс-шаралар құрамында көрсетілді.

тартуға бағытталған спорттық бастамаларды тұрақты қолдауды көрсетеді.

Қызметкерлердің әлеуметтік, экологиялық және қоғамдық бастамаларға жанама үлесі

2023–2025 жылдары қызметкерлердің әлеуметтік, экологиялық және қоғамдық бастамаларға жанама үлесі айтарлықтай өсті. Егер 2024 жылы бұл көрсеткіш 710,6 мың теңге болса, 2025 жылы 957,8 мың теңгеге дейін өсті.

Өсу, ең алдымен, қызметкерлердің бастамаларға тартылуының және бастамаларға қатысуға жұмсалған адам-сағат санының артуымен байланысты. Бұған қоса, серпінге бір адам-сағаттың есептік құнының өсуі де әсер етті (2023 жылы – 2 366 теңге, 2024 жылы – 2 632 теңге және 2025 жылы – 2 970 теңге).

Қызметкерлердің әлеуметтік, экологиялық және қоғамдық бастамаларға қосқан жанама үлесі

	2023	2024	2025
Жұмыс уақыты құнының баламасы, теңге	134 862	710 640	957 825

Ескертпе: Қызметкерлердің жанама үлесі әлеуметтік, экологиялық және қоғамдық бастамаларға қатысуға жұмсалған жұмыс уақыты құнының баламасы ретінде есептелді. Көрсеткіш қосарлы есепке алуды болдырмау мақсатында қосарлы оқыту, кәсіптік бағдар беру және Энергетиктер спартакиадасы бөлімдерінде бөлек көрсетілген іс-шараларды есепке алмай есептелді.



Энергетиктер спартакиадасына қатысуға жұмсалған жанама шығындар

Корпоративтік мәдениетті дамыту, қызметкерлердің денсаулығын нығайту және командалық өзара іс-қимылды қалыптастыру мақсатында Серіктестік жыл сайын қызметкерлердің спорттық іс-шараларға қатысуын қолдайды. Негізгі бағыттардың бірі – қызметкерлердің Энергетиктер спартакиадасына қатысуы.

Қызметкерлердің Энергетиктер спартакиадасына қатысуы ұйымдастырушылар белгілеген спорттың әрбір түрі бойынша квоталарға сәйкес жүзеге асырылады. 2023–2025 жылдары Серіктестік қызметкерлері жүзу, теннис, шахмат, волейбол, бильярд, көпсайыс және шаңғы жарыстары бойынша жарыстарға қатысты.

Серіктестіктің спорттық іс-шараларға қосқан жанама үлесі жарыстарға қатысқан қызметкерлердің жұмыс уақытының есептік құнын көрсетеді. 2025 жылы бұл үлес 160,4 мың теңгені құрады.

2023–2025 жылдардағы Энергетиктер спартакиадасына қатысуға жұмсалған жанама шығындар, теңге

2023			2024			2025	
Спорт түрі	Адам-сағат	Барлығы бір жылға, теңге	Адам-сағат	Барлығы бір жылға, теңге	Адам-сағат	Барлығы бір жылға, теңге	
Барлығы	66	156 156	63	165 816	54	160 380	

Ескертпе: Адам-сағат қатысушылардың саны мен қатысу уақыты негізінде есептелді. Жанама шығындар спорттық іс-шараларға қатысқан қызметкерлердің жұмыс уақытының есептік құнын көрсетеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобы арқылы әлеуметтік жобаларға қатысу

Серіктестік ірі әлеуметтік нысандарды тікелей қаржыландырмайды. Сонымен қатар «Самұрық-Энерго» АҚ тобының құрамында бола отырып, «Самұрық-Қазына» тобының әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларын іске асыруға жанама түрде қатысады. Мұндай жобалар бірыңғай «Samruk-Kazyna Trust» қайырымдылық қоры арқылы іске асырылады.

Осындай үлестің мысалдарының бірі – 2025 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылында аралас үлгідегі Ainala балаларды оңалту орталығының ашылуы. Орталық 3 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған және оларға оңалтудан өтуге, ерте

көмек алуға және әлеуметтену дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Орталық 70 балаға есептелген және онда терапия, емдік дене шынықтыру, сенсорлық интеграция, арт-терапия және басқа да сабақтарға арналған мамандандырылған кабинеттер қарастырылған.

Мүдделі тараптармен байланыс

2025 жылы жылдық есепті дайындау және тұрақты дамудың маңызды тақырыптарын бағалау шеңберінде Серіктестік мүдделі тараптарға сауалнама жүргізді. Сауалнама экологиялық, әлеуметтік және басқару мәселелерінің, оның ішінде экологиялық талаптардың сақталуы, қызметкерлердің құқықтары, іскерлік әдеп және жеткізу тізбегіндегі жауапкершілік мәселелерінің маңыздылығын анықтауға бағытталды.

Барлығы онлайн-сауалнамаға 115 сауалнамаға жауап беруші қатысты. Олардың қатарында Серіктестіктің қызметкерлері мен басшылығы, Қатысушының, жергілікті қауымдастықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіптік одақтың өкілдері, сондай-ақ іскерлік серіктестердің, жеткізушілердің және өзге де контрагенттердің өкілдері болды.

Бағалау аясына іскерлік серіктестердің, жеткізушілердің және мердігерлердің әлеуметтік және экологиялық нормаларды сақтауына қатысты мәселелер енгізілді. Атап айтқанда, респонденттер жеткізу тізбегінде адам құқықтары мен еңбек заңнамасының сақталуын бақылаудың, серіктестер мен өнім берушілердің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауын, сондай-ақ экологиялық комплаенсті бақылаудың маңыздылығын бағалады.

Сауалнама бағыты	Мүдделі тараптарды бағалау нәтижесі	Серіктестік үшін мәні
Жеткізушілер мен мердігерлердің адам құқықтары мен еңбек заңнамасын сақтауын бақылау	5-тен 4,59 балл	Бұл жеткізу тізбегіндегі әлеуметтік стандарттардың сақталуына қатысты стейкхолдерлердің жоғары күтулерін растайды
Іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау, оның ішінде серіктестер мен жеткізушілердің қызметін бақылау	5-тен 4,47 балл	Бұл бизнесті адал жүргізудің және іскерлік серіктестерге қойылатын комплаенс талаптарының маңыздылығын көрсетеді
Экологиялық заңнаманы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды сақтау	5-тен 4,73 балл	Бұл экологиялық нормалар мен табиғатты қорғау талаптарын сақтауға деген жоғары сұранысты көрсетеді
Қалдықтарды басқару, оның ішінде олардың көлемін азайту және қауіпсіз кәдеге жарату	5-тен 4,54 балл	Бұл жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде экологиялық аспектілерді бақылаудың маңыздылығын көрсетеді
Қоғам жұртшылығымен ашық диалог жүргізу және шешімдер қабылдау кезінде мүдделі тараптардың пікірін ескеру	5-тен 4,50 балл	Бұл тұрақты коммуникация жүргізу және стейкхолдерлердің күтулерін ескеру қажеттілігін растайды
Сауалнама бағыты	Мүдделі тараптарды бағалау нәтижесі	Серіктестік үшін мәні
Жеткізушілер мен мердігерлердің адам құқықтары мен еңбек заңнамасын сақтауын бақылау	5-тен 4,59 балл	Бұл жеткізу тізбегіндегі әлеуметтік стандарттардың сақталуына қатысты стейкхолдерлердің жоғары күтулерін растайды

Алынған нәтижелер Серіктестік тарапынан шарттық жұмысты, комплаенс рәсімдерін, мердігерлермен, жеткізушілермен және өзге де іскерлік серіктестермен өзара іс-қимылды одан әрі дамыту кезінде ескеріледі. Серіктестіктің объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде еңбекті қорғау, еңбек құқықтарының сақталуы, іскерлік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар және экологиялық жауапкершілік мәселелеріне ерекше назар аударылады.

2025 жылы Серіктестік сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен ішкі регламенттер негізінде өзара іс-қимыл жасады. «Өскемен ГЭС» ЖШС Серіктестік қызметінің қоршаған ортаға және әлеуметтік ортаға әсері мәселелері бойынша жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жасайды. Экологиялық ҰЕҰ-дармен және бастамашыл топтармен, ардагерлер және кәсіподақ ұйымдарымен, сондай-ақ жергілікті тұрғындармен диалог жүргізіледі.

Негізгі тақырыптар – экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік қолдау және еңбек жағдайлары. Бұл жобалар Серіктестіктің мүдделі тараптарының жалпы тізімінің шамамен 30–35%-ын қамтиды, бұл әлеуметтік маңызы бар және сезімтал топтарға басымдық берілетінін көрсетеді.

Әлеуметтік жобалардың іске асырылуына мониторинг жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бағалау және есептілікті, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін есептілікті дайындау арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Жария есептілік жобалар туралы ақпаратты Серіктестіктің жаңалықтар арналары мен әлеуметтік желілерінде тұрақты түрде орналастыру, сондай-ақ мерзімді есептерді дайындау арқылы қамтамасыз етіледі.

2025 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында Серіктестіктің қызметі туралы 285 рет ақпарат жарияланды. Жарияланымдар Өскемен ГЭС-інің өндірістік қызметі, әлеуметтік бастамалар, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, экологиялық іс-шаралар және өңірдің дамуына қосқан үлесін қоса алғанда, қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтыды.

Жарияланымдардың жеке блогы қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналды. Экологиялық күн тәртібінде БАҚ Серіктестіктің «Таза Қазақстан» акциясына қатысуын, «Таза жағалау» іс-шараларын өткізуді, экологиялық акциялар мен сенбіліктерді, су қоймаларына балық шабақтарын жіберуді, сондай-ақ Өскемен қаласының аумағында жасыл желектер отырғызуды жариялады.

Мұндай тәсіл жекелеген экологиялық бастамаларды ғана емес, сонымен қатар Серіктестіктің жалпы ақпараттық ашықтығын көрсетуге мүмкіндік береді: жыл бойы оның қызметі қоғамдық ақпарат кеңістігінде тұрақты түрде жарияланып отырды, ал экологиялық тақырыптар қоғаммен жүргізілетін кең ауқымды коммуникацияның бір бөлігіне айналды.

Қосарлы оқыту – өңірдің кадрлық әлеуетіне үлес

Серіктестік тек өз қажеттіліктері үшін ғана емес, сонымен қатар Шығыс Қазақстанның энергетика саласы үшін де мамандар дайындайды.

Қосарлы оқыту және кадрлық әлеуетті дамыту

GRI 203, 404

Қосарлы оқытудың маңыздылығы

Мүдделі тараптар өкілдеріне жүргізілген сауалнама мен сұхбат нәтижелері бойынша «Өскемен ГЭС» ЖШС үшін қосарлы оқыту тақырыбы елеулі болып табылады.

Өндірістің сенімділігі адамдардың біліктілігіне тікелей байланысты болатын энергетика үшін жас мамандарды даярлау тақырыбы ерекше маңызға ие. Серіктестік технологиялық тұрғыдан күрделі және жауапты салада жұмыс істейді, сондықтан оған тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар өндірістік нысандарда жұмыс істеудің тәжірибелік дағдылары бар қызметкерлер қажет.

Осыған байланысты серіктестік үшін қосарлы оқыту бір реттік білім беру бастамасы емес, кадрлық резервті қалыптастырудың, жастардың жұмыспен қамтылуын қолдаудың және энергетика мамандығына деген қызығушылықты арттырудың ұзақ мерзімді құралы болып табылады.

Бұл тақырып Серіктестіктің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесімен де байланысты. Колледждермен және университеттермен ынтымақтаса отырып, Өскемен ГЭС кәсіби білімді дамытуға көмектеседі, оның тәжірибелік бағытын күшейтеді және жастарға болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Қосарлы оқытуды басқару тәсілі

«Самұрық-Энерго» АҚ құрамына кіретін ұйымдарда және олардың еншілес компанияларын-



да қосарлы оқыту оқу орындарындағы теориялық дайындық пен тікелей өндірістік алаңдардағы практикалық оқытуды біріктіру моделі бойынша құрылған. Студенттер тәжірибелі қызметкерлердің арасынан шыққан тәлімгерлердің басшылығымен өндірістік практикадан өтеді бұл практикалық дағдыларды қалыптастыруға және болашақ мамандарды нақты өндіріс жағдайларына бейімдеуге мүмкіндік береді.

Серіктестік өңірдің білім беру ұйымдарымен әріптестік негізінде қосарлы оқыту жүйесі арқылы кадрлық әлеуетті дамытады. «Өскемен ГЭС» ЖШС Өскемен жоғары политехникалық колледжімен және Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетімен қосарлы оқыту туралы шарттар негізінде ынтымақтастық орнатты.

Қосарлы оқыту оқу орнындағы теориялық даярлықты және өндірістік алаңдағы тәжірибені біріктіреді. Студенттер Серіктестіктің тәжірибелі қызметкерлері арасынан тағайындалған тәлімгерлердің жетекшілігімен білім алады. Тәжірибе барысында олар өндірістік

процестермен, жабдықтармен, техникалық құжаттамамен, өнеркәсіптік және электр қауіпсіздігі талаптарымен танысады, сондай-ақ алған білімдерін жұмыс істеп тұрған кәсіпорын жағдайында қолданады.

Практикалық даярлық үздіксіз жетілдіру моделін білдіретін PDCA (Plan, Do, Check, Act) қағидаты бойынша ұйымдастырылған. Серіктестік оқу орындарымен және тәлімгерлермен бірлесіп практика бағдарламасын қалыптастырады, одан кейін студенттер өндірістік учаскелерде оқудан өтіп, шеберлік сабақтарына қатысады және дайындық деңгейі мен электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы ескеріле отырып, тапсырмаларды орындайды. Практика аяқталғаннан кейін Серіктестік студенттер мен тәлімгерлерден кері байланыс жинайды, туындаған қиындықтарды талдайды және бағдарламаға тиісті өзгерістер енгізеді.

Мұндай тәсіл практикалық даярлықтың сапасын арттыруға, оқытуды өндірістің нақты қажеттіліктеріне жақындатуға және оқу орындарымен тұрақты ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді.

2025 жылы қосарлы оқыту бағдарламаларын іске асыру

2025 жылы Серіктестік энергетика саласына кадрлар даярлаудың негізгі құралдарының бірі ретінде қосарлы оқытуды одан әрі дамытуды жалғастырды. Негізгі назар практикалық даярлықты кеңейтуге және тәлімгерлердің рөлін күшейтуге аударылды.

Практика нәтижелері бойынша студенттер кәсіпорында сұхбаттасудан және тестілеуден өтті. 2025 жылы үш студент жұмысқа қабыл-

данды. Мұндай тәсіл Серіктестікке кадрлық резерв қалыптастыруға және сыртқы еңбек нарығына тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Қосарлы оқытудың нәтижелері мен серпіні

2025 жылы қосарлы оқыту бағдарламасы едәуір кеңейтілді. Бұл тәлімгерлердің еңбек шығындарының өсуімен және студенттердің практикалық даярлығына байланысты жанама шығындардың артуымен расталады.

Қосарлы оқытуға жұмсалатын жанама шығындар

Көрсеткіш/жыл	2023		2024		2025	
	Адам-сағат	Бір жылда барлығы, теңге	Адам-сағат	Бір жылда барлығы, теңге	Адам-сағат	Бір жылда барлығы, теңге
Білім беру мекемелерімен кездесулер	3	7 098	3	7 896	3	8 910
Жұмыс бағдарламасын талқылау	30	70 980	30	78 960	30	8 9100
Оқу-өндірістік практикасы / тәлімгерлік жұмыс	1440	3 407 040	1440	3 790 080	3984	1 1832 480
«Атамекен» тәлімгерлер тізіліміне енгізу үшін тәлімгерлерді оқыту	96	227 136	0	0	0	0
Жыл бойынша қосарлы оқытудың жалпы жанама шығындары	1 569	3 712 254	1 473	3 876 936	4 017	1 1930 490

Ескертпе: адам-сағат саны қатысушылардың саны мен олардың қатысу уақыты негізінде есептелді. Жанама шығындар қосарлы оқытуға тартылған қызметкерлердің жұмыс уақытының есептік құнын көрсетеді.

2025 жылы қосарлы оқытуға жұмсалған жанама шығындардың жалпы көлемі 2024 жылмен салыстырғанда үш еседен астам өсті. Шығындардың негізгі бөлігі студенттердің практикалық даярлығын қамтамасыз ететін тәлімгерлердің жұмыс уақытына тиесілі болды.



Үш жыл ішінде тәлімгерлердің еңбек шығындарының бес еседен астам өсуі жекелеген бастамалардан кадрлар даярлау бойынша неғұрлым жүйелі жұмысқа көшуді көрсетеді. Практикалық даярлыққа бөлінетін уақыттың артуы бағдарламамен қамтудың кеңейгенін, қызметкерлердің тартылу деңгейінің артқанын және кәсіпорынның білім беру процесіндегі рөлінің күшейгенін көрсетеді.

Бұдан бөлек, ГЭС өкілдері ШҚТУ-дың мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысады, сондай-ақ тиісті мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын жыл сайын түзетуге ат салысады.

Өңір мен саланы дамытуға қосқан үлес

Қосарлы оқыту тек Серіктестікке ғана емес, өңірдің білім беру жүйесіне, сондай-ақ жергілікті еңбек нарығына да пайдасын тигізеді. Студенттерді даярлауға қатыса отырып, «Өскемен ГЭС» ЖШС кәсіптік білім беруді неғұрлым ықшам етуге және оны өндірістің нақты жағдайларына жақындатуға ықпал етеді. Жастар үшін бұл мамандыққа келудің түсінікті жолы және болашақ жұмысымен алдын ала танысу мүмкіндігі.

Студенттер үшін өндірістегі практика – энергетикалық кәсіпорынның жұмысын ішінен көруге, алғашқы кәсіби тәжірибе жинақтауға, мамандық талаптарын түсінуге және мансаптық өсу перспективаларын бағалауға мүмкіндік береді. Оқу орындары үшін Серіктестікпен ынтымақтастық білім беру бағдарламаларының практикалық құндылығын арттырады. Өңір үшін мұндай жұмыс білікті кадрлар тапшылығын біртіндеп азайтуға және энергетика саласының кадрлық базасын нығайтуға ықпал етеді.

Кәсіптік бағдар беруге қатысты жобаларға жұмсалатын жанама шығындар

Бағыт	2023		2024		2025	
	Адам-сағат	Бір жылда барлығы, теңге	Адам-сағат	Бір жылда барлығы, теңге	Адам-сағат	Бір жылда барлығы, теңге
Хакатоны	8	18 928	8	21 056	16	47 520
Экскурсиялар	40	94 640	50	131 600	60	178 200
Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі	24	56 784	24	63 168	24	71 280
Жанама шығындардың барлығы	72	170 352	82	215 824	100	297 000

Ескертпе: адам-сағат саны қатысушылардың саны мен олардың қатысу уақыты негізінде есептелді. Жанама шығындар іс-шараларға тартылған қызметкерлердің жұмыс уақытының есептік құнын көрсетеді.

Байланысты білім беру бастамалары

Қосарлы оқытудан басқа Серіктестік білім беру ортасымен өзара іс-қимылдың қосымша нысандарын іске асырады.

2025 жылы Серіктестік мектеп оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын және энергетика саласындағы жұмысшы кәсіптерді танымал етуді жалғастырды. Елеулі іс-шаралардың бірі – Жұмысшы кәсіптер жылы аясында 2025 жылғы 29 сәуірде Өскемен жоғары политехникалық колледжінде өткен «Болашақ энергиясы: идеядан іске асыруға дейін» хакатоны болды.


«Өскемен ГЭС» ЖШС бірнеше жылдан бері хакатонның индустриялық серіктесі ретінде қатысып келеді. Бұл – мектеп оқушыларына арналған конкурс, онда қатысушылар өндірістік міндеттерді шешіп, энергетика саласымен теория жүзінде ғана емес, тәжірибе жүзінде танысады. Мұндай формат жасөспірімдерге сала мамандарының немен айналысатынын, жұмыста қандай білім қажет екенін және жұмысшы кәсіптердің өңір үшін неліктен маңызды болып қала беретінін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

2025 жылы хакатонға қала мен облыс мектептерінен төрт команда қатысты. Серіктестіктің қызметкерлері тапсырмаларды дайындауға көмектесіп, қазылар алқасының құрамында болып, командалардың жауаптарын бағалады. Сондай-ақ Серіктестік іс-шараға сыйлықтар мен жүлделер демеушісі ретінде қолдау көрсетті.

Бұдан бөлек, түрлі экскурсиялар мен бос жұмыс орындары жәрмеңкелері өткізіледі. Бұл іс-шаралар жастарға кәсіптік бағдар беруге және кадрлық резерв қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру саласындағы жанама шығындардың жалпы серпіні

2023–2025 жылдардағы қосарлы оқыту мен кәсіптік бағдар беруге жұмсалған жанама шығындардың жалпы сомасы, теңге



2025 жылы білім беруге жұмсалған шығындар шамамен үш есеге артты, бұл адами капиталды дамытуға басымдық берілгенін көрсетеді.

Кадрлық, операциялық және бедел тәуекелдерін басқару

Қосарлы оқыту және кәсіптік бағдар беру бағдарламалары Серіктестікке кадрлық, операциялық және бедел тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Кадрлық тәуекел энергетика саласында білікті мамандардың тапшылығына байланысты. Оқу орындарымен ынтымақтаса отырып, Серіктестік кадрлық резерв қалыптастырады, жастардың техникалық мамандықтарға қызығушылығын арттырады және сыртқы еңбек нарығына тәуелділікті азайтады.

Операциялық тәуекел станцияның сенімді жұмыс істеуі персоналдың жоғары деңгейде даярлығын талап ететініне байланысты. Тәжірибелі тәлімгерлердің жетекшілігімен өтетін практика болашақ мамандарға өндірістік мәдениетпен, қауіпсіздік талаптарымен және жабдықтың жұмыс ерекшеліктерімен алдын ала танысуға мүмкіндік береді.

Бедел тәуекелі жергілікті қауымдастықтардың, мемлекеттік органдардың және білім беру ортасының күтулеріне байланысты. Серіктестіктің жастарды даярлауға қатысуы мүдделі тараптардың сенімін нығайтады, кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігін көрсетеді және оның қызметін неғұрлым ашық етеді.

Серіктестік сондай-ақ стейкхолдерлердің сеніміне және беделіне әсер етуі мүмкін құқықтық және комплаенс-тәуекелдерді ескереді. Мұндай факторларға БАҚ-тағы жағымсыз жарияланымдар, дәйексіз ақпараттың таралуы, заңнама, ішкі құжаттар және шарттық міндеттемелер талаптарының сақталмауы жатады. Осы тәуекелдерді төмендету үшін Серіктестік комплаенс-бақылау шараларын қолданады: құжаттамаға сараптама жүргізеді, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша кеңестер береді, контрагенттерді тексереді, комплаенс-қорытындылар дайындайды және персоналды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға оқытады.

Қосарлы оқытудың беделдік және комплаенс-тәуекелдерді басқарумен байланысы білім беру ұйымдарымен, жастармен және жергілікті қауымдастықтармен ашық өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады. Мұндай жұмыс Серіктестікке деген сенімді арттырады және мүдделі тараптармен жанжалдардың туындау ықтималдығын азайтады.

Қосарлы оқытуды дамыту перспективалары

«Өскемен ГЭС» ЖШС қосарлы оқытуды, кәсіптік бағдар беру жобаларын және өңірдегі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты дамытуды жалғастырады. Басты назар тәжірибе сапасына, мықты тәлімгерлікке және жастармен белсенді жұмыс істеуге аударылады.

Серіктестік студенттердің, тәлімгерлердің және оқу орындарының кері байланысын ескере отырып, тәжірибе бағдарламаларын пысықтайды. Бұл оқытуды өндірістің нақты міндеттеріне жақындатуға және жұмысқа кіріспес бұрын энергетиканың ерекшеліктерін түсінетін мамандарды дайындауға көмектеседі.

Ұзақ мерзімді перспективада қосарлы оқыту Серіктестіктің кадрлық жұмысының маңызды бөлігі болып қала береді. Ол кәсіби дағдыларды дамытуға, аға қызметкерлердің тәжірибесін жас мамандарға беруге және тұрақты кадрлық резерв қалыптастыруға көмектеседі.





09

Қосымшалар

Ресурстарды дамыта отырып – мүмкіндіктерге жол ашамыз

Қосымшалар

1-ҚОСЫМША. Есеп шекаралары

«Өскемен ГЭС» ЖШС-нің осы жылдық есебі 2025 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша дайындалды және Серіктестіктің өндірістік, қаржылық, экологиялық, әлеуметтік және басқару салаларындағы негізгі нәтижелерін көрсетеді.

Есеп 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтиды. Жекелеген көрсеткіштер бойынша серпінді ашу үшін 2023–2025 жылдарға арналған деректер де ұсынылған, бұл үш жылдық кезеңдегі өзгерістерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Есеп GRI стандарттарының тәсілдерін ескере отырып дайындалды. Биоалуантүрлілік мәселелерін ашу кезінде GRI 101: Biodiversity 2024 стандарты қолданылды.

Есеп келесі қағидаттарға сәйкес дайындалды:

- ✓ **Дәлдік** – Есепте Серіктестіктің есеп пен есептіліктің ішкі жүйелерінен алынған дұрыс және егжей-тегжейлі деректер пайдаланылған.
- ✓ **Теңгерімділік** – ақпарат қол жеткізілген нәтижелерді, сондай-ақ сын-қатерлерді, тәуекелдерді және жақсарту аймақтарын көрсетеді.
- ✓ **Анықтығы** – материалдар кестелер, түсіндірмелер және салыстырмалы көрсеткіштерді пайдалана отырып, түсінікті тілде баяндалған.
- ✓ **Салыстырмалылығы** – негізгі көрсеткіштер бойынша бірнеше кезеңдегі деректер келтірілген.
- ✓ **Толықтық** – ашып көрсетулер есепті кезеңдегі негізгі өндірістік, қаржылық, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық нәтижелерді қамтиды.
- ✓ **Тұрақты даму тұрғысы** – Серіктестіктің қызметі оның экономикаға, қоршаған ортаға, қызметкерлерге және жергілікті қауымдастықтарға әсерін ескере отырып ұсынылған.
- ✓ **Уақыттылық** – Серіктестік ақпаратты үнемі ашып отыруға ұмтылады.
- ✓ **Тексеру мүмкіндігі** – деректер ішкі құжаттарға, есептілікке, есеп-қисаптарға және бейінді бөлімшелердің растаушы материалдарына негізделген.

Есепті дайындау кезінде Серіктестіктің ішкі басқарушылық, өндірістік, қаржылық, экологиялық және кадрлық деректері, сондай-ақ корпо-

ративтік есептілік пен ішкі нормативтік құжаттама деректері пайдаланылды.

Маңыздылықты бағалау шеңберінде Серіктестік кәсіпорынның қызметі, тәуекелдері және стратегиялық басымдықтары тұрғысынан ESG тақырыптарының маңыздылығын анықтау үшін 15 негізгі менеджерге сауалнама жүргізді.

Сондай-ақ мүдделі тараптардың 115 өкіліне сауалнама жүргізілді. Бұл сыртқы стейкхолдердің күтулерін ескеруге және олардың қай тақырыптарды ең маңызды деп санайтынын түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Серіктестік бірқатар мүдделі тараптармен олардың күтулерін нақтылау, сезімтал мәселелерді анықтау және сауалнама нәтижелерін сапалы түсініктемелермен толықтыру үшін сұхбат жүргізді.

Алынған мәліметтер негізінде маңыздылық матрицасы қалыптастырылды. Тақырыптар екі бағыт бойынша бағаланды: серіктестік үшін маңыздылығы және мүдделі тараптар үшін маңыздылығы.

Есеп құжаттаманы дайындау кезінде Серіктестікке қолжетімді деректерді көрсетеді. Жекелеген жағдайларда ашып көрсету деректердің болмауымен, есептеу әдістемесінің өзгеруімен, ақпараттың құпиялылығымен немесе су электр станциясының қызметіне көрсеткіштің қолданылуымен шектелуі мүмкін.

GRI көрсеткіші Серіктестіктің қызметіне қолданылмайтын жағдайларда, GRI индексінде тиісті түсініктеме беріледі.

Өткен кезеңдердегі жекелеген көрсеткіштер есептеу әдістемесінің өзгеруіне, бастапқы деректерді өзектендіруге немесе ақпаратты ұсыну форматының өзгеруіне байланысты нақтылануы мүмкін.

Егер алдыңғы кезеңдердің деректері 2025 жылғы деректермен салыстыруға келмесе, бұл тиісті кестелердің ескертулерінде жеке ашылады.

Осы Есепке сыртқы тәуелсіз растау жүргізілген жоқ.

2-ҚОСЫМША. GRI Индексі

Индикатор	Ашылуы	Есеп бөлімі /түсініктеме	Бет
GRI 1: Негіздер 2021	GRI Standards қолдану	Есеп GRI стандарттарын пайдалана отырып дайындалды	163
GRI 2: Жалпы ақпарат 2021			
2-1	Ұйым туралы ақпарат	Серіктестік туралы жалпы ақпарат / Серіктестік бейіні	4-5, 6-8, 10-17
2-2	Ұйымның тұрақты даму жөніндегі есептілігіне енгізілген субъектілер	Серіктестік туралы жалпы ақпарат / Есеп шекаралары	20-21, 163
2-3	Есепті кезең, мерзімділік және Қызмет географиясы	Серіктестік туралы жалпы ақпарат / Жылдық есеп туралы	22, 163
2-4	Ақпаратты қайта қарау	Серіктестік туралы жалпы ақпарат / Жылдық есеп туралы	26, 163
2-5	Сыртқы растау	Осы Есепке сыртқы тәуелсіз растау жүргізілген жоқ	—
2-6	Қызмет, құн тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Серіктестік туралы жалпы ақпарат; Операциялық қызмет; Өндірістік процесс; Макроэкономикалық жағдайлар және электр энергиясы нарығы	11, 17–23, 27–31, 33–45
2-7	Қызметкерлер	Әлеуметтік жауапкершілік / Жұмыспен қамтылу және жұмыспен қамту саясаты	123–126
2-8	Штаттан тыс қызметкерлер	Серіктестік штаттан тыс қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайды	—
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы	Корпоративтік жауапкершілік / Басқару органдарының құрылымы	59–61
2-10	Жоғары басқару органын тағайындау және сайлау	Корпоративтік жауапкершілік / Жоғары басқару органы; Байқаушы кеңес	61–63
2-11	Жоғары басқару органының төрағасы	Корпоративтік жауапкершілік / Байқаушы кеңес	62–63
2-12	Әсерді басқаруды қадағалаудағы жоғарғы басқару органының рөлі	Корпоративтік жауапкершілік; Тәуекелдерді басқару; Стратегия және тиімділікті басқару	25–26, 59–65, 83–91
2-13	Әсерді басқару жауапкершілігін табыстау	Корпоративтік жауапкершілік; Тәуекелдерді басқару; Экологиялық жауапкершілік; Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі	59–61, 83–91, 105–107, 134–135
2-14	Тұрақты даму саласындағы есептілікте жоғарғы басқару органының рөлі	Корпоративтік жауапкершілік / Байқаушы кеңес; ESG-аспектілерін басқару	65, 93–95
2-15	Мүдделер қақтығысы	Корпоративтік жауапкершілік / Корпоративтік басқару кодексі; Жүріс-тұрыс кодексі	60, 65, 80–81
2-16	Жоғары басшылықты аса маңызды мәселелер туралы хабардар ету	Корпоративтік жауапкершілік / Басшылықты хабардар ету; Тәуекелдерді басқару	72, 83–91
2-17	Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	Корпоративтік жауапкершілік / Байқаушы кеңестің құзыреттері	62
2-18	Жоғары басқару органының қызметін бағалау	Корпоративтік жауапкершілік / Байқаушы кеңес	65–66
2-19	Сыйақы саясаты	Корпоративтік жауапкершілік / Басқару және басшылық органдарына сыйақы	66
2-20	Сыйақыны анықтау процесі	Корпоративтік жауапкершілік / Басқару және басшылық органдарына сыйақы	66
2-21	Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	Мәліметтер болған кезде ашылмайды / ашылады	—

Индикатор	Ашылуы	Есеп бөлімі /түсініктеме	Бет
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Басшылықтың үндеуі; Стратегия және тиімділікті басқару; Тұрақты дамуды басқару	4–9, 25–26, 75–77, 93–95
2-23	Саясатшылдық	Корпоративтік жауапкершілік / Корпоративтік саясаттар мен міндеттемелер; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп	59–60, 79–81, 133
2-24	Өзіне алған міндеттемелерді орындау	Корпоративтік жауапкершілік; Тұрақты дамуды басқару; Экологиялық жауапкершілік	59–60, 75–77, 93–95, 105–107
2-25	Жағымсыз әсерді жою	Корпоративтік жауапкершілік; Еңбекті қорғау; Экологиялық жауапкершілік; Тәуекелдерді басқару	74, 83–91, 105–121, 134–149
2-26	Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру тетіктері	Корпоративтік жауапкершілік; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп; Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік	82–83, 97–98, 133–134
2-27	Заңнаманы сақтау	Корпоративтік жауапкершілік; Экологиялық жауапкершілік; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп	59, 79–83, 90, 105–121
2-28	Қауымдастықтарға мүшелік	Корпоративтік жауапкершілік / Ұйымдарға, қауымдастықтарға және бастамаларға мүшелік	—
2-29	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	ESG-аспектілерін басқару/ Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік; Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл	97–101, 149–155
2-30	Ұжымдық шарттар	Әлеуметтік жауапкершілік / Ұжымдық шарт және кәсіподақтың рөлі	127
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021			
3-1	Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	ESG-аспектілерін басқару/ Маңызды тақырыптар	99–101
3-2	Маңызды тақырыптар тізімі	ESG-аспектілерін басқару/ Маңызды тақырыптар	99–101
3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Әрбір маңызды тақырып бойынша бейіндік бөлімдерде ашылады: экономикалық көрсеткіштер, энергия, су, биоалуантүрлілік, Еңбекті қорғау, жұмыспен қамтылу, оқыту және персоналды дамыту	49–57, 107–117, 123–149, 156–160
GRI 201: Экономикалық көрсеткіштер 2016			
3-3	«Экономикалық көрсеткіштер» тақырыбын басқару	Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы / Тақырыпты басқару	49–57
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Қаржылық нәтижелер және бизнес тұрақтылығы / Жасалған және бөлінген экономикалық құн	53–54
201-2	Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық салдарлар және басқа да тәуекелдер мен мүмкіндіктер	Тәуекелдерді басқару / Климаттық тәуекелдер; Экологиялық жауапкершілік/ Климаттық тәуекелдер	89–90, 117–118
201-3	Зейнетақы жоспарлары және белгіленген төлемдері бар өзге де жоспарлар бойынша міндеттемелер	Әлеуметтік жауапкершілік / Жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер; түсініктеме: зейнетақы төлемдері ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады	127–128
201-4	Мемлекеттен алынған қаржылай көмек	Серіктестік мемлекеттен қаржылай көмек алған жоқ	—
GRI 203: Жанама экономикалық әсер 2016			
3-3	«Жанама экономикалық әсер» тақырыбын басқару	Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл; Қосарлы оқыту және кадрлық әлеуетті дамыту	149–160

Индикатор	Ашылуы	Есеп бөлімі /түсініктеме	Бет
203-1	Инфрақұрылымға инвестициялар және қолдау көрсетілетін қызметтер	Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл / Әлеуметтік жобалар; «Самұрық-Энерго» тобы арқылы әлеуметтік жобаларға қатысу	149–155
203-2	Маңызды жанама экономикалық әсер	Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл; Қосарлы оқыту; Әлеуметтік қолдау; Кәсіптік бағдарлау	149–160
GRI 205: Сыбайлас жемқорлықпен күрес 2016			
3-3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет» тақырыбын басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп / Басқару тәсілі	79–83
205-1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тұрғысынан бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп / Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау	81
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер саласында ақпараттандыру және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп / Оқыту және коммуникация	81–82
205-3	Расталған сыбайлас жемқорлық жағдайлары және қабылданған шаралар	Жемқорлықтың расталған жағдайлары тіркелген жоқ	81
GRI 302: Энергия 2016			
3-3	Тақырыпты басқару «Энергия»	Экологиялық жауапкершілік/ Энергия тұтыну және энергия тиімділігі; Операциялық қызмет / Өндірістік көрсеткіштер	34–43, 111–112
302-1	Ұйым ішіндегі энергия тұтыну	Экологиялық жауапкершілік/ Меншікті қажеттіліктерге энергия тұтыну	111–112
302-3	Энергия сыйымдылығы	Экологиялық жауапкершілік/ Электр энергиясын өндірудің энергия тиімділігі	111
302-4	Энергия тұтынуды азайту	Экологиялық жауапкершілік/ Энергия тиімділігі бойынша іс-шаралар; Операциялық қызмет / Электр энергиясын өндіру тиімділігін арттыру	36–43, 112
302-5	Өнімдер мен қызметтердің энергетикалық талаптарын төмендету	Операциялық қызмет / Жабдықты жаңғырту; Экологиялық жауапкершілік/ Энергиялық тиімділік	41–43, 111–112
GRI 303: Су және ағынды сулар 2018			
3-3	«Су» тақырыбын басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Суды пайдалану және су тұтыну	107–109
303-1	Суды ортақ ресурс ретінде пайдалану мәселелері бойынша өзара іс-қимыл	Экологиялық жауапкершілік/ Су ресурстарын басқару тәсілі	107
303-2	Су қашыртуға байланысты әсерлерді басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Су қашырту; Ағынды су сапасын бақылау	108–109
303-3	Су алу	Экологиялық жауапкершілік/ Су алу көздері	107
303-4	Су қашырту	Экологиялық жауапкершілік/ Су қашырту	108
303-5	Су тұтыну	Экологиялық жауапкершілік/ Су тұтыну	109
GRI 101: Биоалуантүрлілік 2024			
3-3	«Биоалуантүрлілік» тақырыбын басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Биоалуантүрлілік және әсерді басқару	115–116
101-1	Биоалуантүрліліктің жоғалуын тоқтату және оның кері үдерісін қамтамасыз ету жөніндегі саясаттар	Экологиялық жауапкершілік/ Биоалуантүрлілікті басқару тәсілі; Экологиялық саясат	105, 115
101-2	Биоалуантүрлілікке әсерді басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Биоалуантүрлілікті басқару тәсілі; алдын алу, азайту, қалпына келтіру және өтеу иерархиясы	115–116

Индикатор	Ашылуы	Есеп бөлімі /түсініктеме	Бет
101-3	Қолжетімділік және пайданы бөлу	Серіктестіктің қызметі генетикалық ресурстарды және дәстүрлі білімді пайдалануға байланысты емес	—
101-4	Биоалуантүрлілікке әсерді сәйкестендіру	Экологиялық жауапкершілік/ Әсерлерді сәйкестендіру және бағалау	115
101-5	Биоалуантүрлілікке әсері бар орындар	Экологиялық жауапкершілік/ Негізгі әсер ету аймақтары: жоғарғы бьеф, төменгі бьеф, Ертіс өзенінің ағындыны реттеуге ұшырайтын учаскелері	115
101-6	Биоалуантүрлілікті жоғалтудың тікелей факторлары	Экологиялық жауапкершілік/ Әсер ету факторлары: гидрологиялық режимнің өзгеруі бөгеттің тосқауылдық әсері балықтың гидроагрегаттар арқылы өтуі	115
101-7	Биоалуантүрлілік күйінің өзгеруі	Экологиялық жауапкершілік/ Ихтиофаунаның жағдайын бағалау; мониторинг және ғылыми зерттеулер	115–116
101-8	Экожүйелік қызметтер	Экологиялық жауапкершілік/ Ертіс өзенінің су экожүйелеріне және экожүйелік қызметтерге әсері	106–107, 115–116
GRI 305: Шығарындылар 2016			
3-3	«Шығарындылар» тақырыбын басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Парниктік газдар шығарындылары; Ластаушы заттар шығарындыларын бақылау	112–115
305-1	Тікелей парниктік газдар шығарындылары, Score 1	Экологиялық жауапкершілік/ Парниктік газдар шығарындылары Score 1, 2, 3	112–114
305-2	Жанама энергетикалық Парниктік газдар шығарындылары, Score 2	Экологиялық жауапкершілік/ Парниктік газдар шығарындылары Score 1, 2, 3	112–114
305-3	Басқа жанама Парниктік газдар шығарындылары, Score 3	Экологиялық жауапкершілік/ Score 3 шығарындылар санаттары	113–114
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	Экологиялық жауапкершілік/ 1 кВт*сағ-қа шаққандағы меншікті шығарындылар	113
305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту	Экологиялық жауапкершілік/ Төмен көміртекті өндіріс; гидроэнергетика үлесі	112–113
305-6	Озонды бұзатын заттар шығарындылары	Озонды бұзатын заттардың шығарындылары тіркелген жоқ	—
305-7	NOx, SOx және басқа да маңызды ластаушы заттардың шығарындылары	Экологиялық жауапкершілік/ Ластаушы заттар шығарындыларын бақылау және мониторингтеу	115
GRI 306: Қалдықтар 2020			
3-3	«Қалдықтар» тақырыбын басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Қалдықтармен жұмыс	109–110
306-1	Қалдықтардың түзілуі және қалдықтарға байланысты елеулі әсер	Экологиялық жауапкершілік/ Қалдықтарды басқару тәсілі	109
306-2	Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	Экологиялық жауапкершілік/ Бақылау және әсерді азайту	110
306-3	Түзілетін қалдықтар	Экологиялық жауапкершілік/ Қалдықтардың түрлері бойынша құрылымы және серпіні	109–110
306-4	Қалпына келтіруге/қайта өңдеуге бағытталған қалдықтар	Экологиялық жауапкершілік/ Қайта өңдеуге бағытталған қалдықтар	110
306-5	Жоюға жіберілген қалдықтар	Экологиялық жауапкершілік/ Қалдықтармен жұмыс; мамандандырылған ұйымдарға беру	110
GRI 401: Жұмыспен қамту 2016			
3-3	Тақырыпты басқару «Жұмыспен қамтылу»	Әлеуметтік жауапкершілік / Жұмыспен қамтылу және жұмыспен қамту саясаты	123–126

Индикатор	Ашылуы	Есеп бөлімі /түсініктеме	Бет
401-1	Жаңа қызметкерлер мен кадрлардың тұрақсыздығы	Әлеуметтік жауапкершілік / Жаңадан қабылданған қызметкерлер саны мен кадрлардың тұрақсыздығы	125–126
401-2	Толық жұмыс күнімен айналысатын қызметкерлерге арналған жеңілдіктер	Әлеуметтік жауапкершілік / Жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер сотрудников	127–128
401-3	Бала күтіміне байланысты демалыс	Әлеуметтік жауапкершілік / Бала күтіміне байланысты демалыс	129
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы 2016			
3-3	«Еңбек қатынастары» тақырыбын басқару	Әлеуметтік жауапкершілік / Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	127
402-1	Операциялық өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз мерзімдері	Әлеуметтік жауапкершілік / Хабарландырудың ең аз мерзімдері	127
GRI 403: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік 2018			
3-3	«Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі» тақырыбын басқару	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Басқару тәсілі	134–149
403-1	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Басқару жүйесі	134–135
403-2	Қауіптерді анықтау, тәуекелдерді бағалау және оқиғаларды тергеу	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Өндірістік тәуекелдер және алдын ала бақылау	134–135
403-3	Еңбекті қорғау қызметтері	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Қызметкерлердің денсаулығын қорғау; Еңбекті қорғау қызметтері	134–135, 142
403-4	Қызметкерлердің қатысуы, еңбекті қорғау мәселелері бойынша кеңестер мен коммуникациялар	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Қызметкерлердің қатысуы және коммуникация	143
403-5	Қызметкерлерді еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Қауіпсіздік мәдениетін оқыту және дамыту	136–137
403-6	Қызметкерлердің денсаулығын нығайту	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Қызметкерлердің денсаулығын қорғау	142
403-7	Іскерлік қатынастарға байланысты денсаулық пен қауіпсіздікке әсердің алдын алу және азайту	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Мердігерлердің қауіпсіздігін басқару	143–149
403-8	Еңбекті қорғауды басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Жүйе қызметкерлерді және мердігерлерді қамтиды	134, 143–149
403-9	Өндірістік жарақаттар	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Қауіпсіздік нәтижелері	142
403-10	Кәсіби аурулар	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Қауіпсіздік нәтижелері; Қызметкерлердің денсаулығын қорғау	142
GRI 404: Оқыту және білім 2016			
3-3	«Оқыту және персоналды дамыту» тақырыбын басқару	Әлеуметтік жауапкершілік / Оқыту және персоналды дамыту; Қосарлы оқыту және кадрлық әлеуетті дамыту	132–133, 156–160
404-1	Бір қызметкерге шаққандағы жылдық оқу сағаттарының орташа саны	Әлеуметтік жауапкершілік / Персоналды оқыту	132

Индикатор	Ашылуы	Есеп бөлімі /түсініктеме	Бет
404-2	Біліктілікті арттыру бағдарламалары және өтпелі кезеңде көмек көрсету бағдарламалары	Әлеуметтік жауапкершілік / Оқыту және дамыту; Қосарлы оқыту; Тәлімгерлік	133, 156–160
404-3	Нәтижелілік пен мансаптық дамуды үнемі бағалау	Әлеуметтік жауапкершілік / Мәліметтер болған жағдайда персоналды бағалау және мансапты дамыту	132–133
GRI 405: Алуантүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016			
3-3	«Алуантүрлілік және тең мүмкіндіктер» тақырыбын басқару	Әлеуметтік жауапкершілік / Әлеуметтік-мәдени әртүрлілік; Корпоративтік жауапкершілік / Басқару органдарының әртүрлілігі	72–73, 129–131
405-1	Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	Корпоративтік жауапкершілік / Басқару органдарының гендерлік құрамы; Әлеуметтік жауапкершілік / Қызметкерлердің әртүрлілігі	72–73, 129–131
405-2	Әйелдер мен ерлердің базалық жалақысының арақатынасы	Әлеуметтік жауапкершілік / Тең еңбекақы төлеу	130–131
GRI 406: Кемсітпеушілік 2016			
3-3	«Кемсітпеушілік» тақырыбын басқару	Әлеуметтік жауапкершілік / Жұмыспен қамту саясаты; Корпоративтік жауапкершілік / Адам құқықтары саласындағы саясат	123–126, 133–134
406-1	Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған шаралар	Кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ	133–134
GRI 407: Бірлесу бостандығы және ұжымдық келіссөздер 2016			
3-3	«Бірлесу бостандығы және ұжымдық келіссөздер» тақырыбын басқару	Әлеуметтік жауапкершілік / Ұжымдық шарт және кәсіподақтың рөлі	127
407-1	Қауымдастықтар бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығына қауіп төнуі мүмкін операциялар мен жеткізушілер	Әлеуметтік жауапкершілік; Сатып алулар және жеткізушілер, бағалау болған жағдайда	100, 127, 144–149
GRI 413: Жергілікті қауымдастықтар 2016			
3-3	«Жергілікті қауымдастықтар» тақырыбын басқару	Жергілікті қауымдастықтармен және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	149–155
413-1	Жергілікті қауымдастықтарды тартумен, әсерді бағалаумен және даму бағдарламаларымен операциялар	Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл / Әлеуметтік, экологиялық, білім беру және мәдени бастамалар	149–155
413-2	Жергілікті қауымдастықтарға елеулі нақты немесе ықтимал теріс әсері бар операциялар	Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл	149–155
GRI 414: Жеткізушілерді әлеуметтік бағалау 2016			
3-3	«Жеткізушілерді әлеуметтік бағалау» тақырыбын басқару	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Мердігерлердің қауіпсіздігін басқару; Корпоративтік жауапкершілік / Іскерлік серіктестер	143–149
414-1	Әлеуметтік критерийлер бойынша бағалаудан өткен жаңа жеткізушілер	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Саясаттар және Мердігерлерге қойылатын талаптар; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет	144–147
414-2	Жеткізу тізбегіндегі теріс әлеуметтік әсер және қабылданған шаралар	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Мердігерлер қауіпсіздігі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп	143–149

3-ҚОСЫМША. Тәуелсіз аудитордың есебі



«Өскемен гидроэлектр станциясы» ЖШС меншік иесіне және басшылығына

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Пікір

Біз ұсынылған «Өскемен гидроэлектр станциясы» ЖШС (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания»), қаржылық есептілігі аудитін жүргіздік, оның құрамына 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда мен шығын және жиынтық кіріс туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұны және түсініктемелік қосымшалар кіреді, есеп саясаты туралы маңызды ақпарат.

Біздің пікірімізше, қоса берілетін қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілігінің стандарттары жөніндегі Кеңесі шығарған (бұдан әрі - ХҚЕС кеңесі) ХҚЕС қаржылық есептілігінің стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі есептің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі Кеңестің (бұдан әрі — БХӘСК этика кодексі) кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және осы талаптарға сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және дұрыс деп есептейміз.

Қаржылық есептілік және корпоративтік басқару бойынша Компания басшылығының жауапкершілігі

Компания басшылығы көрсетілген қаржылық есептілікті ХҚЕС жөніндегі кеңес шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компания өз қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкіндігін бағалауға жауапты, үздіксіз қызметке қатысты сәйкес жағдайда тиісті ақпаратты жария етуге, сондай-ақ қызметтің толассыздығына негізделген қаржылық есептілікті дайындауға жауапты, басшылық Компания қызметін тоқтату, тарату және жою, немесе тоқтату мен таратудан басқа шынайы балама жағдайдан өзгені көздемесе.

Корпоративтік басқарудағы тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болып табылады.

Аудитордың жекелеген қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз, өз пікірімізді білдірген аудиторлық есепті шығару барысында қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер мен кате жіберу салдарынан елеулі бұрмалаулар мен алаяқтықтың жоқтығына сенімді болу. Ақылға қонымды сенімділік сенімнің жоғары деңгейі болып табылады, бірақ ХАС-қа сәйкес өткізілген аудиторлық тексеріс кез келген жағдайда, елеулі бұрмалау орын алған кезде оны міндетті түрде табудың кепілі болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз әрекеттер мен кате жіберудің нәтижесі болуы мүмкін және осы орайда олар жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде жасалған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал ете алады деген болжау болған жағдайда ғана елеулі болып табылады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит бөлігі ретінде, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді ұстанамыз.

Сондай-ақ, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- Жосықсыз іс-әрекеттер немесе кате жіберу салдары нәтижесінде қаржы есептілігін елеулі бұрмалануларды анықтаймыз және тәуекелін бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық шаралар кеңейтеміз және қолданамыз. Өз пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылатын жеткілікті түрде аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер негізінде жасалған қателіктердің тәуекелі, елеулі бұрмалау нәтижесінде қателерге қарағанда қауіп жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық жасау, бұрмаланған ақпаратты ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту іс-әрекеті нәтижесінде туындауы мүмкін.
- Аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудитке қатысты ішкі бақылау түсінігін аламыз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпаратты тиісті түрде ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, өзіміздің аудиторлық есепте біз қаржылық есептілікте тиісті ақпаратты ашып, назар аударуымыз керек, сондай-ақ осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, онда өзіміздің пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің пікірлеріміз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның үздіксіз өз қызметін жалғастыру қабілетін жоғалту фактісіне әкелуі мүмкін;
- Біз қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, олардың құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ашып көрсетілуін және қаржылық есептілікте олардың негізінде ұсынылатын операциялар мен оқиғаларды олардың әділ ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Аудитор
(№ 307 біліктілік куәлігі, 1996 жылғы 23 желтоқсанда берілген)

Қазақстан Республикасы,
050059, Алматы қ., «Нұрлы Тау» орталығы қ.
қ., Әл-Фараби даңғылы, 19, 1 «Б» павильоны,
3 қабат, 301, 302 кеңсе



4-ҚОСЫМША. «Өскемен гидроэлектр станциясы» ЖШС 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

	Ескертпе*	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	25,986,227	24,582,001
Материалдық емес активтер		191,744	216,598
Өзге ұзақ мерзімді активтер	7	2,129,467	2,139,403
Айналымнан тыс активтер жиыны		28,307,438	26,938,002
Айналымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар		265,239	181,170
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		330	330
Сауда дебиторлық берешек	8	1,762,913	1,307,174
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	242,213	54,592
Берілген қарыздар	10	4,000,437	3,000,107
Қаржылық активтер	11	443,898	-
Ақшалай қаражат және оның баламалары	12	471,682	167,422
Айналымдағы активтер жиыны		7,186,712	4,710,795
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		35,494,150	31,648,797
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	13	750	750
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	13	2,755,110	2,870,051
Өзге резервтер		(43,186)	(46,618)
Бөлінбеген пайда		28,222,666	24,533,096
Жалпы меншікті капитал		30,935,340	27,357,279
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері		64,113	61,521
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	17	3,591,066	3,490,388
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер		20,882	3,443
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		3,676,061	3,555,352
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Саудалық кредиторлық берешек		352,616	213,550
Төленуге тиісті табыс салығы		95,016	81,108
Қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің қысқа мерзімді бөлігі		12,155	13,867
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер		422,962	427,641
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		882,749	736,166
Міндеттемелер жиыны		4,558,810	4,291,518
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ		35,494,150	31,648,797

* 5 – 24 беттердегі қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания басшылығының атынан:

Бас директор

М. Әділбекұлы

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

С.В. Дробышев

«Өскемен гидроэлектр станциясы» ЖШС

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Ескертпе*	2025 ж.	2024 ж.
Түсім	14	12,793,717	10,915,295
Өткізудің өзіндік құны	15	(5,075,081)	(4,065,258)
Жалпы пайда		7,718,636	6,850,037
Жалпы және әкімшілік шығыстар	16	(753,446)	(782,615)
Қаржылық активтер және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша таза шығыстар		(58,259)	(16,474)
Бағамдық айырма бойынша шығыстар, нетто		(6,130)	(12,456)
Өзге табыстар		24,026	29,151
Өзге шығындар		(23,000)	(31,893)
Операциялық пайда		6,901,827	6,035,750
Қаржылық табыс		146,276	339,352
Салық салуға дейінгі пайда		7,048,103	6,375,102
Табыс салығы бойынша шығыстар	17	(1,414,437)	(1,255,684)
Жылдық пайда		5,633,666	5,119,418
Өзге жиынтық табыс (залал)			
Пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталмайтын баптар:			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		3,432	(33,062)
Өзге жиынтық табыс (залал) жиыны		3,432	(33,062)
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны		5,637,098	5,086,356

* 5 – 24 беттердегі қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания басшылығының атынан:

Бас директор

М. Әділбекұлы

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

С.В. Дробышев



«Өскемен гидроэлектр станциясы» ЖШС
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП			
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	Ескертпе*	2025 ж.	2024 ж.**
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Салық салуға дейінгі пайда		7,048,103	6,375,102
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		1,199,976	1,023,358
Қаржылық табыс		(146,276)	(339,352)
Тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру)		(32,511)	29,263
Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резерв есептеу		58,025	16,474
Іске асырылмаған бағамдық айырма		-	12,456
Өзге түзетулер		(27,411)	8,010
Операциялық қызметтен айналым капиталының өзгеруіне дейінгі ақша ағындары		8,099,906	7,125,311
Айналым капиталындағы өзгерістер			
Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгерістер		(42,823)	(37,500)
Сауда дебиторлық берешектегі өзгерістер		(513,636)	(388,592)
Өзге қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		(187,621)	(12,085)
Саудалық кредиторлық берешектегі өзгерістер		129,368	93,821
Өзге міндеттемелердегі өзгерістер		24,143	216,791
Айналым капиталындағы өзгерістер		(590,569)	(127,565)
Төленген табыс салығы		(1,299,851)	(1,079,884)
Депозиттер бойынша алынған пайыздар		145,946	316,496
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза ағындары		6,355,432	6,234,358
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(2,547,552)	(3,703,724)
Ұлттық Банк ноталарын сатып алу		(2,629,555)	(15,799,665)
Ұлттық Банк ноталарын өткізуден түскен түсімдер		2,185,657	16,799,665
Басқасы		(1,026)	-
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағындары		(2,992,476)	(2,703,724)
Қаржы қызметінен түскен ақша ағымы			
Cash pooling бойынша төлемдер, нетто	10	(1,000,000)	(3,000,107)
Төленген дивидендтер	13	(2,059,037)	(1,000,000)
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағындары		(3,059,037)	(4,000,107)
Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының таза өзгерісі		303,919	(469,473)
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резерв	12	234	264
Айырбас бағамы өзгерістерінің әсері		107	(12,447)
Жыл басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	12	167,422	649,078
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	12	471,682	167,422

* 5 – 24 беттердегі қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

** Компания 2025 жылы динамикалық лимиті бар cash pooling өнімі шеңберінде берілген қаржылық көмек бойынша ақшалай ағындарды есепке алу саясатын өзгертті (10 -ескертпе) және оларды қаржылық қызметтен түсетін ақшалай ағындарда көрсетеді. Салыстырмалы деректер ақпаратты салыстыру үшін инвестициялық қызметтен ақша ағындарынан қаржылық қызметтен ақша ағындарының құрамына қайта жіктеледі.

Компания басшылығының атынан:

Бас директор

М. Әділбекұлы

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

С.В. Дробышев



«Өскемен гидроэлектр станциясы» ЖШС
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП					
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін					
	Жарғылық капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға	750	2,994,529	(13,556)	20,289,200	23,270,923
Жылдық пайда	-	-	-	5,119,418	5,119,418
Өзге жиынтық залал	-	-	(33,062)	-	(33,062)
Бір жылдағы жиынтық жылдық табыстың жиыны	-	-	(33,062)	5,119,418	5,086,356
Дивидендтер	-	-	-	(1,000,000)	(1,000,000)
Қайта бағалау резерві бойынша тозуды ауыстыру	-	(155,598)	-	155,598	-
Басқасы	-	31,120	-	(31,120)	-
2024 жылғы 31 желтоқсанға	750	2,870,051	(46,618)	24,533,096	27,357,279
Жылдық пайда	-	-	-	5,633,666	5,633,666
Өзге жиынтық табыс	-	-	3,432	-	3,432
Бір жылдағы жиынтық жылдық табыстың жиыны	-	-	3,432	5,633,666	5,637,098
Дивидендтер	-	-	-	(2,059,037)	(2,059,037)
Қайта бағалау резерві бойынша тозуды ауыстыру	-	(143,575)	-	143,575	-
Басқасы	-	28,634	-	(28,634)	-
2025 жылғы 31 желтоқсанға	750	2,755,110	(43,186)	28,222,666	30,935,340

* 5 – 24 беттердегі қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания басшылығының атынан:

Бас директор

М. Әділбекұлы

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

С.В. Дробышев



Глоссарий



Термин/ қысқарту	Түсіндірме/анықтама
ESG	Environmental, Social, Governance – ұйым қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілері. Есепте Серіктестіктің экологияға, әлеуметтік жауапкершілікке, корпоративтік басқаруға, тәуекелдерге, этикаға және стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға қатысты тәсілдерін сипаттау үшін қолданылады.
GRI	Global Reporting Initiative – тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарын әзірлеген халықаралық ұйым.
«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін энергетикалық холдинг.
«KEGOC» АҚ	Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы.
ЭКЕАЖ	Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі. Электр энергиясын өндіруді және босатуды есепке алу үшін қолданылады.
ТП АБЖ	Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі. Станция жабдықтарын бақылау және басқаруды қамтамасыз етеді.
Биоалуантүрлілік	Тірі ағзалардың, экожүйелердің және табиғи кешендердің алуан түрлілігі. ГЭС тұрғысында Ертіс өзенінің су экожүйелері мен ихтиофаунасының жай-күйі ерекше маңызға ие.
Жоғарғы бьеф	Бөгеттің алдындағы су қоймасының гидроагрегаттар арқылы өтер алдында су жиналатын бөлігі.
Су алу	Өндірістік процесте немесе шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын су көлемі. ГЭС үшін судың негізгі көлемі гидроагрегаттар арқылы өтіп су нысанына қайтарылады.
Су тұтыну	Су алу мен су қашырту көлемінің айырмашылығы. Су электр станциясы үшін бұл көрсеткіш, әдетте, мардымсыз, өйткені су ағынды әдіспен пайдаланылады.

Термин/ қысқарту	Түсіндірме/анықтама
Су пайдалану	Су ресурстарын өндірістік, технологиялық немесе шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдалану.
Гидроагрегат	Гидротурбина мен генераторды қамтитын жабдықтар кешені, оның көмегімен су ағынының энергиясы электр энергиясына түрленеді.
Гидрологиялық режим	Уақыт бойынша су деңгейінің, шығынының және қозғалысының өзгеруі. ГЭС үшін гидрологиялық режим өндіріс көлемін және станцияны пайдалану шарттарын анықтайды.
Гидроэнергетика	Су ағынының энергиясын пайдалана отырып электр энергиясын өндіру.
ГЭС	Гидроэлектростанция.
Қосарлы оқыту	Оқу орнындағы теориялық оқыту өндірістік алаңда практикамен ұштастырылатын кадрларды даярлау моделі.
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі – электр энергиясын өндіруді, беруді және тұтынуды қамтамасыз ететін электр станцияларының, желілер мен басқару жүйелерінің жиынтығы.
Жасыл экономика	Қоршаған ортаға әсерді азайтуға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және төмен көміртекті технологияларды дамытуға бағытталған экономикалық даму моделі.
Мүдделі тараптар / стейкхолдерлер	Серіктестіктің қызметі әсер ететін немесе оның қызметіне әсер етуі мүмкін тұлғалар немесе ұйымдар.
КН	Кәсіпорын нұсқаулығы.
Ертіс	Өскемен ГЭС-і орналасқан өзен.
ИМЖ	Сапа менеджменті, экология, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия менеджменті, парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесін қамтитын интеграцияланған менеджмент жүйесі.
Мүдделі тараптар картасы	Стейкхолдерлер топтарын, олардың мүдделерін, үлестерін, ықпал ету дәрежесін және өзара іс-қимыл тәсілдерін жүйелейтін ішкі құжат.
ОҚПК	Орнатылған қуатты пайдалану коэффициенті. Станцияның орнатылған қуатының қаншалықты тиімді пайдаланылатынын көрсетеді.
Комплаенс	Заңнаманы, ішкі ережелерді, іскерлік әдеп нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау жүйесі.
Корпоративтік басқару	Серіктестіктің қызметін басқару және бақылау жүзеге асырылатын ережелер, процестер мен басқару органдарының жүйесі.
Жабдық ПЭК-і	Жабдықтың пайдалы әсер коэффициенті. Су ағынының энергиясын электр энергиясына айналдыру тиімділігін көрсетеді.
Жергілікті қауымдастықтар	Серіктестіктің қатысу аймағында орналасқан және оның қызметінің әсерін сезінетін халық пен ұйымдар.

Термин/ қысқарту	Түсіндірме/анықтама
Байқаушы кеңес	Атқарушы органның қызметін және басқарудың негізгі мәселелерін қадағалауды жүзеге асыратын Серіктестіктің стратегиялық бақылау органы.
Төменгі бьеф	Бөгеттен төмен орналасқан, су гидроагрегаттардан өткеннен кейін келіп түсетін өзен учаскесі.
Төмен көміртекті энергетика	Парниктік газдар шығарындыларының төмен деңгейімен энергия өндірісі. Гидроэнергетика осындай энергия көздеріне жатады.
НҚА	Нормативтік құқықтық актілер.
ЖжПДБ	Жоспарлау және перспективалық даму бөлімі.
ЕҚ жәнеӨҚ / ЕҚжӨҚБ	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік/ Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы.
Парниктік газдар /ПГ	Климаттың өзгеруіне әсер ететін газдар. Оларға CO ₂ , CH ₄ , N ₂ O және басқа да газдар жатады.
ЖБӨ	Интеграцияланған менеджмент жүйесі бойынша жоғары басшылықтың өкілі.
ШРШ	Шекті рұқсат етілген шығарынды.
ШРК	Қоршаған ортадағы ластаушы заттың шекті рұқсат етілген концентрациясы.
ШРТ	Су объектісіне ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген төгіндісі.
ӨЭБ	Өндірістік экологиялық бақылау.
Кәсіптік бағдарлау	Энергетика саласының мамандықтарымен таныстыруға және техникалық мамандықтарға қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған оқушылармен, студенттермен және жастармен жұмыс.
Тәуекелдер тіркелімі	Себептері, салдары, иелері, маңыздылық деңгейі және басқару шаралары көрсетілген Серіктестіктің тәуекелдерінің тізбесі.
Samruk-Kazyna Trust	Әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды іске асыратын «Самұрық-Қазына» АҚ тобының бірыңғай қайырымдылық операторы.
Су қашырту	Суды пайдаланғаннан кейін су нысанына немесе су бұру жүйесіне қайтару. ГЭС үшін судың негізгі көлемі гидроагрегаттардан өткеннен кейін өзенге қайтарылады.
ІНҚЖ	Ішкі нормативтік құжаттама жүйесі.
АТжКҚ	Ақпараттық технологиялар және коммуникациялар қызметі.
ДСжЕҚМЖ	Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі.
ПҚМЖ	Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі.

Термин/ қысқарту	Түсіндірме/анықтама
Әлеуметтік жауапкершілік	Серіктестік өз қызметінің қызметкерлерге, жергілікті қауымдастықтарға, қоғамға және қоршаған ортаға әсерін ескеретін тәсіл.
Маңызды тақырыптар	Серіктестік пен оның мүдделі тараптары үшін неғұрлым маңызды ESG тақырыптары. Олар Жылдық есептегі ашылулардың мазмұнын анықтайды.
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі.
ЭнМЖ	Энергетикалық менеджмент жүйесі.
Серіктестік/Компания	«Өскемен ГЭС» ЖШС
Орнатылған қуат	Станция жабдықтарының ең жоғарғы жобалық қуаты.
1C: ERP	Серіктестік ресурстарын жоспарлау бойынша бағдарламалық жасақтама.
1C: ТҚжЖ	Серіктестіктің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу процестерін басқаруға арналған бағдарламалық жасақтама.
1C: ҚА	Серіктестіктің электрондық құжат айналымы үшін қолданылатын 1C платформасы негізіндегі «1C: Құжат айналымы» бағдарламалық жасақтамасы.
EnMS	Energy Management System – энергетикалық менеджмент жүйесі.
EnPIs	Energy Performance Indicators – энергия тиімділігінің индикаторлары.
ISO 9001	Сапа менеджменті жүйесінің халықаралық стандарты.
ISO 14001	Экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық стандарты.
ISO 45001	Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің халықаралық стандарты.
ISO 50001	Энергетикалық менеджмент жүйесінің халықаралық стандарты.
ISO 37001	Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің халықаралық стандарты.
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate – Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті.
Scope 1	Ұйымның бақылауындағы көздерден шығатын тікелей парниктік газдар шығарындылары.
Scope 2	Сатып алынған электр энергиясын, жылуды немесе буды тұтынудан жанама энергетикалық шығарындылар.
Scope 3	Құн тізбегінде туындайтын басқа да жанама шығарындылар.
TRIR	Total Recordable Incident Rate – тіркелетін жарақаттанудың жалпы коэффициенті.

Байланыс ақпараты



Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы, Аблакетка кенті,
Шлюзная көшесі, 35, 1-үй



Қабылдау бөлімі:

8 (7232) 56-10-56



E-mail:

ukges@ukges.kz

